

1 2016

4869к

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР**

IV

БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

**ТҮНЕКТЕН
ОРАЛҒАН
ЕСІМДЕР**

Тұлға және тарих

**IV
ҚАБЫРҒА**



**Алматы
2016**

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 каз)
К 60

Қойшыбаев Б.

**Қ 60 Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих / Бейбіт Қойшыбаев.—
Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2016.
ISBN 978-601-80519-4-4
4-кітап: Қабырға. — 248 бет + 4 жапсырма бет. Қазақ және орыс
тілдерінде.
ISBN 978-601-80519-8-2**

Жазушы Бейбіт Қойшыбаев откен гасырдың 80-ші жылдарының ортасында билік басындағы коммунистік партияның жариялышық және кайта құру саясаты еріс алған шақтан бастап тарихтагы «актандактар» жайында қалам тербей бастаған болатын. Осы ретте ол саяси жазага ұшыраған тарихи тұлғалар тағдырын зерттеп, жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Зерттеулерін тереңдеге келе, жекелеген кайраткерлер жайында дербес кітаптар шығарды. Қаламгердің Әлихан Бекейханов, Бақытжан Қаратаев, Мұстафа Шокасев, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Нәзір Төреқұлов, Смагұл Салуакасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рыскұлов, Темірбек Жүргенов сынды ондаган тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі жайында әр жылдары жазған жұмыстары 4 кітапқа жүйеленіп, тұлғалармен түзілген тарих іспеттенген «Түнектен оралған есімдер» толтамасына жинақталып беріліп отыр. Жинақтың «Қабырға» атты торғынші кітабы қолдарыныңда.

Алаш козғалысының 100 жылдығына, ұлт көсемі Әлихан Бекейхановтың 150 жылдығына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына, тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай бүткіл азаттық күрескерлерінің арауқтарына арнал шығарылып отырған бұл кітап Отан тарихымен әуестенетіндерге, зерттеушілерге, студенттерге, оқушыларға, қалың қоғашлілікке пайдалы маглұматтар береді.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 каз)

ISBN 978-601-80519-8-2 (4-кітап)
ISBN 978-601-80519-4-4

© Қойшыбаев Б., 2016
© «Рух БГ» баспасы, 2016

ОРАЗ ИСАЕВ

Премьер Исаев

Партияның қайта құру саясаты арқасында, тоталитаризм дәуірінде түмшаланған өткенімізге барлау жасауымызды жалғастырып, кеңестік тарихымызда елеулі ізі бар тағы бір тұлға жайында әңгімелемекпіз. Бүгінгі әңгімеміз сталиндік репрессия құрбаны болған Қазақ Республикасы үкіметінің басшысы Ораз Жанұзақұлы Исаев жайында. Был осынау мемлекет қайраткерінің туғанына 90 жыл толады.

1936 жылғы 5 декабрьдегі әйгілі сталиндік Конституция бойынша өткізілмек СССР Жоғарғы Советінің сайлауы карсаңында «Большевик Казахстана» журналы оның өмір жолы туралы қаһарлы 1937 жылы шыққан бірінші санында былай деп жазды: «Ораз Жанұзақұлы Исаев. Семей сайлау округі еңбекшілерінен Одақ Советінің депутаттығына кандидат.

Ол 1899 жылы Батыс Қазақстан облысының Ілбішін ауданындағы ауылдардың бірінде туды. Оның атасы мен әкесі көп жылдар бойы әуелі Орынбор облысындағы Қызылтөбе казактарының, одан Шалқар облысындағы № 4 ауыл байларының қоластында батырақ болып істеді. Кейіннен Ораздың әкесі ауылдан кетті де, Ілбішін кірпіш заводына тас қалайтын жұмысшы болып орналасты.

Исаев жолдастың өзі де батырақтық тұрмысын ерте бастады. Ораз 6-7 жасынан бастап байлардың қозы-лактары мен бұзауларын бақты. 1908 жылы ол бір класты орыс-қазақ училищесіне түсті де, кейінрек екі кластық училищеге ауысты. Ал әкесі қайтыс болғаннан кейін, жоқшылықтың зардабынан, оқуды тастап кетті. Ол семьядағы балалардың ең үлкені еді.

Сондықтан да үй ішін асырау жөніндегі бар күш соған түсті. Революция ол ауылда жүрген кезде болды.

1919 жылғы марта Қызыл Армия Ілбішін станицасын азат еткенде, ол өзінің жолдастарымен бірге уездік Совет милициясының катарына енді. 1919 жылғы августа уездік әскери-революциялық комитеттің тапсырмасымен Исаев жолдас ауылдық советтер ұйымдастыру үшін ауылдарды аралайды.

Бұл комитет даңқты 25-ші Чапаев дивизиясының штабының жанында болатын.

Ұзамай Исаев жолдас ауылсовет председателі, одан кейін болыстық атқару комитеті председателінің орынбасары болып сайланады.

1920 жылды ол өз болысында комсомол ұясын ұйымдастырады. Ал 1920 жылғы ноябрьде оны Жымпіты қаласындағы кәсіподак жұмысына жібергеннен кейін, ол партия катарына кіреді (1921 ж.).

Жымпітыда ол уездік атқару комитеттің мүшесі, уездік партия комитеттің мүшесі болып сайланады. 1921 жыл бойы Исаев жолдас губерниялық төтенше комиссия органдарында, алдымен Жымпіты уезінде, содан соң Орал қаласында істеп, ақғвардияшыларды жою жөніндегі отрядтардың басында жауапты оперативтік тапсырмаларды орындаپ жүрді.

1922 жылды Исаев жолдас партия жұмысына ауысады. Әуелі ол Орал губерниялық партия комитеттің жауапты нұсқаушысы болып істейді, содан кейін Жымпітыда уездік партия комитеттінің секретары, ал IV әлкелік партия конференциясынан соң Өлкелік бақылау комиссиясы председателінің орынбасары болып сайланады және Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары болып істейді.

1925 жылдың күздінде Исаев жолдас әлкелік партия комитеттінде әуелі ұйымдастыру бөлімінде істейді, содан кейін Казкрайкомның екінші секретары болып сайланады. 1929 жылды Исаев жолдас Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің председателі болып сайланды.

Исаев жолдас 1922 жылдан КазЦИК мүшесі. Көп мәрте РСФСР-дің ВЦИК мүшесі болды. Қазір СССР Орталық Атқару Комитеті президиумының мүшесі болып табылады. Ол Казкрайком мүшелігіне бірнеше рет сайланды. Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. ВКП(б) XVI және XVII съездерінде Исаев жолдас ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланады. Орталық Комитеттің соңғы пленумында ол кандидаттар қатарынан ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне өткізілді.

Исаев жолдас қазақ халқының қалың ортасынан шықты. Ол Совет өкіметі тұсында өсті. Советтік Қазақстанның ірі мемлекеттік қайраткері болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің басшылығымен Қазақстан өкіметінің басында тұрган Исаев жолдас социалистік өнеркәсіптің, колхоздар мен совхоздардың одан әрі нығайып есе тұсуі үшін, қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін көтеру үшін, Қазақстанды гүлденген социалистік республикаға айналдыру үшін белсенді тұрде құресті және құресіп келе жатыр. Исаев жолдастың социалистік Қазақстанның гүлдене тұсуі жолындағы құресте сінірген еңбегін атап өте отырып, СССР өкіметі Исаев жолдасты аса жоғары награда – Ленин орденімен наградтады (1935 ж.)».

Осынау қысқа өмірбаяндық деректерді кезінде Ораз Жанұзакұлымен қызметтес болған, бүгінде арамызда жүрген дербес пенсиянер, 1926 жылдан КПСС мүшесі Ермекқали Нығметов ақсақал толықтырып отыр. Қарт ардагер өз естелігін:

– Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің председателі қызметінде тоғыз жылдай істеген, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты болған Ораз Жанұзакұлы Исаев туралы есімде қалғандарды осы көрнекті партия және мемлекет қайраткерінің тұғанына 90 жыл толуына байланысты айтқым келеді, – деп бастады.

Жиырмасыншы жылдары алыс аудандарда жұмыс істеп, астанадан қашығырақ жүргенін айтты. Сондай себеппен,

сол кездегі басшы қызметкерлерді олардың жазған мақалаларынан, жиналыстарда сөйлеген сөздерінен гана сырттай естіп-біліп жүретін. Ал, оларды қөзben көріп, сөздерін естіп, өздерін көруі 1931 жылдың көктемінен басталған екен.

— Сол кезде мені өлкелік партия комитеті Жаңақала аудандық партия коллегиясының секретары қызметінен астанаға пысықтау курсына шақырған еді. Ол тұста әрбір аудан өлкеге тікелей бағынатын. Округтік мекемелер 1930 жылдың ортасында таратылған.

Жергілікті партия қызметкөрі Ермекқали Нығметов, сонымен, 1931 жылы Алматыға, казіргі тілмен айтқанда жетілдіру курсына келіп, окуға кіріседі. Оқу жоспарында, әрине, партиялық іс-шараларға қатысып тұру ескерілген...

— Исаевты алғаш рет Алматыдағы партактив жиналышында баяндама жасап тұрғанында көрдім, — деп еске алды ол.

— Жасы өзім қатарлас, бойы ортадан сәл жоғарылау, аяғын сылти басатын, үлкен көзді, дөңгелек жүзді, бидай онді, жүзі сүйкімді көрінетін адам екен. Баяндама орыс тілінде болды. Жазып әкелген баяндамасы барлығын көріп отырмын, бірақ ол екі козін аудиторияда отыргандардан айырмastaн сөйлейді, алдында жатқан қағазға сирек көз тастайды.

Ораздың жоғары дәрежелі білімі жоқ деп естуші едім, сөйті тұра мұдірместен шешен сөйлейтінін, тыңдаушыларды өзіне тартып алатын қасиеті барлығын енді анық көрдім...

Ұзамай Ермекқали аға Ораз Жанұзакұлы Исаев пен Қазак өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Филипп Исаевич Голощекин екеуін қызмет барысында да көре бастайды...

— 1931 жылдың екінші жартысында, мен Қазак өлкелік партия комитеті аппаратында, ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушылық қызмет атқардым. Казкрайкомның бюро, секретариат мәжілісі болып жатқан кездерде, жұмыс базымен мәжіліс залына кіріп-шығып жүргенімде, мынаны көріп-білдім: мәжілісте Исаев председательдік ететін, ал Голощекин көп отырмastaн, трубкаға темекіні толтырып алып, түтіндептіп, мәжіліс бөлмесінде қыдырып жүруші еді. Жи-

налыста сөйлеп тұргандардың кейбіреуіне реплика тастанап, біреулерге сұрақ қойып, арапап жүретін. Жек көретін, ұнатпайтын адамдары сөйлегенде – жанына барып, кәрін төгіп тұрады екен.

Аппараттағы жасы үлкен, тәжірибесі мол коммунистерден: «Бұл қалай? Мәжілісті шал – Голощекинді осылай атайдын – өзі неге басқармайды?» – деп сұрағанымда: – «Москвадағы бастық та мәжілісті өзі басқармайды, түрегеліп жүріп команда береді. Шал да Қазақстандағы «көсем» емес пе? Оның еліктеуі, киім киісі, сез сөйлеуі, қаттылығы, ызгарлылығы, диктаторлығы, барлығы да Сталинге ұқсап тұрғой», – дейтін.

Партактив, пленум мәжілістерінде де «шал» осы мінезін, осы жүрісін көпке мақтаныш еткендей болатын. Ал Ораз Жанұзақұлы Исаев, менің байқауымша, мәжілістерді әрдайым іскер, алғыр басқарғанмен, Голощекиннің ыңғайына жығылып тұратындағы еді...

Өлкеком жетекшісі «Голощекиннің ыңғайына жығылып тұратындағы» көрінетін үкімет басшысының әйгілі қасіретті кезең өткеннен кейін өзінің кең алымын танытқан бір сәтінен Ермекқали ақсақал былай деді:

– 1936 жылдың июнь айында, астанада Ф.Э. Дзержинский атындағы клубта бір үлкен жиналыс болғаны есімде.

Осы жиналысты басқарып, президиумда отырған Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Л.И. Мирзоянға почта тасушы бір телеграмманы әкеліп тапсырды. Мирзоян телеграмманы өзі оқыды да, жанында отырған Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің председателі О. Исаевқа берді. Сосын екеуі қысқаша тіл қатысты. Одан, телеграмманы қолына ұстаган бойда Исаев мінбеге барып, А.М. Горькийдің дүниеден қайтқанын хабарлады. Жәй хабарлап қойған жоқ, оның өмірі, творчествосы, революцияға үлесі, ұстаздық жұмысы, соның ішінде қазақ жазушыларына тәрбие бергені жөнінде ұзак әңгімелеп, «біздер оның ардақты есімін ешқашан естен шығармаймыз» деп сөзін аяқтады.

Ол бұдан әрі Исаевтың іскерлігін нақты мысалмен былай әңгімеледі:

– 1937 жылғы август айының басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің июнь айында болған Пленумының қорытындысы туралы Л.И. Мирзоян баяндама жасап, «халық жауларымен» күресті күшету туралы сөз етті. Осы пленумда Қазақстандағы мал шаруашылығының өсуі туралы баяндаманы О. Исаев жасады. Баяндама бойынша жарыс-сөз біткеннен кейін, қаулының жобасын жасауға 18 адамнан комиссия жасакталды. Сол комиссия ішінде мен де болғам. Комиссия мүшелері бір бөлмеге орналастық. Жұмысымызды Исаев басқарып отырды. Сосын ол стенографистка шақыртып, қаулы жобасын ауызша айттып тұрды, одан соң әзір болған материалдарды бір қарап өтті де, біздерге оқып берді. «Кімнің алып-косары, басқа ойы бар» деген Исаевтың сұрағына ешкім үн қатпады. «Бәріміз де Исаевша қызмет ет-сек, көп жұмысты бітірген болар едік» десті олар оңашада. Қаулы жобасы Пленумда бір ауыздан қабыл алынды.

Казсовнарком аппаратында істейтіндерден О.Ж. Исаевтың баяндамага қалай әзірленетіні туралы да әлденеше мәрте естуіме тұра келді. Ораз Жанұзақұлы өзіне керекті материалдарды өз қолына жинап, оларды түгел оқып шығады еken де, жанына стенографисті отырғызып, өзі диктовка жасайтын көрінеді. Сондықтан баяндаманы жиналыста үніліп оқып тұрып алмайды.

Ол кісінің осындай іскерлігі, ұқыптылығы, зейінділігі, небір материалды тез менгеретін қабілеті кез келген лауазымды қызметкердің бойына біte бермейтін қасиет еkenін сол кезде жолдастардан талай естігенмін.

Ораз Жанұзақұлының қазақ өкіметінің басшысы болып (1929–1938 жж.) істеген мерзімі бірінші және екінші бесжылдықтар тұсына дөп келді.

Мұртына мұз қатып, қабағына қырау тұрған Сталин өзінікінен өзгеше пікір айтқандарды ұнатпады, орнынан

тайдырды, тұтынадады, көрмегенді көрсетті. Осыған қосымша, жалпы ұран Компартия, Совет үкіметі атынан айтылды. Сондықтан коммунистердің көшілігі сол айқайға, алынган жоспарларға, басшыларына сенді. Біз де сендік. Октябрь революциясы берген ұлы серпін әсіресе жастарға қанат бітіргендей болды. Сондықтан да біз партияның айтқандарын тайсалмастан орындауға барлық құشتі жұмсадық. Осы жорықтың алдыңғы сапында О.Ж. Исаев та жүрді. Ол құдайға сенген жоқ, партияға, оның басшысына сенгендіктен, сол кезде алғы сапта болды.

Осындай майданда істеп жатқанда, Сталиннің саясатына қарсы пікір айту деген оңай емес-тін. Сондықтан ойын ашық айтпай, қипактап-сипактағандар көп еді. Осы дәуірдің жауаптылығына қарамастан, бізben сыр бөліскең ардагердің ойынша, өз пікірін бүкпесіз айтқандардың бірі – Исаев Ораз болды.

1929 жылы Мартыненконың «Алашорда» деген кітабы шықты. Сол кітаптың алғы сөзіне О. Исаев: «Национальное движение в известные периоды своего развития, в зависимости от того, на какой фазе своего развития находится революция, играет объективно революционную роль. Такую роль в свое время играла алашорда», – деп жазды.

Сонау 30-жылдары репрессия науқаны нағыз қүшінде тұрған шақта, Исаевты талай тарихшылар, талай әдебиетшілер қатты сынады: «Ұлтшылдар туған күнінен бастап өлгенге дейін керітартпа, оларда прогресске жататын іс жоқ», – деп қақсады. Осы биылғы жылы А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауитов есімдерін қалпына келтірудің өзі сол солақайлыққа баға берді ғой дейміз.

Исаевтың шындықты, әділдікті тайсалмай айтқанына бұл күнде жариялышы қуә болып отыр.

1930 жылы Москвада Бұқілодақтық Коммунистік партияның XVI съезі болды. Осы съездің делегаты Ораз Исаев өзінің сойлеген сөзінде мынандай жәйттерді айттыпты. Қазақ үкіметінің басшысы ретінде маңызды ұсыныс білдіріпти:

– Қазақстанның жергілікті халықтарының 80-85 проценті ылғи мал шаруашылығымен айналысады. Олар ез көректерін, оның ішінде астықты бұрын базардан сатып алатын-ды. Соңғы екі жыл ішінде астық дайындау жоспарын орындау үшін базар айырбасы тоқтатылған. Сондықтан қазақтар бұл күнде нан орнына ет жеп күнелтіп отыр. Бұрын осылай мал өсіріп отырғандарға, енді, макта еgetіндерге жасаған сияқты, өкімет тараапынан нан беру керек...

Исаев осындай ұсыныс жасады. Бірақ оның ұсынысына Сталин де, өзге басшылар да елең еткен жок, ет дайындау жоспарын күшайте түсті, әкімшілік жолмен, шаруадан қалған малды ортаға алдырды. Осылардың салдарынан қазақ шаруалары миллиондан аштан өлді. Егерде Исаевтың ұсынғандары ескерілсе, дейді партия ардагері Нығметқали ақсақал, шаруалар ашықпас еді, өлмес еді деген пікірге еріксіз келесін...

1932 жылғы марта Қазақстанда 6 облыс жасақталды. Астық пен ет дайындау науқандары үдей түсті, әлі келген шаруалар басқа аймақтарға қашып кетті, аштыққа ұшырағандар кез келген жерде өлді. Осы кезеңді жазып жүргендер асыра сілтеу мен әкімшілікті тек кана ауылдарда жоғарыдан келген өкілдер жасады дегенді айтысады.

Нағыз шындық, ардагердің пайымынша, мынада жатыр: 1929 жылдың екінші жартысынан бастап, әрбір аудандарда ОГПУ-дың мекемелері жасақталды. Солар астық пен ет дайындауды орындаған шаруалардың бәрін тұтқындан алып кететін де, жұмыскер қолдары жетпей жатқан Беломор-Балтық теңізі каналына, Воркута, Норильск, Қызыр Шығыс концентрациялық лагерьлеріне жөнелтетін.

Шаруалардан өндірілген астық, ет, жұн, тері сияқты шикізаттарды шетке шығарып, шеттөн трактор, автомобиль жасайтын заводтарды сатып алдық қой. Ол күнде бұл шындық жасырын болса да, қазір ашық айттылып жатыр емес пе? Астық, ет дайындау жоспарлары Қазақстанға өте ауыр тиді. Соны азайтсандар екен деп қазақтың басшылары Сталинге

ұсыныс айтып еді, ол жасырмastaн, «науқанды толтырмасандар – жазалаймыз» деп шынын айтты.

Ораз Исаев 1932 жылғы август айында Сталинге Қазақстанда шаруалардың аштан өліп жатқанын айтып хат жазды. Өлкелік партия комитетінің 1-секретары Голошекинді ауыстыру керек деп ұсыныс жасады. Осындай шындықты түгелдей Сталинге жеткізуден басқа Исаевта шара қалмады. Отставкаға шыққан адамдарды алдымен абақты, сонан кейін өлім жазасы тосатынын, яғни Рыковтың кебін киетінін ол біліп түрді.

Шындыққа жүгінсек, дейді Нығметқали Ермеков, Исаевтың сол тұста сипактамай, Сталинге хат жазып, өз пікірін білдіруінің өзін ерлік деп түсінемін. Исаев істеп отырган орында басқа біреу отырса, ол не істер еді? Өзіне өзі пышақ салар ма еді? Әйтпесе забастовка жасар ма еді?

Сталин қазақ үкіметінің премьері Ораз Исаевтың жазғанына сенбестен, сол жылы Қазақстанға А. Сольц бастаған комиссияны жіберді емес пе? Соңғы комиссия асыра сілтеудің шындығын анық білгеннен кейін ғана, Голошекинді орнынан алуға Сталин мәжбүр болды.

Қазақстанда болған өрескел қылмысқа Сталин мен Голошекин айыпты емес, тек қана жергілікті жерден шыққан кешегі батырақ Исаев айыпты болғаны ма?

Қазақстанда болған асыра сілтеу мәселесі 1933 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің 6-шы пленумында кеңінен таразыланған. Сол тұстағы қазақтың басты кадрлары пленумға қатынасып, пікір айтқан-ды. Біреулер Исаевты Голошекинмен бірдей айыпты деп есептеп, оны орнынан алу керек деп ұсыныс жасады.

Сонда бұл ұсынысқа Мирзоян былай деп түсінік берген еді: «Мен Исаев туралы Сталинмен кенескен едім, Сталин маған Исаевтың жергілікті халықтан шыққандығын, Қазақстанды барлық жағынан білетін кісі екендігін айтты. Ол іскер адам, Голошекинмен бірге асыра сілтеуге қатысса, енді сенімен бірге, жіберген қателерді түзетуге қатыссын деді».

Мұны естіген соң сынаушылар басылған болатын.

Тарихқа көз жіберсек, Исаев асыра сілтеуді шапшаң жөндеуге бар күш-жігерін аямай кірісті, тез уақытта қазактың өнері мен мәдениетін көтеруге, шаруашылығын жөндеуге басшылық етті. Сол үшін болу керек, 1935 жылы Совет өкіметі Мирзоян мен Исаевты Ленин орденімен наградтады.

Ораз Исаев 1938 жылғы май айында орнынан босап, Москвага бара жатқан жолында, поезд үстінде тұтқындалды да, 1939 жылы әскери коллегияның қаулысымен атылды. Ораз Исаевтың СССР Жоғарғы Советінің мүшесі, ВКП(б) 17-съезінде сайланған Орталық Комитетінің мүшесі екеніне қарамастан, Сталин оны тұтқындауға рұқсат берді.

Ал 1956 жылы СССР Жоғарғы сотының қаулысымен, қылмысы болмағандықтан, Исаев толық акталды. Бірақ, содан бергі 33 жыл ішінде Исаевтың мүшелді күндері үш қайтара болса да, оны өткізуге, ең болмаса газетке мақала жазуға тәкаппар бастықтар рұқсат бермеді. Қазақстанда 30-жылдары болған асыра сілтеуге, орасан зор аштыққа айыпты адамдар Исаев пен Голощекин деген тұжырым қалыптасты. Осы тұжырымды макұлдаушылар аз емес. Бірақ Ф.И. Голощекиннің туғанына 95 жыл толғанда Қазақстанның екі республикалық басты газеті көлемді мақала жазып, оны дәріптеді. Бұдан Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары сүттен ақ бол шыға келді деп ойлау қын. Сол сияқты, өктем бірінші басшы рөлі сталинизм тұсында қандай болғанын біле тұра, Исаевтың кінәсін қалындана беру де шындыққа апармайтынын түсіну оқай.

Қарапайым шаруалар арасынан республика үкіметін басқару ісіне дейін өсken еліміздің адал ұлдарының бірі Ораз Исаев 39 жасында сталиндік репрессия құрбаны болды. Арада жарты ғасыр өтсе де, азamatымыздың рухын ардақтай білу – кейінгі ұрпақ мерейін арттыра берері сөзсіз.

Ақсақал осылай деді. Өте орынды мәселе көтерді. Біз Ораз Жанұзақұлының партияның XVI съезінде 1930 жылғы 1 іюльде сөйлеген сөзінен ол кісі ойына дәлел еткен тұстар-

ды, өзге де ел мұддесі тұрғысынан айтылған ойларды көрдік. Соларға бірге көз жүгіртейік:

– (...) Бізде ұлт мәселесі шешілді деп бұл жерде көп айта берудің қажеті жоқ. Ұлт мәселесін біржолата шешудің лениндік дұрыс жолы берілді, бүгінгі күнге – біздің ұлт саясатын жүзеге асыру ісінде қол жеткен ірі жеңістеріміз бар. Сонымен бірге бұл, әрине, ұлт мәселесін біржолата шешіп алғанымызды көрсете алмайды. Осы ретте Сталин жолдас өз баяндамасында ұлт мәселесіне дер кезінде жеткілікті дәрежеде қоңіл бөлді және ұлт мәселесіндегі уклондарға, оның ішінде великорустық шовинизмге партияның назарын аударды.

Бұл шовинизм біздің жер-жердегі жұмыс практикамызда көрініп қалып жүр. Олар – осы шовинистер – қазіргі жағдайда жалған интернационализмді және мәселелер таптық тұрғыдан қойылуға тиіс-міс деген масканы жамылып жүр. Біз социалистік қайта құрылыш белесіне кірдік-міс, біз ұлттық ерекшеліктердің жойылуына қол жеткізіп қойдық-мыс, қазір біздің алдымызда таптық мәселелер ғана тұр, сондықтан да енді бұдан былай ұлт мәселесін желеу етуге болмайды-мыс, бізде бұл мәселеге Одақтың басқа аудандарындағы секілді бір ғана көзқарас болуға тиіс-міс дейді олар.

Бұл, жоластар, сөз жоқ, жалған интернационализм болып табылады, сондықтан да бізді мұнымен зор құрес жүргізу ісі тосып тұр. (...) Коллективтендіру, сондай-ақ егін егу жөніндегі өткен науқан кезінде ұлт аудандарында жіберілген асыра сілтеу сипаттарын талдап көрсек, олар көп жағдайда ұлттық сәттерді – бізде ұлт ерекшеліктері түгелге жуық жойылды-мыс деген желеумен көпе-көрнеу елемеу, бір сарынмен қарау, табысқа мастану т.с.с. болып келеді. (...) Бұл жер бауырлап жылжыған уклоншылар шынында өте көп. Олар одақтық орталық совет аппараттарында да бар. Соның салдарынан кейде партияның нақты мәселелер жөнінен берген мүлдем нақты да айқын директивалары орындалмайды, сөзбүйдаға салынады. (...) Аппараттағы шовинистік бағыт

ұстаған мамандар тарапынан жиірек шығатын бұл іліктер мен сылтаулардың мекеме басшыларының қолдауына ие болып жүргені сирек емес. (...) Партияның ұлт саясаты тұрғысынан мал шаруашылығының біз үшін мәні зор, себебі, онымен негізінен Қазақстанның жергілікті халқының 80-85 проценті шұғылданады. (...) мұндағы негізгі мәселе – жем-шөп мәселесі. (...) бұл үшін мелиорацияға тиісті қаржы бөлінуге тиіс.

Екінші – мал шаруашылығы аудандарын астықпен қамтамасыз ету туралы. (...) Әдетте бұл аудандар Қазақстанның басқа астықты аудандарынан өзді-өздімен жабдықталатын. Бірақ кейінгі екі жылда астық дайындау ісін жоспар орындау бағыттымен жүргіздік те, біз бұл өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігін шектеп койдық. (...) Сондықтан да біздің мал шаруашылығымен шұғылданатын аудандарымыз астықпен – өзге мақта шаруашылығы аудандары тәрізді қамтамасыз етілсе деген мәселе көтереміз. Мұнызыз, астықпен жабдықтауды лайықты деңгейге қоймайынша, біз мал шаруашылығын дамытуға жәрдемдесетін ірі факторлардың бірін қамтамасыз ете алмаймыз. (...) (ВКП(б) XVI съезі. Стенографиялық есеп. М., 1930, 240–241-бб.)

Қазレスпублика үкіметінің басшысы тек шаруашылықпен ғана шұғылданып қойған жоқ, ол еліміздің саяси тарихына да ойлы көзben қарай білді. Жоғарыда Ермекқали ақсақал атап көрсеткен «Алашорда» жинағына берген алғысөзінде Исаев: «Ұлт қозғалысы мен «Алашорда» өзінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде объективті революциялық рөлге ие болатын, ойткені олар қалай болғанда да ортақ дүшпанымыз – Россия империализмінің іргетасын мұжіп-жұқартып жатқан еді», – деп жазған болатын. Сондай-ақ ол халқымыздың сөз онері мұрасын жинауға да зор мән беріп қарады. Ой-пікірлерін «Әдебиет майданы» журналы беттерінде жарияладап тұрды. Солардың бірі мынандай: «Әдебиет туралы, қазак жазушыларының жазбаларын орысша аудару туралы Ораз жолдастың хаттары. Екінші хат. Садуақасұлы Жанай-

дар жолдасқа көшірмесі. Жандос ұлы Ораз, Мұсірепұлы Габит, Аспандиярұлы Санжар жолдастарға.

Мениң ойымша біздің мәдени, тарихи мәні өте зор бірқатар материалдарымыз жиналмай қалып барады. Атап айтсақ:

1. Әубәкір молданың өлеңдері, Ғұмар Қараашұлының өлеңдері, Дәуken Шолакұлы (Батыс Қазақстан), Абай және басқалар (Шығыс Қазақстан); бұлар казактың даласын, құр тұрмысын ғана жыр ғып өткен жок. Бұлардың Қазақстанда кеңес өкіметі орнамастан бұрынғы жеке дәуірлерді, өзара соғысты, патшаға қарай көтерілісті жырлағандары бар. Кешегі құл мен күннің азатынан бай басшылары патшаға ұстап берген, сатқан бүкіл рулардың көрген қорлық, зорлығы, тағы талайлары да бұлардың жырынан табылады.

2. Сансыз көп шежірелер бар. Бірден бірге қалып, ел аудында келе жатқан, көбінесе өте жақсы да шыққан ел ерлерінің, білгіштерінің сөздері бар. Жеке елдің, ханның, патша өкіметі адамдарының өмірі, ісі жайынан айтылған ауыз әңгімелері бар. Мақал-нақылдары бар. Әртүрлі жазбалар бар. Көп тарамаған газет-журналдарда және өзгелерде базылған мақалалар да бар.

Әрине бұлардың ішінде салт-санасы үйлеспейтіндерінің үстіне тіпті бізге жат шығармалар да бар. Бірақ кеңес заманынан бұрынғы көркем шығармалардың бәрі де байышыл шығарма деп, бәрін де іске алғысыз етіп тастаймыз деу дұрыс емес. Бұлардың ішінде өз заманын көрсететін, онсоң сол кездердегі езілген бұқараның да тұрмысын көрсететін әдебиет мұралары да көп.

Мениңше осы деректерді жинап, тиісті ескерту, таныстыру қосып шығарса, оның мәдениет, тарих жөніндегі маңызы өте үлкен болар еді.

Жаңа тарихты жасап, жаңа мәдениетті туғызу – өзіне дейінгінің бәрін ұмытып кету керек, білмеу керек деген сөз емес.

Әлгі деректердің барлығын бөлек-бөлек кітапша етіп шығару оншама қолайлы бола қояр ма екен? Сондықтан «Ле-

топись» сыйылды, немесе Қазақстан баспасы, Орталық архив, не аймақтану қоғамының тілі етіп бір журнал шығарған макұл болар еді. Сіздер осы істе жүрген қызметкерлерден болғаннан кейін, осы мәселені ойлап көрсөніздер деймін.

Жолдастық сәлеммен Исаұлы Ораз. 1931, 21 ноябрь».

Партия арадағері Ермекқали Нығметов ақсақалдың естелігін негіз ете отырып, біз республикамыздың көрнекті партия және мемлекет қайраткері Ораз Жанұзакұлы Исаев тұлғасын оқырман назарына тартып отырмыз. Оның бейнесін, көзқарастарын, жан-дүниесін кеңірек тануға мүмкіндік туғызуы ықтимал бірер документ, материалдардан аздаған үзінділер беріп, осынау тарихи тұлғаның өмірі мен қызметіндегі күрделі белестерге, ондағы әлі терен танылуға, зерттелуге тиіс тұстарға аударуға тырыстық. Қазақ Республикасының қазіргі қайта құру, жариялыштық кезінде ғана ашық айтыла бастаган қының кезеңдерінде басшы қызметте – Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші секретары, Қазсовнаркомның председателі болған қайраткердің толымды саяси портретін жасау үшін, ең кемі – оның Ф.И. Голощекиннің басшылығымен қазақ ауылдарында «Кіші Октябрь» жасаудағы рөлі, жалпы, ауыл шаруашылығында жасалған «екінші революция» – колективтендіру ісіндегі қызметі, жіберген қателіктері және оларды түзетуге тырысқан әрекеттері терен сарапануға тиіс. Бұл орайда, әрине, бүгінде әредік айтылып жүрген, Ермекқали ақсақал Исаевтың ерлігі деп бағалаған, бірақ күні бүгінге дейін архив қойнауынан шығарылмай тұрған Сталинге хаты тасқа басылып, ғылыми айналымға түсіу керек.

Қазіргі жасампаз істер уақыты зерттеушілерді құллі тарихымыздың қалтарыстарын қамтитын байыпты тұжырымдар жасауға шақырады. Жиырмасыншы-отызыншы жылдарғы Қазақ Республикасы басшыларының бірі Ораз Исаев туралы да кейінгі ұрпақ қызыға оқытын тағылымды еңбектердің ұзамай дүниеге келеріне күмән жок.

24 қараша 1989 ж.

САНЖАР АСФЕНДИЯРОВ

Профессор Аспандиаров • Қайраткер және ғалым тағылымы • Дәрігер, тарихшы, мемлекет қайраткери

1. Профессор Аспандиаров

Тағдырын жасампаз қызыл революция ісімен біржо-ла қосақтаған казақ интеллигенттерінің алғашқы тамаша шоғырында Санжар Жағыпарұлы Аспандиаров та бар. Рас, 30-жылдарғы зұлмат асыл азаматтардың сол легін қатты ой-сыратып кетті. Халыққа қалтқысыз қызмет етудің үздік үл-гісін көрсетіп жүргендердің талайына – соның ішінде Санжар Жағыпарұлына да – жазықсыз кір жағылып, репрессиялық қатыгез шаралар қолданылды. Әділет үстемдік құрған бұ-гінгі таңда заңсыздық құшпен ұмыттырған есімдерді толық жаңғыртып, сонау тұңғыш ұлт большевиктерінің шоғырын барша көркімен қайта жандандыру – қолымызда тұрған шаруа болса керек. Бұл үшін, қызыл революцияның қазіргі жаңа белесі боп табылатын қайта құру қойған талаптарға сай жаңаша ойлау арқылы, ең алдымен, сталиншілдік дәуір – ұлт кадрларына қара семсер сілтеу мақсатында ойдан шығарған ауыр айыптың жалғандығы мен жазықсыз жала екендігі бар дауыспен әшкереленуге тиіс. Сондағана революция атынан шығарылған бейреволюциялық үкім қылбұрауынан нағыз революция сарбаздарын түгелдей аршип алуға болар.

Бір шүкіршілік ететін жәйт – Санжар Жағыпарұлының абырайлы есімі Жиырмасыншы съезд тұсындағы «жылымықта-ак» қалпына келтірілген-тін. Егер азаматтық парызымыз осы кісіге орай алға тағы қандай міндет тартарын діттер болсак, енді оны таным деңгейінен із-

дестірген жөн секілді. Сонда, бәлкім, Ұлы Октябрьдің ғаламат тартымды идеяларын жүзеге асыруға жаңын салған аяулы ағамыздың халық зердесіндегі бейнесі көмескілеу екеніне көз жеткізер ме едік, қайтер едік. Бұл ретте оның тарихта қалдырыған өзіндік ізін, қолтаңбасын Жиырма жетінші съездің нұрлы қуатына арқа сүйей отырып ардактау қажеттігі де жарыса бой көрсетер ме еді, қайтер еді...

Мен профессор Аспандиаров семьясымен бірге он шақты жыл өмір кешкен үйдің көше жақ бетіндегі, екі тілде жазылып, қатар ілінген егіз тақтаға қадалып ұзақ қарадым.

«Бұл үйде 1928–1937 жж. көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Санжар Жағыпарұлы Асфендияров тұрған...»

Кенет жұмсақ қара шашын қақ жара тарап, бір шоқ тығыз мұрт қойған, жылы шырайлы, сұңғақ бойлы ашаң кісі көзі күлімдеп, жеңіл, шапшаш адыммен сол қанаттағы есік баспалдағынан түсіп келе жатқан сияқтанды, – осы тамаша адам жөнінде оқыған естеліктер мен зерттеу мақалалардың, естіген әнгімелердің әсері шығар.

Сосын бір мезет ғалымның фамилиясының мемориалды тақтадағы қазақша текстке де орыс транскрипциясымен берілгеніне назар аудардым. (Пәлендей қателігі де, оғаштығы да жоқ, тап солай жазылуымен көпке әйгілі, көрер көз, естір құлаққа тап-таныс; әйтсе де дұрысы – Аспандиаров, қазақ тілінде естіп жазған жөн. Фамилияның мұндай транскрипцияда қазакы, түсінікті болатыны өз алдына, осылай жазу арқылы аталмыш үлкен қайраткер әрі оқымысты адамның рухын қадірлегендік белгісін көрсетер едік. Себебі ол өзінің қазақша шықкан еңбектерінде де, орысша кітаптарының қазақ тілінде басылған титулдарында да үлкен әкесінің атын тап осылай, Аспандиар деп қазақы түрде жазған-тын).

Одан бұл баспалдақтарды Санжар Жағыпарұлының жарты ғасырдан астам уақыт бойы баспағаны ойға келді...

Дегенмен медет барына тәуба – есімін сонында қалған ақ алғысты әділетшіл үрпақ тірілтті. Көне архитектура үлгісі ретінде мемлекеттің қарауына алулы мына бір қабат ағаш

үйге өмірінің Алматыда өткізген кезеңін еске салып тұратын белгі қойды. Күні өртең осы үйдің ішіндегі ғалым тұрган пәтер, ғылыми еңбектердің тууына күй болған болме 1928–1937 жылдарғы иесінің тұсындағыдан қалыпқа келтіріліп, музейге айналдырылуы ықтимал. Ондай құрметке Аспандиаров әбден лайық.

Егер «социализм дамыған сайын тап күресі шиелісе түседі» дейтін мейлінше қате әрі зұлым теория нәрлендірген ақылға сыйымсыз репрессиялардың біздің республика-мыздығы құрбандастырының анықтамалығы жасалар болса, Аспандиаровтың өмірбаяндық анықтамасы өте мазмұндылығымен көз тартар еді. Егер сол жазықсыз жазаланғандардың рухын ұлықтайтын ескерткіш түрғызылар болса, онда бедерленер есіл ерлердің алдыңғы қатарына Аспандиаров та енер еді. Өйткені оның Қазақстан тарихындағы орыны ерекше, өйткені «ол өлкемізде Совет әкіметін орнатуға, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне, социалистік қоғамды құруға белсене атсалысқан белгілі мемлекет қайраткері ғана емес, советтік шығыстанудың бастауында тұрган ірі ғылым ұйымдастырушысы да болды» («Ұлы Октябрь және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық прогрессі», «Ғылым», 1987 ж., Алматы, 157-бет)¹.

Бұл тамаша адамның революциялық сана-сезімі өртеден қалыптаса бастаса керек. Социал-демократиялық ойлармен оның алғаш рет 1905–1907 жылдарғы халық революциясы кезінде танысқаны хақ. Орта білім беретін реальды училищенің жасөспірім шәкірті күллі империяны тітіреткен оқиғадан қалайша хабардар болмасын. Ал оның туып-өсken қаласы – Санжар Ташкентте, интеллигент семьясында, 1889 жылғы октябрьде туған – бесінші жылдың жәй ғана күесі емес-ті, революциялық дүмпулерге іле-шала үн катып, әрі жан-жағына озық ой таратып тұрган орталықтың бірі болатын. Патша үкіметі Қанды жексенбіні халықтан жасырып қалуға тырысып, газеттерге жазуга тыйым салғанмен,

¹ Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана. Сб. статей. Алма-Ата: «Наука», 1987.

большевиктердің астыртын әрекеттеріне шамасы жетпеді. 9 январь оқиғасынан үш күн өткенде Ташкент социал-демократтары жұмысшылар мен солдаттарға прокламация таратты. Сарай алаңындағы айуандықты әшкерелеп, самодержавиені құлатуға ұран тастады. Сол күні Ташкенттің либерал интеллигенттері Москва университетінің 150 жылдығын банкетте атап өтпек еді, большевиктер оны саяси митингке айналдырып жіберді. Орыс-жапон соғысын тоқтатуды талап етті, патшалыққа қарсы құресуге, Құрылтайшылық жиналасы ұйымдастыруға шақырды. Мұндай шулы оқиғалар окушы жастардың құлағына шалынбай тұрушы ма еді.

Сол қыстан бастап Ташкент кәсіпорындарында, Орта Азия, қала берді, қазақ даласында шашылған өнеркәсіп ошақтары мен ірілі-ұсақты елді мекендерде түрлі дәрежедегі экономикалық жәнс саяси ереуілдер, тіпті үкіметтің әскери құштерімен екі арада қарулы қақтығыстар болып тұрғаны, ұзамай Түркістан өлкесі мен кей қыр облыстарының соғыс жағдайына көшірілгені белгілі. Мұндай жаңғырығы мол жәйттер саяси өмірге құлағы түрік семьяда өскен жігіттің назарынан қалай қағыс қалсын.

Санжардың әкесі көзі ашық кісі еken. Кезінде – Сырдария облысы әскери округінің командашысы, облыстың әскери губернаторы, жазушы, генерал Гродековтың тілмашы, ұзақ жылдарғы әскери қызметтің нәтижесінде полковник шеніне жеткен патша армиясының офицері, кедейленген сұлтан Жағыпар, тарихшы Р. Сүлейменовтың жазуына қарағанда, Ташкент маңынан асып ешқайда аттамаган, өзін балаларының тәрбиесіне арнаған қарапайым жан көрінеді. Октябрь революциясына, жаңа қоғамдық құрылышқа түсінушілікпен қараган адал, отставкадағы байырғы офицерге совет өкіметі пенсия төлеп, жәрдем көрсетіп тұрыпты («Қазақ ССР РА хабаршысы», 1966 ж., № 9). Сондай адам айналасындағы революциялық қозғалыс көріністері мен демократиялық ойлар жөніндегі әлдебір пікірлерін өз ошагынан жасырап-ау деу қисынсыз. Әрі бірінші рево-

люция тұсында Санжар өзбетінше ой түюге, Ташкенттің басқару топтарына қатысы бар әкесімен пікірлесіп, пайым жарыстыруға жарап қалған 16-17-лердегі жігіт қой.

Бұған қосымша, оның әпкесі Гұлсімнің алғашқы революция жылдары империя астанасында оқып жүргенін, Қанды жексенбіні көзімен көруі ықтімалдығын, кемі, Петербург студент қауымы арасында гулеген пікірді тікелей білуі сөзсіз екенін, каникулдарында Ташкентке, үйіне келгенде солар жайлы інісіне ештеңе айтпауы мүмкін еместігін ойлайық. (Гұлсім Аспандиарова 1908 жылы Петербург медицина институтын бітірген, Октябрь революциясынан бұрын жоғары білім алған санаулы қазак қыздарының бірі).

Сонымен, бүкіл елді жайлаған дүмпulerдің сырынан Санжардың хабардар болғаны анық. Өкінішке орай, оның сол тұстағы қозғалыстарға қандай дәрежеде қатысы болғанын дөп басып айта алмаймыз. Ақиқаты – ол социал-демократиялық ойларды жас кезінен жатсынбай өсті.

Реакция жылдары Аспандиаров Санкт-Петербургтің данқты оқу орындарының бірі – Әскери-медициналық академияда оқыды. 1912 жылы академияны бітірген жас әскери дәрігер қырдағы шекара бекінісі Терmezге полк емшісі қызметіне жіберілді. Екі жылдан соң ол бірінші дүние жүзілік соғыстың ұрыс далаларынан бір-ак шықты. Қоршауда қалып, тұтқында да болды. Майдан медициналық қызмет офицерінің дүниетанымын біржола большевиктік бағытқа түсіріп шығарды.

Елге қайтысымен ол революциялық жұмысқа бел шеше кірісіп кетті. Түркістан өлкесіндегі алғашқы Советтерді ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұқара, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары облыстық, кейін өлкелік Советінің мүшесі бол сайланды. Советтерде дәйекті түрде лениндік, большевиктік саясат жүргізді. Мұсылман жұмысшы депутаттары Советі туралы, бүгінгі зерттеушіге Түркістан революциялық қозғалысы жөнінде құнды мағлұмат беретін, февраль революциясынан кейінгі ахуалды, Совет-

тердің көпшілік арасында жүргізген саяси және ұйымдастырушылық, сондай-ақ мәдени-агарту жұмыстарын көрсеттің мақала жазды («Наша газета», 1917 ж., 5 сентябрь). Октябрь революциясы жеңісімен Қызыл Армия бөлімдерін құруға қатысты. Черняев полкінің Совет өкіметі жағына шығуына ықпал етті. Осы полк қатарында ол 1918 жылы Бұқара, 1919 жылы Закаспий майдандарында шайқасып, контрреволюциялық бас көтерулерді талқандауға қатысты. Полк соғыс комитетінің мүшесі, әскери дәрігер, үгітші, саяси қызметкер Санжар Аспандиаров қызыл революцияға осылай – жауынгерлік каруымен де, қызыл әскерлер және еңбекшілер тілегімен үндескен, олардың саяси сана-сезімін оятқан жалынды сөзімен де үлес қости. 1919 жылдың май айында ол большевиктер партиясы мүшелігіне қабылданды. Санжар Жағыпарұлының мемлекеттік масштабтағы жауапты жұмыстарға жоғарылатылғанға дейінгі революцияға қызмет ету жолы осындей.

Революция көрінде суарылып, азамат соғысының от-жалынында шындалған Аспандиаров 1919 жылы Түркістан Республикасының Денсаулық сактау халық комиссары болтағайындалды. Ұзамай оны Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, атқару бюросының мүшесі, жауапты секретары етіп сайлады. Ал 1920 жылы Жер-су халық комиссары етіп тағайындаиды. Өзіне жүктелген міндеттің қай-қайсысын да ол зор жауапкершілік сезіммен қабыл алып, тыным таппай, жан-жақты жұмыс жүргізді. Өзбек қышлақтарын, казак, қарақалпақ ауылдарын, қырғыз айылдарын аралап, совет өкіметі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырды, жер-суды пайдалануда жол берілген бұрмалауларды анықтап, жоюға шаралар қолданды, катар отырған халықтардың тарихын, мәдениетін, тұрмыс, шаруашылық жағдайын зерттеді. Түркістандағы аграрлық мәселелер жайында мақала («Народное хозяйство Туркестана», 1920 ж., № 5) жазды. Түркістан майданы әскери-революциялық советінің өкілі Д.А. Фурмановпен бірге Жетісуды

аралады. Соғыс салдарын жойып, шаруашылықты қалпына келтіруге, лениндік ұлт саясатын өмірге енгізуге бағытталған жұмыстар жүргізді. Верныйдағы антисоветтік бүлікті басуға қатысты.

Өлкө жағдайын жақсы білу нәтижесінде ол 1921 жылы республиканың Москвадағы тұрақты өкілі қызметіне ауыстырылды. Мұнда ол, сондай-ақ, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегия мүшесі бол істеді. Түркі халықтарының жер-суды пайдалану тәртібіне жетік болғандықтан, көп ұзамай оны, білікті маман ретінде, ВЦИК-тің Жерге орналастыру жөніндегі айрықша комиссиясының мүшелігіне сайлайды. Ал 1923 жылы қайтадан Ташкентке жіберіледі. Онда жер-су, денсаулық сактау халкоматтарындағы басшылық жұмыстарымен қоса Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болады. Ұлттық-территориялық межелеу кезінде ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының мүшелігіне сайланды. 1924 жылы партия оны Орталық Комитет комиссиясының құрамына енгізіп, Хорезмдегі басмашылар бүлігін басуға жұмсады.

Советтердің Бүкілrossиялық XII съезінде Аспандиаров ВЦИК Президиумының мүшесі және ВЦИК секретарының орынбасары бол сайланады. Сөйтіп, 1925 жылдан тағы да Москвада қызмет істей бастайды. (Сол жылды ол ВКП(б) XIV съезінде кеңесші дауыспен делегат болып қатысады. Жалпы, Санжар Жағыпарұлы 1921–1927 жылдары РСФСР Советтерінің IX–XIII, СССР Советтерінің III съезддеріне делегат болды, Бүкілrossиялық Орталық Атқару Комитетінің, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланды).

Жаңа қызметінде ол лениндік ұлт саясатын жүзеге асырудың практикалық мәселелерімен тікелей шұғылдана жүріп, ғылыми және оқытушылық жұмыстарға дең қояды. Шығыстану проблемалары бойынша отандық және шетелдік әдебиетке шұқшиып, басқа елдерден келген өкілдермен жиі кездеседі. Аспандиаровтың бұл салада шапшаң іл-

герілеуіне неміс, ағылшын, француз, араб тілдерін білуі жақсы жәрдемдессе керек. Ол, тіпті, өзінің зерттеу жұмыстарының ауқымын кенейте түсу мақсатында, қытай тілін де үйренуге кіріскең көрінеді.

Еңбегімен танылған Санжар Жағыпарұлы Шығыс халықтары ғылыми-зерттеу институтының тольғы мүшесі бол сыйланады. Оған Москва мемлекеттік уннверситетінің профессоры атағы беріледі. СССР Орталық Атқару Комитеті оны 1927 жылы Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры етіп тағайындалды. Ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар ол осы жылдары Жана түркі алфавиті жөніндегі бүкілодактық комитет президиумының секретары міндетін атқаруға да көп күш-жігер жұмсады.

1928 жылы профессор Алматыға көшіп келді. Баяғы Верный. Верныйда содан сегіз жыл бұрын реакцияшыл казак-орыстар контрреволюциялық бүліншілік жасаған, оны басуға өзі қатысқан. Одан, Түркеспублика үкіметінің мүшесі ретінде, қаланың отаршылдар қойған атауын жоғып, көне атын қалпына келтіру жөніндегі ұсыныска қызу қолдаушылығын білдірген. Міне, бұл сондай, Аспандиаровқа бұрыннан таныс қала-тын.

Орта Азия республикаларын межелеуден кейін Алматы Казақстанға қараған, бірақ әзірге астана бола қоймаган-ды. Дегенмен Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советі құрамында педагогика, ауыл шаруашылығы, медицина факультеттері болуға тиіс тұнғыш Қазақ мемлекеттік университетін осында, Алматыда ашуға қаулы алған. Ал университет ректорлығына орталықтан профессор Аспандиаров шақырылған еді. Бұл адам жас республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін көтеретін білікті кадрларды Қазақстаниң өз ішінде дайындауды жолға қоюға, сонымен бірге республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға орасан зор еңбек сінірді. Рас, Қазақ университетін бірден үкімет қаулысында көрсетілген көлемде ашуға

материалдық-техникалық базаның жұтандығы мен оқытушы кадрының тапшылдығы мүмкіндік бермеді. Университет Ташкентте 1926 жылы ашылған Қазақ педагогика институтын алмастырып, бір ғана педагогика факультетімен жұмыс істей бастады.

Бірақ Қазақстандағы әр сала маманына мұқтаждық, сөйті тұра, жаңадан шаңырақ көтерген жалғыз университеттің көп профильділік талабына жауап бере алмауы ректордың көnlінен кеткен жоқ. Бұл мәселенің оң шешімін табуына республика үкіметінің 1929 жылы Алматыға көшіп келуі де иғі әсерін тигізсе керек. Аспандиаровтың белсene араласуы нәтижесінде сол жылы зоотехникалық-малдәрігерлік, келер жылы ауыл шаруашылығы институттары отау тікті. Бұлардың университетке әуелде көзделген ретпен факультет ретінде кірмей, жеке оку орындарына айналуы объективті жағдайдан, елімізде жинақталған тәжірибелерден туындаған еді. Соған орай Қазақ университеті Қазақ педагогика институты деп өзгертіліп, профессор Аспандиаров институт директоры әрі тарих кафедрасының менгерушісі қызметін атқара берді.

Алайда, ол ұзамай Қазақ АССР Денсаулық сактау халық комиссары бол тағайындалды. Енді нарком Аспандиаров қажыр-қайратын республика халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту ісіне де жұмсал, бұл салада да айтулы еңбек сінірді. Медицина институтын ашты, оның алғашқы директоры езі болды. Оның есімін Қазақ ССР Ғылым Академиясы бастау алатын алғашқы ғылыми мекемені ұйымдастырушылар қатарынан да көреміз. Ол 1932 жылы ірге көтеріп, әуелі СССР Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы, кейін Қазақ филиалы атанған үлкен шаңырақта председательдің бірінші орынбасары бол істеді.

Оның өміrbаянының алматылық кезеңінде Қазақ АССР Ағарту наркомының орынбасары, Қазақ ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының сектор менгерушісі қызметтері де бар. Ғұмырының Қазақстанда өткен жылдарында ол ВКП(б)

Қазақ өлкелік комитетінің мүшесі, Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі бол сайланды. Көп шаруаның ізашары болғандықтан да, оған саясн-қоғамдық қызметке, ұйымдастыруышылық жұмыстарға мол қүш-жігер жұмсауға тұра келген-тін. Тарих кафедрасының профессоры ретінде, педагогикалық қызметтен де бір сәт көл үзген жоқ. Ғылыми жұмысын ол солармен ұштастыра отырып жүргізді. Санжар Жағыпарұлының сондай қыындықтарға қарамастан назар аударған әлеуметтік өмір проблемалары сан алуандығымен ерекшеленді.

Ол өзінің мақалалары мен зерттеулерінде шаруашылық, дін, медицина тақырыптарынан бастап, әдебиет пен өнер тану мәселелеріне дейін қозғапты. Солардың ішінен күллі ғылыми тағдырының мәні іспетті басты желінің онай ажыратуға болады. Профессор Аспандиаров шығыстану ғылымына, әсіресе республикамыздың марксік-лениндік тарихын жасауға елеулі үлес қосқан ірі ғалым ретінде ұрпақтар санасында қалып отыр.

«Ол жаңа ғылымның іргетасын қалаған, оның қалыптасуына аса қыын мезгілде жәрдемдескен ғалымдардың ішінде болды, – дейді Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Р. Сүлейменов өзінің «С.Ж. Аспандиаров және Қазақстанда совет тарих ғылымының қалыптасуы» дайтін зерттеу еңбегінде. – Қыындықтар ғаламат мол болатын, ал Қазақстан тарихын, шығыстанудың басқа ғылыми проблемаларын марксік-лениндік түрғыдан ашып жазу мәселесін шешетін ешқандай да тәжірибе болған жоқ, бәрін де іс жүзінде тұнғыш рет жасауға тұра келді».

Аспандиаровтың басты еңбегінің бірінші томы «Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан бергі)» деген атпен 1935 жылы орыс тілінде жарық көрді. Ғалым алдына: «қазақтың еңбекші бұқаралары өздерінің тарихын алуан түсті буржуазиялық идеологтар қолымен бұрмаланған түрде емес, марксік-лениндік теорияның жарқын шұғыласында айқын, нақты көруі үшін – олар өткен қоғамдық даму кезендерін

анықтауды» (аталған кітаптың 13-беті) мақсат етіп қойды. Және өзінің осы аса үлкен тарихи мерзімді (біздің әрамызға дейінгі III ғасырдан XX ғасырдағы февраль революциясына шейін) қамтитын еңбегінде міндеттенген шаруасын тиянактап орындады да. «Қазақстан тарихының» екінші кітабы советтік дәуірге арналуға тиіс еді, оның аяқталмауына, бәлкім, жарияланбай қалуына, интеллигенцияның бетке шығарын сүттің қаймағындағы қалқып алып, қылғытып жұтып қойған күлттің кара обыры кінәлі.

Республика тарихын жасау мәселесін Санжар Жағыпарұлы 1933 жылы көтерген болатын. Өзіне дейін жазылған тарихи жұмыстарды сын көзben, тарих ғылымының партиялылығы туралы ереже түрғысынан сараптай отырып, ол СССР Ғылым Академиясы Қазақ филиалының сессиясында қазақ тарихын зерттеудің түйінді мәселелері жайлы баянда ма жасады да, сол баяндаманың негізінде баспасөзде проблемалы мақала жариялады («Қазақ тарихының кейбір негізгі мәселелері туралы», «Большевик Қазахстана», 1933 ж., № 10). Журнал редакциясы мақалаға әлдекімнің Аспандиаровпен келісе алмайтынын білдірген антитетистерін тіркеп басыпты. Әйткенмен бұл жүртшылық ықыласының Санжар Жағыпарұлы көтерген өзекті мәселеге құлай аууына кедергі келтіре алмаса керек. Марксист-тарихшы атына халықтан көптеген құнды сын-ескертпе, ұсыныс, қазақ тарихына қатысы бар небір дерек, документ, азыз, тілекtestіk пікірлер жолданып жатты («Қазақ ССР ҒА хабаршысы», 1966 ж., № 9). Фалым енбегін осылай, бұқаралың тығыз байланысқан жағдайда, және әрине, архив қойнауына үніліп, бұрын-сонды белгілі бір ретке келтірілмеген мағлұматтарды жүйелеп пайдалана отырып жазды. Ал осы тауып, жинастырып, редакциялаған, ғылыми айналымға алғаш рет енгізген документтер жинағы «Жазба деректер мен материалдардағы Қазақстанның өткені» деген атпен 1935 және 1936 жылдары екі том бол басылып шықты. Республиканың ғылыми өміріндегі елеулі құбылыс саналған бұл

басылым жалпы советтік жазба деректер тану саласында осы сипатта жасалған тұңғыш кадам екен.

Бірінші деген анықтаманы Аспандиаровтың барша еңбегіне қолдануға болады. Зерттеушілер оны мұсылман дінінің пайда болу себептері мен мән-маңызына марксизм-ленинизм тұрғысынан ғылыми түсінік берушілердің алдыңғы қатарында атайды. Ғалымның бұл салада 1928 жылы шығарған «Исламның пайда болу себептері» дейтін кітабы мен сол еңбегіндегі бірқатар қағидаларды дәйектеп, одан әрі өрбіткен «Ислам және көшпенді шаруашылық» («Атеист», 1930 ж., № 58) деген мақаласын Р. Сүлейменов өз зерттеуінде зерделі сарапқа салып, объективті бағасын берген.

Санжар Жағыпарұлы ұлт катынастары мәселелерін зерттеуде де алдыңғы қатарда. Оның «Ұлт проблемасы және тіл туралы жаңа ілім» («Новый Восток», 1928 ж., 22-кітап) атты көлемді ғылыми мақаласында көтерілген мәселелер күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жок.

Профессор Аспандиаров орта және жоғары мектеп үшін маркстік-лениндік тұрғыдан тарих оқулығын жазушылардың да алдында тұр. Оның «Қазақ тарихының очерктері», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс», «Шығыстағы ұлттық-революциялық қозғалыстар тарихы» деген кітаптары республика Ағарту халкоматының заказымен жазылып, арнайы қаулысымен орта мектепке арналған оқулық ретінде бекітілді де, 1935–1936 жылдары окушылар қолына тиді.

Мерзімді басылымдарға, мерекелік жинақтарға Санжар Жағыпарұлының революциядан бұрынғы және советтік дәуірдегі республика тарихынан жазған тағылымды мақалалары ұдайы басылып тұрған. Әдебиет сүйер қауым үшін аса бір кызық жәйт сол, тарих профессоры соншама қарбаласқа толы тіршілігінде қазақ әдебиетіне байланысты бірнеше құнды мақала бере отырып, көркем творчествомен өзі де шұғылдануға уақыт таба біліпті. Мәселен, Х. Хабиев оның «С. Жапаров» деген лақап атпен орыс тілінде бірлі-жарым

повестері жарияланғанын айтса («Қазақ халқының мақтанашы», «Қазақ әдебиеті», 1964 ж., 25 декабрь), М. Қаратасев бұл хабарды: «Ол – ол ма, дәрігерлігінің, педагогтігінің, галымдығының, қоғам қайраткерлігінің үстіне Санжар Асфандияров жазушы, филолог еді. Ол – шығыс елдері өмірінен «Шатер мира» атты орыс тілінде повесть жазған кісі, казақ эпосы, ұлт мәдениеті, колхоз-совхоз театрлары туралы еңбектер жазды» («Көргенім мен көңілдегім», 1982 ж., 111-б.), – деп терендете түседі. Ендеше, Аспандиаровтың әдебиетші ретіндегі туындыларын іздестіріп табу, зерттеу, бүгінгі үрпақ назарына ұсыну шаруаларын қолға алсақ орынды-ақ болар еді.

Шынтуайтқа келгенде, республикамыздың ғылыми мен мәдениетінің тарихынан айрықша орын еншілейтін осынау ете-мөтे жарқын бейнелі азаматтың қалдырган мұрасын – басты-басты тарихи еңбектерін халық игілігіне айналдыруды ойластыру – қазіргі буынға жарасымды іс болмак. Рас, мұндай тілек бұдан отыз жылдай бұрын, республика Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты мен Қазақ педагогика институты ғылыми кенестерінің профессор Аспандиаровтың 70 жылдығына орай өткен бірлескен мәжілісінде айтылған еken («Қазақ ССР FA хабаршасы», 1959 ж., № 12). Алайда күні бүгінге дейін ел ойын-дағы қайта басылым жүзеге аскан жоқ.

Оның себебі, әрине, тоқырау кезеңінде белен алған сыйнар-жақ пікірлерде жатыр. Кейбір ғалымдар Қазақстанның отар болған кезеңінен «керемет прогрестер» көргені сондай, Ұлы Октябрьдің ролін мұлдем тәмендетіп жібере жаздаған еді гой. Аспандиаровтың «Капиталдан» мысал келтіре отырып, қанын сорғалата таратқан ацы шындықтары тоқырау заманындағы билігі бар оқымыстылардың сол кездегі ойлау жүйесіне сыймағаны түсінікті. Енді қазіргі қайта құру арайландырган шақта да тап сондай көзқарас қайталанса, сөз жоқ, түсініксіз болар еді. Бүгінгі оқырманда сауат мол, он-терісін өзі де ажырата алады – асыл мұраны оның қолына

тигізу керек. «Қазақстан тарихын» да, окулық сипатты монографияларын да. Егер олар тиісті ғылыми түсініктермен жабдықталып жатса – құба-құп. Қанша өткелек, бұралан жолдары болғанмен, тарих ғылыми ірі жетістіктерге жетті, демек, Аспандиаров тұсындағы бұлдыр жәйттің бәрін дамыттып, өрбітіп, толықтыра алады.

Ғұмыры айшықты істерге толы осынау революционер және көрнекті мемлекет қайраткері, талантты ғалым және сүйікті ұстаз Санжар Жагыпарұлы Аспандиаров есімін мәңгі есте қалдыру мәселесі көп болып көніл бөлуді қажет етеді. Құні бүгінге дейін атқарылған бар шаруа – жоғарыда айтылған мемориальды тақтаның орнатылуы мен астананың аэропорт жақ шетіндегі ұзындығы 250 метрлік кішкене көшеге Аспандиаров есімінің берілуі ғана. Бұлардың өзі жеке басқа табыну әшкереленіп, жазықсыз жазаланған профессордың адал есімі халқына қайтарылған алғашқы кезенде – 60-жылдардың басында тындырылған іс. Ақталғалы бері оның бірде-бір мүшелтойы – 70, 80, 90 жылдықтары – жұртшылық жиынында атап өтілменті. Ал 1989 жылы Санжар Жагыпарұлының туганына бір ғасыр толады.

Бәлкім, жіберген кемістіктерімізді сол датага жеткенше түзеп үлгерерміз? Бұл орайда, Аспандиаровтың ғылыми, әдеби шығармаларын жинап шығару өз алдына, берісі – Алматыдағы оку-ғылым орындарында, әрісі – республиканың білім беру және деңсаулық сақтау жүйелерінде тиянақты шаралар ойластырып, жүзеге асырылғаны жөн сияқты. Ықылас қойса, профессор Аспандиаров есім-естелігін құрметтеу жолын Қазак ССР Ғылым академиясы да (Аспандиаров – республиканың ғылым орталығын алғаш ұйымдастырушылардың бірі), С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетті де (Аспандиаров – тұнғыш КазГУ ректоры, қазіргі университет 1934 жылы екінші рет дүниеге келуін туған құні етіп жүр), Абай атындағы Қазақ педагогика институты да (мұндағы оның қолтаңбасы айрықша, есімін тарих кафед-

расына беріп жіберсе де артықтық етпес еді), Алматы мемлекеттік медицина институты да (бірінші ректоры – Аспандиаров) оп-оңай тауып, көпшіліктің ризашылығына бөлөнер еді.

Халқымыздың аяулы ұлын сінірген еңбегіне сайдақтай білейік.

15 сәуір 1988 ж.

2. Қайраткер және ғалым тағылымы

Санжар Асфендияровтың туғанына 120 жыл толуына

Елімізде үкіметтік емес ұйымдардың қарлығашы іспетті «Әділет» атты тарихи-ағарту қоғамы бар. Биыл 20 жылдығын атап өтті. Ол өзінің құрылған алғашқы күнінен бастап, 20–50-жылдарғы саяси репрессиялар шындығын ашумен шүғылданған еді. Сондай ұмтылышының нәтижесінде, 1990 жылдың басында «Әділет» қоғамы Мәскеудегі КГБ-дан – КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен – Кеңес Одағы Жоғары соты Әскери алқасының көшпелі сессиясы үкімімен атылған қазақстандықтардың бес жүзден астам алғашқы үлкен бір тобының тізімін алуға қол жеткізген болатын. Сол тізімнен Санжар Асфендияровтың 1938 жылғы 25 ақпанда атылғаны белгілі болды. Санжар есімі тізімде үшінші болып тұрған еді.

Осы 25 ақпан күні, Асфендияровпен бірге, іштерінде Қазақ Республикасының белді қайраткерлері Сейітқали Мендершев, Ұзақбай Құлымбетов, Темірбек Жүргенов, Жанайдар Садуақасов, Ғабдулхакім Бекейханов, Шәкір Дивеев, Сүлеймен Есқараев, Тел Жаманмұрынов, Құдайберген Жұбанов, Ізмұқан Құрамысов, Қабылбек Сарымолдаев, Сәкен Сейфуллин, Қайсар Тәштитов, Ғаббас Тоғжанов бар, барлығы 39 қайраткер атылған болып шықты.

«Әділет» қоғамының қызметі барысында – «Үлкен террор» жылдары жазықсыз саяси айып тағылып, Алматыдағы НКВД подвалында 3,5 мыңнан астам адам атылғаны әй-

гіленді. Және олардың құпия көмілген орны да анықталды. Сол орынға – Жаңалық зиратына – 2002 жылы үлкен монумент ескерткіш қойылды. Қазір сол жерге жыл сайын Саяси құғын-сұргін құрбандарын еске алу күні Алматы қаласы мен облыс жүртшылығы барып, тағым ету шарапарына қатысады. Алдағы уақыттарда Асфендияров есімі тарихына алғашқы ректоры ретінде жазылған Алматыдағы екі белді жоғары оку орны бас боп, жалпы жастар қауымы жазықсыз жазаланған аға ұрпақ ескерткішіне ғұл шоқтарын қоюды әдетке айналдыrsa – нұр үстіне нұр.

Саяси репрессиялардың бағдарлы, мақсатты жүргізілгені бұл күнде баршаға мәлім. Құпия полиция нысанасына алған азаматты кармағына түсіріп ұстауға ілік ету үшін қылы тәсіл қолданған. Сол тұста КСРО Ғылым академиясының қазақстандық филиалы директорының орынбасары лауазымында істейтін профессор Санжар Аспандияров хақында бұл әрекет жүртшылыққа алдын-ала жалған да жалалы мәлімет тарату жолымен жүзеге асырылды.

1937 жылғы 29 қыркүйекте «Казахстанская правда» газеті «Жапон шпионы тарихшы ролінде» деген тақырыппен Қазақ марксизм-ленинизм институты студенттерінің хатын жариялады. Онда, Қазақстан тарихын жан-жакты қарастырып, ғылыми еңбектер жазып жүрген профессорды «жапон шпионы Асфендияров» деп таңбалады. Сол тұста большевизм көзімен қазақтың ұлы ағартушысы Ұбырай Алтынсарин мен теңдессіз ғалымы Шоқан Уәлиханов патша жалдамалылары іспетті қаралатын, міне, сол айырым-белгіні жалаулатқан хат авторлары «жапон шпионы Асфендияров» «миссионер Алтынсарин мен патша жендеті Уәлихановты» көкке көтерді, қазақтың тарихын жазам деп хандарды дәріптеумен шұғылданды деп айыптады. Профессор Асфендияров «әшкерелегіш» мақаланың артынша камалды. Сосын оған «1934 жылы Тұрар Рысқұлов құрган контрреволюциялық ұйымның мүшесі-міс» деген кінә артылды, ақыры, атып тасталды. Кітаптарын оқуға реесми тыыйым салынды.

Жиырма жылға созылған ызырықты қапастан соң туған «жылымықта» – 1958 жылғы 27 мамырда ісі қайта қаралып, ғалым есімі жазықсыз жаладан аршылып, акталды.

Содан бастап саяси қайраткер, шығыстанушы, Қазақстан тарихы бойынша ірі маман болған Санжар Сейітжапарұлы Асфендияров есімі қоғам өміріне қайтарылуға керек еді. Бірақ олай болмады. Өйткені әділет жартылай ғана орнаған-ды.

Оның өмірі мен саяси қызметі жайындағы деректер шындығы тағы отыз жыл бойы ашып айтылмай, билеуші коммунистік партия тарапынан жариялышық және қайта құру саясаты жарияланғанға дейін, дұрысында, тоталитарлық жүйе тұғыры шындалп шайқала бастағанға дейін толық ашылмаған күйі қала берді.

Дегенмен, әділдік орайында, мыналарды айтуымыз кепрек: Асфендияровтың ғылыми еңбектеріне оның есімі нахақ жаладан тазаланысымен назар аударылды. Жаңаша шектеулерімен ерекшеленген тоқырау кезеңінде – 1959 және 1966 жылдары – Республика Ғылым академиясының Жаршысында тарихшы Рамазан Сүлейменовтың бірнеше зерттеу жұмысы жария етілді. Академик Мұхамеджан Қаратасев 80-жылдары шыққан естелігінде оны қоғам қайраткері, ұстаз, тарихшы-ғалым, әдебиетші ретінде бағалады. Қаратасев оның ұлт мәдениеті жайындағы еңбектерін ілтипатпен атап өтіп, шығыс халықтары өмірінен орыс тілінде «Шатер мира» деген повесть жазғанын да айтқан еді.

Бірақ, бұл күндері тоталитаризм қүшінде тұрган заман деп бағаланатын кешегі өткен кеңестік дәуірде біз оның қаламынан туған еңбектердің ешқайсысымен де тікелей таныса алмадық.

Ал демократия лебі тоқтаусыз есе бастағанда бұл мәселені шешу қажеттігі батылырақ көтерілді. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1988 жылғы 22 сәуірдегі санында осы жолдар авторының «Профессор Аспандиаров», «Казахстанская правда» газетінің 8 қыркүйектегі санында Ильяс Қозыбаевтың

«Отыз жетінші...» атты мақалалары жарық көрді. Шамасы, қайраткердің елге сінірген еңбегін мойындал, оны жаңаша тану қажеттігін түйсінуге солар да септессе керек, ұзамай, халықтың аяулы ұлы Санжар Сейітжағыпарұлы (Сейітжа-парұлы, Жафарұлы) Аспандияровтың (Асфендияровтың) есімін мәңгі есте қалдыру шаралары жүзеге асырыла бастады.

Оның енбектері қайта басылып шыкты. Іргесін өзі қалаған медицина институты, бүгінгі университет оның атымен аталды, сонда мұражайы ашылды. Тұрған үйіне мемориал тақта орнатылды, қаланың бір көшесіне есімі берілді. Биыл, міне, туғанына 120 жыл толуы атап өтілуде.

Аспандияровтың қызметі Орта Азия мен Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістермен тығызы байланысты болғаны бұл қунде баршага мәлім. Оған қоса оның Одак көлемінде мемлекеттік құрылым ісін жаксарту жұмыстарына қатысқанын да ерекше еске сала кеткен жөн. Бұған оның Түркістан Республикасында істеген кездерінде жинақтаған жұмыс тәжірибесі, сондай-ак, орталықтың Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік жіктеуге түсіру науқанында – өлкені жаңаша межелсу шаруаларына қатысуы көп септігін тигізген болуға керек.

Әрине, оған ұлт мәселесінің нақты істерімен саяси қызметінің алғашқы қадамдарында-ак шұғылдануға тұра келген-ді. Ол Түркістан республикасында салалық комиссариаттар қызметін басқара жүріп, өлкеде коян-қолтық өмір сүріп жатқан халықтардың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, тарихын, мәдениетін қарастырып отырды. Осы мәселелерге жетік болуы оны құллі Кенес Одағы бойынша сирек кездесетін құнды мамандар қатарына шығарды.

Сондыктан да ол Мәскеуде Түркістан Республикасының өкілі болған 1921–1922 жылдары – Ресей Федерациясы Халық Комиссарлары Кенесінде ұлт мәселесі бойынша алқа мүшесі міндеттін қоса атқарды. Одан Түркістан Республикасына қайта оралып, үкімет құрамында және Орталық

Комитеттің Средазбюро хатшысы лауазымында партиялық қызметте болғанында да ұлт мәселесінің практикалық жұмыстарымен ұдайы бетпе-бет келіп, әр мәселенің әрдайым әділ шешілуі жолында тер төгіп жүрді.

1924 жылы Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеу жұмыстары жүргізілгенде, ұлттық жіктеудің ортақ іске пайдасы шамалы ұлттық дербестенуге ұрындыратын қырларын жіті таныған ұлт қайраткері Сұлтанбек Қожанов жағында болды. Сөйтіп, белгілі қазак коммунистерімен бірге, Орта Азияда жаңадан құрылатын ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың ғасырлар бойы жергілікті халықтардың аралас-құралас өмір сүруі барысында табиғи түрде қалыптасқан өзара экономикалық байланыстарын үзбей, Орта Азия Федерациясын құру және сол арқылы Кеңес Одағы Республикаларының Одағына кіру идеясын қолдады. Сонымен қатар, Орта Азия республикалары мен Қазақстанның бірлескен экономикалық қауымдастырын құруды талап етушілер қатарынан табылды.

Ұлттық-мемлекеттік тұрғыда жіктелп-межелеу науқаны аяқталғаннан кейін, Орта Азиядағы жер-сусы мен халқын бір шаңырақ астына біріктірген және Қарақалпақ облысын қосып алған жаңа да тұтас Қазақстан халқының саны, ұлттық құрамы, жері, орналасуы, экономикасы, шетелмен шекараласуы, қысқасы – барлық көрсеткіштері сай келіп тұрғанмен, КСРО-ның құрылтайшылары қатарына жіберілмеді. Қазақстан Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республика дәрежесінде қалып қойды. Мұны Асфендияров дұрыс шешім деп санамады.

Орта Азияда жаңа кенестік мемлекеттер ту тігіп болғаннан кейін, Қазақ Республикасының Өзбекстандағы өкілі қызметінде істеп жүрген қайраткер 1925 жылы тағы да Мәскеуге аттанды. Оны Бүкілrossиялық Орталық Атқару Комитеті (ВЦИК) Төралқасының жанындағы Ұлттар бөлімінің менгерушісі лауазымын атқаруға шакыртқан еді.

Асфендияров аталған тағайындалмалы қызметте гана істеп қойған жоқ, сонымен бір мезгілде ірі сайланбалы лауазымда да болды.

Ол сол 1925 жылғы 7-16 мамыр арасында өткен Бүкілпресейлік 12-Кеңестер съезінде ВЦИК Тәралқасының мүшесі, оның артынша өткен КСРО Кеңестерінің 3-ші съезінде КСРО Орталық Атқару Комитеті Тәралқасының мүшесі болып сайланды.

1925 жылы 21 мамырда – КСРО Кеңестерінің 3-ші съезі сайлаған ОАК-тың 1-сессиясында – КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кеңесінің хатшысы болып сайланды.

Санжар Жафарұлы бұл қызметтерде 1927 жылға дейін істеді.

Осы жылдары ол ғылыми және оқытушылық жұмыстармен қоса шұғылданып жүрді. Шетелдік шығыс қайраткерлерімен қызмет бабында жиі кездесіп, ғылыми-зерттеушілік, ізденушілік жұмыстарының ауқымын кеңейтіп отырды. Соның бәрі оның 1927 жылды Москва Шығыстану институтының директоры, КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы КСРО Шығыс халықтарының этностық және ұлттық мәдениетін ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, одан директоры болып тағайындалуына жол ашты.

1928 жылы оның Қазақстанға оралғаны, Қазақ мемлекеттік университетінің – бүгінгі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеттің ректоры болғаны, бірер мезгіл Денсаулық сактау халық комиссары бол, еліміздегі алғашқы медицина институтын ашқаны, ғылыми-көпшілік «Денсаулық жолы» журналын шыгарғаны, Оқу халық комиссарының орынбасары қызметінде де істегені, одан ғылыми мекемелерде – КСРО Ғылым академиясының қазақстандық базасын, филиалын басқарысқаны, тарих секторына тікелей жетекшілік еткені, еліміздің ежелгі заманнан бергі тарихын жазуды қолға алғаны мәлім.

Бірақ оның өмірінің мәніне айналған осынау ғалымдық және ұстаздық жолға біржола түсіі алдындағы бір тағдырлы оқиғаны айтпасақ, оның құрескерлік қырын да, белсенді саяси қызметтен кету себебін де толық түсіне алмаған болар едік.

Асфендияров 1925 жылдың басында Ұлттар бөлімін басқаруға келген бетте Бүкілодақтық коммунистік партияның 1923 жылғы қоқтемде өткен 12-съезі мен сол жылы жазда Орталық Комитет өткізген Ұлт мәселесі жөніндегі әйгілі 4-мәслихат қарапларын толық және созбұйдаға салмай өмірге енгізу қажеттігін түйсінген қайраткерлер қатарынан табылды. Ол өзінің ВЦИК Төралқасының мүшесі, Төралқа жанындағы Ұлттар бөлімінің бастығы және КСРО Орталық Атқару Комитеті Төралқасының мүшесі, Ұлттар Кенесінің хатшысы ретіндегі лауазымдық міндеттеріне сай, Ресей Федерациясы құрамындағы ұлттық құрылымдар ахуалын қарастыратын және жақсарту жолдарын ақылдасатын мәслихат өткізу жайында бастама көтерді.

Бұл мәселенің алғышартты Саяси Бюроның 1926 жылғы 3 маусымда Ресей Кенестік Федеративтік Социалистік Республикасы мен оның құрамындағы ұлттық республикалар мен облыстық органдардың құрылымын қарау үшін ЦИК пен ВЦИК төрағасы Калинин басқаратын арнайы комиссия құрғанында жатқан еді.

Комиссияда Санжар Асфендияровтың қызметтесі болып табылатын ЦИК хатшысы Авель Енукидзе бар-ды. Ол Сталиннің жақын серіктерінің бірі болатын. Осы жәйтті және Санжардың өзінің де қызмет бабымен Саяси Бюро Комиссиясының төрағасы, «Бүкілодақтық староста» Калининмен тікелей сөйлесе алуы ықтималдығын, сонымен бірге, сол жазда Ресей Федерациясы Совнарком төрағасының орынбасары лауазымына бекіп жатқан Тұрар Рысқұловтың да Комиссия құрамына енгізілуін ескере келгенде, ВЦИК сессиясына қатысуышы ұлт қызметкерлерін жеке мәжіліске шақыруға рұқсат алуша оның елеулі рөлі болғанын шамалауға болады.

ВЦИК Төралқасы жанындағы Санжар Асфендияров басқаратын Ұлттар бөлімінің бастамасымен, Ресей Федерациясы Халкомкенесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың басқаруымен өткен, тарихқа «Рысқұлов мәс-

лихаты» деген атпен енген ұлт өкілдерінің 1926 жылғы 12–14 қарашадағы Жеке кенесуін дайындауда Асфендияров елеулі жұмыс тындырды деп батыл айта аламыз. Жеке мәслихаттағы пікірталастар негізінен Асфендияров дайындаған тезистер бойынша өрбіді. Оның тұжырымдаған ұсыныстары мәслихаттың қорытынды құжатына негіз болды.

Асфендияров ұлттық республикалардың бәрінде жергілікті және орталық аппараттарды батыл түрде және бірізділікпен нығайтуға кірісуді ұсынды. Ол биліктің барлық буындарында ісқағазды орыс және жергілікті ұлт тілінде жүргізу ісін кейінге қалдырмастан бастап, екі тілде қатар жүзеге асырып отыруды енгізу қажеттігін көтерді. Автономиялық облыстар мен республикалардың рухани мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін – ағымдағы кор жасауға шақырды.

Саяси сипаттағы ұсыныстары ішіндегі ең маңыздысы және көп резонанс туғызғаны – автономиялық облыстарды біргіндең автономиялық республикаларға, ал автономиялық республикаларды – одактас республикаларға айналдыру жайындағы жобалары еді. Атап айтқанда, Асфендияров Вот және Мари автономиялық облыстарын автономиялық республикаларға, ал Қазак автономиялық республикасын Одактас республикаға айналдыру шарасын аялдамастан өмірге енгізу қажеттігін алға шығарды.

Сондай-ақ, Ресей Федерациясы үкіметінің КСРО және РКФСР Конституцияларында белгіленген жалпы ережелерді белгілеу құқтарын сақтай отырып, автономиялық республикаларға бюджет құқығын, жалпы және жеке амнистиялар жариялау құқын беру керектігін айтып, біріккен халкоматтарға – белгіленген шектер аумағындаған басшылық жасау, біріктірілмен халкоматтарға – өз саласында зан шығару құқын беру мәселелерін шешуді ұсынды.

Ұлт өкілдерінің кенес өкіметіне және большевиктер саясатына ұлт мәселесіне байланысты наразылығын атальмыш Жеке мәжіліс айқын көрсетті. Мұны большевизм билігі кешіре алмады.

Барлық қатысушы саны 49 болса, оның 12-сі қазақ еді. Сондықтан да шығар, орталық эмиссары Филипп Голошечкин құлак бұрауын әдемілеп келтірген жергілікті коммунистер Жеке мәслихатқа қатысқан қазақ қайраткерлерін Қазақстанда 1926 жылғы 25–30 қарашадағы Қазөлеком пленумында, одан, 18 желтоқсанда арнайы өткізілген Қазөлеком бюросының кеңейтілген – Өлкелік бақылау комиссиясының тәралқасы, Халкомкенес, Қазатком фракциясы қатысқан мәжілісінде солақай сын тезіне салды. Тек айыптау тұрғысынан, өзіндік ой-пікірі бар қайраткерлерді тұқырту мақсатында өткізілген қатты талқылау болды.

Рысқұловтың жеке мәслихатын айыптаудың арты кадрларды қудалауға ұласты. Анығы, ол Мәскеу еркімен жасалған шаруа.

Большевиктер ұлт мәселесінде өздеріне қарсы келгендей, ұлт саясаты тұрғысында оянуға апаратын әрекеттерді, ұлттар мұддесін жақтағанды жақтырмайтын, сол себепті осындай талап-тілектердің тұжырымдалуына тұрткі болған Асфендияровты да мұндай саяси қызметте қалдыра беру орынсыз деп табылған тәрізді. Сондықтан да оның КСРО Орталық Атқару Комитеті Ұлттар Кенесінің хатшылығынан босатылып, ғылымға жіберілуінің астарында осы Жеке мәслихатты – ұлт кадрларының өзара кенесуін ұйымдастыруы жатқанында күмән жок.

Қазақстан одактас республика тәжін Асфендияровтың ұлт өкілдерінің жеке мәжілісінде жасаган ұсынысынан тағы он жыл өткеннен соң бір-ақ киді. Одактас республика тәжін киді де, сондай дәрежеге көтеруді талап еткен қайраткерлерін саяси репрессияға ұшырдатты.

Санжар Жафарұлын атып тастау тек ғылым қайраткері ретіндегі, азамат ретіндегі оның өзінің козін жою ғана емес, сонымен бірге құллі халықтың азат ойын жою, ұлттық санасын шегендеу болып шықты. Әйткені, патшалық тұсында санага сінірілген аңыздың астарын ашқан, қазақ жерін патшалық қарулы әскерімен жаулап алу арқылы отарлады деп қорытқан профессор Асфендияровтың шыншыл тұжырымы

оның тыйым салынған еңбегімен бірге бұғауланды. Содан, Асфендияров жазған «Қазақстан тарихынан» ажыраған халқымыздың әлденеше үрпағы қайтадан, тағы да, империя тұсындағыдай, «Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды» деген мифпен тәрбиеленді.

Мұның залалды салдарын отаршылдық іздерін жоюға бағытталған арнайы бағдарламаның мемлекеттік тәуелсіздік дәүірінде де қабылданбауынан, тиісінше, қазақтың ұлттық мұддесінің мәселелерін шешу ісінін көп ретте кейінге ысырылып отырылатынынан аңғаруға болады.

Халықты тарихпен тәрбиелеу ісінде Асфендияров тағылымы қандай болмақ? Әрине, оның өмірі мен қызметіндегі осындай белестерге назар аударып, кең насиҳаттау ләзім. Және мұндайда көрнекі насиҳаттың мәні зор екенін ескерген жөн. Осы ретте профессор Асфендияров Алматыға келгелі тұрған, ғалымның іргелі ғылыми еңбектері жасалған үйді мемориал мұражайға айналдыру мәселесін ойластырган орынды болар еді.

Қазір түрік өкілдігі орналасқан бұл ғимаратта кезінде тек ректор Аспандияров қана емес, ректордың орынбасары Халел Досмұхамедов те, басқа да оқытушылар тұрды. Сол үйде Асфендияров ғылыми жұмыстағы өзінің ғалым және оқытушы әріптестерімен тұракты түрде бас қосып отырды.

Қожықовтардың отбасылық мұрағаты деректеріне қарағанда, алғашқы қазақ «Әліппесін» жазған мұғалімдердің бірі, қоғам және мәдениет кайраткері Қоңырқожа Қожықов ел ішін аралап тауып әкелген көне шығыс қолжазбалары мен Қазақстанның өткендеңі тарихына қатысты әдебиетті сонда жинастырган скен. Олардың кітапханасы репрессия салдарынан із-түзсіз жоғалып кетті.

Ғимаратты мұражайға айналдырган жағдайда, тек Санжар Асфендияровтың ғана емес, саяси құғын-сүргін құрбаны болған талай ұлттық қайраткерлеріміздің есімдерін ұлықтайтын, әрі кейінгі үрпакқа үлгі етіп тартатын тарихи-танымды көп шаруа тындырылары анық.

3. Дәрігер, тарихшы, мемлекет қайраткері

Ірі әлеуметтік өзгерістер кезінде Қазақстан мен Орта Азия көгінде жарқырап жанған жарық жұлдыздардың бірі – дәрігер Санжар Асфендияров еді. Откен ғасырдың 30-шы жылдарында орын алған сталиндік саяси қуғын-сұргін кезінде елімізде окка ұшқан 25 мың боздақ қатарында ол да жазықсыз құрбан болды.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы шығарып келе жатқан «Азалы кітаптың» 9-шы басылымында («Арыс» баспасы, 1911 ж.) Алматы түбіндегі Жаңалық қорымында жатқан 4 мыңнан астам репрессия құрбандарының тізімі қыскаша анықтамалық деректерімен қоса берілген. Сол кітаптың 48-ші бетінде Санжар Жафарұлы Асфендияров 1889 жылы туған Ташкент тумасы, Алматы қаласында КСРО Ғылым Академиясының Қазақстан филиалы төрағасының орынбасары болып істеген қазак деп көрсетіліп, 1938 жылғы 25 ақпанда КСРО Жоғары соты Әскери алқасы қаулысымен атылғаны, сол мекеменің 1958 жылғы 7 қаңтардағы қорытындысымен акталғаны айтылған.

Санжар Жафарұлы (Сейітжапарұлы) Асфендияров көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, денсаулық сақтау саласының білікті ұйымдастырушысы, дарынды тарихшы галым, профессор, педагог болған адам. Ол дәрігерлік білімді революцияға дейін алған. Ташкенттегі реальды училищені 1907 жылы аяқтаган соң, Санкт-Петербургтың әскери-медициналық академиясына түсіп, оны 1912 жылы бітіріп шықкан. Түркістан өлкесінде (Термез лазаретінде, Семарқанд, Ашхабад атқыштар полктерінде) әскери дәрігер болып, I-ші дүниежүзілік соғыс басталысымен, 1914 жылы тамызда, майдандағы армия қатарына шақырылды.

Сол жылдың сонында откен Польша аумағындағы ұрыстардың бірінде жаараланып, тұтқынға түсті. Бір жылға жуық концентрациялық лагерьлерде болды. Қызыл Крест ұйым-

дастырған тұтқындар алмастыру шарапалары арқасында неміс тұтқынынан 1915 жылдың соңында босанды. Петроградта түрлі тексеруден өткізілген соң, 1916 жылдың басында Ташкентке қайтарылды.

Оның шыққан тегі жөнінен бірер сөз айта кеткен жөн.

Санжар Асфендияров атакты Әбілқайыр ханның тікелей ұрпағы (Әбілқайыр – Айшуақ – Сығалы – Асфендияр – Сейітжапар – Санжар) болып келеді.

Әбілқайырдың әйгілі Бопай ханшадан туған бес ұлының төртіншісі Айшуақ сұлтан, ол 1797–1805 жылдары Кіші жуз ханы болған. Айшуақ ханның кіндігінен 16 үл тараған екен, солардың төртіншісі – Сығалы сұлтан. Тарихшы И. Ерофееваның зерттеуіне қарағанда, император I Александр Әмударияның сағасын сол жақта көшіп-қонып жүрген қарақалпактармен қоса Сығалы сұлтанның иелігіне берген көрінеді.

Сығалыдан туған Асфендияр сұлтан 1825-ші жылдар шамасында үлкен беделімен патша әкімшілігіне де, ел-жүр арасына да кеңінен танылышты. Асфендияр 1856 жылы баласы Сейітжапарды орыс окуына: қазақ сұлтандарынан орыс әкімшілігіне қызмет ететін болашақ қызметшілер тәрбиелеу үшін Орынборда арнайы ашылған шекара комиссиясының мектебіне береді. Сонда білім алып, одан әскери оку оқығаннан кейін, Сейітжапар (Жафар) Асфендияров Түркістан генерал-губернаторлығында түрлі лауазымда қызметтер атқарады. Орыс армиясының генерал-майоры шенінде дейін көтерілген. Оның төрт үл, төрт қызы болды. Солардың ішіндегі тарихта өшпес із қалдырған баласы – Санжар еді. Санжардың екі әпкесі – Гұлсім мен Мәриям да империя астанасынан білім алған дәрігерлер болатын. Олар патшалық тұсында да, кеңес өкіметі кезінде де ұдайы денсаулық сақтау саласында енбек етті.

Ал Санжар ақпан революциясынан соң қоғамдық өмірде орын алған күрт өзгерістерге белсене атсалысты. Патша тақтан құлағаннан кейін Асфендияров саясатқа ашық аласып, Терmez бен Бұхарада Кенестер жұмысына қатысады. Жұмысшылар мен солдаттардың округтік кеңесіне мүше бо-

лып сайланады. Ташкентте мұсылман жұмысшы депутаттарының алғашқы кенесінің мүшесі болады. Өлкедегі мұсылман қозғалысына белсене араласып, 1917 жылғы қарашада Қоқан қаласында Түркістан автономиясын жариялаган 4-ши төтенше мұсылман съезіне қатысты.

Қоқан (Түркістан) автономиясы құлатылып, кеңестік негіздегі Түркістан Республикасы құрылғаннан кейін ол кенес өкіметіне қызмет етті.

1918 жылдың соңында Түркレスпубликаның аштықпен күрес жөніндегі комиссиясының Сырдария облыстық бөлімшесін басқарды. 1919 жылы Түркレス Publikanың деңсаулық сактау халық комиссары болып тағайындалды. Одан, Орта Азиядағы ұлттық межелеуге байланысты Түркレス Publika таратылғанға дейін, ұдайы жауапты қызметтерде істеді.

1921–1922 жылдары Түркістан Республикасының Мәскеудегі өкілі және Ресей Федеративтік Республикасы Халқомекенесінде ұлт мәселесі бойынша алқа мүшесі, болды. Ташкентке оралғаннан кейін – жер халқоматында су шаруашылығы бөлімінің бастығы, жер халқомы, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, БК(б)П ОК Ортаазиялық Бюросының мүшесі қызметтерін атқарды.

Орта Азияда жүргізілген 1924 жылғы ұлттық-мемлекеттік межелеу науқанынан соң, Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы үкіметіндегі өкілі болды.

1925 жылы Асфендияров қайтадан Мәскеуге, Бүкілрәсейлік Орталық Атқару Комитетіне қызметке шақырылды. Онда БРОАК Төралқасының мүшесі, хатшысының орынбасары болып істеді. Осы қызметімен қатар ғылыммен, педагогикалық қызметпен шұғылданды. Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры болды. 1927 жылы Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының ректоры қызметіне тағайындалды. 1928 жылы Қазақстанға оралып, репрессияга ұшырағанға дейін Алматыда жемісті еңбек етті.

Санжар Асфендияров жас республиканың алғашқы жогары оқу орындарын, іргелі ғылыммен шұғылданатын меке-

мелерін ұйымдастыруға атсалысты. Ол 1928 – 1931 жылдары Қазақ педагогикалық институтының алғашқы ректоры, тарих кафедрасының менгерушісі болды. 1931 – 1933 жылдары Денсаулық сактау ісінің халық комиссары, «Денсаулық жолы» журналының бас редакторы, Алматы медицина институтының ректоры қызметтерін атқарды.

Өзі ашып, алғашқы кезде басқарған институтқа бүгінде оның есімі берілген. 1934 жылы агарту халқомының орынбасары – университеттер, ғылым және кітапхана басқармасының бастығы болып істеді. 1931 – 1933 жылдары Асфендияров КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы төрағасының орынбасары, 1934 – 1937 жылдары КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалы тарихи-археологиялық комиссиясының менгерушісі, Қазақ филиалы төрағасының орынбасары, Қазатком жанындағы ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты тарих бөлімінің менгерушісі, ҚазПИ тарих кафедрасының профессоры болды.

Ол қазақ, орыс тілдерінен басқа бірнеше шет (ағылшын, француз, араб) тілін білген. Оның қаламынан «Қазақстан тарихы ежелгі заманнан біздің заманымызға дейін», «Қазақстанның өткені дереккөздер мен материалдарда» секілді ірі еңбектер, қазақ тарихына, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты зерттеулер, әдеби шыгарма, қазақ ұлтының мәдениеті жөнінде макалалар туган.

Елімізде қайта құру саясаты өрістеген жылдары Қазақ КСР Министрлер Кенесі Санжар Жафарұлы Асфендияровтың есімін ұлықтауға бағытталған маңызды шешім қабылдады. Жазықсыз саяси репрессияға ұшыраған азаматымыздың мемлекеттік, ғылыми, қоғамдық қызметке, агарту және денсаулық саласына қосқан елеулі үлесін ескере келе, 1989 жылғы 11 қантарда Алматы мединститутының оның есімімен атау туралы қаулы етті. Одан басқа, қалада ғалымның атында көше бар, тұрган үйіне мемориал тақта қойылған. Тәуелсіздік азаматтары Асфендияров есімін құрмет тұтады.

30 шілде 2012 ж.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

*Ақын есімін саяси құрал етті • Магжантанашылар
біле ме екен? • Магжанның мұрагері кім? • Репрессия
құрбандары жөнінде*

1. Ақын есімін саяси құрал етті

«Жергілікті ғана мәнге» ие сондағы оқиға биыл «Жас алаштың» арнағы экспедициясының атақты алаш ақыны Мағжан Жұмабаев жатыр деген орынды, жалпы, ұлы тұлғаның әлдебір тың дерегін ізден Магаданға сапарға шығуына байланысты тағы еске түсірілді (Әшірбек Амангелді. «Мағжанды жазып жазықты болып едік...». «Жас алаш» газеті, 20.09.2011). Иә, тоталитаризм сіресіп тұрган 1983 жылы бізге тағылған саяси айыптардың бірінің мазмұны осы әйгілі есімге байланысты болған-тын.

Қайта құру саясаты орныға келе, репрессияланған «алашордашыл» ақынға көзқарас өзгерді. Алпыс жыл қамалған зерде зынданынан босап, есімі мен шығармашылығы өз халқына оралған аяулы сөз зергері Мағжан Жұмабаевтың туғанына жүз жыл толуын Қазақстан жұртшылығы кеңінен атап өтті. Ақын мерекесіне елдің бәрі шаттанды, тойдың бел ортасында – Мағжан талантын шын құрметтеушілермен қатар, есімін тұншықтыруды құні кешеге дейін жалғастырғандар да жүрді.

Не керек, ақынның аруағы ірілі-ұсақты идеологиялық тыңшылар мен сақшылардың баршасын жеңді. Әйтсе де әділеттің салтанат құруы оңай болмағаны баршага аян. Әрекеттерге де, кедергілерге де толы қөп белес өтті. Әшірбек еске салған комсомолдың жазалаушы бюросының әділетсіз

шешіміне орай, әділдік іздеген кезекті бір құжат туған еді. Ол – менің жоғарыға жолдаған хатым, сонымен танысайық:

«Генеральному секретарю ЦК КПСС тов. Андропову Ю.В.

Уважаемый Юрий Владимирович! 24/II 1983 г. бюро ЦК ЛКСМ Казахстана освободило меня от должности главного редактора научно-популярного журнала «Билим және енбек». Считая это решение необоснованным, я подал апелляцию в ЦК ВЛКСМ.

К Вам я обращаюсь в связи с серьезным обвинением политического характера, прозвучавшим в мой адрес на бюро ЦК ЛКСМ Казахстана.

В октябре 1982 г. журнал «Билим және енбек» опубликовал статью о религиозном явлении «баксылык», где приходилось народное стихотворение о мистической мощи Койлыбая-баксы. Оно кое-кем приписывалось Магжану Жумабаеву, и, в ЦК ЛКСМ Казахстана нас обвинили в том, что мы допустили пропаганду сочинения репрессированного поэта.

Встревоженные, мы стали изучать архивы. Выяснили, что, во-первых, стихи о Койлыбае-баксы в действительности принадлежат не Магжану, а народу. В свое время они были записаны известным этнографом А. Диваевым и опубликованы в сборнике «Тарту» в 1924 г., выпущенном Казахским комитетом по распространению знаний. М. Жумабаев был лишь составителем этого сборника. Во-вторых, М. Жумабаев посмертно реабилитирован. Об этом доложили первому секретарю ЦК ЛКСМ Казахстана, и на этом, казалось, вопрос был исчерпан.

Однако, 24 февраля т.г. на бюро ЦК ЛКСМК этот вопрос всплыл вновь и прозвучал в качестве одного из веских аргументов в доказательство «аполитичности» главного редактора. Это и вынуждает меня обратиться к Вам с просьбой разобраться по существу в этом деле, важном для истории и культуры казахского народа и поставить точки над всеми «і».

Из всех казахских писателей, творивших в первой четверти XX века, только М. Жумабаев включен в Малую Советскую Энциклопедию, вышедшую в 30-е годы, где он отмечен как «крупнейший современный казахский поэт-лирик». В своих рассказах о прошлом «По следам юности» («Сов. писатель», Москва, 1974 г.) высоко оценивает поэзию М. Жумабаева Сайфи Кудаш, народный поэт Башкирии.

Есть два периода в жизни М. Жумабаева: первый, когда он состоял в партии «Алаш», националистической организации, просуществовавшей с июля 1917 года по 1920 г., второй – на службе советской культуре. Если взвесить и сопоставить эти два периода его жизни, то вклад М. Жумабаева в казахскую советскую культуру неизмеримо весомее его ошибок.

М. Жумабаев первым перевел на казахский язык «Историю Коммунистической партии», книгу «Маркс и Ленин», произведения В.И. Ленина «Парижская коммуна», «Девятое января». Многое сделал он для просвещения казахов: был директором курса учителей в г. Омске, преподавал казахский язык, педагогику и историю, среди его учеников был видный писатель С. Муканов; он написал учебники для казахских школ, книги по педагогике, букварь для взрослых «Сауатты бол!» («Будь грамотным!»), выпущенный в г. Москве в 1929 г. и выдержавший несколько переизданий; им переведены в 1924 г. на казахский язык произведения М. Горького (опубликованы под общим названием «Песня о соколе»), Мамина-Сибиряка, В. Иванова и др. русских писателей. Если даже не принимать в расчет его поэтическое наследие, которое в период гражданской войны, принесшей поэту прозрение, по свидетельству старейших писателей, безупречно в идейном и, тем более, в художественных отношениях, – сделанного им достаточно, чтобы помнить и уважать имя Магжана Жумабаева.

Так в чем же дело? В 1929–37 гг. Жумабаев был дважды репрессирован. Осужденный в 1929 г. на 10 лет за свои ошиб-

ки более чем десятилетней давности (националистические взгляды в первые годы революции) и к тому же искупленные честным и плодотворным трудом, он в 1935 г. по ходатайству М. Горького был освобожден. Однако на воле его оставляют ненадолго. Вновь начинаются упреки и обвинения Жумабаева в старых грехах. Как «неблагонадежного», его выгоняют со всех работ, куда ему удавалось устроиться.

Травля, гонения, издевательства со стороны приверженцев вульгарного социологизма, наследников КазАППа и «Пролеткультовской» идеологии приводят к тому, что его в 1937 г. вновь арестовывают. С тех пор М. Жумабаев исчез навсегда. Таким образом, он дважды пострадал за ошибки молодости, ошибки, в которой в одинаковой степени были виноваты и он, и история.

В 1960 г. его реабилитировали. М. Жумабаева считают поэтическим мостом между Абаем и современной советской казахской поэзией. Тем не менее, творчество М. Жумабаева находится под фактическим запретом. А с высот сегодняшнего дня можно и надо заполнить пробел в истории казахской литературы, вернуть незаслуженно забытые имена и не дать повода кривотолкам, — к этим мыслям наталкивают положения о внимательном отношении к национальной культуре, высказанные Вами, Юрий Владимирович, в докладе «Шестьдесят лет СССР».

Писательская организация республики, где еще царят пережитки «Пролеткультовских» времен, не способна положительно решить судьбу творческого наследия М. Жумабаева. Мало того, определенный круг людей использует его фамилию, как показатель чуть ли не антипартийности, для своих корыстных целей. Я убежден, заявляю это со всей партийной ответственностью, что в случае со мной — приписав народные стихи М. Жумабаеву и ловко информировав соответствующие инстанции, — кое-кто отнюдь не борется за идеологическую чистоту публикаций, а, спекулируя этим понятием, старается по своему решать кадровые вопросы. В

данном случае «советчиками» первого секретаря ЦК ЛКСМ явились (...). Последние двое в разные годы смогли «разыграть» подобные игры не однажды и любовно взрастили (...), одного из нынешних «потенциально перспективных» журналистских кадров.

Я коснулся вопроса «щепетильного», труднодоказуемого. Но самое главное очевидно: люди, объединенные по нездоровым принципам, порою, уверенные в своей «непобедимости», проворачивают открыто необъективные «дела».

Прошу разобраться в сути, проявить заботу о том, чтобы творчество талантливого акына казахского народа не осталось за пределами казахской литературы. Ведь восстановление творчества М. Жумабаева вовсе не означает оправдания алаш-ордынского национализма, как кажется некоторым казахским литераторам. Пусть народ, молодежь получит его богатое творчество из рук партии.

Я прошу правильно истолковать мое письмо. Несмотря на то, что оно вызвано чрезвычайными обстоятельствами в моей судьбе, пишу все это, чувствуя историческую необходимость – вернуть в лоно казахской литературы творчество одного из талантливых сыновей.

Б. Койшибаев, член КПСС с 1972 г.

27 февраля 1983 г.»

(«СОКП ОК Бас хатшысы жол. Ю. В. Андроповқа.

Құрметті Юрий Владимирович! 24/II 1983 ж. Қазақстан ЛКЖО ОК бюросы мені «Білім және еңбек» ғылыми-көпшілік журналының бас редакторы қызметінен босатты. Бұл шешімді негізсіз деп санағандықтан, мен БЛКЖО ОК-не апелляция бердім.

Сізге мен Қазақстан ЛКЖО ОК бюросында менің адресімे айтылған саяси сипаттағы елеулі айыптауға байланысты хат жазып отырмын

1982 жылғы қазанда «Білім және еңбек» журналы «бақсылық» діни құбылысы жайында мақала жариялады. Сонда

Койлыбай бақсының мистикалық қуаты туралы өлең келтірілген еді. Әлдекім сол өлеңді Мағжан Жұмабаевқа теліген екен, сондықтан Қазақстан ЛКЖО ОК бізді репрессияланған ақынның шығармасын насиҳаттауға жол берді деп айыптады. Біз алаңдап, мұрағаттарды зерттеуге кірістік. Анықтағанымыз, біріншіден, Қойлыбай бақсы туралы өлең Мағжандікі емес, халықтікі екен. Кезінде оны белгілі этнограф Ә. Дишаев жазып алғыпты, сол өлең 1924 жылы білім тарату жөніндегі қазақ комитеті шығарған «Тарту» жинағына еніпті. М. Жұмабаев бұл жинақтың тек құрастыруышы болған. Осы жайында біз Қазақстан ЛКЖО ОК бірінші хатшысына баян еттік, мәселе сонымен тамамдалғандай көрінген.

Алайда, ағымдағы жылғы 24 ақпанда ҚЛКЖО ОК бюросында осы мәселе қайта шыға келді де, бас редактордың «бейсаясилығына» бұлтартпас дәлел ретінде айтывалды. Бұл жәйт мені Сізге қазақ халқының тарихы мен мәдениеті үшін маңызды осынау істін шынына жету жайында өтініш айтуда мәжбүрлеп отыр.

ХХ ғасырдың алғашкы ширегіндегі қазақ жазушылары ішінен тек М. Жұмабаев қана 30-шы жылдары шыққан Кіші Совет Энциклопедиясына енген, онда ол «қазіргі заманғы аса ірі қазақ лирик ақыны» деп аталған. Башқұртстанның халық ақыны Сайфи Құдаш өткен шақ жайындағы әңгімелерінде («По следам юности». «Сов. писатель», Москва, 1974 ж.) М. Жұмабаевтың поэзиясын жоғары бағалайды.

М. Жұмабаевтың ғұмырында екі кезең бар: біріншісі – «Алаш» партиясында, 1917 жылдан 1920 жылға дейін жұмыс істеген ұлтшыл ұйымда болған кезі, екіншісі – совет мәдениетіне қызмет еткен шағы. Егер оның өмірінің осы екі кезеңін салмактап және салыстырып көрсе, М. Жұмабаевтың қазақ совет мәдениетіне қоскан үлесі қателіктерін өлшеуге келмейтін артықшылықпен басып кетер еді.

М. Жұмабаев «Коммунистік партия тарихын», «Маркс және Ленин» кітабын, В.И. Лениннің «Париж коммунасы», «Тоғызыншы қантар» шығармаларын қазақ тіліне бірінші

былып аударды. Ол қазактарды ағарту ісіне көп жұмыс жасады: Омбы қаласындағы мұғалімдер курсының директоры болды, қазақ тілін, педагогика мен тарихты оқытты, оның шәкірттері қатарында көрнекті жазушы С. Мұқанов бар; ол қазақ мектептері үшін оқулықтар, педагогика жөнінен кітаптар, ересектер үшін «Саятты бол!» оқулығын жазды, бұл Москва қаласында жарық көріп, бірнеше рет қайта басылды; ол 1924 жылы қазақ тіліне М. Горькийдің («Сұнқар туралы жыр» деген жалпы атаумен жарияланған), Мамин-Сибиряктің, В. Ивановтың, басқа да орыс жазушыларының шығармаларын аударды.

Егер, тіпті, оның, байыргы жазушылардың айтуынша, ақынға түсінушілік әкелген азamat соғысы кезеңіндегі идеялық және, әлбетте, көркемдік тұрғыларда мінсіздікке жеткен поэзиялық мұраларын есепке алмаған күннің өзінде, басқа да атқарғандары Магжан Жұмабаев есімін есте ұстап, құрметтеуге жетіп жатыр.

Онда мәселе неде? 1929–37 жж. Жұмабаев екі рет репрессияланды. Он жыл ілгерідегі қателіктері (революцияның алғашқы жылдарындағы ұлтшылдық қозқарасы) үшін 1929 ж. 10 жылға сотталып, 1935 ж. М. Горькийдің сұрауымен босатылды. Алайда оны еркіндікте ұзак қалдырмайды. Жұмабаевты ескі күнелары үшін айыптау қайта басталады. Оны «сенімсіз» деп, орналаса алған жұмысының бәрінен қуады. Тұрпайы социология жағындағылардың, ҚазАПП пен «Пролеткульт» идеологиясы мұрагерлерінің тарапынан жасалған қудалаулар салдарынан оны 1937 жылы қайта тұтқындайды. Содан бері М. Жұмабаев мәңгіге жогалды. Осылай, жастық шақтағы қатесі үшін, өзі де, тарих та бірдей кінәлі қатесі үшін ол екі рет зардап шекті.

1960 ж. оны актады. М. Жұмабаевты Абай мен қазіргі қазақ совет поэзиясы арасындағы көпір деп санайды. Соған қарамастан, М. Жұмабаев шығармашылығына іс жүзінде тыйым салынған. Ал бүгінгі күн биігінен қазақ әдебиеті тарихындағы бостықты толтыруға, жазықсыз ұмыттырылған

есімдерді қайтаруға әбден болар еді. Бұл ойларға, Юрий Владимирович, Сіздің «КСРО-ға алпыс жыл» баяндаманызда айтқан үлт мәдениетіне ықтияртылықпен қарау жөніндегі қағидаңыз итермелеп отыр.

«Пролеткульт» заманының қалдықтарынан әлі де арыла қоймаған республика жазушылар үйімі М. Жұмабаевтың шығармашылық мұрасының тағдырын оң шешуге қабілетсіз. Ол аздай, адамдардың белгілі бір тобы оның есімін антипартиялықтың көрсеткіші ретінде өз жымысқы мақсаттарына пайдаланады.

Менің жағдайымда, халық өлеңін М. Жұмабаевқа тану арқылы, әлдекімдер идеологиялық тазалық үшін қуресіп жүр деуге келмейді, керісінше, осы үғымды саудаға салу арқылы кадр мәселесін өздерінше шешуге тырысады. Сондайлардың біразы (...) ҚЛКЖО бірінші хатшысының «кенесшісі» бола қалды. Кейінгі екеуі әр жылда осындай «ойынды» сәтімен жүргізіп, қазіргі «келешегі зор» журналистік кадрдың бірін (...) баулып шығарды.

Мен дәлелдеуі киын «кінәмшіл» мәселені козғап қалдым. Бірақ ең бағтысы айқын: өздерінің «женілмейтініне» сенімді адамдар әділесіз істерді ашық жасап жүр.

Мәселенің мәніне жетуді, талантты қазақ ақынының шығармашылығы қазақ әдебиеті шегінен тыс қалмауына қамқорлық көрсетуді өтінемін. М. Жұмабаевтың шығармашылығын қалпына келтіру алашорда үлтшылдығын актау деген сөз емес кой. Халық, жастар оның бай шығармашылығын партияның қолынан алсынышы.

Менің хатымды дұрыс түсінуінізді өтінемін. Бұл менің тағдырымдағы төтенше жағдайға байланысты туғанмен, осының бәрін қазақ әдебиеті айдынына талантты үлдарының бірінің мұрасын қайтару жөніндегі тарихи қажеттілікті сезінгендіктен жазып отырмын.

Б. Қойшыбаев, 1972 жылдан СОКП мүшесі.

(27 ақпан 1983 ж.)

Хаттың көшірмесін республика партия ұйымының бас идеологына таныстырғанымда, ол менің «бұл шағымыммен өзімнің жағдайымды одан сайын ауырлатып тұрғанымды» айтты...

Біраз уақыттан кейін маған әдебиет институтында істейтін ақын Бүркіт Ысқақов ағамыз кездесіп, өзін қуанткан жаңалық хабарымен бөлісті. «Бір жамандықтың бір жақсылығы болады екен, – деді ол сыйырлап қана, – сенің сокқыға ұшыраганыңың қайтарымы емес пе: институтқа жоғарғы жақтан Мағжан шығармаларын жинау туралы тапсырма беріліпті...»

Ағамыз аңғалдықпен қуанып тұрған еді, тапсырма берілсе – Мағжанды жарыққа шығару үшін емес, ыңгайы, менің Бас хатшыға жазған, мәтіні жоғарыда келтірілген хатыма байланысты, Мәскеуге «идеялых тұрғыда ұстамды» жауап әзірлеудің қамы болуға керек.

Мағжан жабық күйі қала берді. Содан жағдай тек демократияның «алтын күрегі» ескенде ғана өзгерді...

25 қыркүйек 2011 ж.

2. Магжантануышылар біле ме екен?

Мағжан Жұмабаев рухани өмірімізге оралғалы бергі түрлі жарияланымдар мен ірілі-ұсақты жиындарда оны Брюсовтың «киргизский Пушкин» деп атағаны жайында айтылып жүр. Бірақ мұндай анықтаманы қашан және қандай жағдайда жасағаны, нендей жазба деректің мұны куәландыра алатыны жөнінде ешкім нақты сілтеме бере қойған жоқ.

Мендеңі құжат (көшірме) осы мәселеге шамалы айқындық әкелетін тәрізді. Бұл – Мәскеуде қызмет істейтін Н.М. Попов-Тагива деген кісінің Владимир Максимович дейтін лауазымды адамға 1923 жылғы 13 қазанда жазған хаты мен оған әлгі лауазым иесінің қойған бұрыштамасы. Хатта Попов-Тагива Жұмабаевты «киргизский Пушкин» – «қазақ Пушкині» деп атайды. Оның Брюсов институты-

на оқуға келгенін, оған Түркістан Республикасының тиісті мекемесі тараپынан арнайы тапсырма барын айтады. Лауда-зымды адам Брюсовқа бұрыштамасында Жұмабаевты Әдеби-көркем институттың тындаушысы етіп орналастырған жөн екенін жазады. Құжаттың орысша түпнұсқасы (мәтіні) мынау:

Копия

Многоуважаемый Владимир Максимович

Направляю к Вам тов. Жумабаева – киргизского Пушкина – приехавшего сюда заниматься в литературно-художественном институте под руководством Брюсова. В товарище Жумабаеве заинтересован Туркестанский ГУС.

Кроме того Турк. ГУС поручил тов. Жумабаеву переводы текстов киргизской, узбекской и туркменской народной литературы, собранных и переведенных Турк. ГУС-ом.

С приветом Попов-Тагива.

13.X.1923 г.

Хатқа жазылған бұрыштама (резолюция):

Валерий Яковлевич.

Н.М. Тагива-Попов, письмо которого я пересылаю Вам, б. член Восточн. секции Каф. Исследоват. института языка и литературы.

Очевидно, следует устроить Жумабаева слушателем Лит. Худ. института.

Қойылған қол түсініксіз, оқылмады.

Міне осы хатқа қарағанда, Мағжанды қазақтың Пушкині деп бағалау Валерий Яковлевич Брюсовтен бұрынырақ басталған тәрізді. Нәкты шындық қандай? Бұған мағжантануышылар не дейді?

Попов-Тагива кім? Мағжанды қайдан, қаншалықты білген?

Владимир Максимович ше? Қандай қызметтегі адам? Фамилиясы?

Туркестанский ГУС – нетken мекеме? Оның архивы қайда? Бұрыштамаға қарағанда, Н.М. Тагива-Попов Тіл және әдебиет институты зерттеу кафедрасының Шығыс секциясының бұрынғы мүшесі, ол қай жердегі институт?

Бәлкім, Брюсов институтының архивынан хаттың тұпнұсқасын табуға болар? Әлде осынау құжат ғалымдарға бұрыннан мәлім бе?

Көшірме менің қолыма 1982 жылдың сонында тиген-ді. Ақын Хамза Абдуллин оның Магжанның артында қалған қағаздар ішінде сақталғанын айтады...

Осы бір хат орайында талай қызық дерек бой көрсетер бәлкім?

16 мамыр 1995 ж.

3. Магжанның мұрагері кім?

Магжан есімін біз алғаш рет Шәмші Қалдаяқовтың атақты «Бәрінен де сен сұлу» әніне байланысты, жасөспірім шағымызда естіген едік. Сыбырлап қана айтылатын сол хабарлар «халық жауы болып ұсталып кеткен Магжан деген ақынның өлеңін Шәмшінің әніне сөз жазған кісі пайдаланып кетіптіміс» деп келетін. (Кейін, мәтіндерді салыстырып оқитын заман туганда, мұның жаңсақ пікір екені де, екі өлеңдегі кейбір ұқсастықтардың шын себебі де белгілі болдығой). Содан көп жылдар өткен соң оның аты белгілі бір дәрежеде менің тағдырыма әсер еткен елеулі бір оқиға орын алды.

Ол кезде мен жастардың «Білім және еңбек» дейтін гылыми-көпшілік журналында істейтін едім. Күндерде бір күн біз бір тамаша жас авторымыздың, бүгінгі тандағы белгілі ғалым, ұстаз Самат Өтениязовтың өзіндік әдемі ой қорытқан зерттеу мақаласын жарияладық. Бақсылық жайында еді. Тарихи-этнографиялық сипатта орындалған сол жұмыс ішінде бақсылардың халық арасындағы қадірін көрсететін олең бар-тын. Авторы көрсетілмеген. Алайда тырнақ астынан кір

іздеп отыратын біздің кейбір қырағы «жанашырларымыз» соны «халық жауы Мағжан Жұмабаевтікі» деп, тиісті орындарды құлақтандыра қойыпты. Содан біздің сергелденіміз басталды.

Әлекең – Әлкей Марғұлан ақсақал, мақаланы құптап, журналға басуға ұсынған атақты ғалым – бізге «Қойлыбай бақсы туралы жырдың» авторы Мағжан емес, халық деген кесімін айтты, Әбубекір Диваевты карауға кеңес берді. Көне басылымдарды оқудың шебері Рысбек Сарғожин деген ақсақал екеуіміздің кітап палатасына барып, «Тартудың» 1923 жылды шыққан алғашқы басылымын толқи парактағанымыз әлі есімде. Жинақты құрастырып, Диваев жайында кіріспе мақала берген – Мағжан болып шықты. Ал жыр – халықтікі.

Оның үстіне, біздің қолымызға Жұмабаевтың 1960 жылы ақталғандығы туралы анықтама түсті. «Мағжан ешқандай да халық жауы емес!» – деп шаттандық біз. (Алайда ол жолы бұл шындықты дәлелдеу мүмкін болмаган-ды). Самат екеуіміз сол құжатты ақын Хамза Абдуллиннің қолынан алған едік. Ол тек мағжанышыл әдебиетші ғана емес, Мағжанның өмір жолын жақсы билетін туыстарының бірі болып шықты. Жазықсыз жапа шеккен ұлы ақын жайындағы алғашқы біршама толық мағлұматты мен сол кісіден естіген едім.

Қайта құру жылдары биліктің кеңшілігімен Мағжанның екінші өмірі басталды. Тиісінше, жазықсыз қудаланған ақынның ет-жақындары да еңселерін көтерді. Міне, сол арада кейбір еті тірі пысықтар ақынға «лейтенант Шмидттің балалары» секілденіп жақындаскандай секілденеді. Мұндай күдікке – «Егемен Қазакстан» газетінде жарияланған ақын шежіресі түрткі болып отыр («Асқар таулар аласармасын», 1995 жыл, 28 маусым).

Мағжан үрім-бұтағының еліміздің басты газетінде басылып шыққан кестесіне караганда, біз әуестеніп тұрган ұрпақ: Жұмабай – Бекен – Мағжан – Граждан, Сайдалы, Ұлжан деп таралады екен, яғни Жұмабаев Мағжан Бекенұлынан Граждан, Сайдалы, Ұлжан атты үш ұл-қызы қалған болып

шығады. Бұл жақсы, қуанышты дерек қой! Тек, әрине, шын болса...

Мағжанның алғашқы жары Зейнептен Граждан деген ер бала 1919 жылы туған. Зейнеп перзентін дүниеге әкеліп үзілді. Көп ұзамай, анасыз қалған сәби де шетінеді. Мағжан кейіннен Зылихага үйленген, бірақ одан бала сүймеді. Бізге мәлім жазба деректер де, кезінде сол отбасын жақсы білген Хамза Абдуллин де осылай деген-ді. Мұны осы күндері Жұмабай – Бекен әuletінен тірі жүрген Райхан Қалижанқызы да растайды. Ол – Мағжанның көзі көрген қарындасы, інісінің кызы (Қалижан Бекенұлы – Мағжанның туған інісі).

Райхан Қалижанқызы қайта күру саясаты арайында шаңырақ көтерген «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының мүшесі ретінде, арамызға қайта оралған әйгілі ақын ағасының атымен аталатын қоғамдық кор ашуды армандал жүргелі көп болды. Ондай кор халқымыздың пәлен буыны білмей өскен, мұрасы жартығасыр қамауда жатқан Мағжан шығармашылығын насихаттаумен шұғылданатын болар еді деп есептейді. Бұл арманы жүзеге асу үшін Мағжанның жарық көріп жатқан туындыларынан түсетін табыс қорды қаржыландыру көзі болғаны жөн болар еді деген ойда.

Алайда... Кілтипан осы жерде болып шықты. Мағжаның занды мұрагері – оның жоғарыда аталған кестедегі «балаларының» бірі Ұлжан Мағжанқызы Жұмабаева екен. Авторлық құқықты қорғау саласы бойынша түсіп жатқан қаржының қызығын осынау «туған қызы» көріп жүргенге ұқсайды.

Ұлжан Мағжанқызы Жұмабаева 1957 жылы туылыпты, ал оның 1893 жылы туған «әкесі» Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1938 жылы 45 жасында, Ұлжан дүниеге келерден 19 жыл бұрын атылып кеткен. Ал Ұлжаның 1890 жылдар шамасында туған «шешесі» Зылиха жүз жылға тарта өмір сүріп, 1990 жылдың басында қайтыс болды. Ұлжан жарық дүние есігін ашқанда – Зылиха апай 67 жаста. Сонда... Бұл не деген керемет?!

Райхан Қалижанқызының қолында біраз құжат бар көрінеді. Соларға қараганда, «лейтенант Шмидтке бала болудың» кейбір кезеңдері мынандай екен: Солтүстік Қазақстандағы Булаев аудандық ЗАГС бюросында сактаулы бала туу жайындағы алғашқы жазбада 1957 жылы Әлима Гапизқызы Мұсілімова деген сәбидің аты-жөні тіркелген.

Булаев аудандық сотының 1993 жылғы 17 қарашадағы шешімімен бұл есім Ұлпан Ғабдушқызы Мұсілімова деп өзгерілген. Ал 1997 жылы осы жазбадағы азаматшаның аты-жөні енді Жұмабаева Ұлпан Мағжанқызы деп қайта жазылыпты. Бұған негіз болған құжат – 1997 жылғы 21 сәуірде Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының Алатау сот учаскесі шығарған шешім екен.

Не керек, Ұлжанның Мағжанга қыз болуы осындай сатылармен әбден-ақ зандастырылған. Кәдімгі құқықтық соттың шешімімен!

Қайран халық дана ғой, бұдан кейін қалай сенбессің: заң дегеніңіз шынымен де құдды арбаның тертесі тәрізді екен ғой! Тертені қайда бұрсан – арба солай қарай жүре береді... Ал бұратын күш соттың өзі болса, занға не жорық... .

Дегенмен, заң да, сот та әділеттілікке, парасаттылыққа мойынсұнса керек, біздің зангерлер бұл түйіннің әділ шешімін түптің түбінде табарына сенгіміз келеді.

Мағжанның нағыз мұрагері бүгінгі жас үрпак болып табылады. Осы орайда Райхан Қалижанқызының арманына колдау көрсету керек-ақ.

Мағжан атындағы қоғамдық қор ақынның тамаша поэзиясын жастар арасында насиҳаттауда, әрине, пәрменді жұмыс жүргізе алады. Қордың демеуімен Алматы хауыздарының бірінің жиегіне Мағжанның қола мұсіні жайгасса – оның айналасынан тәуелсіздік жастарының, поэзия сүйер қыз-жігіттің үзілмесі кәміл.

Сонда жастарға сенген ақынның өршіл рухы да тыншыр еді...

4. Репрессия құрбандары жөнінде

Соңғы кездері баспасөз беттерінде жұртшылыкты елең еткізген бірер хабар болды. «Жас алаш» газеті көтерген мәселеге байланысты, Мағжан Жұмабаевтың сүйегін іздеғен арнайы экспедиция Магаданға барып қайтты. (Біреулер сол өнірден өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Сәкен Сейфуллинді де таппақ болған-тын). Халықтық кино саласының белгілі маманы Еркін Рақышев Мәскеуден әйгілі қайраткерлеріміз Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төрекұловтың атылғаннан кейін жерленген орнын тапқанын айтып жүр. Осыларға байланысты, Қазақстанның «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы өзі шаңырақ көтергелі шұғылданып келе жатқан кей жәйттерге жұртшылық назарын тагы бір аударуды қажет деп тапты.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамын құру жөніндегі бастама қайта құру жылдары Мәскеудегі «Мемориал» қозғалысы үлгісімен дүниеге келген болатын. 1988 жылы дайындық комитетті құрылды. Комитет жұмысы барысында бастамашылар тоталитарлық биліктің өз халқына карсы жасаған қылмыстарын әшкере етуді, ашаршылықтың, саяси қуғын-сүргіннің шындықтарын ашуды мақсат еткен ортақ мұратқа тоқайласты. Содан, 1989 жылғы көктемде, республикалық ерікті қоғам дербес шаңырақ көтерді.

Көп кешікпей, «Әділеттің» орынды талантарына байланысты, КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті «үлкен террор» жылдары атылған қазақстандықтардың алғашқы тізімін берді (назар аударыңыздар: тізімнің бірінші данасы «Әділетке», екінші данасы Қазак республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жіберілді! Бұл – демократиялық жаңа жағдай өмірге әкелген «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының беделі өсіп, әміршіл жүйені мойындақанының нақты көрінісі болатын). Ұзамай «Әділет» пен республикалық МҚҚ арасында жақсы байланыс орнады.

МҚК қызметкерлері Алматыда НКВД подвалында атылған азаматтардың қайда жерленгенін анықтауға көмектесті, тіпті үкімді орындаған жендердегердің бірін тауып, «әділетшілердің» онымен кездесуін мүмкін етті; «Әділет» тарихи-агарту қоғамы көтерген «Азалы кітап» тізбегін шығару идеясын қолдап, атылғандардың толық тізімі мен деректерін табуға жәрдемдесті. Бұларға қоса, жаппай қуғын-сүргін жылдары құллі Қазақстан бойынша түрлі мерзімге сотталғандардың аты-жөндері мен өмірбаяндық деректері жазылған көп томдық іс-қағаздарды ресми де салтанатты түрде «Әділетке» табыс етті...

Жарты ғасырдан астам құпия болып келген «Жаңалық» ауылы маңындағы қорым табылғаннан кейін, «Әділеттің» өтініші нәтижесінде, ҚР Президенті Алматы облысының басшылығына саяси қуғын-сүргін құрбандары жатқан орынға мемориалды ескерткіш орнату жөнінде тапсырма берді...

Бүгінде «Әділет» Алматы облысы әкімдігінің көмегіне сүйеніп, «Жаңалық» ескерткіші тұрғызылған аумақты мемориалдық кешенге айналдыру ісімен шұғылдануда. Жаңалықта жерленген 4 мыңнан астам атылғандардың деректері бар «Азалы кітап: Жаңалық зираты» кітабының қолжазбасы баспаханага тапсырылды. Ескерткіш жанына құрбандар тізімі қашалып жазылатын естелік қабырға орнату жобасы жасалды. Болашақта мұнда саябақ, мұражай, кіші архитектуралық мұсін-ескерткіштер орын табеді...

Мағжан Жұмабаев халқымыздың өзге де ардақты ұлдарымен (мемлекет және қоғам қайраткерлерімен, ақын-жазушыларымен, өнерпаздарымен) бірге осында жатыр. 1938 жылғы 19 наурызда атылған...

Ол алғаш рет 1929 жылы қамалып, 1931 жылы он жылға кесілген-ді. Сталиндік лагерьден 1936 жылғы жазда босап, Петропавлға барады. Сонда қысқа мерзімдік курста да-бындықтан өтеді де, мектеп мұғалімі қызметіне орналасады. Одан Сәбит Мұқановтың шақыруымен Алматыға келеді.

Бірақ «халық жауын» іздеу науқаны басталып кеткен астанада күйі болмайды. 1937 жылдың соңына қарай қайтадан тұтқындалады.

Абақтыда толтырылған тұтқын анкетасы мәліметтеріне қарғанда, Мағжан сол кезде Алматының Лесная көшесіндегі 89-шы үйде тұрган. Өлеуметтік жағдайын «мал бағушы орташа шаруалардан» деп, өз қызметі жайындағы сұраққа: «белгілі-бір жұмысы жоқ», мамандығы жөнінде: «жазушы және медфельдшер» деп жауап берген. Үй мүліктерінен басқа ештеңесі жоқ екенін, 1917 жылға дейін окуда болғанын, әке-шешесінің табысымен күн көргенін айттыпты. Білімі жоғары, 1925 жылы Мәскеудегі әдеби-көркем институтты бітірген. Саяси жолы жайында: «1917 жылдан 1923 жылға дейін «Алаш» партиясында болдым» деген. Істі болған: «1929 жылы ОГПУ Алқасы Қылмыстық кодекстің 58-ші бабының 10–11 тармақтары бойынша 10 жылға кесті».

Алғашқы қамалғанында сот үкімінің шығуы бір жарым жылдай күттірген болса, бұл жолы НКВД және КСРО Прокурорының Комиссиясы «Солтүстік Қазақстан облысы. Бейнетқор ауданында 1893 жылы туған» ақынды (оның ісін қайта қарауды 1960 жылы қолға алған Түркістан әскери округінің құзырлы орнына жіберілген) «өте қупия анықтамаға» қарғанда – ұсталғанына бір жарым айға жетер-жетпесте – 1938 жылғы 11 акпанда согтап үлгерді (хаттама № 377). Үкімді орындау туралы актіден жасалған көшірмеде: «КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 1938 жылғы 11 акпандағы, хаттама № 377, Жұмабаев Мағжан Бекенұлын ату жайындағы шешімі жүзеге асырылды. 19 наурыз 1938 ж.» деп көрсетілген.

«Әділет» – халықаралық «Мемориал» қоғамының ұжымдық мүшелерінің бірі, өзекті мәселелерді бірге талқыладап, өзара мәліметтер алмасып тұрады. «Мемориалдың» деректер базасында Мағжан туралы КР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаменті берген екі анықтамалық мәлімет бар.

Бірінде оны «ҚазКСР НКВД-сы (Ішкі істер халық комиссариаты) 1937 жылғы 29 қарашада», екіншісінде ҚКСР ПХК Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының 3-ші бөлімі 1937 жылғы 27 желтоқсанда» тұтқындаған деп көрсеткен.

Екеуінде де НКВД және КСРО Прокурорының Комиссиясы оны РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-6, 58-11 баптарымен айыптаپ, 1938 жылғы 11 ақпанда үкім шығарғаны, ату жазасына кесілгені айттылған. Алғашқы мәліметте «қылмыс құрамы болмағандықтан, ҚазКСР Жоғарғы соты 1988 жылғы 4 қарашада», екіншісінде – «қылмыс оқиғасы жоқ болғандықтан, Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналы 1960 жылғы 8 шілдеде» актаған деп жазылған.

Бұдан шығатын корытынды – Мағжанды 40-шы–50-ші жылдары Қыыр Шығыстың әр қырынан көрдік деген (был «Жас алаш» бетінде көтерілген, ертеректе Бауыржан Момышұлы айтқан) әңгімелердің бәрі шындыққа жана спайды. Бұл мұндай мәліметтерді айтушылардың ақ ниетіне шұбә келтіру емес, оларды ешқандай да кінәламаймыз.

(Біз саяси репрессияларға ұшыраған жұз жиырма мыңнан астам адамның бір ширегі атылғанын тәуелсіздік жылдары ғана білдік, ал кеңестік заманда олар ату жазасына кесілді деген хабар айттылмайтын. 1938 жылғы ерте коктемде 19 кайраткердің атылғаны жайында ғана жалғыз ресми мәлімде жасалған болатын. Талайлар түрмеге тұтқын атылып кеткеннен кейін де киім-кешек, ас-су апарып жүрген, олардың сәлем-саухаттарын түрме әкімшілігі алғашқы кезде қабылдай берген, қабылдауды кейінрек, «пәленше хат жазысу құқынан айрылып, басқа жаққа жіберілді» деген желеумен ғана дотарған).

Саяси қуғын-сүргін мәселесімен көптен шұғылданып жүрген белгілі демограф Макаш Тэтімовтың пайымына қарғанда, репрессияға ұшырап жазасын өтеп жүргендердің арасында, жазықсыз жапа шегу ашындырғандықтан шығар, бейтаныс адамдарға өздерін «Мағжанмын», сондай-ақ «Сәкенмін» деп таныстырғандар кездескен. Олар бертінге дейін

тірі болған екен делінетін түрлі қысынсыз дақпырттың сондайдан тарағаны сөзсіз...

Қазақ қайраткерлерінің бірқатары Мәскеуде атылғаны мәлім. Бүгінде Мәскеу түрмелерінде құрбан болғандардың беті жабылған бес қорым анықталып, реєсми мұрагаттық құжаттармен расталған. 1926–1935 жылдары Мәскеуде атылғандар (олардың қатарында – 1930 жылғы 21 сәуірде құрбандыққа шалынған Жүсіпбек Аймауитов, Дінмұхамед Әділов, Әбдірахман Байділдин, Ахметсафа Юсупов бар) Ваганьково зиратына жерленген. Астана түрмелерінде 1934 жылдан 50-ші жылдарға дейін атылғандар Мәскеу (Дон) крематорийінде өртелген. «Мемориал» кремацияланған құрбандардың күлі крематорийдің жанындағы зиратқа жерленген болуы мүмкін деп есептейді, бірақ бұл жорамалға әзірле құжаттық айғақ табыла койған жоқ. 1936–1937 жылдары Мәскеу түбіндегі екі арнайы аумақта жаппай ату және жерлеу жұмыстары жүргізілген: Бірі – Бутово поселкесі (Бутово полигонында 25–26 мың атылған жан тыншулы), екіншісі – бұрынғы НКВД-нің қосалқы шаруашылығы болған «Коммунарка» кеңшары (мұнда жатқандардың саны – 10–14 мың).

1994 жылы Ваганьково зиратындағы қорымға, 1991, 1994 жылдары Мәскеу (Дон) крематорийінің зиратындағы құрбандар жаппай жерленген бейіттерге, 1993 жылы Бутово қорымы аумағына естелік белгілер койылған. Бутовода, сондай-ақ, естелік айқыш (крест) тұрғызылып, шіркеу салынған. Ал «Коммунарка» «зонасына» кірер қақпаның жанына 1999 жылы мемориалды тақта орнатылды. Кеңшар аумағындағы «наркомның дачасы» деп аталатын арнайы объект көпке дейін қауіпсіздік қызметінің қарамағында, тиісінше, көпшілік үшін жабық болып келді.

«Мемориал»ғылыми-зерттеу және ағарту орталығы мұрагатында мынандай анықтама бар: «Рыскұлов Тұрар Рыскұлұлы 14.12.1894 Алматы (Жамбыл) облысында туган; казақ; білімі жоғары; 09.1917 жылдан БК(б)П мүшесі. РСФСР Халкомкеңесі тәрағасының орынбасары. Мәскеуде

тұрған. 1937 жылғы 21 мамырда тұтқындалған. 1938 жылғы 8 ақпанда КСРО ЖС ӘК (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы сотының Әскери алқасы – *Б.Қ.*) соттаған. Үкім: ВМН (высшая мера наказания – жазаның жоғарғы шарасы – *Б.Қ.*). 1938 жылғы 10 ақпанда атылды. Жерленген орны – Мәскеу, «Коммунаркаға» жерленген. 1956 жылғы 8 желтоқсанда КСРО ЖС ӘК ақтаған».

Осы дерекке орай, «Әділет» қоғамынан 1995 жылы «Коммунаркаға» репрессия құрбандарының үрпактары Сәуле Тұрарқызы Рысқұлова мен Сәуле Рахымқызы Айтмамбетова (Сүгірова) да барған еді, бірақ, бұл арнайы объект ол уақытта көпшілік үшін жабық болғандықтан, кіре алмай, жаңындағы Бутовода саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған ескерткішке тағзым етіп оралумен шектелген болатын. «Коммунаркадағы» «ату полигонының» аумағы тек 1999 жылғы қоқтемде ғана орыс православие шіркеуінің қарамағына берілді. Қаза тапқандардың үрпактары ол жерге содан кейін ғана тұнғыш рет аяқ баса алды.

Сол «Коммунаркаға» кинорежиссер Еркін Рақышев секілді арнайы рұқсат алғып барғандар ұзын бір қабатты үйді – бұрынғы нарком Ягоданың дачасын көреді. Кейбір деректерге қарағанда, бұл оның құпия қызмет басшылағымен мәжілістер өткізетін қала сыртындағы резиденциясы болған. Ал ол қамалғаннан кейін, оның ізбасары Ежовтың тұсында (жана наркомның жұмыс дәпптерінде Сталиннің нұсқауын: «Ягоданың дачасы – чекистерге» деп қысқаша тұжырымдаған жазба сақталған), ғимарат чекистердің «үлкен террор» кезіндегі міндеттерін атқаруына қызмет етіпти: адамдарды атар алдында, орман ішінен ор қазылып болғанға дейін, осында қамай тұрған болса керек...

Бутово полигонына әкелінгендер, әуелі, санитарлық өңдеуден өткізу желеуімен, баракқа қамалған. Оларға атар алдында үкім хабарланған, анкеталық деректері мен фотосуретін салыстырып тексерген. Сосын әрбір жендең құрбандығын барактан жеке-жеке алғып шығатын да, ордың жиегі-

не айдап аппаратын. Одан желкесінен атып, өлікті траншеяга құлататын.

Бұрынғы Батыс Алаш-Орда тәрағасы Жаһаншаһ Дос-мұхамедов осындай жағдайда опат болды. Бутово полигонының ату тізімінде ол жайында мынандай анықтама берілген: «Дос-Мухамедов Джаганша. 1887 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпіты ауданы, № 3 ауылда туған; қазақ; білімі жоғары юристік; партияда жоқ; зейнеткер, бұрынғы Бүкілrossиялық мұсылман комитеті тәрағасының орынбасары, революцияға дейін – Том округтік соты прокурорының жолдасы (орынбасары – *B.K.*).»

Тұрған жері: Москва, Хавско-Шаболовский шолақ көшесі, 11-ші үй, 265-ші пәтер.

1938 жылғы 1 маусымда тұтқындалған.

1938 жылғы 16 шілдеде НКВД-нің Москва облысы басқармасы жанындағы үштік соттаған, қазақ контрреволюциялық ұлтшыл ұйымының лидерлерінің бірі және «халық жауларымен» тығыз байланыста болғандығы үшін айыпталды.

1938 жылғы 3 тамызда атылған.

Жерленген орны – Москва облысы, Бутово.

1957 жылғы 2 желтоқсанда акталды».

1937 жылғы 27 қыркүйекте оққа ұшқан Әлихан Бекейханов пен Нығмет Нұрмаков Мәскеудің Дон зиратында жатыр. Ал 1937 жылғы 9 қарашада ату жазасына кесілген Нәзір Төрекұлов пен атуға 1938 жылғы 8 акпандан үкім шыққан Сұлтанбек Қожановтың аты-жөндерін жоғарыда аталған зираттардың осы уақытқа дейін анықталған атылғандар тізімінен кезіктіре алмадық. Егер Еркін Рақышев өзінің деректі киносын түсіру барысында олардың да «Коммунаркада» жатқанын дәлелдесе, тек ризашылығымызды білдіреміз.

Ішкі істер халкоматының Мәскеу облысы бойынша басқармасын 1934 жылдан 1938 жылдың 20 қаңтарына дейін баскарып, құрбандықтар «атып өлтірілсін» деген бүйрыққа қол қойып отырган 1-ші рангілі мемлекеттік қауіпсіздік комиссары С.Ф. Реденс Қазақстанға Ішкі істер халкомы болып

келісімен, жазалау машинасы жұмысқа айрықша екпінмен кірісті. Айналдырған екі-үш айдың ішінде қазақ елі қоғамының құллі қаймағы сыйырып алынды...

Алматыда да, Мәскеуде де қазақ азаматтарына «контрреволюциялық ұйым мүшелері, жапон-неміс барлауының агенттері», «Қазақстанды кенестік Ресейден бөліп әкетіп, жапонның протектораты етуге тырысқан» деген сықылдықисынсыз айыптар тағылғаны белгілі. Дөрекі тергеу амалдарын қолдану арқылы олардың «қылмыстарын» «мойындауға» мәжбүр еткені де мәлім. Бірақ репрессияланғандардың істері күні бүгінге дейін зерттеушілер үшін жабық болғандықтан, абсурдты айып қалайша бәрін бірдей бір тұзаққа түсіргенін байыппен сараптау мүмкін болмай түр.

Большевизм төңкеріс жасап өкімет басына келгенде, оның билікті ұзақ уақыт ұстап қаларына ешбір саяси ұйым сенбegen еді. Сол ретте қазақ қайраткерлері де, совет үкіметі толық мойындалмай тұрған шақта, дамудың өзге де балама мүмкіндіктерін қарастырды.

Мәселен, Шығыстан Әлихан Бекейханов, Батыстан Үэлитхан Танашев Омбыға барып, Колчак үкіметімен келісіздер жүргізді, сол кезде олардың Омбы мен Новосібірдегі жапон консулдығына да кіруі ықтимал. Семей облысынан Райымжан Мәрсековтың Қытайға кеткені, Түркістан өлкесінен Серәлі Лапиннің Германияға барып қайтқаны, ал Мұстафа Шоқаевтың батыстағы белсенді эмигранттық ғұмыры соғысқа дейін созылғаны белгілі. Кенес өкіметі бір топ түркістандық жасты Германияға окуға жіберді, олардың сонынан Тұrap Рысқұлов барып қайтты...

Әйгілі саяси айыптарды «дәйектеуде» кенестік құпия полиция назарынан осы деректер қалт қалмаса керек, мұны олар қалай және қайтіп бұрмалап пайдаланды? Жалпы, еткен ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихи шындық қандай еді? Сол заман ақыратын қазақ қайраткерлерінің «қылмыстық істерімен» мұқият танысу арқылы толық және жанжақты ашуға боларына күмән жоқ...

Біздің ұғымымыз бойынша, саяси репрессиялар құрбандарын ақтау дегеніміз – заңсыз жолмен қылмыстық жауапкершілікке тартылған, бас бостандығынан айырылған, өлім жазасына кесілген жазықсыз жандардың жоғалтқан құктарын қайтару, оларға жасалған құқықтық шектеулерді жою, олардың кінәсіз екенін ашық мойындау және мемлекет тарапынан кешірім сұрау. Бірақ саяси репрессиялар жүргізген мемлекет қазіргі таңда жоғалған. Демек, құллі киянатқа тұнған солақайлықтарды жасаған кеңес өкіметі бұгінде тарих сахнасынан кеткендіктен, тәуелсіз мемлекетіміздің өткенді байыппен талдау жасауға мүмкіндік туғызғаны жөн. Алайда, саяси репрессияның алғашқы толқыны қөтерілгелі сексен жылдан асып кетсе де, кеңестік билік кезінде құғын-сүргінге ұшыраған жеке тұлғалардың «қылмыстық істерін» сараптап, тарихи мәнмәтін ауқымында зерттеу мүмкіндігіне тәуелсіздік ғалымдарының қолы әлі күнгі жетер емес.

Демократия лебімен есігін айқара аша бастаған мұрагаттарды өткен ғасырдың 90-шы жылдарында біздің билік іс жүзінде жабық жағдайға түсіріп, тергеу материалдарымен танысуға заңмен тыйым салған еді, соны қайта қарайтын мезгіл жетті. Еліміздің жоғарғы басшылығы, парламенті, үкіметі тарих үшін маңызды осы мәселеге сергектік көрсетіп, дұрыс шешуге, яғни заман талабына жауап бере алатын жаңа заң қабылдауға уақыт табар деп сенеміз.

3 қараша 2011 ж.

ҚОШКЕ КЕМЕНГЕРОВ

Қамалған роман хақында

Қошке (Қошмұхамед) Кеменгерұлы Кеменгеров тек көзі ашықтығы үшін саяси репрессиялардың алғашқы толқынында бір тұтылып бес жыл ғұмырын түрме мен айдауда өткізген, ал екінші, «ұлken террор» атанған қанды толқынында мұлдем оққа байланған жазықсыз құрбандардың бірі. Ол 1896 жылғы 15 шілдеде Омбы үйеziнде дүниеге келді. Ауыл молдасынан мұсылманша сауат ашқан соң, Омбыдағы шіркеуге келушілердің мектебіне (приходская школа) барып, орысша оқыды. Одан Омбы ветеринарлық-фельдшерлік оқудың екі класын тамамдап, 1913 жылы Омбы ауылшаруашылық училищесіне түсті.

Осы жылы ақын, журналист, «Қазак» газетінің қызметкері Міржакып Дулатовтың камқорлығымен. Ақмоладан Омбы гимназиясында окуға Дінше (Дінмұхамед) Әділұлы Әділов келді. Оларды Омбыда оқитын жастардың 1913 жылдан ұйыса бастаған «Бірлік» атты саяси және мәдени-ағарту ұйымы табыстырды. Мұндағы жалпы оқуды, өнер-білімді көздеген басқосу, кеш, сауықтардан тыскары, әдетте астыртын жиындарда, заман талабынан туындал жататын саяси ой-пікірлер жасырын түрде айттылатын, пікір таластырылатын, халық мұддесі тұрғысында түрлі ойлар айттылып, жоспар жасалатын. Қошке де, Дінше де ұйымның белсенеді мүшелері болды, екеуі де белгілі бір кездерде ұйымда хатшылық міндет аткарды.

Монархияның құлауы оларды ашық саясат алаңына бірге алып шықты. Омбыда 1917 жылдың сәуірінде Ақмола облысы қазактарының съезі болды. Онда бостандық таңының атуына байланысты орнап жатқан жаңа ахуал талқыланып,

казақтардың облыстық атқару комитеті құрылды. Съезд шешімін орындау мақсатымен атқару комитеті «Бірліктің» белсенді жастарынан жәрдемшілер тартты. Сөйтіп, олардан үйездерде жіберетін комиссарлар жасақтады. Халық жинальystарын өткізіп, қазақ комитеттерін құру үшін Қошке мен Дінше Ақмола үйезіне бөлінді.

Ақмолада олар Сәкен Сейфуллин, Бірке (Бірмұхамед) Айбасов төртеуі бірге әрекет етті. Ауыл-ауылды арапап, үйездік жиналыс өткізуіді ұйымдастыруды. Үйез тұрғындары съезінде құрылған қазақ комитетіне Рахымжан Дүйсенбаев төраға, бұлар мүше болып, азаттық таңы арайындағы саяси жұмыстарын жүргізе берді.

Байырғы журналист («Дала уәлаяты газетінде» 1902 жылғы жабылуына дейін істеген, сосын заңгерлік білім алғып, адвокат болып қызмет атқарып жүрген) Рахымжан «Тіршілік» атты газет шығару шаруасымен орталық қалаларға іссапарға кетеді де, үйездік қазақ атқару комитетінің төрағасы болып Сәкен істейді. Төрт үзенгілес жігіт жастар арасынан «Жас қазак» ұйымын құрады. Сананы оятарлық қызық жұмыстар жүргізіледі, солақайлық әрекеттер де болып тұрады: олардың тым тапшылдық көрсетіп, дінге қарсылық білдірулері, тиісінше жергілікті бас адамдармен тіл табыса алмаушылықтары ұзамай теріс нәтижесін береді.

1917 жылғы шілдеде Орынборда өткен жалпықазақ съезіне қатысып келген ақмолалық делегаттармен көзқарас қайшылығы шиеленісті үстемелей түсіп, үйездегі халықтың екінші жалпы жиналысында қайта сайланған комитет құрамына Сәкен мен оның серіктері енбей қалады. Содан Қошке мен Дінше екеуі Омбыға қайтып кетеді.

Құзде олар оку орындарындағы сабактарын жалғастырады. Қазан айының аяғына қарай, Әлихан Бекейханов Томдағы Сібір автономияшыларының съезінен оралып келе жатып, Омбыға соғады. Белгілі қоғам қайраткері және болашақ ұлт көсемімен Бостандық үйінде өткен кездесу Алаш саяси партиясын құру жиынына ұласады. Сол жиналыста Қошке

де, Дінше де Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланады.

Осында Бекейхановтың пайым, уәждеріне студент Шәймерден Элжанов қарсы сөйлеп, солшыл бағыттағы өзгеше көзқарас танытқан болатын. Ол ұзамай саяси белсенділігімен жұртшылыққа көптен таныс Көлбай Төгісов пен Мұқан Әйтпеновті қолдап, «Ұш жұз» социалистік партиясын құруға қатысады. Осы жэйт және Петроградтағы большевиктердің Қазан төңкерісі, сондай-ақ Алаш автономиясын құрып, үкіметін сайлаган Орынбордағы Желтоқсан жалпықазақ құрылтайы «Бірлік» тағдырына әсер етпей қалмайды.

1918 жылы сәуірде ұйым да, тиісінше оған мүше болған жастар да, көзқарас ынғайымен, екі жарылады. Қошке Алаш тұғырындағы «Жас азамат» ұйымына, Дінше кенестік бағдардағы Демократиялық одакқа косылады. Ұзамай Дінше мұлдем большевиктеніп, Омбыда жасақталған қызыл партизандар жасағына кіреді де, Қыыр Шығысқа актармен соғысқа аттанады. Ал Қошке Қызылжарға барып, жастардың ұлттық мұддені құйттейтін жана ұйымының тілі болып табылатын «Жас азамат» газетін шығарумен шұғылданады. Осылай екі дос қоғамдық қозғалыстың екі қанатына шығып, килес тағдыр сындарына ұшырастыратын өз жолдарына түсті.

Қошке 1915 жылы алғашқы өлеңдерін Троицк қаласында шығып тұрган «Айқап» журналына жарияладп, елге белгілі болып қалған. Одан ол Омбыда «Бірлік» мүшелерінің «Балапан» атты қолжазба журналының редакторы ретінде қоғамдық қызмет атқарып, қаламын ұштай бастаган-ды. 1918 жылы Қызылжарда «Жас азамат» газетінің редакторы болды. Сондағы «Бостандық туы» газетінде де істеді. Оку оқыды. Публицистикалық, драмалық шығармаларын жазды. Зиялыштар арасындағы ағымдарды түсінуге тырысты. Досы Діншенің өмір жолын да қадағалап жүрді.

1924 жылы Ташкентке келді. Мақсаты – оку. Ол «Ақ жол» газетінде істеді. Оки жүріп, өзі де кей оку орындарында са-

бақ берді. Және күрделі де қызық заманын арқау етіп, үлкен шығарма жазуды мақсат етті.

Оның 1925 жылғы 16 наурызда Әділұлы Діншеге жазған хаты ОГПУ-дің тергеу қағаздары арасында тігіліп, сакталып қалған екен, бертінде зерттеушілер жарыққа шығарды. Содан біраз жайтті аңғаруға болады.

«Дінше бауырым! – деп жазады Кошке Кеменгерұлы ескі досына. – Денсаулығың жөнінде, қызметінің ескені тұрасында естідік. Әлі күнге сүр бойдақ жүргенінді де білдік. Мейлі, әзілді қоялық. Іске келейік».

Ал істің мәнісі мынау: «Ғұмырында талай тарихты бастан кешірдің ғой сен. Мениң ептеп қаламды ермек ететінімді білесің. Сенің сонау Қыыр Шығыс сапарынан бастап қазіргі өміріңе шейін терең танысқым келеді.

Қандай мақсатпен коммунизм жолына түстің? Бұл жолдан неге ауытқыдың? Және өзің көрген уақиғалар хақында, сапарлас, қарым-қатынас жасап жүрген достарың туралы қысқаша акпар бер.

Жалқауланба. Уақытыңды бөл. Өмірдің алдында әйтеуір есеп беруіміз керек қой. Мен қазақ зиялыштарының өмірі жөнінде роман жазуға отырдым.

Егер Түркістандағы ерліктерін туралы хатқа жаза алмасаң, онда ауызша айт. Бір жерде кездесейік. Қазақстанның дүмді деген қайраткерлеріне мінездеме бер.

Осы етінішімді аяқсыз қалдырма. Өзіңе сенемін.

Ниеттес тілеушиң һәм досың Кошке. 16.III.1925 жыл».

Көп сыр бүккен хат. Дінше Әділұлы 1925 жылды республика астанасы Қызылордада Наркомпроста (ағарту халкоматында, ол кезде нарком Смағұл Садуақасов болатын) істеп, Ұлт театрын ашудың, оның тұракты шығармашылық қызмет атқаруын тікелей үйымдастырудың практикалық жұмыстарын жүргізді. Директоры (көркемдік жетекшісі, бас режиссері) болды. Осы күзде екеуінің кездескеніне дау жоқ. Кошке, жоғарыда айтқанымыздай, Ташкентте журналистикамен шүғылданды. Оның астанаға келіп-кетуге тілшілік қызметі

мүмкіндік туғызатыны өз алдына, арнайы ат басын тірер жағдайы да болған-ды.

Дінше шартараптан артистер жинап, алғашқы ойынды Қазак партия ұйымының Бесінші конференциясына әзірледі. Ол 1925 жылдың желтоқсанының алғашқы күндеріне сай келген еді. Мұнда Мұқтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегінің» бір актісі қойылып (ол бұрын Орынборда Серке Қожамқұловтың катысуымен ойналған, бұл орайда пьесаны Қызылордада сахналуға енді ашылып жатқан ұлт театрының артисі Серкенің жақсы жәрдем бергені түсінікті), үлкен концерт берілді. Осы алғашқы ойын көрсетуден кейін жас труппа театрдың ресми ашылуына әзірленді.

Ал Ұлт театрының (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазак академиялық драма театрының) салтанатты ашылуы 1926 жылғы 13 қаңтарда болған-ды. Осы күнгі ресми қойылымға Дінше Қошкенің «Алтын сақина» атты драмалық шығармасын таңдап алған еді. Қойылымның автордың қатысуымен әзірленуі, әсіресе сахна өнерінің балаң тұсында, мұлдем табиғи жағдай. Демек, спектакльді қоюға дайындау барысында екі ескі достың асықпай сырласуына толық мүмкіндік болды.

Сонымен, Қошке өзінің болашақ романына негізгі материалды Діншеден алғысы келді, оған өзінің жоғарыдағы хаты күәлік етіп тұр. Оның сонау омбылық досының бейнесіне шығармашылық қызыгуышылықпен қарауы өте орынды-тын, себебі ол жас та болса кәрі революционерлер (Смағұл Садуақасовтың Діншеге республикалық бас газет бетінде 1920 жылы берген бағасы) қатарынан еді. Сөйті тұра ол революция барысынан көңілі суып үлгерген қайраткер-тін.

Дінше Әділұлы Қыыр Шығыста шайқасты. Благовещенскіде актар түрмесіне түсті. Омбыда Колчакқа қарсы карулы көтеріліске қатысты. Одан Ташкент отіп, Түркістан республикасында педучилищеде мұғалім болды. Түрккаткомның (Турцик) тапсырмасымен 1920 жылы көктемде ол Ташкенттен Алматыға келіп, Жетісу облыстық оқу бөлімінің менге-

рушісі болып істеді. Өзімен бірге шәкірті Ғани Мұратбаевты ертіп әкелді. Оның қазақ мұғалімдерінің дайындық курсында сабак берे жүріп, қогамдық-саяси жұмысқа араласуына, ширап, ысылуына септесті.

Дінше 1920 жылғы қазанда болған Орынбордағы Кеңестер съезінде алғашқы Қазақ Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне сырттай сайланды. Бұл оның қогамдық-саяси жұмыстарда жиған беделінің арқасында мүмкін болған жәйт еді. Ішкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, міндетін атқарушы болды. Сосын Қазақ үкіметі пен облыстық партия комитетінің саяси бағытына Смағұл Садуақасовпен бірге қарсы шығып, сынады, соның салдарынан қызметінен қыспак көре бастады.

Сонда ол Бөкейханов пен Байтұрсыновтың батасымен Ташкентке кетіп калды. Бұхарага өтіп, башқұрт үкіметі басшыларының, жалпытүркілік қозғалыс серкелерінің бірі Зәки Валидов жүргізген белгілі астыртын жұмысқа қатысты. Одан елге оралып, кеңес өкіметі мұраттарына кір келтіріп жүрген ел ішіндегі белсенділерді ауыздықтауға қатысты. Сосын Ташкенттегі ағарту институтында сабак берді, директор болды. Ақыры, Қызылордада Ұлт театрының директоры ретінде мәдениет қайраткері санатына шықты.

Қысқасы, романшы үшін оның өмір жолының қызық тұстары мол екені анықтын. Бірақ Қошке романы қолжазба күйінде құпия полиция қолына түсті де, со беті жоқ болды. Біз енді, гайыптан табыла кетпесе, оның зиялыштар өмірін шығармасында қалай бейнелегенін, Дінше тағдырының онда қандай орын алғанын ешқашан біле алмаймыз.

Қошке туындысының ұзак жазылуы немесе жазылып болған жағдайда да (романның аяқталғаны, оны сонау Шарбакқөлден Алматыға жеткізуді армандал жүргенінде Қошкенің тұтқындалғаны, құллі қағаздарымен бірге шығарма қолжазбасының да тәркіленгені балаларының естелігінен мәлім болып отыр) жарық көрмей, түрлі түзетуге, цензурага ұрынуы ғажап еместігін түсінеміз.

Мәселенің бір ұшығы Діншені тез істі болғанында еді. Ол 1926 жылы жазда театрдың басшылығынан өз еркімен кетті. Жанама деректер оны солай етуге мәжбүрлеген елеулі себептер болғанын көрсетеді. Содан қайтып ол ешқандай да жұмысқа орналаса алмайды. Ақыры, 1928 жылғы тәркілеу науқаны кезінде, чекистер оны қарулы жасақпен арнайы іздеп барып, тұтқынға алады. Ізінше Дінше Әділұлының «қаны бетіне шықкан ұлтшыл» екендігі, ұлт театрының бағытын алашордашылдық бағытқа бұрып әкеткендігі, тағысын тағы «қылмыстары» жария бола бастады. Есімі театр, мәдениет құрылышы тарихынан тез өшірілді.

1930 жылы Қошке қамалды. Екі жыл түрмеде отырып, ішкі Ресейге жер аударылды. Мәскеу-Донбасс теміржол құрылышында істеді. 1935 жылы босатылғанында, Қазақстанға келуіне рұқсат етілмей, Омбы облысына жіберілді. Сонда Шарбакқөл денсаулық сактау бөлімінде қызмет етті, бос уақытында шығармашылығымен шүғылданды. 1937 жылы қайта ұсталып, атылды.

Қошке Кеменгерұлының өмірі мен қызметін, шығармашылық жолын оқырмандарға зерттеушілер Рәзия Рұstemбекова мен Дихан Қамзабекұлы жақсы танытты. Қаламгердің өтпелі де киын кезенде жазып, көзі тірісінде жариялаган туындылары да жұртшылыққа жетті. Дегенмен жазушыны шындалап тану жұмысы әлі алда.

2002 ж.

ДІНШЕ ӘДІЛОВ

Кайғылы ғұмыр • Ұлттық опер ордасының шаңырақ көтергеніне 80 жыл • Қазақ ұлттық саҳна оперінің гегемониясын қалаған кім?

1. Қайғылы ғұмыр

1900 ж. – Ресей империясы Дағы ақмола облысында Шу балысында – Сарысу өзенінің алқабын жайлау. Шу өзені аңғарын қыстау ететін көшпенді қазақ отбасында Дінмұхамед Әділұлы дүниеге келді. 1928 жылы ОГПУ тергеушісінің сұрағына туған жерін сол кезгі кеңестік әкімшілік бөлініске сай – «Сырдария округінің Сарысу ауданы ауқымындағы Шу өзені» деп көрсеткен.

Мұқыш (Дінмұхамедтің ауылдағы аты, окуға барғанында Дінше атанған) – XIX ғасырдың орта шенінде ұлт-азаттық шайқастардың алғы легінде жүрген әскери аристократ шаңырағының жиырмасыншы жүзжылдық басындағы кеңейленген бұтағынан. Атасы, Әділдің әкесі Мынжасар Кенесары ханның ту ұстаушысы, кеңесшісі әрі қолбасыларының бірі болыпты. «Шұбыртпалы Ағыбаймен тізе түйістіре жүріп, әлденеше мәрте майданға енген» (ғылыми-тәнімды «Қарабура» кітабынан).

Тұып-өсken өнірінің топырағы құнарлы, рухани тәрбиеге берер нәрі, тигізер иғі әсері мол болған. Ол ұлттық рухты асқақтатар биік тұлғалардың – дүниежүзілік музыка әлемінде қастерлі орын алатын ерен де ерек, қайталанбас сазгер, қобыз атасы Ықылас пен оның шәкірттерінің өнерімен балалық шағынан сусындалған. Балабек, Сарыби, Мұсәйіп, Сапалай сынды ақын, әнші-композиторлардың шипалы ықпалын сезініп, замандас ауыл жастарымен бірге оқу-білімге ұмтылды. Ауылдастары түгіл, күллі ел шырқаған, «қазақ революциялық әндерінің ең тандаулысы» (Илья Жақанов)

ретінде танымал Мұсәйіптің «Жалпы әлем» әні төңкөрістің алғашқы жылдары жасөспірім Дінмұхамедтің албырт көңіл-куйіне әбден үндес келетін.

1909–1913 жж. – Сауатын ауыл молдасынан қазақша ашқан Мұқыш осы жылдары оку қуған ауыл балаларымен қатар, үлкен ағасы Байсейіт Әділұлының ықпалымен, әкесінің орыс тамырының септесуімен, Ақмоладағы қала мектебінде орысша оқиды.

1913–1918 жж. – Ақмолаға жаңадан ашылған «Қазак» газетін тарату шаруасымен келген Міржақып Дулатовтың кеңесімен және жәрдемімен Омбы қаласына барып оқиды, гимназияда білім алады.

Бұл жылдары Діншеге газеттің рухани көмегі көп тиеді, Міржақып «Қазакта» оку іздеген жеткіншек тағдырын, ұлы Абай өлеңімен өрнектеп, әлеуметтік биік мән бере сөз еткен мақаласын 1913 жылғы 30 тамызда жариялады. Одан кейінгі кезеңдерде де газет бетінде Дінмұхамедтің гимназияда оқып жүргенін тілге тиек еткен, оның оқуына қажет қаржы жайын сөз еткен мақала, хаттар, сондай-ақ Діншенің өзінің өлеңдері мен хабарлары басылып тұрады.

1914–1918 жж. – Дінше Омбыда оқитын жастардың «Бірлік» атты мәдени-ағарту үйіміна мүше, бірер уақыт хатшы болады.

1917 ж., сәуір-тамыз – Дінше қазақтардың Омбыда өткен Ақмола облыстық съезінде сайланған қазақ атқару комитетінің нұсқаушысы ретінде ел ішінде жаңа жағдайды түсіндіруге атсалысады. Облқазатком оны комиссары ретінде (Кошке Кеменгеров екеуін) Ақмолаға жібереді. Ол Сәкен Сейфуллинмен бірге Ақмола үйездік алғашқы қазақ комитетін құрушылардың, ақмолалық жастардың «Жас қазак» үйімін ұйымдастырушылардың катарында болады.

1917 ж., қазан – Том қаласындағы Сібір автономияшылары съезінен оралғаннан соң, Семейде өткен үлкен кезде суден кейін, Әлихан Бекейханов Омбыға келген. Осындағы үлттық интеллигенция мен оқушы жастардың жиналышында Дінше Әлихан Бекейхановты алғаш рет көріп, сөзін тыңдайды. Жиын «Алаш» партиясының облыстық үйімін құруға ұласады. Дінше «Алаш» партиясы Ақмола обкомының мүшесі болып сайланады.

1917/18 оқу жылында – Омбы гимназиясындағы оқуын жалғастырып, Ақмола облыстық қазақ атқару комитетінің жұмысына қатысып тұрады.

1918 ж., бас кезі – Петроградтағы Қазан төңкерісі мен Орынбордағы II жалпықазақ съезі шешімдеріне байланысты, Омбы жастарының «Бірлік» ұйымы идеялық көзқарастарына орай екі жарылады. Дінше сол қанатқа шығып, жастардың демократиялық кеңесін құрысады.

1918 ж., сәуір – Омбыда ұйымдастырылған қызылдар жасағы құрамында Қыыр Шығысқа аттанады, азамат соғысы майданында ақтарға қарсы соғысады.

1918 ж., қыркүйек – Благовещенск қаласында ақтардың түрмесіне түседі.

1918 ж., күз – Омбыға оралып, гимназиядағы оқуын жалғастырады.

1918 ж. 22 желтоқсан – Жанайдар Садуақасов екеуі Омбыда Колчак билігіне қарсы большевиктер ұйымдастырган қарулы көтеріліске қатысады.

1918 ж. соны – 1919 ж. басы – Омбы тұрғыны, жұмысшы, азаттық қозғалысына белсене қатысуышы Мұқан Әйтпеновтің үйінде ақтардан жасырынып жатады. Дінше осында өзіне сокқан Смағұл Садуақасов, Жанайдар Садуақасов, басқа да достарымен ақылдаса келе, ақыры, Жанайдардың әкеп берген құжатын пайдаланып, Әбдірахман Байділдинмен бірге оның ауылына – Қызылжар жағына астыртын шығып кетеді.

1919 ж., алғашқы жартысы – Әбдірахманның ауылынан өзін ақ казактар іздестіре бастағандықтан, Арқа төсімен құпия жүріп, Дінше қызылдар қарамағындағы аймақтарға өте бастайды.

Он алтыншы жылы патшаның жазалаушы («кәр қылғыш») жасағын жойып жіберуімен әйгілі Тақыр Омар ауылына соғады. Осында, 1918 жылғы күзде Ақмолада Сәкен Сейфуллин бастаған совдеп мүшелерімен бірге қамалып, одан ақтар абақтысынан қашып шыққалы ел ішінде тығылып жүрген ағасы Байсейітпен кездеседі.

Бетпақдала арқылы Кенес өкіметі орнаған Түркістан Республикасы аумағына өтеді.

1919 ж., екінші жартысы – Дінше Ташкентке, Түркістан коммунистерінің мұсылман бюросына келеді. Омбы-

дағы «Бірлік» ұйымынан таныс Қайреддин Болғанбаевпен кездесіп, сол арқылы Сұлтанбек Қожановпен танысады. Солардың жәрдемімен Қазақ педагогика училищесіне (артынан – Қазақ ағарту институты, Киринпрост, КИНО) оқытуши болып орналасады. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып істейді. Орта Азия университетіндегі дәрістер курсын тыңдайды. Мұсылман коммунистердің қоғамдық мәселе-лерді талқылауларына, Мұсбюро (төрағасы Тұрар Рысқұлов) өткізіп тұрган басқа да іс-шара, жиындарына қатысып тұрады. Осы қызметтер барысында және жолдасарымен пікірле-се жүріп, өзінің саяси көзқарасын айқындауды,

1920 ж., басы – ұлттық қайраткерлердің көбімен таны-сып, сұқбаттасады. Университетте, Киринпроста Қонырқо-жа Қожықовтың, Тұрар Рысқұлов пен Нәзір Төрекұловтың дәрістерін тыңдайды. Осы Ташкенттегі революциялық романтиканы ұлт мұддесіне ұштастыру жайын талқыласқан коммунист-қайраткерлер арасынан қырғыз азаматы Төрекұл Жанұзақовты да бірінші мәрте көреді.

Мұсбюро оны Жетісуға партиялық жұмысқа жібермек болады, бірақ ол, жолдастарының кеңесіне сай, бұл ұсыныс-тан бастараптады.

1920 ж. басы – Жетісу актардан тазарттылып, азамат соғысы аяқталды.

Кеңес өкіметінің орнықанына көздері жеткен соң, пат-шаның 1916 жылғы 25 маусым пәрмені тұтатқан көтерілісті қарулы күшпен басып, ел-жүргітты жаппай қатыгездікпен жа-залау салдарынан Қытайға өтіп кеткен қыргыз-қазақтар кері орала бастиады. Қүшпен босатылған жер-суға сырттан келген өзге ұлт өкілдері орналасып алғандықтан, қайтқан босқын-дардың туған жеріне қайта қоныстануын үкімет жүзеге асы-ру керек болды. Осы орайда Түркістан Республикасы Орта-лық Атқару Комитеті босқындарды орналастыратын арнайы комиссия құрып, төрағалығына қырғыз коммунисті Төрекұл Жанұзақовты тағайындауды. Комиссия Жетісуға аттанып кетті.

Осы Комиссияның артынша, Мәскеудегі орталық билік-тің Ташкенттегі эмиссары іспетті мекеменің үйгарымымен, Самарадан ерткен он шакты жауынгер серігімен Түркістан

майданы Саяси бөлімінің уәкілі, іс жүзінде орталықтың Жетісу дағы төтенше өкілетті өкілі ретінде Дмитрий Фурманов солай қарай аттанады...

1920 ж., 3 мамыр – Ресей Федерациясының Түркістан Республикасындағы Жетісу облысының орталығы Верный (Алматы) қаласында Жетісу облысы босқын қырғыз-казактарын жайғастыру жөніндегі Түрккатком Айрықша комиссиясының төрағасы Төрекұл Жанұзаков ұсынған бағдарлама 1920 жылғы 3 мамырда облыстық әскери-революциялық комитеттің шешімімен бекітілді. Кезінде Та什кентте Мұсбюро топтастырган, ішінде Дінше Әділұлы да бар ұлт зиялышының дүниетанымынан тәп-тәуір мағлұмат беретін бұл құжатпен танықанда, алғашқы кезеңде олардың коммунистік партияға үлкен үміт артқанын, кейінірек большевизмнің әділетсіз іс-дағдысы салдарынан одан күдер үзген себебін ұғуға болады.

1920 ж., 7 мамыр – Түрккатком (төрағасы Тұrap Рысқұлов) мен Түрк Республика Ағарту халкоматының (халық комиссары Назір Төрекұлов) шешімімен Дінмұхамед Әділұлы Жетісу облыстық оку бөлімінің менгерушісі бол тағайындалады.

1920 ж., 17 мамыр – Та什кенттен Алматыға жолданған жеделхат: «Срочно сообщите, кем и по какой причине арестован Джанузаков 3112 Наркомиссариат внудел (кімнің қол қойғаны ажыратылмады).»

Оған мынандай бұрыштама соғылған: «17/V-20 г. Сообщить: Джанузаков был арестован особым отделом, причину ареста особый отдел не сообщил, считает это секретом точка настояще время Джанузаков освобожден, работает комиссии точка обо всем Семироблеонревкомом донесено подробно Турцику. Зампредс.» Орындалғаны жайында мынандай жазу түсірілген: «В дело № 1 – Исполнено телеграммой 17 мая 20 г. за № 3303. Управдел.»

1920 ж., 26 мамыр – «Протокол № 3 заседания ячейки РКП при союзе «Социалистической Культуры и Просвещения». 26 мая 1920 г. На заседании присутствуют: Кузнецов, Калошин, Бендуков, Федоров, Быков, Дулацкий, Ямщиков, Ваянов, Хадеев, Ведмедь, Сафонов, Синоренко, Губанов, Курлов, председательствует т. Шебалин при секретаре Григорьевой. Открывается в 1/2 первого часа.

В повестке дня: ...4. О партийном контроле в Областном и Уездном отделах народного образования».

Осы мәселені талқылай келіп, РКП ұғысы былай атап өтті: «О партийном контроле в ОНО – заведывающие Областным и Уездным ОНО лица беспартийные, а потому не ответственны перед комитетом партии».

Оқу бөлімдеріндегі партиялық ықпалды қүшету үшін үй-ездік оқу бөліміне арнайы коммунист жіберілді: «В Уездный Отдел выделить т. Федорова».

Ал облыстық оқу бөлімі менгерушісі лауазымымен коммунист Дінмұхамед Әділовтің келе жатқаны ескеріліп, өзге кандидат қаралмады: «В областной ОНО в скором времени приедет тов. Адилев, командируемый Турциком на пост заведывающего Отделом, а потому в последней кандидата не выдвигать».

1920 ж., 28 мамыр – «Схема ежемесячной отчетности Областного Отдела Народного Образования» от 28 мая 1920 г. № 1609. ... 2/. Точный адрес – Копальская улица, дом Шахворостова. Заведывающий отделом Адилов, временно зав. ОО В.А. Архангельский. ...17/. Василий Александрович Архангельский исполняет должность завнароба за товарища Адилева, (түсініксіз сез) прибыть из Ташкента.»

1920 ж., мамырдың соңы – Дінше Әділов Жетісу облыстық қазақ дайындық курсарының менгерушілігіне бекітілген Ибадулла Құлжанов пен сол курсарда оқытушы болмақ өзінің училищедегі шәкірті Фани Мұратбаевты ертіп, Алматыға (Верный) келеді.

Діншенің тергеуішіге көрсетуінен: «Наркомпрос (ол кезде халқом Төреқұлов болатын) көктемде мені Жетісу обложубөлім менгерушісі қызметіне тағайындал, Верныйға іс-сапарға жіберді... мен облононы басқардым, сонымен бірге, қазақтар мен қыргыздар оқитын курста дәрісші болдым».

1920 ж., 3 маусым – Верныйдағы (Алматыдағы) Қапал (қазіргі Қонаев) және Сауда (қазіргі Жібек жолы) көшелері қыылсызына тақау бой түзеген Шахворостов үйіне орнласқан Жетісу облыстық оқу бөлімі кеңесінің төрінде отырып ол мынандай бұйрықтар береді: «Приказ № 151. 3 июня 1920 г. Объявляю, сего числа я вступил в исполнение обязан-

ностей заведывающего Семиреченского областного отдела народного образования. Основание: Мандат Комисариата народного образования, Административного отдела от 7-го мая 1920 года за № 3513, утвержденный Туркциком 8-го мая, № 8708. Заведывающий Отделом Д. Адилев (қолы)».

Діншенің өзімен ілестіре келген серіктерін жұмысқа қабылдағаны жайындағы құжаттарға көз салайық: «Приказ № 152. 3 июня 1920 г. Кулжанов Ибадулла, командированный Комисариатом народного просвещения в распоряжение Семиреченского областного отдела народного образования назначается заведывающим областными киргизскими подготовительными и повторительными педагогическими курсами с зачислением в должность с 3-го сего июня. Основание: Мандат Административного отдела Комисариата народного просвещения от 7-го мая 1920 года, № 3544, утвержденный ТуркЦИКом 8-го мая 1920 г., № 8709. Зав. Отделом Д. Адилев (қолы)». «Приказ № 241. 9 августа 1920 г. Командированный Компросом в распоряжение Семироблотнароб Мурагбаев Гани, от 7-го мая и Данияров Базаркул откомандировываются в распоряжение заведывающего областными подготовительными киргизскими курсами с 10-го сего июня. Основание: Мандат Компроса № 3518. Зав. Отделом Д. Адилев (қолы)».

Алматыға жеткен бетте Дінше бірінші кезекте Түркредибұл публика астанасы Ташкенттен өзінен бір жарым ай бұрын келген Д. Фурмановпен және ол жетекшілік ететін баспасөз органымен байланыс орнатқан тәрізді. Фурманов пен Әділов байланысын бірер жанама дерекпен ғана шамалаудамыз, өкінішке қарай, нақты айғақтар Түркмайдан уәкілінің Алматыда сақталған қорынан кезікпеді, олар, ыңғайы, Фурмановтың Верныйдан өзімен бірге әкеткен құжаттар бумасында, сондай-ақ, күнделіктегінің жарияланбаған беттерінде болуы ықтимал.

1920 ж., 10 маусым – Түркмайдан 3-Атқыштар дивизиясының органы «Правда» газеті Діншенің жұмысқа кіріскеніне бір апта өткенде, газеттің 10 маусымдағы 119-санында, Жетісу облыстық оку бөлімінің жаңа менгерушісі Д. Әділовтың реесми жарлық-хабарын жариялады. Газеттің сол санынан бастап, Алматыдағы (Верныйдағы) Совет театрының

репертуары білім беру бөлім айдарымен беріле бастады: «Областной Отдел Народного Образования. Советский театр. На этой неделе со среды будет ставиться...»

1920 ж., 11 маусым – «Верныйдағы кеңес өкіметіне қарсы акғвардияшылардың, кулактар мен байлардың бүлігі» басталды...

1920 ж., 12 маусым – «Приказ № 163. 12.VI. 20 г.

Т.Т. П.И. Шебалин, С.Г. Гражданкин, В.А. Свишлов и Е.Д. Есютин от занимаемых должностей областных инструкторов отчисляются ввиду их бездеятельности с 1-го сего июня и должны возвратить в бухгалтерию имеющиеся у них мандаты. Завоблотнароб Д. Адилев».

1920 ж., 21 маусым – «Протокол № 49 объединенного заседания СемирОВРК, ОК партии и РВС 3-Дивизии с присутствием заведывающих и представителей Областных Отделов управления Меньшикова, финансовых и р-к инспекции Сустановского, управления статистики Дублицкого, почтового сообщения Юзефович, народного образования Адилева и Архангельского, отдела Труда и Социального обеспечения Заботина, уполномоченного Центрального статуправления Рослякова, завуездным отделом народного образования Волковского. 21 июня 1920 г. г. Верный.

Күн тәртібіндегі мәселе: 10. Вопрос о назначении центром Заведывающим Областным Отделом Народного Образования тов. Адилева в связи с тем, что тов. Адилев приехал в г. Верный не явился доложить о своем приезде Президиуму.

Каулы: 10. Принимая во внимание извинения тов. Адилева признать его соответствующим своему назначению.

Күн тәртібіндегі мәселе: 11. О пересмотре вопроса о всех заведывающих Областными Отделами.

Каулы: 11. Предложить Президиуму Семир.ОВРК пересмотреть вопрос о всех зав. ОО на предмет выяснения их состоятельности и возможности их замены. Соображения сообщить на объединенное заседание».

1920 ж., 4 шілде – «Правда» газетінің жексенбідегі салында (1920 г., 4 июля, № 137) Жетісуды іс жүзінде әскери жолмен билеуші большевиктің мынандай да жарлығы жарияланды: «Военный Совет обращает внимание Семиреченского отделения Особотдела на срочную необходимость

самым беспощадным образом приступить к борьбе с саботажем, расхлябанностью, канцелярской волокитой и злоупотреблением по службе в военных и гражданских учреждениях и организациях. Председатель Военсовета Фурманов».

Сол сияқты, Айрықша Бөлімнің мына хабарландыруы да назар аударуға тұрарлық: «Объявление. ...во время событий 12–19 VI с.г. в гарнизоне выступили с целым рядом обвинений против Особотдела, как и его представителей.... распространенные среди населения, но не доведенные до моего сведения, будут рассматриваться как провокация и виновные в последнем будут мною привлекаться к ответственности с беспощадностью, соответствующей моменту. Заведывающий Особотделом Семиречья В. Соколовский».

Дінмұхамед Әділовтың ОГПУ тергеуісіне 1928 жылты берген көрсетуінен: «Мен облононы басқарып тұрғанда бір мұғалималар, орыстар сияқты еді, әлдебір шалыс қадамдары үшін сотталатын болды. Мен сонда, соларды жақтап, Айрықша Бөлімге ме, дәл есімде жоқ, әлде басқа орынға ма, әйтеуір талап-тілек білдіргенмін. Аналарды мүлдем отырғызып қойды ғой деймін, содан соң Айрықша Бөлім мені З күнге жауып тастанды. Ол кезде Айрықша Бөлімді Соколовский басқаратын.»

Әзін 1920 жылғы жазда үш күн тұтқында ұстаған особотдел менгерушісі Соколовскиймен Дінше төрт жылдан кейін Өулиеатада кездеседі. Ораз Жандосовтың ауылды әлеуметтік тұрғыдан қайта құру жөнінде Сырдария және Жетісу губернияларында жүріп жатқан жаңа үдерістерді зерттемек экспедициясында біраз уақыт бірге жұмыс істейді. Соколовский кейін орталық статистика басқармасы бастығының орынбасары болған.

1920 ж. 26 шілде – «Семиреченский Областной Отдел Народного Образования. 26/VII-20 г. № 4481.

Семиробльвоенревком. Прошу срочно сообщить какое последовало распоряжение на отношение облотдела народного образования от 17-го сего июля за № 4341 об освобождении от военной службы б.б. офицеров белых Васильева, Степанова и Орлова на основании телефонограммы ревкома № 4254. Заведывающий Отделом Д. Адилев».

1920 ж., 6 тамыз – Дінше Алматыдағы алғашқы санақты ұйымдастыруға атсалысты, бұл жұмыс жайында газетке шыққан («Правда», № 164, жұма, 6 август 1920 ж.) обләскериrevкомның бұйрығынан: «Приказ № 130 Облвоенревкома 22 июля 20 г. г.Верный.

Ввиду предстоящего в августе месяце сего года демографической, профессиональной сельскохозяйственной и промышленной переписи, предлагается в 3-х дневный срок со дня опубликования настоящего приказа явиться для регистрации всем учителям, учительницам и учащимся школ 2-й ступени, проживающих в г. Верном, Большой и Малой Алматинских станицах, в Статическое бюро [...] Неисполнение карается в административном порядке. Председатель Позднышев. Заведоблнароб Адилев. Врзавоблстатуправ Дублицкий. Управделами Шамышейский».

1920 ж., 9 тамыз – «Военный комиссар 2-легкого артиллерийского дивизиона г. Верный Воробьев» № 114 хатпен оқу бөліміне жауынгерлер сауатын көтеру мақсатымен оқулықтар, кітаптар бөлінсе деген өтінішпен келді («содействовать пользоваться книгами на 1,5–2 м-ца единой трудовой школы»). Діншенің бұрыштамасы: «Удовлетворить, если возможно. 9.VIII. 20 г.»

1920 ж., 25 тамыз – Жетісу обләскериrevкомына Пржевальскіден мынандай жеделхат келді: «Верный. Облревком. На 4 мусульманский приют имею 7 лошадей 3 кобылицы и то для работы не хватает Комиссия потребовала осмотр Прошу телеграфировать принадлежат ли мобилизации лошади приюта Заведывающий приютом Сутюшев”

Жеделхат тіркеліп (вх.ОВРК № 5084 25 августа 1920 г.), облыстық оқу бөліміне жолданады.

1920 ж., 27 тамыз – Жеделхаттың сыртқы бетіне облыстық оқу бөлімінің менгерушісі Дінше Әділов өз қолымен былай деп жазады: «В облвоенревком. Твердых штатов по количеству лошадей, необходимых для обслуживания приюта быть не может, все зависит от количества воспитываемых, числа зданий, воспитательных трудовых заданий. Вопросы должны (сөз ажыратылмады) без ущерба работы приютов. 27/VIII-20 г. Д. Адилев».

1920 ж., 6 қыркүйек – Дінше іссапарға шығып бара жатқаны жайында, Жетісу облыстық оку бөлімінің менгерушісі лауазымындағы соңғы бұйрығын береді: «Приказ № 294 по Семиреченскому Областному Отделу Народного Образования от 6-го сентября 1920 г. г. Верный.

Отъезжая сего числа на осмотр школ областя, исполнение обязанностей по Областному Отделу Народного Образования возлагаю на помощника Заведывающего Областного Отдела Народного Образования В.А. Архангельского, каковому поручаю подписывать все бумаги по денежной части. Подлинный подписьал Завблатнароб Адилев».

Сол күні Дінше Әділов Семейге аттанады, бұл қадамы жайында тергеу көрсетілімінде былай деген: «Я вынужден был уехать из Верного с семьей Арыковой» («Мен Алматыдан Арықованың отбасымен бірге кетіп қалуға мәжбүр болдым»). Алайда тұра не жәйттің осындай мәжбүрлікке апарғанын көрсетілімдерінің еш жерінде ашып айтпайды.

1920 ж., 14 қыркүйек – «Ташкент. Турцик, Билик. Копия Компрос. На пр.71.

Постановление о слиянии областного и уездного отделов народного образования, ныне проведенные в жизнь, вызвано главным образом большим недостатком работников, о чем Компросу небезызвестно и бездеятельностью уездного отдела точка чтобы в будущем не повторять подобных актов очень просим высылке работников начиная с заведывающего областным отделом, так как Адилев выехал без ведома облвоенревкома направление Сибири, куда его несколько раз требовали телеграммой, оставив за себя специалиста Архангельского точка возвращению Адилева как дезертира меры принятые точка Пр. 5380. Предоблвоенревком Позднышев. Член Секретарь Агидуллин. 14 сентября».

1920 ж., 15 қыркүйек – Облревком құзырына облыстық оку бөлімі менгерушісі қызметін уақытша атқарып отырган Архангельскийден сұратып алдырылған Діншенің 6 қыркүйектегі соңғы бұйрығының көшірмесіне төрага мынандай бұрыштама түсірген: «Запросить – почему не подал рапорт о вступлении».

1920 ж., 18 қыркүйек – Архангельский былай деп жауап береді: «...полагал, т. Адилев уехал по ревизии с ведома Облвоенревкома. Врзавоблотнароб В. Архангельский.»

1920 ж., қыркүйектің ортасы – Дінмұхамед Әділов Семейде губатком қазақ бөлімінің менгерушісі Жұсіпбек Аймауитовпен танысып, сонда қызмет істей бастайды.

1920 ж., 4 –12 қазан – Орынборда Қазақстан Қенестерінің Құрылтайшы съезі өтеді. Съезде делегаттар Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (Қазатком, КирЦИК) мүшелігіне Дінмұхамед Әділовті сырттай сайлайды.

1920 ж., 16 қазан – Әділов Ішкі істер халық комиссариатының коллегия мүшесі, халық комиссарының орынбасары лауазымына бекітіледі: «Протокол № 2 заседания Президиума Киргизского Центрального Исполнительного комитета от 16 октября 1920 года. Присутствовали: Мендешев, Радус-Зенкович, Акулов, Букейханов, Кулаков, Сейфуллин, Садвокасов и Алманов. Председатель Радус-Зенкович. Секретарь Букейханов. Слушали: Распределение занятий между членами КЦИК. Постановили: I. Нижеследующих товарищей оставить в центре для работы в Коллегиях народных комиссариатов и руководства их отделами: 1) Адилева Д., 2) Аймаутова, 3) Акулова, 4) Большакова, 5) Киселева (Оренбургской юстиции) и 6) Омарова. II. т.т. Сергеева, Саматова, Ашмарина, Айтиева, Адилева Б., Шарипова, Нурмакова командировать в помощь представителю К.Ц.И.К. в Сибревком тов. Кулакову для организационно-партийных и административных работ в Семипалатинской и Акмолинской областях. Председатель Зенкович. Секретарь Букейханов».

1920 ж., желтоқсан – Дінше Семейден Орынборға келіп, Қазақ Қенестік Социалистік Республикасының Ішкі істер халық комиссариатында Коллегия мүшесі, наркомның орынбасары болып тағайындалған қызметіне кіріседі. Ұзамай халқом Мырзағалиев басқа қызметке ауыстырылғандықтан, Ішкі істер халық комиссары міндетін уақытша атқара бастайды.

1920 ж., 24 желтоқсан – «Приказ № 22 по Народному Комиссариату Внутренних Дел Кирреспублики. 24 декабря 1920 года. Объявляю для беспрекословного исполнения: всем служащим НКВД являться на службу в назначенное

время – 8 ч. утра по штатному времени; оканчивать занятия в 2 часа дня по шт. вр. Надзор за исполнением приказа возлагаю на заведывающего отделом... Виновные в неисполнении будут привлекаться мною к строжайшей ответственности. Врид Народного Комиссара внудел Адилев».

Со күні берілген № 23 бұйрық: «Устанавливаю следующий порядок распределения корреспонденции, поступающей в адрес НКВД и его Отделов: Все поступающие бумаги направляются Управляющему Делами НКВД и по нанесению во входящий журнал докладывается мне для наложения резолюции и распределения отделам. Врид Н.К. ВД Адилев».

1920 ж., 25 желтоқсан – № 24 бұйрық: «Конторщик Организационно-Информационного Отдела НКВД т. Герман Адель откомандированывается в распоряжение Кирсовнаркома с 24 декабря с увольнением от названной должности. Врид НКВД Адилев».

1920 ж., 30 желтоқсан – Қазатком Төралқасының хаттасы. «Протокол № 25 от 30 декабря 1920 г. Присутствовали чл. през. Садвакасов, Кулаков, Досов, Г. Коростелев и Букейханов, зампредсовнаркома Мурзагалиев, наркомпрод Сamatов, замнаркомвнудел Адилев, киркрайвоенком Авдеев, предземкомиссии Омаров, член КЦИК Льняной.

Слушали: 2. Доклад замнаркомвнудел Адилева о положении Темирского и Адаевского уездов. Постановили: 2. Подтвердить прежнее постановление президиума КЦИК об адевцах и поручить НКВД вызвать (бірнеше қызметкер аты) в Оренбург.»

Хаттамадағы Мұхамедхафий Мырзагалиевтің лауазымына назар аударының: ішкі істер халық комиссары емес, халқомкеңес төрағасының орынбасары.

1920 ж., 30 желтоқсан – Дінше Ішкі істер халық комиссары міндеттін уақытша атқарушы ретінде комиссариат қызметкерін арнағы іссапарға жіберіп, Ақмола және Семей облыстарын Қазақстанға ресми қосуға қажет алғашқы мәліметтерді алдыруды көздейді:

«Мандат. 31/XII-20 г. № 3814. Заведывающий Административным Отделом Управления НКВД т. Лященко коман-дируется в Акмолинскую и Семипалатинскую губернии для

собирания на местах сведений [...] 8) о тяготении волостей к тому или иному центру и возможности группировки их во-круг этих центров для районирования уездов и губерний и о связанности этих центров с губернскими городами, телеграфом и почтой [...] Врид НКВД Адилев».

1921 ж., 3 қантар – № 29 бұйрық: «Во вторник 4-го сего января в 11 ч. дня штатного времени назначено совещание заведывающих отделов НКВД по выработке штатов НКВД. На совещание надлежит явиться заведывающим с подготовленными проектами штатов [...] согласно проекту, выработанному секретарем коллегии [...] Народный Комиссар Внутренних Дел Адилев». Назар аударыңыз, Дінше Ішкі істер халық комиссары ретінде қол қойған.

1921 ж., 4 қантар – № 30 бұйрық: «Предлагаю всем зав. отделам НКВД (кроме Главмилиции и Упр. нар. связи) представлять ежедневно в Управление Делами сведения о лицах, не явившихся на службу, для представления мне общего списка неявившихся служащих. Нар. Ком. вн. дел Адилев». Назар аударыңыз, бұл күні де бұйрыққа Дінше бұйрыққа Ішкі істер халық комиссары ретінде қол қойған.

1921 ж., қантар – Қазақ Республикасының жоғарғы өкімет орындарында жауапты міндеттер атқарып жүрген ұлт қызметкерлердің жалпы жиналышында Дінмұхамед Эділов Қазақ облыстық партия комитетінің хатшысы Акуловты мінеген Смағұл Садуақасовты қолдап, сонымен бірге Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесінің (Совнаркомның) төрағасы Радус-Зенковичті синап сөйлейді.

1921 ж., 10 қантар – № 31 бұйрық: «1. Инструктор Организационно-Информационного отдела Айчуvakовувольняется от названной должности с 5 января 1920 г. 2. Предлагаю всем заведывающим отделов, начальнику Глав. милиции и зав. Центр. Управления народной связи представить не позднее 13-го сего января сведения о деятельности Отделов за период от Киргизского съезда до 6 января для представления доклада о деятельности НКВД за указанный срок в КирЦИК. Врид НКВД Адилев». Назар аударыңыз, мұнда Дінше қайтадан Ішкі істер халық комиссары міндетін уақытша аткаруышы ретінде қол қойған.

1921 ж., 28 қантар – Халкомкеңес төрағасының орынбасары болып жүрген Мұхамедкафий Мырзагалиев Ішкі істер халық комиссары қызметіне қайта жіберіледі де, ол 27 қантарда алқа мәжілісін өткізіп, 28 қантарда мына № 39 бұйрықты береді: «З. Тов. Адилеву, члену Коллегии НКВД, предлагаю принять от тов. Задорожного отдел Управления НКВД. Тов. Задорожному принять п/отдел Адм. Единиц от тов. Беремжанова с 27 января. Основание: Постановление Коллегии НКВ” от 27 января. 4. Тов. Задорожного считать заместителем тов. Адилева по должности заведывающего отделом Управления НКВД.

1921 ж., 2 ақпан – Қазатком Төралқасы. «Протокол № 8 от 2/II–21г. [...] (чл. КЦИК Адилев, Аймауытов). [...] Текущие дела. [...] Постановление НКВД от 27 января утвердить».

1921 ж., 10 наурыз – Ішкі істер халкомының орынбасары Киселев мынандай бұйрық береді: «Приказ № 48 от 10 марта 1921 г. [...] 4. Заведывающего Отделом Управления и Члена Коллегии НКВД т. Адилева, как работающего в Кирнапрком-просе исключить со всех видов довольствия Комисариата с 1 марта с.г.» Яғни, 1921 жылғы 1 наурыздан Дінше Ағарту халкоматына ауысқан.

1921 ж., 19 наурыз – Қазак Республикасы Ағарту халық комиссариатының тапсырмасымен Дінше Әділов Түркістан Республикасына іссапарға аттанады. Діншеге Наркомпрос тарапынан (халық комиссары Ахмет Байтұрсынов) берілген, кейін халкомкеңес сұратып алдырған мандаттың көшірмесі: «Мандат. № 331. 19 марта 1921 года.

Предъявитель сего, член КирЦИК тов. Диньмухамед Адилев согласно телеграфного отношения Н.К.П. Туркеспублики за № 1140 от 22/II сего года командируется в г. Ташкент для выяснения вопроса о напечатании киргизских учебников в Ташкенте. Тов. Адилеву поручается войти по этому вопросу в соглашение с Научно-Издательской комиссией Наркомпроса Туркеспублики, что подписями и приложением печати удостоверяется. Н.К.П. Кирреспублики. Управляющий Делами (қолы). Заведывающий сектором соц. воспитания (қолы). Секретарь (қолы)».

1921 ж., 28 маусым – «28 июня 1921 г. № 1751. В Наркомпрос. По предложению Предкирсовнаркома тов. Радус-Зень-

ковича просим по получении сего выслать копию протокола о командировании в Туркестанскую республику тов. АДИЛЕВА, а также прислать копию выданного ему мандата и удостоверения. Управляющий Делами КСНК (қолы). Начальник общей Канцелярии (қолы).

1921 ж., 29 маусым – «Председателю Кирсовнаркома. Народный комиссариат Кирреспублики при сем препровождает копию мандата тов. Адилева от 19 сего марта за № 331. Замнаркомпроса Аймауытов (қолы). Управляющий Делами (қолы). Зав. общей Канцелярии (қолы).»

1921 ж., наурыз – мамыр – Дінше Ташкентте. Киринпрос. Шығыс кештері.

Әділовтің ОГПУ тергеушісіне 1928 жылы берген көрсетулерінен: «Мен станцияға тұнде келдім, осы кезде Сарымолдаев (соның алдында құғында жүрген еді) әйелін шығарып салып тұр екен. Ол менің жәрдеміммен Ішкі істер халкоматына қызметке қабылданған болатын, әрі Орынбор губаткомында бір мезгілде жұмыс істей бастаған. Лауазымы дәл есімде жоқ. Орынборлық қызметкерлерден тек мені ғана танитын. ...Мен оған сөз арасында Бұхарага бара жатқанымды айттым.

...Орынбордан біз тіркеме вагонмен шыққан едік. Мен Қожановты қөрдім де, соның купесіне ауысып алдым. ...Қожанов Түркістанда түсті, ал біз Ташкентке өттік. Мен тікे оның пәтеріне бардым, екі күннен кейін Қожанов Түркістаннан келді. Түркік жатақханасында тұратын Дулатовты іздеп таптым. Әуелі оны Киринпросқа тақау, Карл Маркс даңғылына орналасқан «Ақ жол» редакциясынан кездестіргенмін.

...Бір күні кешкісін біз Киринпрос залында репетиция өткізіп жатқан едік, жас әртистер Шығыс кешіне даярлануда-тын. Мен Тынышпаевтың әйелімен әңгімелесіп тұрғанмын, осы кезде маған хабар тиді: Есболов келіпті, менімен танысқысы келетін көрінеді. Мен оған қарсы жүрдім... біз емін-еркін әңгімелестік... апрель айы еді.

...Бұл 1921 жылғы мамырдың соңы яки маусымның басы болатын. ...Дулатов күндіз өзінің арнайы вагонымен Орынбор жағына кетті, ал біз Болғанбаев екеуіміз сол күні Бұхара жаққа шықтық.

1921 ж., мамыр – қыркүйек – Бұхара, Әндижан, Сармқанда әйгілі қоғам қайраткері Зәки Валидовпен бірге түркі халықтарының азаттығын көздейтін жұмыстарды ұйымдастырып-жүргізуге қатысады:

Діниш тергеуішіге: «Бұхарада... жәмшік алып, бұрын әмір тұрған цитадельге келдік, онда өзбек тілінде «Бұхара орталық революциялық комитеті» деген жарнама ілінген екен. ...Арифовпен кездестік, ол Бұхара республикасының әскери нәзірі (министрі – *Б.Қ.*) болатын, бұрын Башқұртстанда Валидовтың әскерінде қызмет істеген еді. Ол бізді өте жылы қабылдады, біздің Валидовпен кездеспек ниетімізге жәрдемдесуге уәде етті.

...Біз өзбек ауласына ендік, онда хауыз бар еді, соның жаңындағы көлеңкелі жерде Валидов жайғасыпты. Мен оны көргенде тіпті таңғалып қалдым, өйткені ол, өзбекше кең шалбар, үлкен де ұзын көйлек киген, сақалды, секпілді. бір караганға жұптыны, аласа адам, саяси қайраткерге еш келмейтін.

...Әзінің сыртқы көрінісіне қарағанда, өткен жолы сіз дәл тауып айтқандай, ол мұлдем көсемге ұқсамайтын. Бірақ маған оның байыпты жанары қатты әсер етті. Бұл кісінің жігерлі, табанды адам екені көзге ұрып тұр еді. Ол ағаш түбінде қисайып жатқан.

...Ортаазиялық орталықтың мәжілістеріне тек осы орталық мүшелері ғана қатыстырылатын, қатардағы мүшелер кірмейтін, сондықтан Битілеуов өз-өзінен қалып қалды. Болғанбаев жалқау еді, өзінің қабілеттілігіне, жан-жақтылығына қарастан – түрік, араб тілдерін жақсы білетін – ол белсенді адам емес болатын. Саясаткер ретінде ол енжар еді... бірнеше күннен кейін ол кері қайтпақ болды...

Ұмытпасам, Ортаазиялық орталықтың мәжілісінде Болғанбаев қатысқан жоқ. Оған мен енгізілдім... Есімде, бір мәжіліс БухЧека (Бұхара Республикасының Төтенше Комиссиясы – *Б.Қ.*) тәрағасынықінде өтті....

Хашим-шайх (Бұхара Республикасының сырты істер министрі – *Б.Қ.*) пен тағы біреулер мені ұйымға енгізу рәсімін өткізді...

Маған қазақ ұйымынан баяндама жасау үшін сөз берді...

Сосын мен Валидовтің қасына орналастым, ол пәтерін әлденеше мәрте ауыстырды. Мен Бұхарада үш жарым ай бойы үдайы Валидовпен тұрдым...

Валидовты қала сыртында гылыми зерттеуші деп білетін...

Бір мәжіліс Файзулла Ходжаевтың қатысуымен Мұхитдинов Әбдікадырдың пәтерінде өтті, онда түрк өкілі болды. ...Түрк өкілі, маған айтқандарындей, Ангора (Анкара – Б.К.) үлттық жиналышының, яғни Түрк парламентінің мүшесі еді. ...Валидовсыз мәжілісті ашуға болмайтын, сондықтан мені, онымен бірге тұрған адам ретінде, шақырып алып келуге жүмсады.

...Валидов келген соң жиын реңми сипат алды. Мәжіліс ұзаққа созылды...

...Мені Ферғанага Жанұзаковпен (қырғыз, Рысқұловтың жақын досы, ол әлденеше рет ТүркЦИК мүшесі болған, ақыры басмашылар жағына шығуды қажет деп тапқан) байланыс орнатып қайту үшін жіберу үйгартылды, мен онда Қырғыз жасағын құруға тиіс-тінмін... Ол Әндижанға тақау, 25 шақырымдай жерде тұрған. ...Жанұзаковпен мен Ташкенттен таныс едім. Ол мені өте куанып қабылдады, өз жағдайын таныстыруға кірісті, мен оған Валидовтың хатын бердім...»

Зәки Валидов (Ахметзәки Уәлиди Тоған, «Естеліктер»): «...Бұхарага Алашордадан үш жас өкіл келді, араларынан бізben тұрақты жұмыс істеуге Діншені қалдырды.

...Түркістанды болашакта екі партиялы (бірі радикалды үлттық партия, екіншісі социалистік) жүйемен басқару идеясы ешбір сыртқы ықпалсыз пайда болды; жергілікті жағдай және Түркістандағы халықтар мен ұлыстардың өкілдері болып табылатын интеллигенттер мен кәсіпкерлердің 1921 жылғы келіссөздерінен осы екі партиялық, Алашорданы ескергенде, тіпті, үш партиялық жүйе туындаған еді.

...Біз партия бағдарламаларын жасадық, ортак платформаны айқындағық, бірақ бірлескен комитетті еш құра алмай қойдық. Оның себебі, бір жағынан, бұхаралықтар мен ташкенттіктер арасындағы өзіндік бір бәсекелестікте, екінші жағынан, бұхаралықтардың да, ташкенттіктердің де қазактарға қатысты сенімсіздік білдіруінде жатқан еді.

...Шілдеде Бұхарага Түркия Ұлы Үлттық Жиналышының мүшесі Ысмайыл Субхи Сойсаллығұлы келді. Ол құдды

коммунистік партияны қолдайтын түрік депутаты ретінде ресми саяхат жасап жүрген. ...Онда Мұстафа Кемал-пашаның тапсырмасы бар болатын.

30 шілде күні кешкісін бәрі Абдулқадыр мырзаның үйіне жиналды. Субхи-бей екі жақпен де сөйлесіп, бірлескен комитеттің төрағалығына мені сайлауға ұсынды, ұсыныс кабыл алынды. ...Сөйтіп, 2 тамызда мен Түркістан Ұлттық Федерациясының бірлескен Комитеті төрағасының міндеттерін аткаруға кірістім. Осы сыйни күндері ұлттық күрес жөніндегі комитеттің құруға Түркиядан Мұстафа Кемал-паша жіберген осы депутат, Алашорданың өкілдері, әсіресе Дінше, және ауған елшісі Абдурасул-хан елеулі де қомақты қомек көрсетті.

...біздің мақсатымыз – орыстарды талаптарымызды қабылдауға мәжбүр ету тәсілін табу, ұлттық ұйыммымызды шынайы қазіргі заманғы, ұлттық және саяси ұйым болатындей етіп нығайту. ...Шешуші лауазымдарға Жәмият Ұлттық Федерациясы ісіне адал және пайдалы адамдарды көтеріп, басмашылар мен жас интеллигент әскерилерді, тәуелсіздік жақтастарын, ұйымдастыран жасактарға айналдыру керек. Егер орыстар Түркістан, Қазақстан мен Башқұртстаниң әскери және экономикалық істерін жергілікті мұсылмандардың қолына берсе, Бұхара мен Хиуаға толық тәуелсіздік берсе, біз олармен бітім жасап, қарым-қатынасымызды жаңғыртуға әзірміз... Біз кеңес жүйесі ауқымында Шығыс Бұхарада ұлттық үкімет пен ресми қарулы күш құруға үлкен мән береміз...

...Бізben бірге қыргыз Төрекұл Жанұзақ пен әндижандық өзбек Сұлтан жан аямай еңбек етті. Бұл жігіт Самарқандың сол кездегі комиссары болған қазақ интеллигенті Серғазиевтің қарамағында істейтін еді. Солардың көмегімен қыркүйектің 5–7 күндері Түркістан Ұлттық Федерациясының съезі өткізілді. Делегаттар әртүрлі жолмен Қади Хайдар бағына енді. Съездің бір күні Матурид мәһәлласының бағында өтті. Бұл күні съезге қазақ Дінше [...] қатысты... Ту үлгісі бекітілген 6 қыркүйекті біз ұлттық мереке күні етіп жариялауға үйінде болып тұрған. ...Бұл – Түркістанның құллі аймағына бірдей, Россияға қарсы көтерілген ұлтымыздың тәуелсіздік туы еді. ...Съезде барлық басмашылардың басшыларына саяси

кенесшілер жіберу туралы шешім қабылданды... Түркістанда өткізілген барша съездердің ішіндегі ең бір жемістісі, жүрекке риясыз ұялаганы осы жиын еді.

...Озіміздің астыртын саяси қызметімізді біз кенес мекемелері мен коммунистік партия ұйымдарында ресми қызмет атқарып жүрген жолдастарымызben толық түсіністік жағдайда жүргіздік. ...Башқұртстаннан келген ұлттық батальонды мен бірден-ақ басмашылар жағына шығара алар едім. Бірақ біздің ашық қызметтегі қайраткерлер, мысалы Тұrap Рысқұлов, ресми кенес әскері құрамында ұлттық бөлім ретінде қалып, ашық тұрганы дұрыс деп санады... Тұракты бақылауда жүрген Тұrap Рысқұловпен мен көрісе алмадым. ...Маган Тұрадан хабар-ошарды Ташкенттегі башқұрт солдаттары мен Діншенің адамдары жеткізіп тұрды».

1921 ж., күз – Дінше безгекке шалдығып, Ташкентке олады. Киринпрос лазаретінде емделіп, 1921/22 оқу жылы осы езінін алғашқы ұстаздық-ағартушылық жолын бастаған оқу орнында оқытушылық қызмет атқарады.

1922 ж., көктем – *Дінше Әділов:* «...Ақмола үйеziнен ағам Байсейіт Әділов келді, ол аудандық милиция бастығы болатын. Оның ауданынан Түркістан Республикасы аумағына көшпендейлердің біразы көшіп кеткендіктен, менің ағама Ақмола үйе заткомы оларды қайтару жөнінде Түркレスпублика өкіметімен сөйлесіп қайтуды тапсырған екен.

...Мен ағаммен бірге жүріп кеттім. Түркістанда бірнеше күн болып, Шуға, еліме аттандым. Дағаның ауасы маған ете жақты, жазда әбден сауықтым».

1922 ж., күз – Ташкент. Ауылдан өзі ертіп әкелген балаларды Дінше қаладагы түрлі оқу орындарына орналастырады. Жасырынып жүрген Зәки Валидовпен өткізілген жиынға қатысады, онымен жеке кездеседі. *Дінше:* «Ташкенттің солтүстік шетінде Киринпросқа карайтын Иванов бағы болатын... Есімде, Бұхарада ажырасқаннан кейінгі менің Валидовпен бірінші кездесуім 1922 жылғы қазаның орта шамасында осы бақта болды. Баққа Қоқаның әйгілі Худаярханының ұрпағы Худаярханов деген біреу менгерушілік жасайтын. ...Осынау бақта Валидов маған мен Бұхарадан кеткеннен кейінгі оқигаларды әнгімелеп берді. ...Бірнеше күннен кейін Ташкент филиалының мәжілісі шақырыл-

ды... Бұл мәжілісте Валидовтың одан аргы тағдыры талқыланды... Валидов өзіне Рысқұловтың сол кезде Ташкентте Түрккомиссия төрағасы болып отырған Рудзутакке өтініш бер деп ұсыныс айтқанын баян қылды. ...Қатысуышылар бәрі бір ауыздан Валидовке мұндай қадамның қатерлі салдарға тіреп, оны өмірмен қоштасуға апаруы ықтималдығын айтты. Рысқұлов оған шынымен игі жақсылықпен қараса да, бәрібір әрмен қарай оны корғай алмайды десті. Бұл пікірмен Валидов келісті. ...Сонымен, Валидов өтініш бермей, жасылын жүруін жалғастырады, сондай-ақ, оған шетелге өтіп кету керек деп шешілді».

Зәки Валидов: «70 шақырым қашықтықты жылдам артқа тастанап, біз бесін намазында Ташкентке жеттік. Біздің штабымыз қаланың қақ ортасындағы Қазақстан педагогика институтының ғимаратында еді. Патшалық Россия тұсында мұнда гимназия болған-ды. Біз институт бағына кірдік. Бізді оқытушы Әзімбек Бірімжан қарсы алды...

... Таңертен օянып, біз фаэтонмен Иванов жүзімдігіне кеттік, онда мені Абдулқадыр мен осыншама уақытты түркістандық достармен өткізген әйелім Нафиса тосып тұрганды.

...Бір кезде Бұхарада бізben қазақ Дінше жұмыс істеген еді. Ол Балқаш көлі маңындағы қазақ тайпаларынан 40 шақты жігітті күреске әзірлеп, жол сілтеген еді; бізге және Энвер-паشاға қосылу үшін, жылқы саудагерлері кейпімен, олар Ташкентке келді. Олар мұлдем біздің даға жігіттеріндей, қызуқанды адамдар еді. Олардың қөвшілігі алма, алмұрт, шабдалы, қауын дегенді өмірі көрмеген-ді. Ақмоладан Қалқаманмен келген бірнеше жас қазақ Аблықтағы біздің бакта тұрды. Осында Дінше де келіп кетті. Ол қатарымызды тағы да жігіттермен толықтырмақшы еді.

...18 қыркүйекте (1922 жылы – *B.K.*) ашылған съезге 18 адам қатысты. Әсіресе қазақ интеллигенициясы жақсы атсалысты. ...Бұхарада «Орта Азия мұсылмандары ұлттық-демократиялық бірлестіктерінің федерациясы» деп атаган үйымымызды енді «Түркістан ұлттық одағы», ал Алашорданы «Солтүстік Түркістан» деп атایмыз деп келістік. ...Съезд шешіміне сәйкес мен әйеліммен Иран, Ауғанстан және Үн-

дістан арқылы Еуропага кетіп, онда Мұстафа Шоқайұлының көмегімен Түркістан ұлттық одағының шетелдік орталығын ашуға тиіс болды...»

1922 ж., қараша-желтоқсан – Дінше Түркхалкомкеңес төрағасы Тұрар Рысқұловқа жолығады. *Дінмұхамед тер-гегушігে:* «Мен онымен амандастым да, өзімнің Валидовпен кездескенімді айттым... Дауыстап сөйлесем керек, Рысқұлов менің жайырақ айтуымды өтінді, өйткені басқа бөлмеде Лаумуллин отырған-ды, ол, жаңылыспасам, жазалау органдарында... істейтін. Ақсап басатын еді. Рысқұлов: «Ақырын сөйле, ана ақсак («хромыш») естіп қалар», – деді.»

(Тұрардың Түркеспублика Халкомкеңесінің төрағасы лауазымына қарамастан, оны арнайы мекеме бақылауда ұстаганы астыртын қызметтегі Зәки Валидиге де аян болатын).

Дінше Тұрардың жәрдемімен Сырдария губкомынан ел ішінде аумақтық бағыныс мәселесіне орай жиындар өткізуге хұқ беретін арнайы мандат алады. Сосын ол Шу бойына оралып, Түркеспубликаға қарау жайындағы халық пікірін зерттеуге кіріседі. Ұзамай, кеңес өкіметі атынан келенсіздіктер жасап, елдің ар-намысын қорлап жүрген Фалым Әбубекіровті ауыздықтауға қатысады...

1922 ж. соңы, 1923 ж. басы – «Қарабура» жиснагынан (Дуллат Шалқарбаев, «Елім деп өткен ерлер-ай!»): «1923 жылы (дұрысы: 1922 ж. – Б.К.) күзде Сарысу өзені мен Ортау, Ақтау маңындағы екі болыс Таракты Шу өзеніндегі қыстауына жылдағыдан ерте көшті. Көптеген үйлер салығын төлемей кетті. Губерналық атқару комитеті көшкен елді тоқтатуға, мүмкіндігінше кері қайтаруға пәрмен жасады. Мұны орындау милиция бөлімдеріне тапсырылды. Фалым Әбубекіров... қару-жарагын асынып, ұзак сапарға жол тартады. Жол-жөнекей Нұра Темешіндегі құдаларына соғып, Шала деген құдасын жолсерік етеді. Шала жүрген жерін дүрліктіріп, әбігер ететін усойқы бұзық жігіт екен. ...ағайын-туыстарынан пысықай жігіттерді жинайды. Ұзын-ырғасы жиырма шакты адам болады. Бұлар қолына не түссе сонымен қаруланады. Бұл кезде Тарактылардың алды Шуға құлап кеткен. Қыс жылдағыдан ерте түседі. Енді кері қайту қын. Арқаның жолы бекіп, Фалым (жұрт оны «Қараногай» деп атап кет-

кен) бастаған топ та Шуды қыстап қалуға мәжбүр болады. Олар өздеріне арнайы бірнеше үй тіктіріп, екі болыстың ортасынан штаб құрады да, әр ауылға салық салып, мал жинайды. Елден қыстық киім жинатады. Ішік, тон, шапан, аяқ киім, бас киімде есеп болмайды. Артық дүниені теңге салып, буа береді. Әулие-Ата қаласына қора-қора қой, үйір-үйір жылқы айдатып, саттырады. Оған өрік-мейіз, арак-шарап, қыздарга сый етіп тартатын сырға, тарақ, моншақ, қойшы әйтеуір, көңіліне соққанды алдырады. Күн сайын мал сойдырып, казан ошактан түспейді. Қысқасы, қарулы жасақ жалпақ елді үрейлендіріп, тонауға кіріседі. Қарсылық көрсеткенді өздері қолдан жасаған абақтыға қамап қойып, дүрелейді, жанын көзіне көрсетеді. Совет үкіметінің сенімді өкілі шалғайдағы елге осындай зұлмат күн орнатады. Ешкімге бағынбайтын өз алдына бір мемлекет сияқты ойына келгенін істеп бағады. «Айдатамын, сottатамын» деп елдін үрейін ұшырады. Қит еткенге «Контрсындар!» деп зіркілдейді.

Осындай жөнсіздікпен қалың елді әбден ықтырып алғаннан кейін, енді олар басқаша бір намысқа тиетін сұмдықты бастайды. Күнара қызойнақ жасап, оған реңді қыз-келіншектерді алдырады. Оларды қорқытып, некелі әйеліндегі төсекке алып жатады. Кейбір қарсылық көрсеткен жас келіншектің қүйеуін қамап қойып, жұбайын көзбе-көз зорлайды. Қараногай мен Шала бара-бара келіншектерді місе тұттай, бұзылмаған жас қыздарға ауыз салады. Қайсы біреулер қыздарын адам бармайтын нарқамыстың ортасынан құрке жасап, сонда жасырып ұстайды. Кейбіреулер қызына араша түсемін деп дүреге жығылған. Қөшпенді ел арасында осындағы тағылықтар етек ала бастаған.

...Екі болыс Таракты жаңа үкіметтің айбарынан қорқып, қой терісін жамылған қасқыр сияқты «үкімет адамдарына» еш нәрсе істей алмаған. Тіпті атағы дырдай, білгір де, білікті, жүректі деп жүрген Мәдібек болыстың өзі де Қараногай алдында қауқарсыз болып шыққан. ...Істерге дәрмен жоқ, іштен тынады. ...Ақыры болмаған соң, Шуда демалып жатқан Бәйсейітке хат жазып, арнайы кісі жібереді. Бұл хабарды естігеннен кейін Бәйсейіт қатты абыржиды.

...Қара ногайдың қалай ұсталғандығы жөнінде Молдабек кария былай әңгімелеген еді:

— Біз ауылдан сегіз адам болып аттандық. Бәрімізде де қару бар. Атысса атысуға бармыз. Әбден сайланып шықтық. Арамызда – Ахмет, Әлібай, Смайыл және Бәйсейіттің туған нағашысы Сарықұлақ болатын. ...Ауылға келгенде иығына қызыл шүғамен тысталған күзен ішік жамылған Қараногай алдымыздан жүгіре шықты. ...Есік алдында қаздып, Қараногайдың күзетші милициясы – өзіміздің Жексен тұр.

...Үйдің ортасында темір пеш, үйдің іші қөнірсіп тұр, жыпжылы. ...Байсейіт сол жағын ала отыра берген Қараногайдың үстінен қона түсті. ...Сарықұлақ он жағында отырған Шаланың қеудесіне мініп қалған екен. Осы кезде сыртта тұрган Жексен мылтығын кезенген күйінде үйге кіріп келді де, атып жіберді. ...Шала сұлап түсті, Ахмет Қара ноғайдың қолын артына қайырып, байлап жатыр. Жексен сұлап жатқан Шаланың қолындағы наганды жұлып алды. Кейін білдік, Сарықұлақ үстінен міне түскенде, ол саптама етіктің қонышындағы наганды алып үлгерген екен. Оны үйге енген Жексен көріп қалыпты. Мылтықты атқан себебі сол екен. Ол Шаланы атпағанда, Сарықұлақпен қош айтисады екенбіз.

...Жол-жөнекей бізге қасына Нұрлан мен Үскакты ерткен Мұқыш (Дінмұхамед) карсы кездесті. ...Маған реңі сұп-сұр болып, қанын ішіне тартқан Жексен жақындал келді, қолында көлденен ұстап алған винтовкасы.

— Шаланы атқан мен. Қара ноғайды Тарактының бір жігіті атты, қыздың ағасы. Бұл жерде Мұқыштың қатысы жоқ, – деді ол дауысы қалтырай сөйлеп.»

1923 ж. қыс – Дінше «Қараногай-Шала» оқиғасына байланысты Ақмола және Әулиеата үйезаткомдарына баяндама жолдайды, одан Ташкенттегі республика басшылығына жолығып, істің мән-жайын баян етеді. Сосын Әулиеатага орапалып, үйездік комиссияның құрамына енеді, арқалық көшпелі жұртты Әулиеата үйезіндегі жаңа орындарға қоныстандырумен шұғылданады.

1923 ж., қоқтем – «Қараногайды» жоқтаушылар Орынбордан (Кирцикten) Ташкентке (Турцикке) Әділұлдарын іздейген жеделхат жолдатады. Осыған орай Әулиеатада Дінмұхамедке Түркатком басшыларының бірі Сұлтанбек Қожанов ара туседі.

1923 ж., 23 шілде – Дінше Әулиеатаға келгенінде, Мәскеудегі Әлихан Бекейхановтан өзіне рухани сүйеніш боларлық ақыл айтқан хат алады.

1923/24 оқу жылы – Әділов Ташкенттегі Қазақ агарту институтының (Киринпрос) оқытушысы, одан директоры қызметтерін атқарады. Түркістан Республикасы Ағарту халқоматы Ғылыми кеңесінің мүшесі болады.

1924 ж., 24 көкек – «Жасырын. Қазақстан комитетінің өкілі, һәм Киркрай милиция бастығы Нысанбайұлына баяндама.

Откен 23-інші жылды Шу бойына Ғалым Әубәкіров тақырыпты болған оқиғаға Байсейіт Әділұлы хұқметтің қызметіне бармай, Шуға қашып келіп, Ақмоладан келген налог жиошуыларды ғайри басқа қызметпен қолданып келушілерді жүргізбей һәм оның міндетті қызметін атқартпай, халықты азғырып артына ертіп алған соң, қызметшілері елдің арасына шешуді камесия бастығы Ғалым Әубәкіровке шағады. Қазынаның салықтарын һәм басқа түрлі шаруашылық жағын атқартпағандықтан, Әубәкіров анықтауды Әділбаласын өзінің сиезге тіккен үйіне шақыртады. Шақыру бойынша елінен Байсейіт Әділбаласы қасына екі атқосшы ертіп алыш. Әубәкіровке келе жатқанда Жексен деген милиса қарсы жолығып, бармай-ақ қой, барып опа қылмайсын, тұтқынға алады, яки айдайды, неше күннен бері қарай рұқсат ала алмай. хабар беруге бүгін босанып келе жатырмыз осы деді. Бұдан кейін 9-ыншы районның начальник милиссасы Қуан Байжанов комисиада жолығысады. Барлығы тарактының бұрынғы болысы Мәдібек Кеншімбаласының үйіне келіп қонады. Кеш батқасын Кеншімбаласын алдыға шығарып алыш сөйлесіп. Ғалымды ұстамаққа уәделеседі. Және ақылының ішіне Сәрсенбек Ылсақбаласын да алды. Таң атқасын Қуан Байжанов қасындағы 5 милисамен Қарқаралыдағы Түбеліүйге алыш жөнеледі. Қайдан сол жерге ұстамақ болып, сол бетімен тоқтамай, Ғалым отырған үйге келіп түседі. 10 шақты адам амандастып, мәжілістесіп отырганда, Байсейіт Әділбаласы жолдасы Сарбалақ мырзамен баласына айтады. Далага шығып байқа, жолдасы бар ма екен басқа үйде отырған. Ол далага шығып байқап келіп, Қазір-ақ ұстаяға болады екен. 4 адамнан басқа ешкім жоқ келе жатқан, жан-жақтан адам

да көрінбейді деп хабар бергесін, Байсейіт үстіндегі киімін жұлып тастап, айқайлап, байландар, ұстандар деп, Галымды басып ұрды. Шаланы Сарбалак ұстай алған, сыйбайлас алыса бергенде, жоғары Жексен деген хабар беруші милитса кіріп, милитса тез үйдің ішінде винтовкамен атады. Оқ он қолының бармағын жұлып кетіп, астыңғы білікті үстінен сүлеп өтеді. Соナン соң байлап алып, Мәдібек Кеншім баласының үйіне барлық сыйбай-саймандарымен халықтың сиезге деп арнап тіккен үйлерін қаншама кілем, көрпе, жастық, әмме ұрылардың пайдасына түскен 10 жылқы, 10 түйе һәм 84 қойларды алып барады. Барған соң кісі жіберіп Мұқыш Әділбаласын шақыртып алады. Және қаншама таманың басшы адамдары келгесін, жиналғандар ақылдастып, өлтірмекке байлайды. Галым Әубекіров пен Шала Жолдасбаевты сол күні кеш батқасын 12 шамалы адамдарды түйеге мінгізіп женелтеді. Шудың Ұланбел деген арнасы өтетін шөлінен араға келген соң, басқаларды жүргізіп жіберіп Әулиеатаға қарай, Әубекіров һәм Жолдасбаевты алып қалады. Сол жерде мұзды ойғызып, Жайлаубаевқа Галымды, Жексенге Шаланы аттырып, ойған жерге – арнаға тас байлаттырып тастайды. Мұқыш өзі командивить (араб әріптерімен жазылған түпнұсқада осылай, орыс әріптерімен жазылған – Б.К.) етіп тұрып, бұдан басқа жоғарғы айттылмыс нәрселерді Әділ балалары өз пайдаларына жаратады. Және 80 шамалы мылтықтан Әулиеатаға 5 мылтық береді. Уголовный розыскіне материал бергенде, калғанын байларға таратып, жарамды винтовкаларды өзіне қалдырады. Галым қолданып істеп жүрген қағаздардың жасаган қаулыларын тиісті жерге бермей, жояды. Толып жобаға муақұқ болған және сұрап болыстық халықпен кім сайлаумен болған атқару комитетінің ісін, мөрін, жарлық қағазын Мәдібек Кеншім баласына алып береді. Әулеқұл уағында тұратын болғасын һәм күш көмек болашақ приговор болатынын білгесін, бұдан басқа тарафтың әйелдерін жинап алып жауапқа болмағасын, жұмыстарды айтқызып көп жерде қызынақ жасап масқаралады, қазактың нешетүрлі сәбәп көрсетіп қаралау жағын қарастырып, талап алыпты қылышп, тарақтының көп нәрселерін есепке алып, өтірік әйелдердің һафтрылық қылышп бір список жасап, мөр

басқызып, зорлықпен келіп кетіп пайдаланып отыр. Мұның барлығын жасап болғасын, халықтан 1000 қой жинаттырып алып, Та什кентке барып, Сарысудан бергі жерді жайлattтырып, Сібір облысына қаратпақ болып, елді азғырып, Әулиес-атаның топырағына өткізіп жібермек сол. Ел өтіп, көнілдегі кетіп болғасын, жинаттырып алған қойларын Та什кент алып барып, кіресіне жұмсап, шорасын төресін ұзартады.

Ескерту: Фалым Әубәкіровті, Шала Жодасбаевты масқаралап атып суға қолымен тастаганын жасырып қойып, мағлұмат еткен жерлерге қашқанда ілестіріп бара жатқан пошталарға атты деп акт жасап білдіріп отыр.

Баяндама беруші уездной милитсаның қызметкері Абылқасым Нұрқасов.

26-ншы апрелде 1924 жыл».

Бұл құжат өкімет қағаздары арасында сакталған, тысына «О братьях Байсеите и Дильмухамеде Адилевых, обвиняемые в агитации против налогов и законов, изданных советской властью. Начато 22 марта 1924 г. Окончено 7 июля 1924 г.» деген жазуы бар № 6 іс-қағаз ішінде араб әріптерімен толтырылып сақталған үш «баяндаманың» біреуі. Көк қарындашпен дәптердің бір бетіне жазылған алгақысында Байсейіттің бір ауылдан жиырма шақты милициямен келіп салық жинағаны, қара қарындашпен үлкен парактың қос бетіне түсірілген екіншісінде – Республиканың бас милиционері Нысанбаевтың сұрауына орай, Қаранғай-Шала оқиғасына қатысқандардың аты-жөндері, Байсейіт пен Мұқыш әрекеттері, айтты дейтін сөздері келтірілген. Негұрлым мәндірегі – мәтіні жоғарыда келтіріліп отырған үшінші баяндама. Бұған осы іс-қағазды жинақтаушы да айрықша көніл аударған болуга керек, сиямен көшіртіп, «Копия с подлинника верно. Уполномоченный КирЦИКа Нисанбаев» деп қол қойып барып, тігіпті.

Іс-қағаздағы төртінші паракта Нысанбаевтың Түркістаннан Қызылжарға жолдаған жеделхатының көшірмесі бар: «Петропавловск. Предакмолгубисполкома. Подтвердить мне срочно телеграфно адресу Туркестан имелось нет против Байсеита Адилева назначенного прошлых годах начатбасарумилиция скрывшегося полученным оружием патронами

каком количестве также результат этого дела. Начглавмилиция УполКирцика Нисамбаев. 14/V – 24 г. 35 слов – 2 р. 25 к.»

1924 ж., жаз – үйленуге талпыныс. *Дінмұхамед Әділов:* «Жазғытұрым мен Әулиеата арқылы ауылма бардым. Ауылға мені тек таза сезім мәселесі тартып тұрған еді. Мен бір қызға ғашық болатынмын, үйленбекші едім. Қыз да мені жақсы көретін. Бірақ ата-аналары қарсы болды.

Біз Әулиеатаның батысына қарай, Билікөлдің терістік жағын қыстаган-тынбыз. Біздер қызы алышпайтын туыстар болғандықтан, біздің үйленуімізге ата-аналарымыз келісім бермеді. Әдет құқығы бойынша біздің хақымыз жоқ еді. («... по адату не имели права») Мен... Әулиеатага кетуге мәжбүр болдым. [...] Жандосов, Соколовский, жалпы тұтас бір комиссия келгенін естідім. Халық бұл комиссиядан қатты корқып тұр екен.

Мен Қожановтың әйелінің бауырының (Жағыпар Мұңайтпасұлы Лапин, Күләндам Мұңайтпасқызы Қожанованың ағасы – *Б.Қ.*) үйіне тоқтаган едім, тұра сол уақытта кешке қарай Жандосов келді, тағы сәлден кейін Соколовский көрінді. Мен оны білетінмін, ол Айрықша Бөлімнің менгерушісі болған-ды. Бірде, Верныйда жүргенімде, мен Айрықша Бөлімде 3 күн отырған едім. Онда со шақта Фурмановқа қарсы бүлік болған-ды. Бүлікшілер атылуға тиіс адамдардың тізімін жасаған екен де, мені де соған жазып қойыпты. Соколовский содан бері менің есімде.

Жандосов Лапинге бірінші бол келді. Біз екеуіміз ескі достарша амандастық. Біраздан соң көзілдірік киген Соколовский кірді. Мені оған Жандосов таныстырыды: «Вот знаменитый Адилев, который известен по всему ГПУ Союза» («Одактың құллі Бас саяси басқармасы бөлімдеріне белгілі болған әйгілі Әділов міне осы»). Соколовский: «А, Әділов?. Одан арғы таныстыру қажет емес», – деді. Біз ұзак әнгіме-дүкен құрдық, күн тәртібінде тұрған өзекті де жанды жәйттер жайында сөйлестік. Таң атқанға дейін отырдық.

Олар түрлі жоспарлар құрған-ды. Маған, жаңылыспасам, Жандосов қазақ тұрмысын зерттеу жұмысына қатысуға ұсыныс жасады. Мен келістім. Жандосов пен Соколовский Әу-

лиеатада қалды. Әулиеата ГПУ-інің бастығы Субботин экспедицияны басқарып шықты. Мені оның көмекшісі ретінде қосты.»

1924 ж., күз – Дінмұхамед: «Меркеге бардық, онда 12 күн болдық, халық көп жиналды. Заң біткен жайына қалды. Қалайша жол бергендерін білмеймін, менімше келеңсіз жәйттер болып жатты. Комиссия тағайындейды, ол өз бетінше үкімдер шығарады т.с.с.

Мен Шымкентке жүріп кеттім. Жалпы, Шымкенттің партия органдары осы комиссияның жұмысына қарсы наразылықтар айта бастаған.

Жандосов пен Соколовскийді кездестірдім, көңіл-күйлері мәз емес-ті.

Жауапты қызметкерлердің жиналысына қатыстым. Губком хатшысы Каучуковский, губкомның бір бөлімінің менгерушісі Ескараев болатын. Облревком төрағасы Досов еді.

Ол кезде ұлттық межелеу жүріп жатқан...

Досов пен губком түгелдей Соколовскийдің, жалпы жаңағы комиссияның қызметіне қарсы, жұмысын сынап сейледі. Соколовский қорғанып бақты, бірақ онысынан ештеңе шыққан жоқ. Жандосов Голышкинмен ұстасып қалды.

Ақыры мені ескі дос ретінде Досов қарсы алады. [...] Досов маған сонда қалып жұмыс істеуді ұсынды. Мен қабыл алдып, облревкомның іс басқарушысы қызметіне кірістім.»

1925 ж., сәуір – Дінмұхамед Әділов Кенестер съезі болатын Ақмешітке келеді. Мырзағазы Есболов екеуі «Гержоттан қысым көрген Қожановтың бір жақынының үйіне» тоқтайды. *Дінише*: «Біз Үкімет көшіп келе жатқан пойызды қарсы алдық, станция жанында митинг болды, Нұрмақов, Досов және басқалар сөйлеп жатты. Мен ескі достарымнан Сейфуллинді, Садуақасов Жанайдарды көрдім, Смағұлды көрдім, бәрімен бірге бір асханаға барып тамақтандық...»

1925 ж., мамыр – «Съезден кейін... мен Ташкентке қайттым. Есболов, Ермеков, әйелімен Аспандиаров бәріміз бір вагонда болдық. Мен, Есболов, Ермеков және Аспандиаровтың әйелі преферанс ойнадық. Ташкентке келгеннен кейін бірнеше күннен соң Шымкент кеттім, Сырдария губсотына аға хатшы болып қызметке тұрдым. Мені Күлетов ұсынды.

ол сол кезде губкомда жауапты хатшы болып істейтін...»

1925 ж., шілде-тамыз – «...демалыс алдым, бір қызға үйленуге бел буған едім. Үйлендім. Келіншегімді Әулиеата үзінен Шымкентке алып келдім».

1925 ж., 11 тамыз – «...Қызылордаға келдім. Тұнделетіп, бірден Қожановтың пәтеріне бардық. Менімен бірге Асқар мен Байдуллаев Ағабек (және келіншегі Әзиза – Б.Қ.) бар еді. Төртеуіміз бірге... ауласында бос киіз үй тұрған, бізді сонда орналастырды. Сонда қонып шығып, таңертең Қожановпен көрістік, әнгімелестік. Мен оған қызмет жағын айта бастадым. Ол маған Наркомпрос орынбасарына хат жазып берді. Орыс еді, кейін қайтыс болды, фамилиясы есімде қалмапты. Сол шакта Ағарту халық комиссары Садуақасов болатын, ол орнында жоқ еді...»

1925 ж., 12 тамыз – Ағарту халық комиссариатының аға инспекторы қызметіне Дінше халкомның орынбасары Константин Стародубцевтің бұйрығымен қабылданады. Ұзамай Ұлт театрын үйлемдастыру жұмыстарымен шұғылданады.

1925 ж., 25 қараша – Дінше Әділұлына Қазақ Мемлекеттік Театрының директоры болып тағайындалғандығы жөнінде № 23 қуәлік беріледі. 1925 жылғы 1 желтоқсанда жұмысын бастаған V партконференция құрметіне театрдың алғашқы ойыны қойылады. Ол тұста әр қойылымның бірінші бөлімінде шағын спектакль ойналып, екінші жартысында ән-күйге кезек беріліп тұрған. Сахнаны безендіруге бірі жұптыны, келесі ойынан бай – екі киіз үй жиһаздары пайдаланылды. Қызығы да, қындығы да мол ұлттық театрдың бірінші маусымы солай басталып, 1926 жылғы 13 қантарда Қошке Кеменгеровтің «Алтын сақасымен» ресми ашылды да, кәсіби драмалық өнер ордасы ретіндегі тарихи бійгіне бет алды...

1926 ж., 15 мамыр – дөгарыс. Бірқатар жанама деректер Діншенің қызметінен өз еркімен кетуіне Жоғарғы Сотта істейтін заңгер Сапар Мұстафиннің астыртын эрекеттері әсер еткенін байқатады. 1917 жылдың жазында екеуі де Ақмоладағы «Жас казак» үйымина мүше еді. «Жасқазактықтардың» ескерткіш суретіне екеуі бірге түсken: жузінде албырт өрлік бар балан Діншенің арт жағында жүжалтан Сапар тұр... Бес жарым жылдан кейін, 1923 жылдың басын-

да олардың жолы құмда тоғысады... Қарақышлық сипатқа енген Ғалым Әбубәкіров («Қараноғай») жасағының бір бұтағын басқарған Сапар Мұстафиннің қарамағындағы қарузыздандырылған милиционерлерімен бірге тұтқындалып, Әулиеатаға әкетілуіне Дінмұхамед Әділұлы сеп болған... Ақмола өкімет орындарының тапсырмасын орындан жүрген Мұстафин, сөз жоқ, тиісті түсіндірулерден кейін, көп ұзамай еліне оралды. Әрине, сол атышулы оқиғаға орай көкірегіне кек байлап қайтты... Ол қызмет бабымен жақсы өсті. Өз енбекі бар, бәлкім, үкімет басында отырған бұрынғы «Жас қазак» ұйымы бастығының да қамқорлығы болған шығар... Өскен сайын, өш алу үнемі ойында жүрген...

Екі өлкे екі республика болып тұрған шактың өзінде-ак Әділұлдарын жауапқа тартқызузың бірер шарасы жасалған: 1923 жылы олар – Байсейіт пен Дінмұхамед (Мұқыш) – Қазатком тарапынан Түрккатком арқылы іздестірілді. 1924 жылы Қазак Республикасы Милиция бас басқармасының бастығы Нысанбаев Қазатком уәкілі ретінде олардың үстінен саяси мәнді іс қозғап, едәуір назар аудараптық тірлік жасады...

Міне енді 1925 жыл тартуы: бәрі бір қаланы – жаңарған Қазақстанның жаңа астанасын мекен етті. Сапар – республика Жоғарғы Сотының тергеушісі. Иссапармен Әулиеатаға барып, қозғалған Қабылбек Сарымолдаевтың ісін жауап, шағымданушы Қарабай Әділбековті айыпкер етіп оралуының пайдасы тиғен болуы да ғажап емес – Жоғарғы Сотының азamatтық істер бойынша алқасының төрагасы лауазымына ие болды. Заңгерлік арнайы білімі болмаса да, жалпы білімі төменгі дәрежелі деңгейде ғана болса да, ол өзімен қатар істеп жүрген жоғары білімді заңгерлер жете алмаған қызмет сатысына тез көтерілді... Демек оның Әділовтерді құғындау мүмкіндігі де артты...

Тарихи істі бастап, ұлттық театр өнерін жап-жақсы даму жолына қойған Діншешін 1926 жылы жазғытұрым өз еркімен қызметін тастан кетуінің астарында осы жәйттің жатуы гажап емес...

1926 ж., қазан – Дінмұхамед Әділов: «Қызылордаға келген соң Қожановтың үйіне тоқтадым. Қожановтың үй-іші тұрған Досмұхамедов Халелдікінде болдым. [...] ...жолпұлым – ма крайком нұсқаушыларының бірі Кадоленко 10 сом берді.

[...] Шымкентке келіп, ортанышы Мәмбееевке (олар үш ағайынды еді) соктым, мен онда заттарымызды қалдырган едім. Жүктөрімізді түйелерге артып жібердік те, келіншегіміз екейіміз Әулиеатаға тарттық, сол жақтан ауылға бардық».

1926 ж., қараша-желтоқсан – «Мен Шымкент пен Қызылордаға барып қайтпақ болдым. Келіншегім сырқат еді, қасыма ертіп алдым. Бұл 1926 жылдың қысы болатын.»

Діншенің бұл сапарларының астарында, сөз жоқ, қызметке тұру әрекеті жатқан-ды. Реті келмеді. Ең бастысы, қызмет ұсынып қолұшын берер ешкімнің жоктығына, Байсейіт екеуінің де жағдайларының кісі қызығарлық түгі қалмағанына көзі жете түскен еді. (Байсейіттің адвокатурамен шұғылданғанын НКВД ардагері Иван Шумиловтың естелігінен білеміз. Оның да, Діншенің де қызметтерін өткізіп елге көшулеріне себеп – баяғы 1922/1923 жылғы қыста болған оқиғаны қуушы дұшпандарының әрекеттерінен сескенген-діктері жатқан. Бұл ретте, жоғарыда айтқанымыздай, жазалаушы органдарда істейтіндердің, қеуделеріне кек тұтқан басқа да ескі таныстарының белгілі бір дәрежеде тиісті жерлерге тиісті сыйырламалар түсіріп, қажет пікір туғызулады бек мүмкін). Олар 1926/27 жыл қысын ауылдарында өткізді.

1927 ж., қоқтем – *Дінше тергеушигі:* «Менің ағам Байсейіт Шымкент пен Қызылордаға барып, жағдайды, бұдан аргы уақытта не істерімізді барлап қайтпаққа бекінді... Смағұл Садуақасовпен және Сейфуллинмен сөйлеспек болды. Мен ағамды тосып қырда қала бердім. Сосын отбасымды алып, Шымкентке бет алдым. Қаратаудың етегіне жеткенімізде Байсейіттің қамауға алынғанын, Шымкент абақтысында отырғанын естідік.» Дінше ұғады – Қараноғай мен Шаланың жанашырлары өш алуға нақты іспен кірісті деген сөз. «Маган одан әрі жүрү қатерлі еді, Оразбек Наубаев дейтін қазакты біліп қайтуға жұмсадым. Ол ертеректе ағамда милиционер болып қызмет атқарған-тын. Онымен Болысбек (фамилиясы есімде қалмапты) бірге кетті. Осы кезде бізге Байдуллаев Ағабек келді. 15 күндей өткендеге жаушыларымыз оралып, ағамды Қызылордаға әкеткендерін хабарлады. Ауылға қайттық. [...] Қызылордаға бірден өзім баруға қауіптендім. Сондықтан 60 шакырымдай жетпей тоқтадық. Қолдарына Есболотовтың атына хат жазып беріп, Байдуллаев пен

Бейсенбаевты қалаға жібердім. [...] Олар айтып келді: «Казшерстъ» басқармасының мүшесі бол жұрген Есболовқа барып, хатты беріпті. Анау оқып шығып, жыртып тастапты да. Байсейіттің ГПУ-ден Домзакке ауыстырылғанын хабарлап, мені кешке елеусіз ертіп әкелуді сұрапты. Тұнде біз Есболовтікіне бардық, онда Дулатов отыр екен. [...] Біз Байсейіттің босануынан үміттенуге болар-болмасы туралы талқыластық. [...] Байсейітті, егер мүмкіндік туса, тұрмеден қашыру керек деген пікірге келдік. Мен Домзактің кейбір надзирательдерімен байланыс орната бастадым... [...] Қалада бірде Дулатовтікінде түнедім. Құндіз ол мені екі жас коммунистің қасына орналастырды. [...] Мұстафаны өлтіріп кеткенін газеттен оқыдым. Балқайды бұрын, театр директоры кезімде білуші ем, Дулатовтікінде кездестірғем.»

Міржасып Дулатовтың көрсетулерінен: «Мен студент туысым Мұстафа Қөшековке (ол қазір қайтыс болды) үйіне барып өтініш айттым, Әділовтің қасында тұра тұруына рұқсат ет деп. Мұстафамен бірге Байтуғаев Балқай дейтін студент тұратын, ол да Әділовті билетін. Әділов олармен бір-ақ күн тұрған сияқты, сосын кетіп қалды. Ол ағасының хал-жағдайын білуге келген сияқты еді.»

Діние: «Дәүлетияров Махмұдтікінде бірнеше күн болдым. ол менін бажам еді, келіншегімнің сіңлісіне үйленген-ді. Еңбек халкоматында істейтін тәрізді-тін. [...] Байсейітті тұрмеден «қашырудың орайын келтіре алмадық та, біз ауылга оралдық. [...] Тағы Қызылордаға жиналдым, бұл жолы Бейсенбаев Мұқатай мен өзімнің жақын туысым Қәрібаев Нұрланды ерттім. [...] Тағы да қашырудың сәті түспеді...»

1927 ж., күз – «Нәтижесіз сапар мені жалықтырды да. Рамазан мен Қәрібаевті жұмсадым. [...] Біраз уақыттан соң бір қазакты ертіп Нұрлан оралды, анаусы Әулиеата аумағындағы Талас өзені бойында тұратын Жағалбайлы руынан екен. Олар Байсейітті босатып алу үшін ақша жинап, адам жіберіпті, солармен Қызылордада менің жаушыларым кездескен көрінеді. Іс Әділет халкоматына өткізіліпті де, олар енді Байсейітті босатып алу әрекетіне кірісіпті. Бұл шаруага Алқа мүшесі Қадырбаевтың қатысы мол болыпты. Байсейітті кепілдікке шығаруға үйғарыпты. Қадырбаев пен Қапин Сабыр кепілдік беретін кісілер табындар дейді. [...] Ауылға

Байсейіт оралып, мені шақыртыпты. [...] ...маған тұтқында-
лының егжей-тегжейін айтып берді. [...] Кейінірек оған өз
ісінің Ақмола губсотына жолданатыны, оған Петропавлға
баруға тұра келетіні мәлім болады. [...] Дулатовқа жолыға-
ды, ол қашып кетуін мақұл көріп, қаражат беріпті. Ағам
Досмұхамедов Жаншаға да барған екен, ол да ақша беріпті.
[...] Билет алып, Түркістан жағына кетеді. [...] Кепілдік бе-
рушілердің бірі Құлмұратов Кәріпбай. [...] Бейсенбаев Мұқа-
таймен Мейірмандікіне тоқтайды, Мейірман оларды атқа
мінгізіп, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі «Төртши» деген
жерге жеткізеді. Онда Байсейіттің таныс адамдары көлік
беріп, Байсейіт серіктерімен ауылымызға жетті. Бізді ешкім
мазалаған жок...»

1927/28 жж. қыс – «Қыстың біз ың-шыңсыз Шу өзенінде
өткіздік. [...] Түркістаннан Үмбет (фамилиясын білмеймін)
келіп, Жабаев Рұстембек деген қызметкерді көргенін айт-
ты, ол әлдекалай Қызылордаға барып қайтқан екен, сонда
Мәскеуден Қожанов келіпті, Қожанов Жабаевқа айтып-
ты-мыс: Қызылордада Әділовтердің соңына мықтап түсіпті,
егер оларды ұстап алса – абақтыға жабады, сол себепті алы-
сырақ жүргендері дұрыс деп. Ол мұны Жабаев бізге жеткі-
зеді деген есеппен айтса керек.»

1928 ж., көктем – «Көшпенді жұрт солтүстікке бет түзеп,
жайлайға қоныс ауыстыра бастады. Мен Ташкентке барып
қайтпақ болдым, Қожанов Ташкентте істейді, БК(б)П ОК
Орта Азия Бюросының үгіт-насихат бөліміне жіберілді деп
естіген-тінмін. Сонымен көрісіп, жағдайым жайында сөй-
лессем деп едім. Бәлкім мені Өзбекстанда қызметке орнала-
стыру қолынан келіп қалар, мүмкін ағыннан жарылып ашыл-
дер, яки шетелге сапардың ретін келтірер. [...] Кәрібаев
Нұрлан екеуіміз Байдуллаев Ағабектің ауылына беттедік.
[...] Жолда бізге Жақыпов Ордабай жолығып, Байдуллаевтың
қамалып қалғанын, Домзакте отырғанын айтты. Ол қылмыс
іздеу бөліміне қызметкес тұрған екен де, пәре алды деген ай-
ыппен тұтқындалыпты. Жақыпов бізге одан хат әкеле жатыр
екен. [...] Ағабектің ауылына келдік. Мен оның жағдайын
білмек болдым. Егер қашқысы келсе, колұшын бермекшімін.

Өзелі мен Арыска дейін атпен барып, Арыстан Ташкент-
ке дейін пойызға отырамын ғой деп ойлаған едім.

Біз Домзакке тұнде ұрланаң келіп, терезеден Агабекті көрдік, ол кенседе жұмыс істеп отыр екен, бас изесіп сәлемдестік, ол да бізді көрді.

[...] Достарыммен көріскім келді. Сонда Аймауытов тұратын, ол Шымкент қазпредтехникумының қоқытушысы еді. Пәтері техникумның жанында екен. Кешкісін терезесінен қарап, үстелде отырғанын көрдім. Есімін атап жәй ғана дауыстап шақырдым. Ол жұмысын тоқтатып, сыртқа шықты. Біз қарандыры бұрышқа барып тұрдық. [...] Есімімді атағаныңнан-ак, мен сені даусынан таныдым деді ол маған. Мен оған халахуалымызды, Ташкентке барып, Қожановпен ақылдаспақ ниетімді, бірақ Шымкентке келгенімді, өйткені мұнда достарымыздың бірі отырғанын айттым. Маған көмектесуін өтіндім. Ол маған менің мұнда көзге түсіумің қауіпті екенін, мені тұтқындаулары ықтималдығын айтты. Егер біз Байдулаевты түрмеден алып қаша алсақ, мейілдерің деді, бірақ Ташкент сапарына қатысты қарсылық білдірді. Өзі жақында Ташкентке, одан Қызылордаға шықпақшы екен, егер менің Қожанов пен Дулатовқа сәлемім болса, айта бармақ. [...]

Агабекті алып қашуды былай ұйымдастырмак болдық: оны амбулаторияға апару керек-тін, біз ат дайындал тұрамыз, Агабек амбулаториядан сыйылып шыға алса, атқа мінеді де жүріп кетеді. Таңертен... [...] біз қала сыртынан тосуға тиіс едік, ал оның ағасы аттарды алып, түрме жаққа кеткен. Біраздан кейін Агабектің шауып келе жатқанын көрдік, сойтіп біз төртеуіміз аттарымыздың басын қоя бердік. Жылдам жүріп, Арыс өзеніне дейін келдік. Агабектің Темірлан поселкесіне тақау жердегі бір танысынықіне тоқтадық. [...] Сол күні бәріміз оның ауылына жеттік. Тағы бірнеше күннен соң мен серігіммен қырдағы ауылымга аттандым...»

1928 ж., жаз – *Дінмұхамед*: «28-жылдың жазында Шымкентке келіп, Аймауытовпен кездестім. Арамызда Голощекин туралы әңгіме болды. [...] ...ол қорқынышты бір аласапыран болып жатқанын, бәрінің астан-кестені шыққанын, айнала жансыз, агент, тыныс алу, қадам басу мүмкін емес. бар жерде тынышсыздық, андушылар екенін, т.т. айтып шағынды. Қазақстан масқара үрейлі жағдайға түсірілді, ал мұның бар себебі Голощекинде. Дүние ол келген соң аяғы аспаннан келе төңкерілді. [...] Мен бе, әлде ол ма, есімде жок,

әйтеуір әңгімелесіп тұрғанда, қастандық жасауға болмас па екен деген мәселені көтердік. Аймауытов өзінің қастандық жағында екенін айтты. [...] Нұрланды Қызылордаға жібергенімде, одан Дулатовтан Голощекиннің қайда екенін сұрай келуді өтіндім. [...] Дулатов айтыпты: Голощекиннің өміріне қастандық жасауды ойламау керек, өйткені, біреуін жойсан – басқасы келеді, ал бұл әрекет үшін террор жүргізілетін болады, біз мұнда бәріміз де байлаулымыз, қастандықтың көрі нәтиже беруі ықтимал, әрі баршамыз да аяқ-қолдарымызben матаулы емеспіз бе деп. [...] Голощекинді кім өлтіру керек деген мәселе алға қойылған емес. Мен тек кана өз күшіме сене алмайтынмын. [...] Біздің Голощекинге дұшпан деп қарайтынымызды, барлық ұлтшылдардың оны жеккөретінін, түптін түбінде оны тайдыру қажет деп есептейтінімізді Нұрлан білетін. [...] Алға қойған мақсатқа жетудің сенімді жолдарының бірі – террор дегенді айтатын бізге Бекейханов. Ол Софья Перовская және басқалар туралы әңгімелейтін, сейтіп мынандай ойды өрбітетін еді: қазақтардан терроршылар пайда болмайынша, қазақ халқының азат болуынан үміт ете алмайсың деп. Қазақтың ұлтшыл-қызметкерлері көп жағдайда инертті, жандарын аяиды, қатерлі істерге бармайды дейтін. Ол террордың қажет құрал екенін қызына әрі беріле сөз ететін, бірақ бұл мәселе [...] принципті шешімін тапқан емес. Жеке әңгіме-дүкен үстінде террор жайы сөз болатын, патша режимі тұсындағы революционерлердің жауынгерлік ұйымы дейтінді мадактайтынбыз. [...] Террорды принципінде пәрменді құрал ретінде мойындайтын едік, бірақ бұл ретте ұдайы тіршілік айналасынан үзай алмайтынбыз, өйткені бәріміз де отбасымен тұсалғанбыз-ды, жанұя үлкен кедергі еді, ол мұндай қызметті жандандыруға мүмкіндік бермейтін.»

1928 ж., күз – Байсейіт пен Мұқыш ірі байлардың дүни-е-мұлкіне жүргізіletіn тәркілеу науқанымен бірге өздірінің де қамауға алынуы ықтималдығын сезініп, бой тасалап, әр сыбысқа құлактарын түрік ұстап жүріп жатады. Өкімет өкілдері барды деген ауылдан қаша көшеді. Ақыры, сондарынан тікелей құғыншылар түскенде, олар бір-бірінен көз жазып қалады...

1928 ж., 17 желтоқсан – Дінмұхамед: «...Ағабек тауда екен. Біз үйлер арасымен терендей бермекші едік, артынан бұл ойымыздан айнып қалдық. Асқар мен Нұрланды жұмса-мақ болдық, себебі Жағыпар біздің үйлеріміз қонған жаққа барып бәрін біліп қайтамын деген. Біз Ағабектің ауылында қалдық. Бұл түнді біз сонда өткіздік, ал таңертең мені біреулер ертемен ояты, өкімет өкілі келгенін айтты. Мен асығыс-усігіс киіне бастадым...»

Чекист Шумилов (Ұлы Қазанның 50 жылдығына орай шыққан Қазақстан чекистерінің тыныс-тіршілігін баяндайтын «Көрінбейтін майдан» атты жинаққа енген «Жартыфедалдар» операциясы» естелігінен): «...Әділов пен Ағабековті (Ағабек Байдулаевты – Б.Қ.) тұтқындалап, біз аялдамастан жақын жердегі теміржол станциясына жүріп кеттік, одан Қызылордаға, ПП ОГПУ-га жеттік те, сол жерге Әділов пен Ағабековті өткіздік. [...] Кент-Аралдан мен шыққалы тұрған күні, біздің жасақтың бастығы Егембаевқа ағайынды Әділовтердің тұтқындалуға тиіс екінші бауыры – Байсейіттің жүрген жері мәлім болды. Егембаев бір топ жауынгермен осы тапсырманы орындауға аттанды. Алайда Байсейіт тірі берілмепті, Егембаев оның берілуін талап еткенде, бандит өзін өзі револьверден атып жіберіпті.»

«Қарабура» жиснагындағы ел-жүргіт естелігінен: «Байсейіт белуардан қан кешіп, ажалмен бетпе-бет арпалысып жүріп құрысқан Совет үкіметінен акырында опа таппады. Өзі орнатысқан үкімет өзіне жауыға бастады. [...] ...сонау жылдарғы Қара ногай мен Шаланы жоктаушылар әкіле-не бас көтерді. [...] 1928 жылы күзде аудан бойынша 9 ірі байдың малы конфискаланды. [...] Әр жерден наразылықтар түа бастады. Ауыл белсенділері бұл наразылықты тұтатып жүрген Байсейіт деп жоғарғы жаққа хабарлап жатты. Ақыры 1928 жылы желтоқсан айында Байсейіт пен Дінмұхамедтің «бандасын» ұстауға Біріккен Саяси бас басқармасының өкілі Шумилов бастаған қарулы отряд шықты. [...] Байсейітті ұстауға аудандық кеңес төрағасы Макинді жіберді. Олар өздерінің жансыздары арқылы Байсейітті құм ішінде қыстап отырған Науан ауылында жатыр деп естіген. [...] От-

ряд таңмен бірге Терен жал ішіндегі көнді қыстап отырған Науан ауылын сыртынан қоршап алды. [...] ...ауыл үстінен бір дүркін оқ жаудырды...

...Мылтық үстін-үстіне өршелене атылды. [...] бір парап қағазға өлген қойдай акт жасалды да тынды...»

1930 ж., 12 наурыз – Мәскеуде, ОГПУ-де 43 адамды жаупқа тартқан № 78754 іс («Алаш ісі» – Б.К.) бойынша Айыптау қорытындысы шығарылды. Үш аптадан кейін үкім шықты. Араға тағы екі жұма салып, төрт боздаққа қатысты жоғарғы үкім орындалды.

1930 ж. 21 сәуір – пролетариаттың ұлы көсемі Лениннің алпыс жылдық мерейтойы қарсаңында, 1930 жылғы 21 сәуірде Дінмұхамед Әдіұлы (Жұсіпбек Аймауытов, Ахметсафа Юсупов, Әбдірахман Байділдин төртеуі) атылды. Мәскеудің Ваганька зиратына құпия көміп тасталған бұл боздақтар жайында алпыс екі жылға созылған үнсіздіктен кейін «Кешкі Мәскеу» газеті 1992 жылғы 25 мамырдағы саңында тұнғыш хабар берді...

Дінмұхамед Әділов пен оның байланысы болған қызметкерлердің өмір жолын білу үшін төмендегі дерек көздері каралды.

Қазақстан Республикасы Президенттің архивінен: 141-кор, Б(б)КП Қазак өлкелік комитеті құжаттары; 139-кор, Р(б)КП Қазак (Киргиз) облыстық комитеті құжаттары; 666- кор, Р(б)КП Жетісу облыстық комитеті құжаттары; I-кор, Р(б)КП Верный үйездік-калалық комитеті құжаттары.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық тарихи архивінен: 5-кор, Орталық Атқару Комитеттерінің құжаттары; 30-кор, Халық Комиссарлары Кенесінің құжаттары; 40-кор, Ішкі істер халық комиссариатының құжаттары; 81-кор, Ағарту халық комиссариатының құжаттары; 251-кор, Жоғарғы Сот құжаттары; 1380-кор, Әділет халық комиссариатының құжаттары; 109-кор, Түркмайдан Соғысревекенесі Жетісудағы уәкілінің құжаттары.

Алматы облыстық мемлекеттік архивінен: 350-кор, Жетісу облыстық әскери-революциялық комитеттің құжаттары; 177-кор, Жетісу облыстық оку бөлімінің құжаттары.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеттің архивінен: Біріккен Саяси Бас баскарма жүргізген № 78754-іс.

Бұлардан басқа, мерзімді басылымдар, зерттеу еңбектері, естеліктер, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында жарияланған ғылыми жұмыстар да пайдаланылды.

2. Ұлттық өнер ордасының шаңырақ көтергеніне 80 жыл

Бұгін Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының 80 жылдығы атап өтіледі. 1926 жылғы 13 қантарда кеңестік Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда қаласында Ұлт театры тұңғыш рет ресми түрде шымылдығын ашты. Осы күн ұлттық кәсіби сахна өнерінің қара шаңырағы – Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының туған күні болып саналады. Биыл еліміздің осынау даңқты өнер ордасының шаңырақ көтергеніне 80 жыл толып отыр. Алматыда бұгін осы мерейтойға арналған салтанатты шаралар болады. Ал біз Әуезов театрының негізін қалаған қайраткер, тұңғыш директоры жайында не білеміз?

Даңқты театр тарихыбылай басталды...

Орта Азиядағы республикаларды ұлттық тұрғыда жіктеп-межелеу науқаны өткеннен кейін, Қазақ және Түркістан республикаларына бөлініп жатқан қазақ жерлерінің негізгі бөлігін, ақыры, бір шаңырақ астына топтастыруға мүмкіндік туды. Түрк Республикадан межеленген қазақ облыстарын Қазақ автономиясына қости. Соның нәтижесінде, 1925 жылғы 15–19 сәуірде Ақмешітте өткен Кеңестердің Бесінші (қазақ жер-суы мен халқы біріктірілгеннен кейінгі Бірінші – Б.Қ.) Құлліқазақ құрылтайы Ресей Федерациясы құрамындағы біртұтас Қазақ Ұлттық Республикасының құрылғанын эйгіледі.

Құрылтай автономиядағы «халық ағартудың кезекті мәселелері жөнінде» арнайы қарап қабылдады. Онда тұрмысы жүдеу, артта қалған Қазақстанды құшті, шаруашылығы жаңғырған, мәдениетті кеңес республикасына айналдыру» жолдары, соның ішінде ұлт театрын құру мәселесі де атап айтылып, жеке тармаққа: «Қазақтың ұлттық театрын құру жеделдетілсін» деген тұжырым жазылған болатын.

Құрылтай шешімімен Ақмешіт – Қызылорда, Киргиз – Қазақ аталып, республика жұрты автономия тыныс-тіршілігін жандандыруға, жер-сүзы мен халқы біртұтастанғаннан кейінгі тұнғыш астанасының құрылышын екпінді түрде өрістетуге зор шабытпен атсалысты. Алайда қазақтың ұлттық театрын құру жайындағы қаулыны орындау күзге дейін қолға алынбады.

Тарих бұл қаулының орындалуын жүзеге асыруды Діншениң – Дінмұхамед Әділұлы Әділовтің еншісіне бұйыртты. Ол республика партия ұйымы жетекшілерінің бірі Сұлтанбек Қожановтың ұсынысымен, 1925 жылғы жазда ағарту халкоматының аға инспекторы қызметіне тағайындалған еді. Сол тұста жас республикаға қажет мамандарды еліміздің ірі қалаларындағы белгілі оку орындарында оқытып дайындау мәселесі күн тәртібінде тұрған. Дінмұхамед Әділұлы емтихан қабылдау комиссиясының төрағасы болды. Шәкірттер Мәскеу, Тәшкен, Орынбордың түрлі оку орындарына жіберілді.

«Осы науқан біткеннен кейін... мен ұлттық қазақ театрын ұйымдастыру қажеттігін көтере бастадым, – деп еске алды Дінше 1928 жылы ОГПУ тергеушісі алдында. – Бұл жайында Садуақасов, Жандосов, басқа да көптеген көрнекті қызметкерлер айтып жүрді. Маган сол театрды ұйымдастыру тапсырылды. Мен Қазакстанның түрлі қалаларына Садуақасовтың атынан сахна қызметкерлерін шакырган жеделхаттар жолдай бастадым. Ақыры... ұлт театры құрылды. Мені директоры етіп тағайыннады. Бірінші спектакльді біз бесінші өлкелік партконференцияның ашылуына қойдық...» (Садуақасов Смағұл – ағарту жөніндегі халық комиссары, Жандосов Ораз – өлкепарткомдағы үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі).

Көрсетілімнің қысқа ақпаратынан мына маңызды деректі білесін: ұлт театрының алғашқы ойын көрсетуі 1925 жылғы 1 желтоқсанда болған (осы күні Ресей Компартиясы Қазак өлкелік ұйымының Бесінші конференциясы жұмысын баста-

ды). Бірақ одан театр жұмысын ұйымдастырудың жоқтан бар жасауда мандайтер төккізген қияметін біле бермейсің. Кәсіби саҳнаның не екенін білмейтін ауыл өнерпаздарынан үлкен өнер көрігін қыздырушыларды жасауға бет алған ол кезеңнің қыындығы беріде өнер қайраткерлері жазған естеліктерден, зерттеушілер еңбектерінен ғана көрінеді.

Соларға сүйене отырып, Ұлт театрын құру мынандай кезеңдерден өткенін парықтаймыз: өнерпаздар әуелі Қазақстанның бес жылдығын тойлау құндерінде бас қосқан және Қызылорданың мерекелі орындарында өз өнерлерін көрсеткен сияқты. Ең атышулы, атақты оқиға әйгілі палуан Қажымұқанның көшпелі цирк аренасында өнер көрсетуі болса керек. Ұлт театрын құру үшін жер-жерден өнерпаздардың басын астанаға шақырып қосып жүрген Дінше халықтың Қажымұқанды ұлықтауы кезінде айтылып жатқан сөздердің орысшалануын талап еткен европалық қызметкерлерге қарап сөйлейді. Оның сондағы сөзі кешегі езілген қазақтың қекірегіне қандай мақтаныш сезімін ұялатқаны жайында беріде атақты артист Қапан Бадыров тебірене еске алды.

Мерекелік іс-шаралар аяқталған соң, қазанның 22-ші жүлдізында, республиканың Ағарту комиссариатында жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен кеңейтілген мәжіліс өткен. Сонда халық комиссары Смағұл Садуақасұлы ұлт театрын ашу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндама жасады. Одан араға бір ай салып, жаңа театр республика коммунистері форумында тұңғыш рет ойын көрсетті.

Театрдың ресми ашылған күні 1926 жылғы 13 қантар деп есептеледі. Мұны кеңестік тарих терістеген емес, тек осы күні театр шымылдығын Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебсігімен» ашты деген деректі әбден құлаққа сіңірген. Іс жүзінде бұл күні сахнада Қошке Кеменгеровтің «Алтын сакина» атты пьесасы ойналған еді. Күтулі мәдени оқиға жайында республикалық «Еңбекші қазақ» газеті 1926 жылдың басын-

да бірнеше нөмірінде мынандай хабарландыру жариялады: «Гинуардың (қантардың – Б.К.) 13-і күні кешкі сағат 6-да мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оның соңынан концерт, демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады. Театр директоры Дінше». Осынау тарихи де-ректің бұрмалану себебі Қошкенің де, Дінше секілді, саяси репрессия құрбанына айналғанында жатқан-ды.

Бірақ «Еңлік-Кебек» – Әуезов театрының алғашқы қойылымы» деген дерек ойдан шығарылмаған еді, ол шынында да ұлт театры сахнаға шығарған алғашқы спектакль болды. Тек ол кенес мәдениет тарихы айтатын 1926 жылғы 13 қаңтардағы ұлттық театрдың салтанатты түрде ашылуында қойылған жоқ, ол – саяси тұтқын, саяси репрессиялардың алғашқы толқынында атылып кеткен Дінше Әділұлы атап айтқан оқиғаға орай – Қазақ өлкелік партия ұйымының Бесінші конференциясына қойылды.

Дінше шартараптан жинаған көркемнерпаз әртістердің алғашқы ойыны өлкелік партия конференциясына катысушылар алдында 1925 жылғы 1 желтоқсанда ойналған. Сөйтіп, жер-суы мен халқы бір шаңырақ астына біріккен біртұтас Қазақстан астанасына алғашқы партиялық форумға катысу үшін республиканың әр өнірінен жиналған коммунистер желтоқсанның алғашқы күндерінде Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегінің» бір актін (ол бұрын Орынборда қойылған, онда әртіс Серке Қожамқұлов ойнаған, сондықтан да оның пьесаны Ұлт театрында сахналауға жақсы жәрдемін тигізгені түсінікті) көрді және өнерпаздардың үлкен концертін тамашалады. Одан кейін жас труппа театрдың ресми ашылуына әзірлене бастады.

Алғашқы маусым

Қазақ Республикасының Ағарту халқоматы 1925 жылғы 25 қарашада Діншеге берген куәлік мәтіні мынандай: «Удостоверение. Дано сие тов. Адилеву Диньмухамеду в том, что

он действительно состоит на службе в Нар. Комиссариате по просвещению в качестве Директора Каз. Гос. Театра, что подписями и приложением печати удостоверяется». («Куәлік. Берілді бұл куәлік жолдас Әділов Дінмұхамедке, ол іс жүзінде Ағарту жөніндегі Халық Комиссариатында Қаз. Мем. Театрының Директоры лауазымымен қызмет жасайды, осы жәйт қойылған қолдармен және мөр басу арқылы күәландырылады»).

Қызыметіне ресми сипатта, жана сапамен кіріскең Дінше театрға артистерді «Өнер қайраткерінің шартты уағдасы» деген келісімшарт жасау жолымен қабылдайды да, Ұлт театрының 1926 жылғы 13 қантарға белгіленген салтанатты ашилудына жаңа спектакль әзірлеуді бастап кетеді...

Қазақтың тұнғыш ұлттық театры Қызылордадағы орыс театрымен бір гимаратта жұмыс істеп, аптастына бір-екі мэрте (бейсенбі, жексенбі күндері) ойын қойып отырды.

1926 жылғы қантар – мамыр айларына созылған алғашқы маусымда театр қойылымдарының 12 премьерасы болды, сахнада барлығы 20 драмалық спектакль ойналды.

Әр пьеса қысқа мерзім ішінде әзірленіп, бір-екі-ак реттен қойылатын. Театрлық маусым бойы спектакльдер концерттік ойын-сауықтармен бірге, астастыра көрсетіліп жүрді. Концерттер ешқандай кәсіби білім алмаган, театр артисі болып қызмет атқаратын халық таланттары орынданайтын ән-күй, әзіл-сықақ, тіпті цирк нөмірлерінен түзілетін. Енді қаз тұрып келе жатқан ұлттық театр өнеріне халық шығармашылығы үйлесе кірігіп жатты.

Тұнғыш директор ұлттық сахна өнерін жолға қою-дамыту жұмысына халық комиссары Смағұл Садуақасұлының колдауымен білек сыйбана кірісті. Ағарту халық комиссариаты театрдың репертуарын жаксарту мақсатымен жақсы пьесаларға бәйге жариялады. Ал бәйгеге түскен шығармалардың ұнамдыларын Дінше бірден сахнаға әзірледі.

Дінмұхамед Әділов «Театр директоры Дінше» деп қол қойып, «Еңбекші қазақта» жарияладап отырған жарнамалық

мәтіндерден осы бәйге мен Ұлт театрының қызметі жөнінде бірер қызық мәлімет алуға болады.

Мәселен, төмендегі хабарларға көз жүгіртелік: «Мемлекеттік білім комиссариаты. Апрельдің 4-і, жексенбі күні Оқу комиссариатының бәйгесіне келген пьесалардың ішіндегі дәмелісі – 3 перделі «Исатай батыр» деген тарихи драма қойылады. Ойынға келушілер пьесаны сынап, сұраулар басылған қағазға жауап жазып береді. Жеті кісіден сыншы комиссия ойында болып, пьесаның артық, кем жерлерін бақылап отырады. Сыншы комиссия мүшелері: 1) Садуақасұлы Смағұл, 2) Майлышұлы, 3) Жандосұлы, 4) Жолдыбайұлы, 5) Байтұрсынұлы, 6) Насонов, 7) Аймауытұлы».

Немесе: « ...Бәйгеге келген 3 перделі, 6 сүгіретті және прологі мен эпилогі бар «Қаракөз» атты драма апрельдің 8-інде, бейсенбі күні ойнала мақшы еді, бірақ даярлап шығаруға уақыт көп керек болғандықтан, апрельдің 11-іне қалдырылды. Театр артистерінің саны жетпегендіктен, 10-нан артық адам сырттан шақырылды. Ойынның аса қызық болып шығуы күтіледі».

Сондай-ақ: «Мемлекеттік ұлт театры Қазақстанның онтүстік жағына қарай шығуы алдында... априльдің 22-сінде, бейсенбі күні, Оқу комиссариатына бәйгеге келген пьесалардың бір дәмелісі «Шернияз» атты 4 перделі қарақалпақ тұрмысынан жазылған драма ойналады... (Одан әрі, жоғарыдағыдей, көрермендерден сыншылық пікір білдіру өтініліп, спектакльді арнайы комиссия көріп отыратыны айттылған, сондай-ақ әртістер – «оыйнға қатысушылар» – аттары жазылған)».

Байқағандарыныздай, Әділов пен оның өнерпаз серіктері балаң сахнада мәндай терлерін тәге еңбек етіп, катардағы көрермендер мен белгілі қазақ жазушылары, орыс режиссері, тіпті оқу наркомы бір мезгілде ұлттық драматургия, режиссура, орындаушы-әртістер жайында, солардың баршасының кәсіптік биікке біліктілікпен бет алуына септесуге тиіс пікірлерін білдірулеріне қолайлы, көрнекі жағдай туғызған көрінеді...

Премьералардың жиі болуына қараганда – жас театр іргесін қалаушылардың тынымсыз ізденіс үстінде жүргені көміл. Дінше спектакльдердің қойылымдарына негізінен жалпы көркемдік басшылық жасап отырса керек, ал әр ойынның ұнғыл-шұнғылының шығармашылықпен әрлең, режиссуралық деңгейін көтере түсү үшін – сахна шеберлерінің өз ішінен жекелеген спектакльдердің режиссерлерін тагайындау тәжірибесін қолданған тәрізді. Мәселен, «Қаракөзге» режиссер болуды Орынбор оқу орындарындағы көркемнепаздар үйірмесінде ойнап ысылып келген Серке Қожамқұловқа тапсырса, «Шернияздың» режиссері етіп – Ташкент сахналарында тәжірибе алған, Қазақ ағарту институты қабырғасындағы музыкалық-драма үйірмесінде аз мезет өзінің шәкірті болған Құрманбек Жандарбековті белгілейді...

Сонымен, Дінше (Дінмұхамед) Әділов бүгін сексен жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталмақшы Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының негізін салушы, бірінші тікелей ұйымдастырушысы, тұнғыш директоры болды. Сондай-ақ оның маман кадрдан жүрдай жана өнер отауының жанадан шаңырақ көтеріп, түтін түтетуге, үлкен сахна ордасы ретінде қалыптасуға бет алған шақтағы алғашқы көркемдік жетекшісі де, бас режиссері де екені өз-өзінен түсінікті.

Дінше мектептері

Әйгілі мемлекет қайраткері, әдебиетші, көсемсөзші, «ұлы террор» құрбаны Сұлтанбек Қожановтың жары, «халық жауы әйелінің» еншісіне тиген күллі тағдыр тауқыметін басынан кешіп, тоқсанды алқымдал, төсек тартып жатқан қадірменді қария Гүләндем Мұнайтпасқызы Қожанова 1988 жылдың бас кезінде 1921 жылғы Ташкент мәдени өмірінің бір сипатын еске алған-тын. Сол шакта Түркістан республикасы жауапты қызметкерлері зайдытарының қатысуымен «Шығыс кештері» өткізіліп тұрғанын, сондай бір

өнер кешінің басты ұйымдастыруышысы Дінмұхамед Әділов болғанын еске алып, аға ұрпақтың алыста қалған жастық шактарындағы ұмытылmas мезеттерді жылы лебізben тілге тиек еткен еді.

1928 жылғы 27 желтоқсанда өткізілген кешкі жауап алу үстінде ОГПУ тергеушісіне Дінше былай дейді: «Я помню, в бытность мою в Ташкенте ставили восточные вечера, распорядителем казахской части был я. В тот день, когда мы выехали, в театре «Колизей» шел такой спектакль, и я невольно о нем подумал». («Есімде, Тәшкенде тұрғанымда біз шығыс кештерін жасаушы едік, қазак бөлімін мен басқаратынын. Біз шыққан қуні «Колизей» театрында сондай спектакль жүріп жатты да, мен еркімнен тыс сол жайында ойладым»). Бұл оның 1921 жылғы мамырдың соңында Бұхара қаласына астыртын тапсырмамен сапар шегуіне байланысты есіне түсіргені. Осы ретте – жетпіс жыл жау санатына жатқызылып келген, бүгінде заңды түрде башқұрт халқының мақтанышына, ұлттық батырына айналған қоғам қайраткері, ірі ғалым Зәки Валидовтың 1997 жылды Мәскеуде жарық көрген «Естеліктеріне» көз жүгірте кеткен жөн сияқты.

Зәки Валиди – монархия құлағаннан кейінгі түркі халықтарының ішінде тұнғыш жарияланған ұлттық автономияның басшысы (1917 жылы Башқұрт автономиясы – 16 қарашада, Түркістан (Қоқан) автономиясы – 24 қарашада, Қазақ (Алаш) автономиясы – 12 желтоқсанда құрылды). Ол қазак қайраткерлерімен тығыз байланыста болды. Олармен ақылдаса отырып, кеңес өкіметімен келісімшарт жасады. Башқұрт, қазак халықтарының тәуелсіздікке бірлесіп қол жеткіzetініне сенді. Алайда, Ленин мен Сталиннің қол қойылған тарихи келісімшартты дөрекі түрде бұзулары өз алдына, олардың құллі ұлт саясаты – аты өзгерген империяны көксеген жәйғана көзбояушылық екенін тікелей пікірлесе жүріп айқын көреді. Сөйтіп, ақыры, 1920 жылдың ортасында большевиктерге қарсы іс-әрекет, өзара үйлескен қимыл ұйымдастыру мақсатымен Бұхараға өтеді. Көтерілісшілер

(көңестік терминмен – басмашылар) жеңіліске ұшыраған соң, 1923 жылы шетел асып кетеді. «Естеліктерін» Түркияда 1969 жылы жариялады...

Бұхара қаласында жасырын жағдайда тұрып жатқан Зәки Валидовқа қазақ зиялышылары жіберген үш жас жігіт 1921 жылғы мамыр айының соңғы күндерінде келіп, әңгімелесіп қайтады. Орталарынан Дінмұхамед Әділұлын өз елдерінің Фергана алқабындағы тұракты өкілі ретінде қалдырады.

(Бұған дейін Дінше қызыл партизан жасағы қатарында 1918 жылғы қектемнен күзге дейін, Қыыр Шығыста, ақтармен соғысқан, сол жылғы желтоқсанда Омбыдағы Колчак диктатурасына қарсы қөтеріліске қатысқан, 1919 жылы Тұрар Рысқұлов басқаратын мұсылмандар бюросы жұмыстарына қатысуышы болған, Ташкент педучилищесінде сабак берген, ал 1920 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен Алматыда Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің менгерушісі лауазымында қызмет атқарған. Сол жылы қазан айында өткен Қазақстанның тұңғыш Кеңестер съезінде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сийланып, Орынборда Ішкі істер халкомының орынбасары, бірер мезгіл халық комиссары болып істеген. Ол жайында қазақ автономиясының белгілі қайраткерлерінің бірі Смағұл Садуақасов сол 1920 жылы: «Дінмұхамед Әділов жас болсада, қазақ революционерлерінің көрісінен саналады», – деп жазды).

Дінше Бұхарада үш жарым ай бойы белсенді жұмыс атқарды. Зәки өзінің «Естеліктерінде» («Хатираларында») оның түрлі қызметін әлденеше мәрте ризашылықпен атап кеткен.

Мәселен, «Түркістан Ұлттық Федерациясының негізін қалау және оның I съезі» деген тарауда ұлттық күрес жөніндегі комитетті құруға «Алашорда өкілдерінің, әсіресе Діншенің» зор үлес қосқанын ерекше бағалап айтады. «Түркістан Ұлттық Федерациясының VI съезі» тарауында ол туралы былай дейді: «...5–7 қыркүйекте Түркістан Ұлттық Федерациясының съезі үйимдастырылды... (1921 ж. Самарқанда болған

бұл астыртын жиынды өткізуге ресми, ашық қызметтегі тілеулес қайраткер – большевиктердің Самарқан облыстық партия ұйымының хатшысы Абылай Серғазиев көмектесті дейді Зәки Валидов – Б.Қ.) Съездің бір күні Матурид маңаласының бағында өтті. Бұл күні съезде қазак Дінше болды (21-фото). Оған безгек тиген екен. Ол қатты науқас еді. Әрәдік есінен танып қалатын. Дегенмен съезге қатынасты. Бірде есінен адасып жатып ол менен Шумбуруннан – Балқаш көлінен солтүстікке қарай, Бетпақдала шөліндегі құдықтан бір шелек су әкеліп беруімді өтінді. Оның тайпасы терендігі 100 кезге жететін осы шыңыраудың сүйн ішетін көрінеді. Қызыу қөтеріліп сандырактағанда да – сол суды әкеп берші деп қылды ол маған. Сосын Дінше сауыға бастады, ізінше туған өлкесіне аттанды, Шумбурун сүйн ішпейінше то-лық жазылмайтынын айтты. Ол ақын әрі әртіс еді. Көшпелі труппамен әр жерде ойын қойып жүретін. Түркістанға сапар шеккен кезінде Исмаил Субхи Сойсалығұлы (Түркия парламентінің депутаты, айтылып отырған сапары 1925 жылдың соңынан 1926 жылғы мамырға шейінгі аралықта орын алса керек – Б.Қ.) Діншенің театрын Қызыл Мешітте (Қызылорда деп оқыңыз – Б.Қ.) көріп, Стамбулға труппаның үлкен фотографиясын алып келді».

Зәки, сондай-ак, Діншенің тәуелсіздік күрескерлері қатарына қырық шақты жігіт тартқанын, өзінің онымен Ташкентке жасырын келгенінде кездескенін, Тұрар Рысқұловпен «Діншенің адамдары» арқылы байланысып тұрганын және Ташкенттегі астыртын съезге қатысқандардың басым көпшілігі қазак қайраткерлері (ішінде Әділов те бар) болғанын жазады. «Естеліктеріне» Зәки Валиди Дінмұхамедтің суретін: «Қазақ ақыны Дінше, Алашорданың Бұхара мен Смарқандтағы өкілі», – деген мәтінмен бастырды...

Діншенің көркемөнерпаздықпен шұғылдануы 1914–1918 жылдары Омбыда оқыған кезеңінде – жастардың мәдени-ағарту және қоғамдық-саяси «Бірлік» ұйымының мүшесі, бірер мезгіл хатшысы болған және 1917 жылы Ақмолада

«Жас қазақ» ұйымын құрысқан шактарында да орын алғанын айта кету ләзім. Ал 1920 жылдың көктемінде Алматыда Жетісу облыстық оку бөлімінің менгерушісі қызметінде істеген кезінде ол мұғалімдер дайындау курсына мәдениет тарихынан тұрақты түрде дәріс беріп тұрған, облыстағы алғашқы мәдени-үгіт топтарын құрысқан.

Шығармашылық одақ

Дінше театрдың ресми ашылуына өзінің байырғы пікірлес досы Қошке (Қошмұхамед) Кеменгерұлы Кеменгеровтың «Алтын сақина» атты пьесасын сахналуға таңдап алды. Қошке Кеменгеров – саяси репрессиялардың алғашқы толқынында тұтылып, бес жыл ғұмырын түрме мен айдауда өткізген, ал екінші, «ұлken террор» атанған қанды толқында мүлдем оқقا байланған жазықсыз құрбандардың бірі. Ол Омбы үйеziнде дүниеге келіп, ауыл молдасынан мұсылманса, одан Омбыдағы шіркеуге келушілердің мектебінен (приходская школа) орысша оқыған. Сосын Омбыда ветеринарлық-фельдшерлік окудың екі класын тәмамдап, 1913 жылы Омбы ауылшаруашылық училищесіне түсті. Осы жылы Омбыға гимназияда оку үшін Ақмоладан қалалық мектепті бітірген жеткіншек Дінше Әділов те келген. (Ол қазактардың Сібірдегі астанасына – Даға генерал-губернаторлығының орталығына – Орынборда жаңадан ашылып жатқан «Қазақ» газетінің қызметкері, ақын, журналист Міржақын Дулатовтың ақыл-кенесін арқа сүйеп барған-ды).

Екеуін Омбыда оқитын жастардың 1913 жылдан үйиса бастаған «Бірлік» атты саяси және мәдени-ағарту ұйымы табыстырыды. Мұндағы жалпы оқу, өнер-білім игеру көкжиегін кеңейтуді көздеген басқосулар (олардан тыскары, әдетте астыртын өтетін жиындарда, заман талабынан туышдап жататын саяси ой-пікірлер жасырын түрде айтылатын, пікір таластырылатын, халық мұддесі тұрғысында түрлі жоспар жасалатын), сауық кештері, сондай-ақ баршасы бірігіп жасап жүрген «Балапан» атты қолжазба журнал олардың

көзқарастарын айқындауға, азаматтық тұғырларын сомдауға септесті. Ойлы әңгіме қозғап қалам тербеуде тез көзге түскен Қошке де, өлең шығаруға, әрі домбыра тартып, ән салуға бейімі бар, мәдениет тарихын қуа оқитын Дінше де ұйымның белсенді мүшелері болды. Екеуі де белгілі бір кеңендерде «Бірлікті» хатшылық міндет атқарды.

Монархияның құлауы оларды ашық саясат алаңына бірге алғып шықты. Омбыдағы Бостандық үйінде (күні кешегі Дала генерал-губернаторы кенессінде) 1917 жылдың сәуірінде Ақмола облысы қазақтарының съезі өткен-ді. Онда азаттық таңының атуына байланысты ағымдағы ахуал талқыланып, қазақтардың облыстық атқару комитеті құрылды. Съездің шешімін орындау мақсатымен қазақ атқару комитеті жұмысқа «Бірліктің» белсенді жастарынан жәрдемшілер тартты. Сөйтіп солардан үйездерге жіберетін комиссарлар жасақтады. Халық жиналыстарын өткізіп, қазақ комитеттерін құру үшін. Қошке мен Дінше Ақмола үйеziне бөлінді.

Олар Ақмолада сондағы мұғалімдер Сәкен Сейфуллин, Бірке (Бірмұхамед) Айбасов төртеуі бірлесіп әрекет етті. Ауыл-ауылды арапап, жиындар өткізді. Үйездік жиналысқа өкілдер сайлап жіберілуін ұйымдастырыды. Ал үйе兹 тұрғындарының съезінде үйездік қазақ атқару комитеті құрылған. Оған Рахымжан Дүйсенбаев төраға, бұлар мүше болып, бостандық таңы арайындағы саяси жұмыстарын екпіндете жүргізе берді. Ұзамай байырғы журналист Рахымжан (ол «Дала уәлляты газетінде» 1902 жылғы жабылуына дейін істеген, сосын заңгерлік білім алғып, адвокат болып қызмет атқарып жүрген) «Тіршілік» атты газет шығарудың шаруасымен орталық қалаларға іссапарға кетеді де, комитет төрағасы лауазымында Сәкен істейді. Төрт ұзенгілес жігіт ауылдардағы жастардың басын құрап, «Жас қазақ» ұйымын құрады. Содан бәрі сананы оятарлық қызық жұмыстар жүргізеді.

Солакайлық әрекеттер де болып тұрады: олардың тым тапшылдық көрсетіп, ауқаттылармен араздасулары, дінге

қарсылық білдірулері, тиісінше жергілікті бас адамдармен тіл табыса алмаушылықтары ұзамай теріс нәтижесін береді. 1917 жылғы шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпықазак съезіне қатысып келген ақмолалық делегаттармен көзқарас қайшылығы бой көрсетіп тұрган шиеленісті үстемелей түсіп, үйездегі халықтың екінші жалпы жиналышында атқару комитеті қайта сайланады. Қайта сайланған комитет құрамына Сәкен мен оның серіктері енгізілмейді. Содан Қошке мен Дінше екеуі Омбыға қайтып кетеді. Екеуі де мектептеріндегі оқуларын жалғастырады.

1917 жылғы қазан айының аяғына қарай Омбыға Томдағы Сібір автономияшыларының съезінен оралып келе жатқан Әлихан Бекейханов соғады. Белгілі қоғам қайраткері және болашақ ұлт көсемімен Бостандық үйінде өткен кездесу Алаш саяси партиясын құру жиынына ұласады. Сол жиналышта Қошке де, Дінше де Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланады.

Осында Бекейхановтың пайым, уәждеріне студент Шэймерден Әлжанов қарсы сөйлеп, солшыл бағыттағы өзгеше көзқарас танытқан болатын. Ол ұзамай Көлбай Төгісов, Мұқан Эйтпеновтерді қолдап, социалистік бағыттағы «Ұш жүз» партиясын құруға қатысады. Осы жәйт және Петроградтағы большевиктердің қазан төңкөрісі, сондай-ақ, Алаш автономиясын құруды мақсат еткен Орынбордағы Желтоксан жалпықазак құрылтайы «Бірлік» ұйымының тағдырына әсер етпей қалмайды.

1918 жылғы сәуірде «Бірлік» мүшелері көзқарас ынғайымен екі жарылады. Қошке алаш тұғырындағы «Жас азамат» ұйымына, Дінше кеңестік бағдардағы Демократиялық одаққа қосылады. Ұзамай Дінше мүлдем большевиктеніп. Омбыда жасақталған қызыл партизандар жасағына кіреді де, актармен соғысу үшін Қыыр Шығыска аттанады. Ал Қошке жастардың ұлттық мұддені күйттейтін жаңа ұйымының тілі болып табылатын «Жас азамат» газетін шығарумен шұғылданады. Осылай екі дос қоғамдық қозғалыстың екі қанатына шығып, өз жолдарында қылыштағының тағдырына ұшырасады.

Қошке алғашқы өлеңдерін Троицк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналына жариялад, біршама танылып қалған. Омбыда «Балапан» қолжазба журналының редакторы ретінде қаламын ұштады. Енді Қызылжарда «Жас азат» газетінің редакторы болды. Сондағы «Бостандық туы» газетінде де істеді. Оку оқыды. Публицистикалық, драмалық шығармаларын жазды. Көлемді шығарма жазу үшін зиялдар арасындағы ағымдарды түсінуге тырысты. Сол орайда досы Діншенің өмір жолын да қадағалап жүрді. 1924 жылы Ташкентке келді. «Ақ жол» газетінде істеді. Оки жүріп, өзі де кей оку орындарында сабак берді. Және күрделі де қызық заманын арқау етіп, ойына алған үлкен шығарманы жазып шығуды мақсат етті.

Оның 1925 жылғы 16 наурызда Діншеге жазған бір хаты ОГПУ жүргізген қылмыстық тергеу ісқағаздары арасында тігулі тұр, содан біраз жайтті ангаруга болады. «Дінше баяурым! – деп жазды Қошке Кеменгерұлы оған. – Денсаулығың жөнінде, қызметінің өскені турасында естідік. Әлі күнге сүр бойдақ жүргенінді де білдік. Мейлі, әзілді қоялық. Іске келейік».

Ал істің мәнісі мұнау: «Ғұмырында талай тарихты бастаң кешірдің ғой сен. Менің ептең қаламды ермек ететінімді білесін. Сенің сонау Қыыр Шығыс сапарынан бастап, қазіргі өміріңе шейін терең танысқым келеді». Соған орай сұрақтар қояды: «Қандай мақсатпен коммунизм жолына түстің? Бұл жолдан неге ауытқыдың? Және өзің көрген уақиғалар хақында, сапарлас, қарым-қатынас жасап жүрген достарың туралы қысқаша ақпар бер». Өттінішін әбден ойланып айтып отырғанына мұнаа сөздері күә: «Жалқауланба. Уақытыңды бөл. Өмірдің алдында әйтеуір есеп беруіміз керек кой. Мен қазақ зиялдарының өмірі жөнінде роман жазуға отырдым». Туындысын жазуда Діншеге көп үміт артатының мұнаа жолдардан байқауға болады: «Егер Түркістандағы ерліктерін туралы хатқа жаза алмасаң, онда ауызша айт. Бір жерде кездесейік. Қазақстанның дүмді деген қайраткерлеріне мінездеме

бер. Осы өтінішімді аяқызың қалдырма. Өзіңе сенемін. Ниеттес тілеушің һәм досың Қошке. 16.III.1925 жыл».

Көп сыр бүккен хат. Дінше Әділұлы, жоғарыда айтқанымыздай, 1925 жылы республика астанасы Қызылордада Наркомпроста істеп, Ұлт театрын ашудың, ұлттық театрдың тұрақты шығармашылық қызмет атқаруын тікелей үйімдас-тырудың практикалық жұмыстарын жүргізді. Директоры (көркемдік жетекші, бас режиссер) болды. Осы күзде екеуінің кездескеніне дау жок. Қошке, жоғарыда айтқанымыздай, Ташкентте журналистикамен шұғылданды. Оның астанаға келіп-кетуге тілшілік қызметі мүмкіндік туғызатыны өз алдына, арнайы ат басын тіреуге себепкер жағдай – ұлттық театрдың салтанатты турде ашылатын күнінде қоюға Дінше Қошкенің «Алтын сақина» атты драмалық шығармасын таңдап алған еді. Қойылымды автордың қатысуымен әзірлеу, әсіресе, сахна өнерінің балаң тұсында, мұлдем табиғи жағдай. Демек спектакльді дайындау барысында екі ескі достың асықпай сырласуына толық мүмкіндік болды.

Сонымен, Қошке өзінің болашақ романына негізгі материалды Діншеден алғысы келді, оған өзінің жоғарыдағы хаты қуәлік етіп тұр. Оның сонау омбылық досының бейнесіне шығармашылық қызығушылықпен қарауы өте орынды-тын. Себебі, Дінше «жас та болса, кәрі революционер» катарапынан болса да, революция барысынан көнілі суып ұлгерген қайраткер-тін. Хатында айтқанында, Қошке соның себебін білгісі келді.

Дінше Әділұлы 1918 жылы Қыыр Шығыста шайқасты. Амур жағасындағы Благовещенск қаласында актардың тұрмесіне түсті. Күзде Омбыга оралып, сол жылдың аяғында Колчакқа қарсы карулы көтеріліске қатысты. Одан Түркістан Республикасына өтіл, Ташкентте қазақ педагогикалық училищесінде мұғалім болды. Мұсылмандар бюросының мәжілістеріне қатысып тұрды. 1920 жылы Түрккаткомның (Түрцик) тапсырмасымен Алматыға келіп, Жетісү облыстық оку бөлімінің менгерушісі болып істеді. Өзімен бірге

шәкірті Ғани Мұратбаевты ертіп әкеліп, қазак мұғалімдерін дайындастын курсқа дәрісші етіп тағайындағы. Ғанидың сабак бере жүріп, қоғамдық-саяси жұмысқа араласуына, ширап, ысылуына септесті.

1920 жылғы қазанда болған Орынбордағы Кеңестер съезінде Дінше алғашқы Қазақ Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне сырттай сайланды. Бұл оның қоғамдық-саяси тыныс-тіршіліктегі беделінің аркасында мүмкін болған жәйт еді. Ишкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары міндетін атқарушы болды. Сосын қазак үкіметі мен облыстық партия комитетінің отаршылдық салқынынан арылмаған саяси бағытына Смағұл Садуақасовпен бірге қарсы шығып, сынады. Соның салдарынан халық комиссары лауазымына бекітілмеді, қызметінде кыспақ көре бастады.

Сонда ол Бәкейханов пен Байтұрсыновтың батасымен Ташкентке кетіп қалды. Онда өзі 1919–1920 жылдары ұстаздық еткен Қазақ ағарту институты (Казинпрос) мұғалімдері мен окушыларының қатысуымен қазак тұрмысынан ойын-сауық әзірледі. Қаланың «Колизей» театрында өтіп жүрген «Шығыс кештеріне» арнап халықтық «Біржан-Сара» музикалық спектаклін койды.

Одан Бұхараға кетіп, жалпытүркілік қозғалыс серкелерінің бірі Зәки Валидов жүргізген белгілі астыртын жұмысқа қатысты.

Безгекке шалдықандықтан, елге оралды. Жазылған соң, Кеңес өкіметі мұраттарына кір келтіріп жүрген ел ішінде гі белсенділерді ауыздықтауға қатысты. Сосын Ташкентте Казинпростың оқытушысы, директоры болды. Ақыры Қызылордада Бесінші (Бірінші) Кеңестер съезі қаарына сай ашылған Ұлт театрының директоры ретінде мәдениет қайраткері санатына шықты.

Қыскасы, романшы үшін оның өмір жолының қызық тұстары мол екені анық-ты. Бірақ Қошке романы қолжазба күйінде құпия полиция қолына түсті де, со беті жоқ болды.

Біз енді, ғайыптан табыла кетпесе, оның зиялыштар өмірін шығармасында қалай бейнелегенін, Дінше тағдырының онда қандай орын алғанын ешқашан біле алмаймыз.

Қошке туындысының ұзак жазылуы немесе жазылып болған жағдайда да (романның аяқталғаны, оны сонау Омбы облысындағы Шарбаққолден Қазақстан астанасы Алматыға жеткізуді армандалған жүргенінде Қошкенің тұтқындалғаны, шығарма қолжазбасының да күллі қағаздарымен бірге тәркіленгені балаларының естелігінен мәлім болып отыр) жарық көрмей, түрлі түзетуге, ішкі-сыртқы цензураға ұрынды ғажап еместігін түсінеміз.

Мәселе Діншенің тез істі болғанында еді. Ол 1926 жылы жазда театрдың басшылығынан өз еркімен кетті. Жанама де-ректер сол кезде оны солай етуге мәжбүрлекен ахуал болғанын көрсетеді. Содан қайтып жұмысқа орналаса алмайды, ақыры, 1928 жылғы тәркілеу кезінде тұтқындалады. 1930 жылы Мәскеуде, пролетариат көсемі Лениннің туғанына алпыс жыл толған күні, атылады. Ізінше оның «қаны бетіне шыққан ұлтшыл» екендігі, ұлт театрының бағытын алашордашылдық бағытқа әкеткендігі, т.т.с.с. «қылмыстары» жария бола бастайды. Есімі театр, мәдениет құрылышы тарихынан тез өшіріледі.

Сол 1930 жылы Қошке де қамалды. Екі жыл түрмеде отырып, ішкі Ресейге жер аударылды, Мәскеу-Донбасс темір жол құрылышында істеді. 1935 жылы босатылғанында, Қазақстанға келуіне рұқсат етілмей, Омбы облысына жіберілді. Сонда Шарбаққол денсаулық сақтау бөлімінде қызмет етті. Бос уақытында шығармашылығымен шұғылданды. 1937 жылы қайта ұсталып, Омбыда атылды. Оның өмірі мен қызметін, шығармашылық жолын оқырмандарға зерттеушілер Рәзия Рұstemбекова мен Дихан Қамзабекұлы жақсы танытты. Қаламгердің өтпелі де қын кезенде жазып, көзі тірісінде жариялаған туындылары да жұртшылыққа жетті. Дегенмен осынау белді қалам қайраткері мен оның досы және мәдениет қайраткері Дінше Әділұлымен шығармашылық одағының қыр-сыры әлі де шындалап танылған жоқ.

Ұлт театрына «Қазақ мемлекеттік академиялық театры» атағы алғаш рет қашан берілді?

1926 жылғы 11 ақпанда Ағарту халық комиссариаты алқасының мәжілісі Қазақ мемлекеттік театрының директоры Дінше Әділовтың қатысуымен ұлт театрының («Казнацтеатр») жай-күйіне байланысты мәселе қарады. Халық комиссары Смағұл Садуақасов төрағалық еткен бұл алқа мәжілісінің сейлеушілер сөзін тізген толық хаттамасын кезіктіре алмадық. Алқа мүшелерінің мәселені талқылау барысында не айтып, қандай дәйектер келтіргені бізге беймәлім, бірақ қабылданған қаулыға қарап, театрдың аяқ алысы сәтті бағаланғанына күмән келтірмейміз.

Қаулының алғашқы бабының бірінші тармағы: «Театрга «Қазақ Мемлекеттік Академиялық Театры» атавы берілсін», – деп тұжырылған. Келесі тармақтарда өндірістік жоспар мен смета, ұлттық труппаның ҚКСР бойынша өнер көрсетуге шығатын маршруттары мен гастрольдік сапар сипаттары көрсетілген жоспары бекітілген. Сондай-ақ, театр шығының ағарту халкоматы есебінен жабу және халкомкеңес алдына Өлкөқордан («Крайфонд») театрға 25 мың сом бөлу мәселе сін қою атап айтылған.

Театрды басқару ісін ұйымдық тұрғыдан жетілдіру жолдары арнайы алты тармаққа бөліп жазылыпты. Онда театрдың құрамында директор мен оның көмекшісі бар әкімшілік аппарат басқаратыны, касса мен техникалық қызыметтің орыс және қазақ труппаларына ортақ болатыны, техникалық қызымет көрсетушілердің, әсіресе ұлттық киім тігушілер мен сахна қызыметшілерінің қатарына қазақ жұмыскерлерін тарту қажеттігі айтылып, қабылданған шешімдер негізінде ереже жасау, әрі оны 1926 жылғы 1 наурызға дейін іске қосу халкоматтың саяси ағарту және әкімшілік бөлімдеріне тапсырылды. Театр халкоматтың саяси ағарту бөлімі басшылығымен жұмыс істеп, шаруашылық жағынан әкімшілік бөліміне есеп береді деп белгіленді.

Театрдың негізін қалаушы өз жұмысын қалай корытындылады

Араға екі ай салып, 1926 жылғы 25 көкекте халкомат алқасы театрдың қызметі жайында Дінмұхамед Әділовтің баяндамасын тыңдалап, талқылады. Алқа қаулысымен қазак театрының есеп беру мерзімі ішінде қызметі қанағаттанарлық деп табылды. Қысқы маусымның аяқталуы 1 мамырға орайластырылсын деп шешілді. Сондай-ақ, жаз кезінде Қызылордада қысқы маусымға дайындық жұмыстарымен шұғылдануы үшін бір адам бөлу, ойын қойып жүрген ғимаратын ұлт театрының қарамағына біржола бекітіп беру көзделді.

Каулыда сахна өнерпаздарының шеберлігін ұштай түсу мәселесіне зор көніл бөлінді. Келер маусымға труппаны жаңа артистермен толықтыру кезінде іріктеуге мән беру, қабілетті өнерпаздарды мұқият таңдау қажеттігі атап көрсетілді. Бұл орайда талапкерлерді губерниялық халық ағарту бөлімдерінде алдын-ала байқаудан өткізу, сондай-ақ осында – театр қабыргасында міндетті түрде сынаққа алу тапсырылды. Әсіре се труппаға қыздардан артис тарту мәселесіне айрықша мән берілді. Сонымен бірге, сахна шеберлерін осы 1926 жылдан бастап-ақ ҚКСР-дан тыскары жерлердегі көркемөнер жоғары оку орындарында (драмалық артистер дайындастырылған мектептерде, консерваторияларда) оқытуды қолға алу қажет деп танылды. КСРО театрларымен, оның ішінде шығыс республикалары театрларымен шығармашылық байланыстар орнату керектігі атап айтылды. Әрине, қаржы мәселесіне де арнайы тармақ арналып, республика үкіметі алдына қояр ұсыныстар, сұралатын нақты сома айқындалды.

Өзінің қызметтегі міндеттін адаптацияның дәл есептеген Дінше қызметтеннен босатуды сұрайды. ОГПУ тергеушісіне берген түсініктемесінде ол бұл орайда былай деген: «Я считал, что обязанности директора этого театра выполнил безуокоризненно, внес много сил и энергии, и поэтому решил подать в отставку. Директором театра был назначен

Байсейтов Азиз. Я получил отставку и поехал в Ташкент». («Мен бұл театрдың директоры міндетін кінәратсыз аткардым, қажырым мен қуатымды аямай жұмсадым деп есептедім, сондыктан да отставкаға кетуге бел будым. Театр директорлығына Байсейітов Әзиз тағайындалды. Мен отставка алдым да Тәшкенге кеттім»).

Театр директоры ретінде қол қойған соңғы құжаты, дұрысында, сақталғандарының соңғысы мынау. Серке Қожамқұловтың (биік өнерімен ұзақ жылдар ел сүйіспеншілігіне бөленіп, Еңбек ері атанған осынау майталман өзінің естелік кітабінде театрға 1925 жылы Діншенің бұйрығымен қабылданғанын атап кеткен) театр әртісі екенін куәландырған куәліктің мөрлі мәтінінің төменгі жағына қоныр сијамен: «Справка. Тов.Кожамкулов действительно по сие время состоит главрежом и артистом Каз. Гос. академического театра. Директор театра Адилев. 8/V 26 г.» («Анықтама. Жолдас Қожамқұлов осы уақытта Қаз. Мем. академиялық театр артисі және бас режиссері болып табылады. Театр директоры Әділов. 8/V 26 ж.»), – деп өз қолымен жазып, кол қойыпты. Мұны Серкеге әртістігімен бірге бас режиссер екендігін куәландыратын жаңа жекебас құжатын беруі үшін Ағарту халкоматына ұсынған екен.

Жазғы гастрольге шығатын артистердің 1926 жылғы 16 мамырдағы тізімі Ағарту жөніндегі халкоматқа жаңа директордың қолымен жолданған көрінеді. Демек, Дінше театр басшысы құзырындағы материалдық құндылықтар мен іс қағаздарын Әзиз Байсейітовке мамырдың ортасына қарай өткізген. Тағы бір құжатқа назар аударайық: «Азамат Шанин Қазмемтеатр директоры қызметіне 15/X 26 жылдан, нұсқауышылық бөлім менгерушісі лауазымына ауыстырылған ж. Байсейітовтың орнына тағайындалады», – делінген ағарту халкоматының 1926 жылғы 6 қазанда берілген бұйрығында. Семейдегі Терісіндикат кенесінің басқарушысының орынбасары қызметінен – қолы боста шұғылданатын әуесқойлық үйірмеден кәсіби өнер айдынына – Қызылордаға театр

директоры болып келген Жұмат Шаниннің ұлттық сақна өнерінің нағыз профессионалдық деңгейге көтерілуіне зор үлес қосқаны белгілі.

Сонымен, бұғынгі әйгілі өнер ордасының шыр етіп дүниеге келгелі бергі бірінші театрлық маусымы – қаз тұрып, тәйтей басу кезеңі – бастан-аяқ Дінмұхамед Әділұлының жетекшілігімен өтті. Ал театрдың алғашқы қойылымдары мен өнерпаздардың шеберлік деңгейі көрнекті мемлекет қайраткері, ұлт театрының дем берушісі әрі қамқоршысы болған Смағұл Сәдуақасұлының мақалаларында өз уақытында талданып, бағаланып отырды.

...Қасіретті жылдарда репрессияның қара найзасына алғашқылар қатарында шаншылып, қыршын кеткен боздақтың ұлттық сақна өнерін қалыптастырудагы еңбегі сонау 20-шы жылдардың аяғында-ақ жоққа шығарылды. Республиканыздың бас газеті бетінде белгілі ақыннымыз: «...бетінен қаны шыққан ұлттыл Әділұлы театрдың бағытын еңбекші тап мұддесінен бұрып әкетті», – деген жалалы тұжырымын жазған еді. Қатыгез заманның, әділетсіз уақыттың сзызы, қоғамдық құрылым аудиосканмен, әлі кетіп болмаганы шығар, Дінмұхамед Әділұлының ардақты есімін кей зерттеушілер тәуелсіздік дәүірінде де әр саққа жүгіртуден кет әрі емес. Алайда шындық түптің түбінде жеңбей қоймаса керек. Иншалла, ұлттымиздың аяулы азаматы мәдениет тарихындағы, қазіргі таңда сексен жылдығын атап өткелі тұрған Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының тарихындағы өз орнына қадірлеп апарылатын болар.

12 желтоқсан 2006 ж.

3. Қазақ ұлттық сақна өнері іргетасын қалаған кім?

13-ші қантар – қазақ ұлттық кәсіби сақна өнерінің қара шаңырағы болып табылатын Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының туған күні. Биыл елімізде-

гі осынау даңқты өнер ордасының ресми түрде тұнғыш рет шымылдық ашқанына 90 жыл толады.

I. Кәсіби саҳна өнерін қалыптастырудығы алғашқы қадамдар

Бұдан тоқсан жыл ілгеріде, Қазақ Республикасының бас газеті «Еңбекші қазактың» 1926 жыл басындағы бірнеше нөмірінің бірінші бетінде мынандай хабарлама басылды:

«Гинуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да Мемлекеттік Ұлт театрының ашылу мерекесі болады.

Театр артистері Кеменгерұлының «Алтын сақинасын» ойнайды.

Оның соңынан концерт. Демалыс уақыттарында оркестр ойнап тұрады.

Театр директоры Дінше.»

Сөйтіп, 1926 жылғы гинуардың (январьдың, қантардың) 13-інде жас Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда қаласында Мемлекеттік Ұлт театры (қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры) салтанатты түрде ашылды. Даңқты театрымыздың сахнасында тамаша өнерімен жарқыраған әр кезгі атақты шеберлер мен әйгілі режиссерлер есімдері бүгінде баршамызға таныс. Ал Ұлт театрының ашылу мерекесіне орай және алғашқы қадамдары жайында республиканың бас газетінде беріліп тұрған хабарларға «Театр директоры Дінше» деп қол қойып отырған тұнғыш басшысы және оның есіміне байланысты мәдени оқиғалар жайында не білеміз? Жоғарыдағыдай жарнамалық мәтіндер 1926 жылдың алғашқы төрт айы бойында шыққан. Оларда Ұлт театрының қызметі, арнайы ұйымдастырылған бәйге, жекелеген спектакльдерді қоюшы режиссерлер, ойнайтын әртістер, бәйгеге түскен туындыларды сараптайтын комиссия құрамы жайында деректер бар. Мәселен, сондай жарнамалардың бірінде бәйгеге түскен пьесаны талқылауға көрермендердің де қатыса алатыны айтылады: «Ойынға келушілер пьесаны сынап, сұраулар басылған қағазға жауап жазып береді». Сонымен бірге: «Жеті кісіден сыншы комиссия ойында болып, пьесаның артық, кем жерлерін бақылап

отырады». Бұл комиссияның ағарту халкомы Смағұл Садуақасов, өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі Ораз Жандосов, орыс театрының режиссері Михаил Насонов, ақын-жазушылар Бейімбет Майлин, Молдағали Жолдыбаев, Ахмет Байтұрсынов, Жұсіпбек Аймауытов кірген құрамы да көрсетілген.

Аңғарғанымыздай, алғашқы театрлық маусым барысында репертуарды байыту мақсатымен драматургтерді ынталандыру шарасы жасалған – жаңа пьесаларға бәйге жарияланып, түскен туындылар бірден сахналанып тұрды. Ағарту халық комиссариаты құрған арнайы комиссия – белгілі қазақ журналист-жазушылары, орыс театрының режиссері, оқу наркомы – спектакльдерді көрермендермен бірге тамашалап, олардың сапасына, Дінше мен оның өнерпаз серіктерінің балаң сахнада мәндай терлерін тәге еңбек етіп көрсеткен ойындарына баға беріп отырды. Олар және қатардағы көрермендер ұлттық драматургия, режиссура, орындаушы-әртістер жайында спектакльдің артынша, ойынның ізін сұыттай пікірлерін білдіріп, өз ойларымен жас сахна шеберлерінің кәсіптік биікке біліктілікпен бет алудың септесуге тырысты...

Газет бетіндегі әлгіндей жарнамалардан «оқу комиссариатының бәйгесіне келген пьесалардың ішіндегі дәмелісі – 3 перделі «Исатай батыр» деген тарихи драма», «Шернияз» атты 4 перделі қарақалпак тұрмысынан жазылған драма», сондай-ақ «бәйгеге келген 3 перделі, 6 сүгіретті және прологі мен эпилогі бар «Қаракөз» атты драма» қойылғанын білуғе болады. Арнайы хабарландырулардың біріндегі: «Қаракөз» атты драма апрельдің 8-інде, бейсенбі күні ойналмақшы еді, бірақ даярлап шығаруға уақыт көп керек болғандықтан, апрельдің 11-іне қалдырылды. Театр артистерінің саны жетпегендіктен, 10-нан артық адам сырттан шақырылды. Ойынның аса қызық болып шығуы күтіледі», – деген жолдар да қызығылықты. Бұлардан мемлекеттік жас өнер ордасындағы қауырттың тұнис-тіршіліктің бір сипатын, кәсіби сахна шеберлерін қалыптастыруды күйттеген ұмтылысты көреміз.

Қазақтың тұнғыш ұлттық театры Қызылордадағы орыс театрымен бір ғимаратта жұмыс істеп, аптасына бір-екі мәрте (бейсенбі, жексенбі күндері) ойын қойып отырды. Қысқа мерзімде (театрдың бірінші маусымы төрт айға ғана созылды) сахналық қойылымдардың 12 премьерасы болды. Әр пьеса аз уақыт ішінде сахналанып, бір-екі-ак реттен қойылатын. Маусым бойы сахнада ұзын саны 20 рет спектакль ойналды. Барлық спектакльдер концерттік ойын-сауықтармен астастыра көрсетіліп жүрді. Театр артистері болып ешқандай кәсіби білім алмаған халық таланттары қызмет атқаратын, сахнада түрлі образдарды солар сомдады. Спектакльдер сонынан қойылатын концерттерде ән-күй, әзіл-сықақ, тіпті цирктік нөмірлерді де солар орындайтын. Ел арасынан жиналған халық шығармашылығы өкілдері енді қаз тұрып келе жатқан ұлттық театр өнерінің бастауында осылайша екпінді түрде еңбек етті.

Шамамен әр алта сайын бір премьера бол тұрганына қарағанда, жас театрдың іргесін қалаушылар, сөз жоқ, тынымсыз ізденіс үстінде жүрді. Театр директоры Дінше спектакльдердің қойылымдарына негізінен жалпы көркемдік басшылық жасап отырды. Ал әр ойынның ұнғыл-шұнғылын шығармашылықпен әрлеп, режиссуралық деңгейін көтере түсін сахна шеберлерінің өз ішінен жекелеген спектакльдердің режиссерлерін тағайындау тәжірибесін қолданды. Мәселен, «Қаракөзге» режиссер болуды Орынбор оқу орындарындағы көркемнерпаздар үйірмесінде ойнап ысылып келген Серке Қожамқұловқа, «Шернияздың» режиссерлігін Ташкент сахналарында тәжірибе алған, Қазақ ағарту институты қабырғасындағы музыкалық драма үйірмесінде өзінің шәкірті болған Құрманбек Жандарбековке тапсырды...

Сонымен, биыл тоқсан жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталуы тиіс Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының негізін салушы, бірінші тікелей ұйымдастырушысы, тұнғыш директоры, тек дирек-

торы ғана емес, маман кадрдан жұрдай жаңа өнер отауының жаңадан шаңырақ көтеріп, тұтін тұтетуге, үлкен сахна ордасы ретінде қалыптасуға бет алған шақтағы алғашқы көркемдік жетекшісі де, бас режиссері де Дінше (Дінмұхамед, Мұқыш) Әділов болды.

1926 жылғы 11-ші ақпанда халық комиссары Смағұл Садақасов тәрағалық еткен Ағарту халқоматы алқасының мәжілісінде Ұлт театрының (орысша толтырылған құжатта – Казнацтеатр) жай-күйіне байланысты мәселе қаралды. Діншенің баяндамасы тыңдалып, талқылана келе, театрдың аяқ алысы жақсы бағаланды.

Театрга «Қазақ Мемлекеттік Академиялық Театры» атавы берілсін деген қаулы қабылданды.

Екі айдан кейін, 1926 жылғы 25 сәуірде, Ағарту халық комиссариатының алқасында Дінмұхамед Әділов театрдың қызметі жайында есепті баяндама жасады. Талқылаудан соң қабылданған қаулыда Қазақ театрының есеп беру мерзімі ішіндегі қызметі қанағаттанарлық деп табылды.

Сондай-ақ, қысқы маусымның аяқталуы, келесі театрлық маусымға дайындық, қабілетті өнерпаздардан мұқият таңдап, труппаны жаңа әртістермен толықтыру, сахна шеберлерін осы 1926 жылдан бастап-ақ республикадан тыскары жерлердегі көркемөнер жоғары оку орындарында оқыту және, әрине, қаржы мәселелері қаралып, республика үкіметі алдына қояр ұсыныстар, сұралатын нақты сома нақтыланды.

Биік өнерімен ұзақ жылдар ел сүйіспеншілігіне бөленіп, Еңбек Ері атанған сахна майталманы Серке Қожамқұлов өзінің естелік кітабында театрға 1925 жылы Діншенің бүй-рығымен қабылданғанын атап кеткен. Оның сонда алған театр әртісі екенін куәландыратын куәлігі республикалық мұрағатта сақтаулы тұр. Сол куәліктің мөрлі мәтінінің төменгі жағына Дінше 1926 жылғы 5 мамырда қоңыр сиямен орысша мына сөздерді жазып, қолын қойыпты: «Анықтама. Жолдас Қожамқұлов осы уақытта Қаз. Мем. академиялық театр артисі және бас режиссері болып табылады. Театр

директоры Әділов. 8/V 26 ж.» Мұны Ағарту халкоматына Серкеге әртістігімен бірге бас режиссер екендігін куәландыратын жаңа жекебас құжатын беруі үшін ұсынған екен.

Содан көп ұзамай Дінше қызметінен босанады. ОГПУ тергеушісіне 1928 жылы берген түсініктемесінде ол бұл орайда былай деген: «Мен бұл театрдың директоры міндетін кінәратсыз атқардым, қажырым мен қуатымды аямай жұмсадым деп есептедім, сондыктан да дөғарысқа кетуге бел будым» («Я считал, что обязанности директора этого театра выполнил безуказненно, внес много сил и энергии, и поэтому решил подать в отставку»).

Наркомпросқа (Ағарту халкоматына) жолданған жазғы гастрольге шығатын артистердің тізіміне жаңа директор Эзиз Байсейітов 1926 жылғы 16 мамырда қол қойыпты. Демек, Дінше театр басшысы құзырындағы материалдық құндылықтар мен іс-қағаздарын оған мамырдың ортасына қарай өткізген.

II. Ұлт театрының туу тарихынан бірер сөз

Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік тұрғыда жіктеп-межелеу науқаны өткеннен кейін, қазақ жер-суы мен халқы бір шаңырақ астына топтастырылды. Ресей Социалистік Федеративтік Советтік Республикасы құрамындағы Қазақ автономиясына Түркістан республикасынан межеленген қазақ аймағын және Қарақалпақ облысын қости. Сол шара нәтижесінде құрылған Үлкен Қазақстан Кеңестерінің 1925 жылғы 15–19-шы сәуірде Ақмешітте (Қызылордада) өткен Бірінші (ескі республикадағы рет саны бойынша – Бесінші) құрылтайы біртұтас Қазақ Ұлттық Республикасының құрылғанын әйгіледі. Құрылтай автономиядағы «халық агартудың кезекті мәселелері жөнінде» арнайы қарап қабылдады. Онда «тұрмысы жүдеу, артта қалған Қазақстанды шаруашылығы жаңғырған күшті, мәдениетті кеңес республикасына айналдыру» жолдары, соның ішінде ұлт театрын құру мәселесі де атап айттылды. «Қазақтың ұлттық театрын құру

жеделдетілсін» деген шешім жеке тармақта тұжырымдалды. Алайда оны орындау күзге дейін қолға алынбады. Тарих қау-лының бұл тармағының орындалуын жүзеге асыруды Дін-шениң – Дінмұхамед Әділовтің еншісіне бұйыртты.

Дінше 1925 жылғы жазда Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожановтың ұсынысымен Ағарту халкоматының аға инспекторы қызметіне тағайындалған еді. Сол тұста жас республикаға қажет мамандарды еліміздің ірі қалаларындағы белгілі оку орындарында оқытып дайындау мәселесі күн тәртібінде тұрған. Дінмұхамед Әділұлы емтихан қабылдау комиссиясының төрағасы болды. Шәкірттер Мәскеу, Тәшкен, Орынбордың түрлі оку орындарына жіберілді. «Осы науқан біткеннен кейін... мен ұлттық қазақ театрын үйымдастыру қажеттігін көтере бастадым», – деп еске алды Дінше 1928 жылы. Кенестер съезінің ұлт театрын құру жөніндегі шешімі жайында халық комиссары Садуақасов, өлкепартком басшыларының бірі Жандосов, басқа да көптеген көрнекті қызметкерлер айтып жүретін. Діншеге сол театрды үйымдастыру тапсырылды. Дінше іске кірісті: «Мен Қазақстанның түрлі қалаларына Садуақасовтың атынан сахна қызметкерлерін шақырған жеделхаттар жолдай бастадым». Театр жұмысын үйымдастырудың жоқтан бар жасап маңдай тер төккізген қияметін, кәсіби сахнаның не еkenін білмейтін ауыл өнерпаздарынан ұлken өнер көрігін қызыруышыларды жасауга бет алған сол кезеңнің қындығын өнер қайраткерлерінің бертінде жазған естеліктерінен, зерттеушілердің еңбектерінен көруге болады. Соларға сүйене отырып, Мемлекеттік Ұлт театрын құру мынандай кезеңдерден өткенін байқаймыз: өнерпаздар әуелі Қазақстанның бес жылдығын тойлау күндерінде – 1925 жылдың күзінде астанада бас қосқан және Қызылорданың мерекелі орындарында ән шырқаған. Әйгілі палуан Қажымұқанның көшпелі цирк аренасында өнер көрсетуі ең атышулы, атақты оқиға болған екен. Сонда отырған европалық қызметкерлер халықтың Қажымұқанды ұлықтауы кезінде айттылып жатқан жүрек-

жарды лебіздерін орысшалауды талап еткен көрінеді. Сол кезде Ұлт театрын құру үшін жер-жерден халық таланттырын шақырып жүрген Дінше олардың алдына шығып, еркін сөз сөйлейді. Оның сондағы мәдениет хақында айтқан сөзі кешегі езілген қазақтың көкірегіне қандай мақтаныш сезімін ұялатқаны жайында атақты халық артисі Қапан Бадыров беріде тебірене еске алған еді.

Мерекелік іс-шаралар аяқталған соң, республиканың Ағарту халкоматында жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен 22-ші қазанда кеңейтілген мәжіліс еткен. Сонда халком Смағұл Садуақасұлы ұлт театрын ашу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайында баянда-ма жасады. Одан араға бір ай салып, Діншенің айтуынша, жаңа театр республика коммунистері форумында тұнғыш рет ойын көрсетті: «Бірінші спектакльді біз бесінші өлкелік партконференцияның ашылуына қойдық...» Яғни, Казнац-театрдың алғашқы спектаклі Ресей Компартиясы Қазақ өлкелік ұйымының Бесінші конференциясы жұмысын бастаған 1925 жылғы 1 желтоқсанда болған.

Театрдың ресми ашылған күні 1926 жылғы 13-ші қаңтар екенін кеңестік тарих терістеген емес, тек осы күні театр өз шымылдығын Мұхтар Әуезовтың «Еңлік-Кебегімен» ашты деген деректі әбден құлаққа сінірген. Іс жүзінде бұл күні сахнада, жоғарыда айттылғандай, Қошке Кеменгеровтің «Алтын сақина» атты пьесасы ойналған еді. Ал маңызды мәдени оқиға жайындағы тарихи деректің бұрмалану себебі Діншенің де, Қошкенің де саяси репрессия құрбанына айналғанында жатқан-ды. Бірақ «Еңлік-Кебек» – Әуезов театрының алғашқы қойылымы» деген дерек ойдан шығарылмаған, ол шынында да құрылу үстіндегі жас театр әртістерінің сахнаға шығарған алғашқы спектаклі болды. Тек ол кеңестік мәдениет тарихы айтатын 1926 жылғы 13-ші қаңтардағы қазақтың ұлттық театрының салтанатты түрде ашылуында емес, саяси тұтқын, саяси репрессиялардың алғашқы толқынында 1930 жылды атылып кеткен Дінше Әділұлы атап айтқан оқиғаға орай – Қазақ өлкелік партия ұйымының Бесінші конференциясы құрметіне ойналған. Жер-сүзы мен халқы бір шаңырак

астына біріккен біртұтас Қазақ елі астанасындағы алғашқы партиялық форумға қатысу үшін әр өнірден жиналған коммунистерге желтоқсанның алғашқы күндерінде Дінше жинақтаған жас труппа Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебегінің» бір актін көрсетті (бұрын Орынборда өзінің қатысуымен ойналған бұл пьесаны Ұлт театрында сахналалауға Серке Қожамқұловтың жақсы жәрдем тигізгені түсінікті) және үлкен концерт койды. Содан кейін театрдың ресми ашылуына әзірлене бастады...

III. Шығармашыл достар жайында

Дінше театрдың ресми ашылуына өзінің байырғы пікірлес досы Қошке (Қошмұхамед) Кеменгерұлының «Алтын сақина» атты пьесасын сахналалауға таңдал алды. Қошке Омбы үйеziнде дүниеге келіп, ауыл молдасынан мұсылмансша, одан Омбыдағы шіркеуге келушілердің мектебінен (приходская школа) орысша оқыған. Сосын Омбыда ветеринарлық-фельдшерлік оқудың екі класын тәмамдалған, 1913 жылы Омбы ауылшаруашылық училищесіне түсті. Осы жылы Омбыға гимназияда оку үшін Ақмола қалалық мектебін бітірген жеткіншек Дінше Әділов те келген. Ол қазактардың Сібірдегі астанасына – Дала генерал-губернаторлығының орталығына – Орынборда жаңадан ашылып жатқан «Қазақ» газетінің қызметкері, ақын, журналист Міржақып Дулатовтың ақыл-кенесін арқа сүйеп барған-ды. Ұзамай «Қазақ» газеті жасөспірім Діншенің оқуына қажет қаралат жинауга бірнеше мәрте мұрындық болды, газет бетінде оның өлеңдерін жарияладап тұрды. Екеуін Омбыда оқитын жастардың 1913 жылдан ұйыса бастаған «Бірлік» атты саяси және мәдени-ағарту ұйымы табыстырыды. Мұндағы жалпы оку, өнер-білім игеру көкжиегін кенейтуді көздеген басқосулар (олардан тыскары, әдетте астыртын өтетін жиындарда, заман талабынан туындал жататын саяси ой-пікірлер жасырын түрде айттылатын, пікір таластырылатын, халық мұддесі тұрғысында түрлі жоспар жасалатын), сауық кештері, сондай-ақ баршасы бірігіп жасап жүрген «Балапан» атты қолжазба журнал олардың көзқарастарын айқындауға, аза-

маттық тұғырларын сомдауға септесті. Ойлы әңгіме қозғап қалам тербеуде тез көзге түскен Қошке де, өлең жазатын, домбыра тартып, ән салатын, мәдениет тарихын қуа оқытын Дінше де ұйымның белсенді мүшелері болды. Екеуі де белгілі бір кезеңдерде «Бірлікте» хатшылық міндегі атқарды.

Монархияның құлауы оларды ашық саясат алаңына бірге алып шықты. Омбыдағы Бостандық үйінде (күні кешегі Дала генерал-губернаторы кеңесінде) 1917 жылдың сәуірінде өткен Ақмола облысы қазақтарының съезінде азаттық таңының атуына байланысты ағымдағы ахуал талқыланып, қазақтардың облыстық атқару комитеті құрылды. Съездің шешімін орында мақсатымен қазақ атқару комитеті жұмысқа «Бірліктің» белсенді жастарынан жәрдемшілер тартты. Жер-жерде халық жиналыстарын өткізіп, қазақ комитеттерін құру үшін солардан комиссарлар жасақтап, үйездерге жіберді. Қошке мен Дінше Ақмола үйеziне бөлінді. Ақмолада олар сондағы мұғалімдер Сәкен Сейфуллин, Бірке (Бірмұхамед) Айбасов пен бірлесіп әрекет етті. Ауыл-ауылды арапап жиындар өткізді, үйездік жиналысқа өкілдер жіберілуін ұйымдастырыды. Үйез тұрғындарының съезінде үйездік қазақ атқару комитеті құрылып, оған Рахымжан Дүйсенбаев төраға, бұлар мүше болды да, бостандық таны арайындағы саяси жұмыстарын екпіндете жүргізе берді. Ұзамай байыргы журналист Рахымжан (ол «Дала уәләяты газетінде» 1902 жылғы жабылуына дейін істеген, сосын заңгерлік білім алып, адвокат болып қызмет атқарып жүрген) «Тіршілік» атты газет шығарудың шаруасымен орталық қалаларға іссапарға кетеді. Ұзенгілес жігіттер Сәкеннің басшылығымен ауылдардағы жастардың басын құрап, «Жас қазак» ұйымын құрады («Жас қазақ» мүшелері түскен, Сәкен «Тар жол, тайғақ кешуде» жариялаган суреттің бел ортасында албырт жас Дінше де бейнеленген). Содан бәрі революция рухындағы қызық жұмыстар жүргізеді. Солақай әрекеттер де болып тұрады: олардың тым тапшылдық көрсетіп, ауқаттылармен араздасулары, дінге қарсылық білдірулері, тиісінше жергілікті бас адамдармен тіл табыса алмаушылықтары ұзамай теріс нәтижесін береді. 1917 жылғы шілдеде Орынборда өткен бірінші жалпықазақ

съезінен кейін өткен үйе兹 халқының екінші жалпы жинальсында атқару комитеті қайта сайланады. Оның құрамына Сәкен мен оның серіктегі енгізілмейді. Содан Қошке мен Дінше Омбыға қайтып кетеді. Екеуі де өз оқу орындарындағы сабактарын жалғастырды.

1917 жылғы қазан айының аяғына қарай Омбыға Томдағы Сібір автономияшыларының съезінен келе жатқан Әлихан Бекейханов соғады. Белгілі қоғам қайраткері және болашақ ұлт көсемімен Бостандық үйінде өткен кездесу Алаш саяси партиясын құру жиынына ұласады. Сол жиналыста Қошке де, Дінше де Алаш партиясының Ақмола облыстық комитеті мүшелігіне сайланады. Осында Бекейхановтың пайым, уәждеріне студент Шәймерден Әлжанов қарсы сөйлеп, солшыл бағыттағы өзгеше көзқарас танытқан болатын. Ол ұзамай Қөлбай Төгісов, Мұқан Әйтпеновтерді қолдап, социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясын құруға қатысады. Осы жәйт және Петроградтағы большевиктердің совет өкіметін жария еткен Қазан төңкөрісі, сондай-ақ Орынбордағы Алаш автономиясын құрган Желтоқсан жалпықазақ құрылтайы «Бірлік» үйімінің тағдырына қатты әсер етеді: 1918 жылғы сәуірде «Бірлік» мүшелері көзқарас ыңғайымен екі жарылады. Қошке алаш тұғырындағы «Жас азамат» үйімін, Дінше кеңестік бағдардағы Демократиялық одаққа қосылады. Ұзамай Дінше мүлдем большевиктеніп, Омбыда жасақталған қызыл партизандар жасағына кіреді де, ақтармен соғысу үшін Қыыр Шығысқа аттанады. Ал Қошке жастардың ұлттық мұддені құйттейтін жаңа үйімінің тілі болып табылатын «Жас азамат» газетін шығарумен шұғылданады. Осылай екі дос қоғамдық қозғалыстың екі қанатына шығып, килы тағдыр сындарына кезіккен өз жолдарына түседі.

Қошкенің 1925 жылғы 16-шы наурызда Діншеге жазған бір хаты ОГПУ жүргізген қылмыстық тергеу іскәнгаздары арасында тігулі түр. Хатында ол ғұмырында талай тарихты бастан кешкен Діншенің сонау Қыыр Шығыс сапарынан бастап, қазіргі өміріне шейін терең білгісі келетінін жазған. Қандай мақсатпен коммунизм жолына түсken? Бұл жолдан неге ауытқыған? Өзі көрген уақиғалар, сапарлас, қарым-қа-

тынас жасап жүрген достары хақында қысқаша ақпар берсе. Бұлар оның қазақ зиялышарының өмірі жөнінде роман жазуы үшін қажет. Түркістандағы істері туралы хатқа жаза алмаса, ауызша айтсын, Қазақстанның дүмді деген қайраткерлеріне мінездеме берсін. Соларды есту үшін арнайы кездескісі келетінін айтқан. Сол жылғы көктемнен «Алтын сақа» сахналанып болған 1926 жылдың басына дейін олардың талай кездескеніне күмән жоқ. Романшы үшін Дінше өткен өмір жолының қызық тұстары мол екені анықтын. Бірақ Қошкенің романы қолжазба күйінде, жанама деректерге қарағанда, құпия полиция қолына тұсті де, со беті жогалып кетті. Біз енді, ғайыптан табыла кетпесе, оның зиялышар тыныс-тіршілігін шығармасында қалай бейнелегенін, Дінше тағдырының онда қандай орын алғанын ешқашан біле алмаймыз...

IV. Дінше қандай жолдан өтті?

Қошкенің болашақ романына негізгі материалды Діншeden алғысы келуі, оның сонау омбылық досының бейнесіне шығармашылық қызығушылықпен қарауы өте орынды-тын, себебі Дінше революция ісіне жан аямай атсалысқан, сосын оның барысынан көнілі суып та үлгерген қайраткер-тін. Хатында айтканындей, Қошке соның себебін білгісі келді. Діншениң театр ісіне кіріскеңге дейін көркемөнерпаздықпен шұғылдануы 1914–1918 жылдары Омбыда оқыған шағында (жастардың мәдени-ағарту және қоғамдық-саяси «Бірлік» үйімінда) және облыстық казақ революциялық мекемесінің комиссары ретінде Ақмолада қоғамдық-саяси қызмет аткарған кезінде (1917 жылы «Жас қазақ» үйімін құрысқанында) орын алғанын айта кету ләзім. Одан соң 1918 жылғы көктемде Омбыда қызыл партизан жасағына кірген де, Қыры Шығысқа аттанып, күзге дейін ақтармен шайқасқан. Благовещенскіде ақтар түрмесіне тұсті. Одан Омбыға оралып, сол жылғы желтоқсанда Колчак диктатурасына қарсы қарулы көтеріліске қатысқан. Ақтардан жасырынып, 1919 жылы Түркістан өлкесіне өткен. Ташкентте Тұrap Рысқұлов басқаратын Мұсылмандар бюросы жұмысына қатысқан, қазақ педагогикалық училищесінде сабак бер-

ген, ал 1920 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Нәзір Төреқұловтың шешімімен Алматыға аттанып, Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің менгегрушісі лауазымында қызмет атқарған. Өзімен бірге шәкірті Фани Мұратбаевты ертіп әкеп, қазак мұғалімдерін даярлау курсына дәрісші етіп бекітті, оның сабак бере жүріп, қогамдық-саяси жұмысқа араласуына, ширап, ысылуына септесті. Сондай-ақ өзі де мұғалімдер дайындау курсына мәдениет тарихынан тұрақты дәріс беріп тұрған. Алматыға келген бетте Түркмайдан Әскери-революциялық кеңесінің уәкілі Дмитрий Фурмановпен байланысып, облыстағы алғашқы мәдени-үгіт топтарын құрыскан. (Тарихта «Верный бүліншілігі» деп таңбаланған 1920 жылғы 12–19-шы маусым оқиғаларын көзімен көрген. Мәскеуден келген революциялық трибунал бірде-бір оқ шығармаған «көтеріліс» басшыларын топтап атып, қаладағы партия ұйымының басшысын, тағы басқа қызметкерлерді жер аударуға үкім шығарған болатын. Міне сол «бүліншілік» шындығын Діншенің: «Гарнizon Фурмановқа қарсы шықты» деген бір ауыз сөзі ашып тұр – мұрағат деректері оның дұрыс айтқанын, «бүліншілік» нақты оқиғаны большевиктік тәсілмен әдіптең бұрмалаудың салдары екенін көрсетеді, алайда бұл жеке әңгіме желісі.) 1920 жылы күзде Семейге барып, Жүсіпбек Аймауытов басқаратын қазақ бөлімі жұмысына қатысқан. Қазан айында өткен Қазақстанның тұңғыш Кеңестер съезінде Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сырттай сайланып, Орынборға келген. Ол жайында Қазақ автономиясының белгілі қайраткерлерінің бірі Смағұл Садуақасов республиканың бас газеті бетінде сол шақта: «Дінмұхамед Әділов жас болса да, қазақ революционерлерінің көрісінен саналады», – деп жазған-ды. Әділов Ішкі істер халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары міндетін атқарушы болды. Сонын қазақ үкіметі пен облыстық партия комитетінің отаршылдық салқынынан арылмаған саяси бағытына Смағұл Садуақасовпен бірге қарсы шықты. Соның салдарынан халық комиссары лауазымына бекітілмеді, қызметінде қыспақ көре бастады.

Сонда ол Әлихан Бекейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың батасымен Ташкентке кетіп қалды. Онда 1919–1920 жылдары өзі үстаздық еткен Қазақ ағарту институты (Казинпрос) мұғалімдері мен оқушыларының қатысуымен қаланың «Колизей» театрында өтіп журген «Шығыс кештеріне» арнап қазақ тұрмысынан ойын-сауық әзірледі. Одан Бұхарага кетіп, жалпытүркілік қозғалыс серкелерінің бірі Зәки Валидов жүргізген белгілі астыртын жұмысқа қатысты. Безекке шалдыққандыктан, елге оралды. Жазылған соң, 1922–1923 жылғы қыста Сырдария облаткомы мандатымен Шу бойында халық жиналыстарын өткізді. Кенес өкіметі мұраттарына кір келтіріп жүрген ел ішіндегі белсендерді ауыздықтауға қатысты. Сосын Ташкентте Казинпростың оқытушысы, 1924 жылы директоры болды. Институт директоры болған кезінде, әрине, белгілі дәрежеде көркемөнерпаздар үйірмесі жұмысымен де айналысқан. Осы жайттер оны мәдениет қайраткері санатына қосып, 1925 жылы Кенестер съезі қарапына сай Ұлт театрын ұйымдастыру ісіне құлшына кірсіүне сенімділік берді.

Әйгілі мемлекет қайраткері, әдебиетші, көсемсөзші, «Улken террор» құрбаны Сұлтанбек Қожановтың жары, «халық жауы әйелінің» еншісіне тиген құллі тағдыр тауқыметін бағынан кешкен Гүләндәм Мұңайтпасқызы Қожанова 1988 жылдың бас кезінде 1921 жылғы Ташкент мәдени өмірінен бір сыр шерткен еді. Түркеспублика жауапты қызметкерлері зайыптарының қатысуымен «Шығыс кештері» өткізіліп тұрғанын, сондай бір өнер кешінде қойылған спектакльдің басты ұйымдастырушысы Дінмұхамед Әділов болғанын еске алып, аға ұрпақтың алыста қалған жастық шақтарындағы ұмытылмас мезеттерді жылы лебізben еске алған. Сол бір белес жайында 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне Дінше былай депті: «Я помню, в бытность мою в Ташкенте ставили восточные вечера, распорядителем казахской части был я. В тот день, когда мы выехали, в театре «Колизей» шел такой спектакль, и я невольно о нем подумал». («Есімде, менің Тәшкенде тұрған шағымда шығыс кештерін қоюшы едік, қазақ бөлімін мен басқаратынын. Біз сапарға шыққан күні

«Колизей» театрында сондай спектакль жүріп жатты да, мен еркінен тыс сол жайында ойладым»). Бұл 1921 жылғы мамырдың соңғы күндерінің бірі болатын. Ол серіктерімен бірге астыртын тапсырмамен Бұхара қаласына шыққан. Онда Зәки Валидов жасырының жүрген еді. Ол –жетпіс жыл жау саналған, бүгінде заңды түрде башқұрт халқының мақтанашина, ұлттық батырына айналған қоғам қайраткері, ірі ғалым. Түркі халықтары ішінде монархия құлағаннан кейін тұнғыш жарияланған ұлттық автономияның басшысы (1917 жылы Башқұрт автономиясы – 16 қарашада, Түркістан (Қоқан) автономиясы – 24 қарашада, Қазақ (Алаш) автономиясы – 12 желтоқсанда құрылды). Зәки қазақ қайраткерлерімен ақылдаса отырып, кенес өкіметімен келісімшарт жасады, башқұрт, қазақ халықтарының тәуелсіздікке бірлесіп кол жеткізетініне сенді. Алайда, Ленин мен Сталиннің қол койған келісімді дөрекі түрде бұзулары өз алдына, олардың күллі ұлт саясаты – аты өзгерген империяны көксеген жәй гана көзбояу екенін тікелей пікірлесе жүріп айқын үққан да, ақыры, большевиктерге қарсы кимыл ұйымдастыру мақсатымен 1920 жылдың ортасында Бұхараға өткен. 1921 жылғы мамыр айының соңғы күндерінде оған қазақ зиялдылары жіберген үш жас жігіт барып, орталарынан біреуін қазақтардың Фергана алқабындағы тұрақты өкілі ретінде қалдырыған. Бұл Дінше еді. Ол Бұхарада үш жарым ай бойы белсендей жұмыс атқарды. (Зәки Валиди өзінің Түркіяда жазған «Естеліктерінде» оның түрлі қызметін әлденеше мәрте ри зашылықпен атап өтіп, «Бұхара мен Самарқанда Алашорда уәкілі болған қазақ шайыры әм мәдениет қайраткері Дінше» деген мәтінмен жеке суретін бастырыды.)

V. Тоталитаризм құрбандарына қатысты өтелмеген парыз

Сонымен, бүгінгі әйгілі өнер ордасы Қошмұхамед Кеменгеровтің «Алтын сақинасымен» шымылдығын ашып бастаған бірінші театрлық маусымы – қаз тұрып, тәй-тәй басу кезеңі – бастан-аяқ Дінмұхамед Әділұлының жетекшілігімен өтті. Ал жас ұжымның алғашқы қойылымдары мен өнерпаздардың шеберлік деңгейі көрнекті мемлекет

қайраткері, ұлт театрының дем берушісі әрі қамқоршысы болған Смағұл Садуақасұлының мақалаларында өз уақытында талданып, бағаланып отырды. Бірақ олардың есімдері тез ұмыттырылды. Өйткені Дінше 1926 жылы жазғытұрым театрдың басшылығынан өз еркімен кетті де, құпия полиция қармағына түсті. 1928 жылғы тәркілеу науқаны соңында тұтқындалды. 1930 жылғы 21-ші сәуірде Мәскеуде, пролетариат көсемі Лениннің туғанына алпыс жыл толған юбилей қарсаңында құрбандыққа шалынып, атылды. Дінше Смағұл қазақ еліндегі диктатор Голощекиннің айлалы саясатының құрбаны болып, 1933 жылы дүниеден озды. 1930 жылы Қошке де қамалды. Екі жыл түрмеде отырып, ішкі Ресейге жер аударылды, 1937 жылғы қайта ұсталып, Омбыда атылды. Осылай үшеуінің де Ұлт театрының бастауындағы еңбектерін елемеуге негіз салынды.

Қасіретті жылдарда репрессияның қара қанжары отыз жасар Діншені мерт етті, қыршын кеткен боздақтың ұлттық сахна өнерін қалыптастырудығы еңбегі ізінше жоққа шығарылды. Республикамыздың бас газеті бетінде белгілі ақынымыз сол 30-шы жылдары: «...бетінен қаны шыққан ұлтшыл Әділұлы театрдың бағытын еңбекші тап мүддесінен бұрып әкетті», – деген жалалы тұжырымын жария етті. Содан Дінше Әділұлының есімі театр, мәдениет құрылышы тарихынан тез және ұзақ уақытқа өшірілді.

Қоғамдық құрылыш ауысты, тәуелсіздік туын желбіреткенімізге ширек ғасырға айналды. Отарлық қатыгез заманының, әділетсіз уақыттың қасаң бұрмалауларын дұрыстауға енді толық мүмкіндігіміз бар. Ұлттымыздың аяулы азаматын ардақтап, есімін мәдениетіміздің тарихындағы, қазіргі таңда тоқсан жылдық мерейтойын атап өткелі тұрган Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының тарихындағы өз орнына қойған жөн.


2 желтоқсан 2015 ж.



М. Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрының іргесін қалаған тұңғыш директоры әмбас режиссері Дінімұхамед (Дініш, Мұқыш) Әділов. Қызылорда, 1925 ж.



Санжар Асфендияров зайдыбы
Рәбия Серәліқызымен
1912 ж.ш.



Қошмұхамед (Қошке)
Кеменгеров

Дініш Әділұлының туғанына 100 жыл толуына орай откізілген еске алу кешінің жарнамасы

Dінімұхамед Әділұлы (1900-1930)

100

Тарих-жартуу "Ozىلەخ" котамы мен
реверсивниң ұйырылған Қазақстан академиялық мұрасын
артисттік "Арыс" коры көтті және иеленет күріктегі.
Қазақ чемаскеттік драма театрының тұңғыш директоры
Дінімұхамед (Дініш) Әділұлының (1900-1930)
тұмалығының 100 жыл толуына орай откізілгетін
Еске алу кешіне катысуынызды үйрайды.
Белгілі жаудың Бейбіт Коншыбайтың "Драма театры шамыранын
көтерүм" кітаптаны ("Арыс", баспасы, 2000) түсінушесірі
де осы шаралға орай дастырылады отырып.
Еске алу кеші М. Әуезов атындағы Қазақ
чемаскеттік академиялық драма театрының Қызыл альянс
2000 жылдың 20 желтоқсанда салын 17.00-де отеді.
Кеш соңы концерттік бағдарламасын жалғасады.



Түркістан Республикасының Мемлекеттік («Колизей») театрында откізіліп тұрған «Шығыс кештерінде» «Біржан-Сара» халық спектаклін койып, өнер көрсеткен Қазақ ағарту институты (Кириинпрос) жаһындағы коркемонерпаздар үйірмесінің мүшелері. Жаткандар (оннан): Құрманбек Жандарбеков, Эбдірахман Мұңайтпасов. Отыргандар (оннан): Ләтипа Қожыкова, Рәбия Асфендиярова, Үрия Тұрдықулова, Гулбаһрам Тынышбаева, Гүләндам Қожанова, Емберген Табынбаев, Үлдар Нарбекова, Қадиша Лапина. Түрегеп тұрғандар (оннан): Дінше Әділов (режиссер).
Ташкент, 1921 ж.



«Жас қазақ» ұйымының мүшелері. Алдыңғы катарда отыргандар (оннан): 5) Сәкен Сейфуллин, 5) Абдолла Асылбеков, 7) Қошке Кеменгеров. Екінші катардағылар (оннан): 5) Дінше Әділов, 7) Сейитов, 8) Сәтбаев, 10) Бәкен Серікбаев. Ушінші катардағылар (оннан): 4) Сапар Мұстафин.
Ақмола, 1917 ж.



Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысушылардың бір тобы (солдан): Темірбек Жұргенов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзаков, Евгений Брусиловский, Ораз Исаев, Күләш Байсейітова, Жамбыл Жабаев, Шара Жиенқұлова, Үрия Тұрдықұлова, Қалибек Куанышбаев, Қанабек Байсейітов, Манаrbек Ержанов.
Мәскеу, 1936 ж.



Жанайдар
Салдақасов



Темірбек
Жұргенов



Ораз Исаев



Санжар Асфендияров



Фабдол-Хакім Бекейханов (сол жақта).
Орда, XX г. 10-шы жыл. иш.



Левон Мирзоян



Мағжан
Жұмабаев

Сұлтан Сегізбаев



Ораз Исаев жайыбы Сара Есовамен



СҰЛТАН СЕГІЗБАЕВ

Екі халыққа бірдей қымбат

Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы
күндері қарсанында

Тарихтың қай кезеңі бұйыртқанын кім білсін, әйтеуір бір заманда қазақ-жағалбайлардың бір көші қазіргі Өзбекстан жеріне ат басын тіреген көрінеді. Қонысына елінің намын беріпті. Міне сол Жағалбайлы қыстағында 1899 жылы болашақ мемлекет қайраткері Сұлтан Сегізбаев дүниеге келді. Ауыр тұрмыс тауқыметін тартып жүрген диқан Сегізбай баласына биік дәреже мензейтін есімді ырымдап, жақсы үмітпен қойса керек. Кішкентайынан Нәдір қожаның мектебіне оқуға береді. Ұзамай ауылдарына мұғалім болып келген Бекболат Салиев деген кісі Сұлтанның зейінділігіне, алғырлығына назар аударып, орысша оқыту үшін өзімен бірге үлкен қалаға әкетуге ниеттенуін де қуана қолдайды.

Бекболат мұғалім Сұлтанды бір жылдан астам Қазанда оқытып, қайтып оралған соң Ташкенттегі орыс гимназиясына түсуіне жәрдемдеседі. Алайда, гимназисіміз окуға кірісер-кіріспестен оның тегіне күдік келтірген, әкесінің кедей диқан екенін айтқан арыз түседі. Сонда Аққорған болысина жіберілген комиссиямен Бекболат мұғалім де барып, Жағалбайлы қыстағындағы құллі ағайындарының мал-мұлқін Сегізбайдың атына есептetedі. Осындай жолмен әкесінің байлығы екі мың ділдәға баланған Сұлтан гимназияда оқи беруге пұрсат алады. Ол ұстаз бен әке, ағайын-туыстар сенімін ақтап, гимназияны 1917 жылы алтын медальмен бітіріп шығады.

Он алтыншы жылғы Маусым жарлығынан туған көтеріліс, он жетінші жылғы Ақпан революциясы, монархия құлаған-

нан кейінгі саяси оқиғалар зерек жастың дүниетанымын қалыптастыруда елеулі орын алғаны сөзсіз. Ол ауылына оралып, Жағалбайлы қыстағындағы аса дәүлетті Қызырбайдың кенесіне қызметке кіргенінде, әлеуметтік теңсіздіктердің сан түрін көреді, ақыры, Қазан төңкерісіне орай Түркістан өлкесі таңдап алған өзгеріс жолын орнықтыруға атсалысады.

1918–1919 жылдары Сұлтан Сегізбаев Ақкорған болыстық партия комитетінің хатшысы және сонымен бірге Піскент аудандық революциялық комитетінің төрағасы әрі әскери комиссары болып істеді. Совет өкіметіне наразы бол елді талан-таражға ұшырата бастаған құрбашыларға қарсы құреспуді ұйымдастырды, осы істе өзінің жеке басының ерлігімен де көзге түсіп, жүртшылық құрметіне бөлениді.

Күресте тәжірибе жинақтап қалған Сұлтанға басмашыларға қарсы жорық жасау тапсырылады. Оның өзбек, қазак, қырғыз жігіттерінен құрылған үлкен отряды Сырдария мен Ферғана алқаптарындағы басмашыларды тоз-тоз қылады.

Ол 1920 жылы Бакуде откен Шығыс халықтарының 1-съезіне делегат болады. 1921 жылы Ресей большевиктер партиясының 10-съезіне барғанында, Кронштадтағы кенес өкіметіне қарсы бүлікті басуға қатысады. Сол жылы Сұлтан Сегізбаев «Қосшы» одағының Орталық Комитетіне жауапты хатшы қызметіне жіберіледі. Ұзамай Түркістан Орталық Атқару Комитеті Тәралқасының мүшесі болып сайланады.

1923 жылдың басында Сегізбаев Ферғана облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне жіберілді. Мұнда ол «Ферғана» газетінің редакторы міндеттін қоса атқарды. Партия, кенес, шаруашылық, насиҳат мәселелерін шешу тағы да басмашыларға қарсы құреспен бірге жүргізілді. Ферғанадағы қызметі кезінде ол жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталды.

Сұлтан Сегізбаев 1924 жылдан Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінде үгіт-насиҳат бөлімі менгерушісінің орынбасары болып істейді. Ұлттық-территориялық меже-

леу комиссиясының жұмысына басшылық жасайды. Ұзамай Ташкент уездік партия комитетінің хатшысы болады. Сол жылдың ақырында оны Мәскеу, большевиктер партиясының Орталық Комитеті қарамағына шақырып алғып, Украинаға, Донбасс облыстық партия комитетінің хатшысы қызметіне бекітеді. 1925 жылдың күзінде Сұлтан Украина Компартиясы Орталық Комитетінің жолдамасымен Мәскеудегі Қызыл профессура институтына окуға келеді. Институтта ол партия бюросының мүшесі болып сайланады. Оки жүріп, «Правда» атындағы журналистика институтында саяси экономия пәнінен сабак береді, 1928–1930 жылдары Қызыл профессура институтының құзырындағы кешкі коммунистік университет деканы болып істейді. Осы жылдары ол өзінің ғылыми еңбектері мен мақалаларын да өндіріп жазып, Мәскеу базылымдарында жарияланып тұрды.

Қызыл профессура институтын тәмамдаған соң, Сегізбаев 1930 жылды Ташкентке оралады. Бірінші ұлттық экономист, отыз бір жасар профессор Бұқілодақтық ауылшарашылық академиясының Орта Азия филиалы мен мақта ғылыми-зерттеу институтының директоры лауазымдарына тағайындалады.

Қазак, өзбек, орыс тілдерінен тыскары французша, ағылшынша, немісше еркін білген Сұлтекен ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмыстарында ұлан-ғайыр іс тындырса керек еді, алайда оны мұнда көп істеппей, қайтадан Мәскеу шақыртып алдырады. Мұнда Орталық Бақылау комиссиясы мен Шаруа-дикан инспекциясы халық комиссариатының мақта шаруашылығы-суландыру істері тобына басшылық қылады.

Бұрынғы кеңес республикаларының бәрінде «ұлы бет-бұрыс» жасалып жатқан ауыр жылдар-ды. Қазақстанда ала-пат ашаршылық болды, жергілікті халықтың жартысы қырылды, басқа өнірлерге көшіп кетті. 1932 жылдың күзінде Мәскеу мұндағы ауыл шаруашылығының құлдырауы туралы қаулы қабылдады. 1933 жылдың ақпанында аса дабыралат-

пай, басшылықты ауыстырды. Аштық апатына ұшырап, өте күйзелген Қазақстанды көтеру үшін жан-жақтан сауатты, іскер ұлттық кадрлар қызметке шақырылды.

Сұлтан Сегізбаев та осы орайда Мәскеуден Алматыға қоныс аударды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің әуелі ұйымдық-нұсқаушылық бөліміне, кейін ауыл шаруашылығы бөліміне менгеруші болып тағайындалды. Өлкелік комитеттің бюро мүшесі және Қазақстан Кеңестері Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Қазақстанның он бес жылдығына арналған салтанатта баяндалған табыстарда Сегізбаевтың да елеулі үлесі бар.

Ол 1937 жылдың басында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде істеді. Қазақстан коммунистерінің бірінші съезі оны Орталық Комитеттің мүшелігіне сайлады.

Корқынышты жыл, «үлкен террор» жылды Қазақстан Компартиясының алғашқы сайланған Орталық Комитетінің мүшелері бірінен соң бірі бірінші хатшысына дейін «халық жауы» жаманатымен таңбаланып жатты. Сұлтан Сегізбаевтың Түркістан Республикасы тұсында қоғамдық-саяси жұмыстарда жалынданап қатар жүрген үзенгілестері Тәшкенде де, Мәскеуде де, Алматыда да адам түсініп болмайтын айып тағылып ұсталып кетуде, енді оның да кезегі келіп түрғандай-ды. Алайда тағдыр ол үшін тамұқ есігін сәл кейінрек ашпақ екен...

Үрей жайлана отыз жетінші жылдың екінші жартысында құдіреті күшті Мәскеу Сегізбаевты Қазақстannan шақырып алып, Өзбекстанға жана жауапты қызметке жібереді. Оны қазан айында Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы лауазымына сайлады. Ол білікті мемлекет қайраткері ретінде республиканың экономикасы мен мәдениетін көтеруге бар қажыр-қайратын жұмылдыра кіріседі. Бірақ жазалағыш машина сергек – 1938 жылдың жазында өткен республикалық партия активі үстінде предсовнарком Сегізбаев қамауға алынады. Көп

кешікпей атып тасталады. Жиырма шақты жылдан кейін, елуінші жылдарғы «жылымық» кезінде, нақактан күйгені анықталып, ақталады...

1967 жылғы шілдеде Өзбекстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Өзбек КСР Министрлер Кеңесі отызыншы жылдардағы заңсыздықтар салдарынан жазықсыз жазаланған мемлекет қайраткері Сұлтан Сегізбаев есімін есте қалдыру хақында қаулы қабылдады. Содан бері Ақкорған мен Мырзашөл аудандарында бір-бір кеңшарға Сегізбаев аты беріліп, кеңшар орталығына ескерткіш қойылды. Гүлистандағы медициналық оқу орны, Ташкенттің бір көшесі осы ардақты халық ұлының есімімен аталды. Туган жерінде музей ашылды.

Сұлтекен өзбек пен казақça бірдей қымбат перзент, оның есіміне алдағы уақытта Қазақстан Республикасында да лайықты құрмет көрсетілетініне құмән жоқ. Сұлтан Сегізбаев 1918 жылғы I мамырда кеңестік негізде автономия жариялаған Түркістан Республикасы қанаттандырып, шындаған тамаша ұлттық қайраткерлердің бірі, ол өзінің өмір жолымен бүгінгі күнге де – халықтарымыздың туысқандық қарым-қатынастарын арттыра түсуге, азаматтарымызды тарихпен тәрбиелеуте, жұмыхұрияттарымыздың егемендіктерін нығайта беруге қызмет ететін болады.

14 мамыр 1995 ж.

ЖАНАЙДАР САДУАҚАСОВ

Әділетсіздікке ұшыраган әділет халкомы

«Ұлы террор» жылдары жазықсыз жазаланған ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі Жанайдар Садуакасұлы Садуақасов 1898 жылы Шу өзенінің алқабында көшпенді малшы отбасында дүниеге келген еді. (Бұл өнір бүгінде қазіргі Жамбыл облысы Сарысу ауданының аумағына кіреді. Ауыл Шуды қыстап, Сарыарқаны жайлайтын. Көшпенділердің ғасырлар тереңінен келе жатқан мұндай өмір салғына большевизмнің әйгілі тәркілеу және күштеп ұжымдастыру науқаны, соның салдарынан орын алған ұлттық апат – ашаршылық нүктө қойған-ды). Жеткіншек Жанайдар 1912 жылға дейін ауыл молдасынан қазақша дәріс алған болатын.

Сол ауылдан шыққан, ерте саута ашып, орысша оқып, қызмет істеп, жағымды істерімен ел аузына ілігіп жүрген, болашақ қоғам қайраткері Байсейіт Әділовтің (1887–1928) ықпалымен, әкесі жасөспірім Жанайдарды 1912 жылы күзде Ақмолаға оқуға жібереді. Осында ол 1913–1915 жылдары шіркеу жанындағы мектепте, 1915–1916 жылдары жоғарғы бастауыш мектепте оқиды.

Омың гимназиясында жерлесі әрі қатары, болашақ Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің алғашқы құрамының мүшесі, Ұлт театрының тұнғыш директоры және бас режиссері Дінмұхамед Әділов оқитын. (Бала Діншені патшалық кезінде Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінің өкілі ретінде Ақмолаға келгенінде көріп, оған білімін қыр өлкесінің астанасында көтеруіне кенес берген, әрі оған ұдайы қамкорлығын көрсеткен). Жанайдар 1916 жылды Дінмұхамедпен бірге Омбыға барып, ересектерге арналған гимназияға түседі.

Омбыдағы оқушы жастардың «Бірлік» атты мәдени-агарту және саяси ұйымы жұмысына (мұнда Дінмұхамед-Дінше ұйым шаңырақ көтергелі мүше, кейінгі жылда хатшы болатын) белсене араласты.

Монархияның тарих сахнасынан кетуімен халықтың са-яси белсенділігі ерекше артқаны мәтім. 1917 жылғы көк-темде Омбыда Ақмола облысы қазақтарының съезі болды. Сол съезде сайланған қазақ атқару комитеті сібірлік астана-да оқып жүрген жастарды қызметке көптеп тартты. Дінше мен Қошке Кеменгеров (болашақ драматург, жазушы, публицист) Ақмола қаласына комиссар ретінде іссапарға жіберілді, онда олар Сәкен Сейфуллинмен бірге үйе兹 қазақтарының, сондай-ақ жастардың арасында революциялық ұйымдар құрумен шұғылданды. Ал Жанайдар орталықта – Омбыда қазақ комитетінің ауылдық және болыстық ұйымдар жөніндегі нұсқауышы болып істеді.

1917 жылғы желтоқсанда Орынборда Екінші жалпықазақ құрылтайы болып, Алаш (Қазақ) автономиясы жарияланды, Алаш үкіметі (Алаш-Орда) сайланды. Алайда оны большевизм, тиісінше – кеңестік тұғырдағы қазақ белсенділері оны мойындаады. Мәселен, Ақмоладағы Сәкен Сейфуллин, Байсейіт Әділов бастаған топ «байлардың автономиясын қабылдамайтындарын, автономияны өз іштерінен оқығандар көбейген соң алатындарын» мәлімдеп, орталыққа жеделхат жолдады.

Осындай идеялық көзқарастардагы қайшылықтарға байланысты Омбыдағы жастар ұйымы да алауыздыққа ұшырады. Сонда, 1918 жылдың басында, «Бірлік» екі жарылғанда, оның солшыл қанатын Жанайдар да қолдады. Ол омбылық оқушылар ішінде Демократияшыл қазақ жастары кеңесін құруға қатысып, соны басқарды.

1918 жылдың күзінде, Сібірде Колчак билігі орнаған шакта, көктемнен бері Қыыр Шығыста халықаралық партизандар жасағы қатарында актармен шайқасқан Дінше Әділов Омбыға оралған-ды. Жанайдар онымен бірге жазушы-қай-

раткер Ф.А. Березовскиймен, сол арқылы жұмысшылардың саяси ұйымдарымен байланысып, кенес өкіметі идеяларын насиҳаттаған астыртын жұмыс жүргізді. Сонда, Омбыда, 1918 жылғы 22 желтоқсандағы актарға қарсы көтерілген қарулы көтеріліске қазақтардан Дінше екеуі ғана қатысқан болатын.

Көтеріліс сәтсіздікке ұшырағанда Жанайдар бой тасалап, қалада қалады. Тұтқындалу қаупі төнген Діншенің Омбыдан қашып шығуына, сөйтіп оның «Бірлік» ұйымындағы үзенгілесі, болашақ партия-кенес және кәсіподак қызметкери, әдебиетші Әбдірахман Байділдин тұратын Қызылжар өніріне өтуіне жәрдемдеседі.

Сол қыста, халық ағарту саласының қазақ бөлімінде іс жүргізуі қызметін атқара жүріп, Жанайдар Садуақасов Омбы түрмесінен Сәкен Сейфуллин мен басқа да жігіттердің қашып шығуына қажет күжаттар дайындайды.

Оның өзі де, ақыры, 1919 жылғы шілдеде, актар қолындағы Омбыдан жасырын шығып кетуге мәжбүр болады. Ақмолаға оралады. Осында кенес өкіметі орнағанда, үйездік халық соты комитетінің мүшесі ретінде қызмет істей бастап, 1920–1922 жылдары кенестердің Ақмола үйездік комитетінің мүшесі, оқу бөліміндегі саяси ағарту саласының менгерушісі, үйездік атқару комитетінің іс басқарушысы және төралқа мүшесі, Ақмола губерниялық аткомының хатшысы (қазіргі Астана қаласында), Черлок үйездік ревкомының төрағасы (Петропавловск қаласында) болды.

Жас қайраткер өзін жауапты жұмыстарда тез танытты. Революцияның идеяларына құлай сеніп, халыққа қызмет ету ісіне жан-жүрегімен жегілгендей тиісті нәтижелер берді. Ол республика кенестерінің 1922 жылғы кезекті үшінші съезінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің жауапты хатшысы (Орынбор қаласында) болып сайланды. Ал 1924–1925 жылдары Адай үйездік ревкомының төрағасы, 1925–1926 жылдары Қазақ АКСР Қаржы халық комиссарының орынбасары (Қызылорда қаласында). 1926–1928 жылдары Сыр-

дария губерниялық аткомының төрағасы (Шымкент) болып істеді.

Еліміздегі ұлы өзгерістер толқынында үлкен шындалу мектебінен өтіп, ірі қайраткер ретінде сомдалған Жанайдар Садуақасұлы 1928 жылдың басында Әділет халық комиссары және Республика Прокуроры болып тағайындалды. Бұл қызметінде ол Қазаткомның 1928 жылғы тамызда шығарған қазақтың ірі бай-феодалдарын тәркілеу туралы декретінің орындалуын тексеру жұмыстарын тіkelей бақылады.

Осы жерде атап айта кету ләзім: сол жылдарда Ресей Федерациясының құрамында тұрған Қазақ автономиялық республикасы мен оның үкіметі іс жүзінде бар болғаны қырышаш қемлекеттің өз еркі өзінде жоқ қуыршақ үкіметі ғана болғаны белгілі, соған сәйкес, тиісінше – осынау атап құқық қорғау органдарының да құқтары шектеулі-тін. Республикада пәрменді билікті бас саяси басқарма (ГПУ) деп аталатын құпия полиция астыртын түрде, орталық атынан жүргізетін.

Міне сол жазалағыш орган қазақтың ірі бай-феодалдарын тәркілеу науқанын ұлт қайраткерлерін қудалау әрекетіне ұластырды. «Кеңес шараларын жүргізуге қарсылық көрсетті» желеуімен Дінше Әділов тұтқындалып, қазақ зияяларының үлкен тобына бүтінде «Алаш ісі» атымен кең мәлім болған жасанды саяси айып тағу науқаны басталғанда, сол кезде республика прокуроры болып отырған Жанайдар Садуақасов өзінің Омбыдағы оқушылық шағынан басталған саяси күрестегі үзенгілесіне – жан-дүниесін жасынан жақсы билетін ауылдаш жолдасына, белгілі бір дәрежедегі туысына қатысты жасалып жатқан зансыздыққа ара тұра алмады. «Автономия» алған қазақ республикасының прокуроры түгіл, күллі үкіметі орталықтың осындағы партиялық әмиссары мен ГПУ агенттерінің қырағы бақылауында тұрған-ды.

Садуақасов, барша кеңестік Қазақстанның қазақ қызметкерлері тәрізді, өз қызметін пұрсат берілген шекте ғана жүргізуге қақылы болатын, дегенмен соның өзінде оның бас-

тамашылдығы тәуір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызып жатты. Оның тікелей өзі қолға алып, араласуымен республика соттарындағы халық заседательдерінің ката-рында қазақтардың үлесі 1929 жылдың соңына қарай 50,5 пайызға көтерілді. Ол республиканың басбұзарлық (қыл-мыстық) кодексі нормаларын үкіметте қайта қарап, талқыла-уга, жекелеген бөлімінің баптарын қатаандатып қайта тұжы-рымдатуға мұрындық болды.

Әділет халкомы және прокурор лауазымында Садуақа-сов 1930 жылғы сәуірге дейін істеді. Тап сол кезде ауылдасы, күрескер серігі Дінше Әділов (Аймауытов, Байділдин, Юсу-повпен бірге) қолдан ұйымдастырылған «Алаш ісі» бойын-ша, пролетариат көсемінің туғанына алпыс жыл толу құр-метіне, Мәскеуде атып тасталды...

Бұдан соң Жанайдар Садуақасұлы 1936 жылға дейін БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінде мәдениет-насихат бөлімінің менгерушісі, көлік жөніндегі хатшы, кеңестік са-уда бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарды. Ал 1936 жылы Халкомкеңес төрағасының бірінші орынбасары бо-лып тағайындалды. Осы қызметімен бірге ол республика-лық партия газетінің («Еңбекші Қазақ», одан «Социалистік Қазақстан» аталған, қазіргі «Егемен Қазақстан») бас редак-торы болды.

Мәдениет саласын басқарып, тікелей баспасөзде істей жүріп, ол жазушылармен қоян-қолтық араласты, олар-мен ұлт әдебиетінің ахуалы және болашағы жайында жиі пікірлесіп, әрдайым өз ойын білдіріп отырды. Жаңа шығар-маларға пікір жазды, жас әдебиетшілердің ұлттық рухты жоғалтпауына назар аударды. Әр кезде ағымдағы сәтке бай-ланысты мақалалар жазып тұрды. Алайда Садуақасовтың публицистикалық мұрасы әлі күнге дейін арнайы зерттелген жоқ.

Ол Қазақстан партия ұйымы қабылдаған маңызды қау-лы-қарарларды жинастырып, 1931 жылы құжаттар жинағын шығарды. Бұл – қайта жарияланбаған, өте құнды жинак.

Жанайдар Садуақасұлы 1937 жылы Қазақстан К(б)П Алматы облыстық комитеті мен Алматы қалалық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, сол қызметінде 1937 жылғы 17 қыркүйекте тұтқындалғанға дейін істеді. Ол 1938 жылғы 25 ақпанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасы көшпелі сессиясының үкімімен атылған. Сол күні оқка ұшқан 39 боздақпен бірге Алматы тубіндегі Әли ауылына (қазіргі Жаңалық) құпия жерленген (бірнеше мың жазықсыз жазаланған жан жатқан бұл қорымға 2002 жылы ескерткіш койылды).

Жанайдардың зайыбы «халық жауының» әйелі ретінде ұсталып, лагерьге айдалған кезде ұлын сінлісі қолына алған екен. Пәле-жала жабыса бермесін деген оймен баланың фамилиясын өз күйеуінің сойына өзгертіпті. Содан Рұstem Жанайдарұлы Мангелдин Қырғызстанда өмір сүрді, үлкен ғалым болды, бертінде Бішкекте дүние салды. Балалары сонда тұрады. Ал Жанайдардың туған інісі Құрман мен туған қарындасты бала-шағаларымен, сондай-ақ бірқатар басқа да жақын туысқандары Қарағанды облысының Жанаарқа ауданында, аталас туыстарының көпшілігі Жамбыл облысының Сарысу ауданында тұрып жатыр.

Еліміздің қоғамдық тыныс-тіршілігінде орын алған түбегейлі өзгерістер зерек те сергек жас өркен Жанайдар Садуақасұлын ірі қайраткер дәрежесіне жеткізіп, тарих толқынының жалына көтерген еді. Оның сонау шырқау білкке самғап шыққан өмір жолының монархия құлағаннан кейінгі алғашкы кезеңі Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи романында суреттелген. Садуақасовтың өткен гасырдың 30-шы жылдарында, ашаршылыққа ұшыраған өзінің туған ауылының халқын Саудакент аймағына көшіруге байланысты ел ішінде жүргізген жұмысының бір кезеңін жазушы-зерттеуші Дулат Шалқарбаев «Ақынтар» деген кітабында (Тараз, 1998) баян етеді.

20 шілде 2004 ж.

ЛЕВОН МИРЗОЯН

Секретарь Мирзоян ға Tagы да Мирзоян жөнінде

1. Секретарь Мирзоян

Қазақ халқының рияссыз сүйіспеншілігіне бөлениген Левон Исаевич Мирзоян туралы сөзді сол уақытта кең таралған пікірлердің кейбірін еске түсіруден бастайық... Мұндайда қалың бұқараның сүйікті жазушысы кәдімгі Сәбит Мұқановқа жүгіну ләзім, өйткені оның әйгілі «Өмір мектебі» – шын мәніндегі замана тыныс-тіршілігіне тұнып тұр. Москвада оқып жүрген қаламгер 1933 жылдың жазында, каникулға шыға, ел аралайды. «Егер былтыр я биылғы жылдың басында келсең – ашықкан халықтың өнінен зәрен ұшар еді, – дейді оған губерниялық атқару комитетінің председателі Сүлеймен Ескараев, – «адам жылқы мінезді: бір күнде жудейді, бір күнде торалады» деген қазак сөзі рас еken. Мирзоян келгеннен бері аштар тез тыңайып, қазір дағдылы күйіне келіп қалды. Халық қазір өте көңілді...»

Өлкелік партия комитетіндегі жаңа басшының есімі ел аузынан түспей жүргенін Сәбененнің өзі де көреді: «Ауылдың қарапайым адамдары оның атын Мырзажан қойып алған...» «Жалпы алғанда, асыра сілтеу – партия жолы емесін, «найзагайшылардың» ісі екенін халық ұғып болғанға ұқсайды. – «Қаз келсе – жаз келеді, қарға келсе – қатқақ болады» дегендей, – дейді жолшыбайғы халық, – Голощекин бұл елге қарға боп кеп қырығын тигізді. Мырзажан қаз боп кеп, жаз әкелді» (Тандамалы шығармалар, 11-т., 430-бет). – Міне осы

қысқа үзіктерден-ақ Левон Исаевичке деген халық маҳаббатының терең сырын айқын аңғаруға болады...

Газеттер 1933 жылғы 3 февральда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің екі қаулысын жариялады. Бірі – Қазақстандағы жұмысынан босанғысы келген өтінішін Орталық Комитеттің қанағаттандыруына байланысты Голощекин жолдасты ВКП(б) Казкрайком бірінші секретары міндетінен босату, екіншісі – осы қызметке Мирзоян жолдасты сайлау жөнінде болатын².

Бес күннен кейін Голощекиннің Алматыдан аттанып бара жатқаны хабарланды. Бұл хабарға қоса газеттер³ астанадағы бірқатар кәсіпорындар мен мекемелерде өткен жалпы партия жиналыштарының шешімдері Ф.И. Голощекин жолдастың атына кеп түскенін, онда жұмысшылар Филипп Исаевичтің «өлкені социалистік тұргыдан қайта құруда ірі табыстарға қол жеткізген қажырлы енбегін атай отырып, сүйікті лениншіл-большевикпен қимастықпен қоштасып жатқанын» жазды...

Оның Қазақстанның аттануы тағы бір оқиғамен орайлас келді. Торғай және Шу аудандары бойынша «қошпелі және жартылай қошпелі қазақ халқына берілетін мемлекеттік азық-түлік жәрдемі мен тұқым ссудасын жаппай ұрлық пен талан-таражға салғаны үшін, сондай-ақ колхоз малы мен астығын ұрлағаны үшін 7 август заңымен» (ішінде райком секретары, ауатком председателі, колхоз председателі, қойма менгерушісі бар) он шақты адамның төртеуін ату жағасына, қалғанын он жылдан бас бостандығынан айыруға кескен үкімді республика Жоғарғы соты бекітті...

Ертеңіне, 9 февраль күні, Мирзоян қызметіне кірісті⁴. Оның алдында – асыра сілтеу мен бұрмалау зобалаңы то-зактың қыл көпіріне душар еткен, әбден қүйзелулі елді шынайы социализм жолына бағыттау міндеті тұрған еді..

2 «Казахстанская правда». 3 февраля 1933 г.

3 «Казахстанская правда». 8 февраля 1933 г.

4 «Казахстанская правда». 9 февраля 1933 г.

Күні кеше Алматыдан зор қошемет естіп аттанған әріп-тесінің соңында мал-жаны тозып, селдіреп қалған, сәні кетуілі шала-жансар жалпақ даланы тірілту керек-тін. Сонда ақын Сәкен Сейфуллин: «Партия: «Ісін түзе, тез...» деп бізге, Мирзоян – қырағы ерді бастық етті, Мирзоян істі қолға алып жатыр, Өзі де, сөзі де елге барып жатыр. Төктіріп азық, тұқым мұқтаж елге, Егіске күшті ұранын салып жатыр. Мирзоян іс басында күндіз-тұні, Қозғады еңбекші елді салған үні...»⁵ – деп жырлаған-ды. Бұл шындық болатын.

Өлкелік партия ұйымының басшылығына келген алғашқы күндерде-ак Левон Исаевич бірінші кезекте ауыл өмірін назарға алды. ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халкомсовы Қазақстандағы қанағаттанғысыз жұмыс дәрежесіне орай, тұқым себуді ойдағыдай және уақтылы өткізуді ұйымдастыру үшін Төтенше комиссия құрып, председательдігіне Мирзоянды бекітті.

Көктемгі егіс науқаны соны серпінмен жүргізілді. Сонымен қатар жергілікті халықтың жағдайын жақсартуды көздеген жан-жақты іс шаралары жасалып, жүзеге асырыла бастады. Көшпелі аудандарда қалған артельдерді қайта қарап, оларды жер өндеу серіктіктерінің уставына аудару, серіктік жанындағы фермалардың малын кедей шаруашылықтарда жеке пайдалануға үлестіріп беру жөнінде жер-жерге нұсқаулар берілді. Совет Одағының басқа аймақтарынан қазақ шаруашыларына көмекке бөлінген мал мен азық-түліктік астық жеткізілді. Облыстық және аудандық, партия активтерінен әлденеше ондаған коммунист ауылдық ұяларда хатшы бол істеуге жіберілді. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы партия ұяларының ұйымдық құрылымы туралы өлкелік комитеттің арнайы шешімі қабылданды. Олар үшін партия қызметкерлерін даярлайтын арнайы курс ашылды.

Ауыл тұрмысын көтеру, мал шаруашылығын өркендешу

⁵ Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1986–1988. 2-том. 135-бет.

мәселелері 1933 жылғы жазда өлкелік комитеттің кеңейтілген пленумында жан-жақты талқыланып, сол жылдың күздінде республика екпінді мал өсірушілерінің алғашкы съезі өткізілді. Мұндағы сөйлеген сөзін мал шаруашылығының кейбір мәселелеріне арнаған Мирзоян⁶, 1936 жылы тап осындағы кезекті жиында – мал шаруашылығы озаттарының екінші слетінде – колда бар мүмкіндіктерді талдай отырып, алға нақты, ірі міндет қойды: қос слет аралығындағы үш жыл ішінде мал басы екі есе арттырылып, 9 миллион 300 мыңға жеткізілгендей, бұл салаға назар аударуды қүшайте түсіп, алдағы үш жылда осы көрсеткішті тағы екі есе арттыруды, яғни мал басын 18–20 миллионға жеткізу діни міндет етіп қойды⁷.

Шындығында, жоспардағы осы көрсеткіштің өзі колективтедіруге дейін жалпақ далада мыңғырган малдың жартысына да жетпейтін. Голощекин дәуірінің республикадағы мал шаруашылығын тұралатқанда да, өсіп-өркендеуін кемі жарты ғасырға кері шегеріп тастағаны анықты, сонда да соңғы жылдардағы игі өзгерістер баршаның көніліне қонып, жаңа табыстарға құлышынта түсетін. Және құллі жақсылықты жұрт қамқор ісімен келіп, зорлық-зобаландытыған Левон Исаевичтен тарауда деген ойда-тын.

Мұның себебін жұртшылық, өзінің халықтық түсігімен, өлкеге жіберілген жаңа басшының нағыз лениншіл болуында жатыр деп білетін еді. «...Ленин – тегін кісі емес, оған аруақ қонған кісі, құдай тағала оны жылаған көптің көз жасын исін деп жіберген» (435-бет). – Жазушымен әнгімелескен қарапайым шаруа «Өмір мектебінде»⁸ осылай пайымдайды. – «Ленин – халықты сүйген адам. Халық та оны сүйеді. Ондай адамды құдай да сүйеді. Мен де Ленинді шып көнілден жақсы көрем» (436-бет). Сондай адамнан Мирзоян сабак алыпты деген сөзді естігенде әлгі кісі: «Халықтың

⁶ Мирзоян Л.И. Ближайшие задачи Казахской партийной организации. Алма-Ата, 1934.

⁷ Мирзоян Л.И. За двадцать миллионов поголовья скота». А-А.. 1936.

⁸ Мұжанов С. Таңдамалы шығармалар. Оң алты томдық. 11-том.

қамын ойлап, көз жасын иген ұстазына да, шәкіртіне де мың сан рахмет!» (436-бет) –дейді.

Қатардағы енбеккердің жүрекжарды лебізі...

Большевиктердің лениндік гвардиясынан саналатын бұл тамаша қайраткер қазіргі Азербайжан ССР-і территориясына кіретін Гянджа губерниясындағы Шуша уезінің Ашан селосында, 1897 жылғы ноябрьде, шаруа семьясында дүниеге келген.

Революциялық қозғалысқа Левон Исаевич 1912 жылдан араласа бастапты. Он бес жасар жасөспірім бұл кездे Баку қаласындағы кәсіби училищелердің бірінде оқып жүрсе керек. Оқушылардың социал-демократиялық жасырын үйірмесіне қатысу – оның революциялық құрестегі алғашқы қадамы еді. Кейінрек осы үйірмеден РСДРП Баку комитетінің басшылығымен жұмыс істейтін социал-демократтардың бір тобы бөлініп шықты. Ол осы топтың белсенді мүшелерінің бірі болды.

Мирзоян большевиктер партиясы қатарына 1917 жылдың март айында өтті. Содан бастап ол партия тапсырған небір қыын да құрделі жұмыстарды орындал жүрді. Ол большевик ретіндегі алғашқы іс-әрекетін С.Г. Шаумян, С.М. Киров, Г.К. Орджоникидзе, П.А. Джапаридзе секілді көрнекті революционерлер қатарында жасады. Солардың жетекшілігімен кәсіпшілер одактарында зор үгіт және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Қазандықшылар мен шегендеушілер кәсіподағы Бинагадин бөлімшесінің секретары, қазандықшылар, одан кейін металшылар кәсіподағының секретары, большевиктердің жауынгерлік жасағының мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Баку Советінің депутаты бол сайланды.

Бакудегі Совет өкіметі 1918 жылғы 31 июльде уақытша құлатылған кезде, Левон Мирзоян партия шешімі бойынша астыртын жұмыс жүргізу үшін қалада қалады. Тенізшілер мен эскери порт жұмысшыларын ішкі контрреволюция мен шетел интервенциясына қарсы құресуге

үгіттейді, партияның ұйымдық жұмысын қалпына келтіруге атсалысады. Бакуден советтік Астраханьға жанармай жіберу жұмысын ұйымдастыруға қатысады.

Ол қызын-қыстау шақта адамдарды жігерлендіре білетін қасиетімен дұшпаннан жасырын әрекет етіп жүрген коммунист серіктерінің сүйіспеншілігіне бөленді. Большевиктердің 1918 жылғы ноябрьдің соңына қарай құпия өткен жиналышында оны уақытша бюроның мүшесі етіп сайлады. Бұл бюро Бакудегі күллі астыртын жұмысқа басшылық жасап тұрды.

Коммунистердің бұқарамен тығыз байланыс орнатуының нәтижесінде жұмысшы ұйымдары қалпына келтіріле бастады. Астыртын жағдайда Баку пролетариатының саяси органы – Баку жұмысшы конференциясы құрылды. Осы конференцияның Президиумын 1919 жылғы мартта қайта сайлағанда, оның құрамына, сондай-ақ кәсіподактардың Баку Советіне де бір мезгілде, басқа большевиктермен қатар Мирзоян да кіреді. Ұзамай ол Азербайжан Компартиясы Баку комитетінің мүшесі болып сайланады. Дағыстанға барып, жергілікті большевиктік ұйымдармен байланыс орнатып қайтады. Оралысымен, жұмысшылардың жаппай саяси ереуілге шығуын ұйымдастыру ісіне бел шеше кірісп кетеді. 1919 жылғы майда тұтқынға түседі. Контрреволюциялық өкімет оны Грузияға жер аударады. Мұнда ол Закавказ өлкелік партия комитетінің жұмысына қатысады. Алайда кешікпей тағы ұсталып, Арменияға қуылады. Левон ол жақтан Бакуге қашып келеді.

Азербайжанда Совет өкіметі қайта орнаған бойда Левон Исаевич кәсіподак жұмысымен белсене айналысады. 1920 жылғы августа Азербайжан кәсіподактарының бірінші съезі оны кәсіподактар советінің председателі етіп сайлайды. Республика үкіметі ұзамай оны Еңбек жөніндегі халық комиссарлығына тағайындаиды.

1921–1925 жылдары Левон Исаевич Мирзоян Азербайжан Компартиясы Баку комитетінің секретары болып істейді.

Бұл қызметінде ол ескі қоғамдық құрылыштан қалған шаруашылық және мәдениет мешеуліктерін жоюға бар күш-жігерін жұмсайды. Мұнай өнеркәсібін дамыту мәселелерімен шүғылданады. Мұнай өндіруді басқаруда совнарком тарапынан қолданылып отырған шектен тыс орталықтандыру тәсілінің жергілікті партия және шаруашылық органдарына қатты қолбайлау боп отырғанын дәлелдеп, РКП(б) Орталық Комитетіне оны жою жөнінде ұсыныс түсіреді, еңбекшілердің мұдделерін көздейтін мәселелер көтереді.

Партиялық қызметіндегі ұстанымы бойынша, «практикалық және теориялық дайындық мектебінен өту нәтижесінде гана жақсы большевик жасалады» деп есептейтін Мирзоян партия және шаруашылық кадрларын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп отырды.

Ол Азербайжан Компартиясы Орталық Комитеті 1925 жылғы январьда құрган ерекше комиссияның жұмысынан қажыр-қайратын аяған жоқ. Бұл комиссия деревнядағы партия жұмысы мәселелерімен айналысқан еді.

ВКП(б) Орталық Комитеті Азербайжан партия ұйымын басқарып отырған С.М. Кировты 1925 жылдың аяғында Ленинград облыстық партия комитетіне ауыстырады. Азербайжан Компартиясы Орталық Комитетінің секретарылығына, Кировтың ұсынысы бойынша, Мирзоян сайланады. Жаңа қызметінде ол республика экономикасын дамыту, мұнай өнеркәсібін қайта құру, партия ұйымдарын нығайта түсу мәселелерімен айналысады троцкистерге, басқа да антилениндік топтарға қарсы құреспен ұштастыра отырып жүргізеді.

1929 жылғы октябрьде партия Левон Исаевичті Оралға жібереді. Мұнда ол ВКП(б) Пермь округтік комитетінің секретары, одан Орал облыстық комитетінің екінші секретары боп істейді. Өнеркәсіп салу қарқының жеделдетуді басты назарда ұстап, «Уралмашқа», Магнитогор, Нижний Тагил металлургия комбинаттарына, Березники, Соликам химия комбинаттарына, Челябі трактор заводына, басқа да кәсіпо-

рындарға таңдаулы коммунистердің барып жұмыс істеуін үйымдастырады. Оралды металлургия, машина жасау және химия өлкесіне айналдыруға қомакты үлес қосады.

Левон Исаевич 1933 жылғы февральдан 1933 жылғы майға дейін Қазақстанда істеді. Эуелі, жоғарыда атағанымыздай, ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші секретары, ал 1937 жылғы июньнен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болды. Оның Қазақ республикасында атқарар қызметінің негізгі бағыты өзінен бұрынғы басшылық жол берген өрескел қателіктер мен саяси қылмыс салдарын жоюға орайласқанын айттық. Мирзоян өлкенің ауыл шаруашылығын дамытуға өте зор көңіл бөлді. Ауылшаруашылық ғылыминың соңғы жетістіктерін колхоз практикасына енгізу, техниканы егіс-дала жұмыста-рында мейлінше толық әрі тиімді пайдалану, механизаторлар даярлау мәселелері әрқашан назарында болды. Нәтижесі белгілі: колективтендірудің Голощекин тұсында жіберілген кемшіліктерін түзей келе, екінші бесжылдықта жартылай көшпенді аймақтарда 200 совхоз, 287 МТС, бірнеше мың колхоз құрылды. Егістік аланы ұлғайды, астық өнімі қобейді, мал басы артты. Халықтың тұрмысы көтеріліп, социализмге сенімі қүшейді.

Мирзоян жас республикада индустрія салаларының өсуіне ұдайы көңіл бөліп отырды. Оған Кавказдағы революциялық қозғалысқа бірге араласқан, Азербайжан партия үйымында қоян-қолтық қызмет атқарысқан тәжірибелі ұстаз, аса көрнекті революционер әрі қайраткер С.М. Киров елеулі жәрдем берді. Сергей Миронович Ленинград партия үйымының басында тұрған шақта, 1933 жылғы марта, Қазақстанға өндірістік-техникалық тұрғыдан шефтік жасау жөнінде Ленсовет арнайы шешім шығарып, екі жақты қызу жұмыс жүзеге ассырыла бастады.

Келер жылы, яғни 1934 жылдың күзінде, Кировтың ВКП(б) Орталық Комитетінің секретары ретінде Қазақстанға келуі, ел аралап, республиканың саяси-экономикалық жағда-

йын жақсарту жөнінде құнды ұсыныстар айтуы Мирзоян бастаған өлкелік партия ұйымына өлшеусіз зор көмек болды.

Қайта түлеп, жаңғырып жатқан қазақ даласында коммунистердің ерік-жігерімен аса маңызды өнеркәсіп ошақтары ірге көтерді. Балқаш мыйы корыту заводы, Қарағанды көмір бассейні, Шымкент қорғасын заводы, кенді Риддер, мұнайлы Ембі социалистік құрылыс көрігін қыздырды. Кәсіпорындарда, теміржол құрылысында енбек өнімділігі артты, жұмысшылардың жағдайы жан-жақты жақсарды, ұлттық жұмысшы табы қалыптасты. Мәдени-әлеуметтік өмір айрықша жанданды.

Қол жеткен жетістіктің бәрін Левон Исаевич болашақ құрылыстың іргетасына балады. Тоқмейілсу дегеніміз оған мүлдем жат қасиет-тін. Сондыктан да ол Қазақстанның 15 жылдығына орай 1935 жылғы октябрьде болған мерекелік КазЦИК сессиясында: «Біз өткен жолымызға... оқиғалар мен фактілерге бай кезеңді ұғып-түсіну үшін, соның негізінде, аяқ басқалы отырған екінші он бес жылдықтың ұлан-ғайыр міндеттерін орындау жолындағы құреске өзіміз әзірленіп, республикамыздың миллиондаған адамдарын әзірлеу үшін қарап аламыз»⁹, – деді...

Л.И. Мирзоян табыс кілтін халықтың белсенділігін дұрыс пайдалана білуде деп есептейтін.

Асыра сілтеу әкелген ауыр қайғы-қасіретті жою, сондай-ақ көшпенделерді құллі ерекшеліктерін ескере отырып, біртіндеп отырықшыландыру өз алдына, ол жүргізген ұстамды, дәйекті саясат нәтижесінде, 1935 жылдың сонына қарай, Қарағанды шахталарында тұнғыш рет стахановшылар сменасының енгізілуі, 1938 жылғы көктемде Қазақ АССР малышыларының Солтүстік Кавказ өлкесі малышыларымен социалистік жарысқа түсіү секілді болашағы зор жасампаз бастамалар дүниеге келе бастады. Жалпы, Қазақстанда істеген бес жылы ішінде Левон Исаевич елу жыл бойы ел аузында

⁹ Мирзоян Л.И. Юбилей республики и новые великие задачи. А-А.. 1935.

жүрген, әлі талай айтыла беретін көптеген жақсылықтардың басында жүрді.

Ол халықты жақсы көретін, халықтың адаптацияна арқа сүйейтін. Егер царизмге қарсы күресте еңбегі сіңген, әрі үрімбұтағымен патшаның көзін жойып танылған деп саналатын Голощекин Қазақстанда істеген сегіз жылы ішінде лениндік ұлт саясатымен бүркемелеп, өзінің отаршылдық-менсінбеушілік сезіміне ерік берсе, сөйтіп халықты императорлардың колынан келмеген қыргынға душар етсе, ұлт аймақтарындағы революциялық істерде, өнеркәсіпті аудандардағы партия жұмыстарында ысылып-шыныққан Мирзоян сол апатқа ұшыраған халықты жарқын болашақтың даңғылына алып шыға алды. Өйткені ол үлкен интернационалист еді.

Егер Голощекин өзіндік пікірі бар қазақ кадрларының бәрін «ұлтшыл», «жікшіл» деп айыпта, әлдебір «шылдық» қоңырауын байлад қудалаумен шұғылданса, айналасына өз дегенінен шықпайтын, өзін көсем көтеретін «қайраткерлерді» жинап, жер-жерде «жана белсенділер тәрбиелеу» желеуімен әпербақан, солақай белсенділікке жол ашып койса, – Мирзоян республикадан тысқары жерлерде істеуге мәжбүр боп жүрген өрелі азаматтарды Қазақстандағы жаңару, жаңғыру процесіне араласуға шақырып, жергілікті коммунистер мен белсенділердің саяси сауатын көтеруге маңыз беріп отырды. Кейін, рас, сонысы «бетіне басылды»...

1937 жылғы июньде Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші съезі болғаны мәлім. Съезден кейін бір ай өтер-өтпестен, алғашқы съезд сайлаған тұнғыш Орталық Комитеттің тұнғыш Бюросының мүшелерін бірінен соң бірін халық жауы деген айыппен абақтыға әкетіп жатты. Бұған Левон Исаевич қалай қарады еken? Тұтқынға алынғандар оның сенімді серіктері емес пе еді, ара түсे алмағаны ма? Әлде органдар оның келісімін керек етпеді ме еken? Қоңе материалдарды көтеріп, ардагерлер естеліктерін тындағанда – көкейімнен осы сауалдар кетпейтін. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшесі болған Темірбек

Қараұлы Жұргеновтің зайдыбы, 1931 жылдан КПСС мүшесі, республиканың еңбек сінірген дәрігері Дәмеш Әмірханқызы Ермекова еске түсірген жәйттерден сол сұраптарыма жауап табуға тырыстым.

— Теміrbекті Мирзоян қатты қадірлейтін, сондықтан шығар, біз сирек те болса араласып тұратынбыз, — деді Дәмеш апай. — Бірақ, Теміrbекті ұстап кеткенде, мен ол кісіге барып жолығуды ойлаған да жоқпын. Тіпті бірде, әйелі көшеде кездейсок ұшырасып қалғанда да, көрмегенсіп өтіп кетуге тырысқан едім. Әлі есімде, Юлия Теодоровна мені дауыстап шакырып, сонынан қызып жетті де: «Қайғыра берме, Дәмеш, — деп ойлы, сабырлы үнмен жұбату айтты. — Жақында бәрі анықталады, бәрі жақсы болады»...

Юлия Теодоровна Тевосян Мирзоянның жан жары әрі сенімді жауынгер серігі еді. Ол 1918 жылдан партия мүшесі-тін. Сол тұста Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының директоры қызметінде болатын. Дәмеш апай жәй ғана көніл аулау сөздері тәрізді қабылдағанмен, оның бұл айтқандарының күйе-үнен естіп-білген, әрі соның жүзеге асарына иланған нақты шарага негізделуі кәміл. Ардагерлер арасында ауызекі айтылып жүрген әңгімелерге қарағанда, бірінші шақырылған СССР Жоғарғы Советінің алғашқы сессиясына барған сапарында Л.И. Мирзоян көнілін күпті етіп жүрген мәселе бойынша Сталин мен Ежовтың қабылдауларында болыпты...

Алматыда репрессия үдей түсті. 1938 жылдың мартаунда, алды күні кеше Орталық Комитеттің Бюро мүшесі ретінде Мирзоянның үзенгілесі бол жүрген республиканың басшыларымен бірге, барлығы 19 партия-совет қызметкерлері атылды...

Май айының ортасына дейін, Левон Исаевич қалыпты қызметін атқара берді. Республика коммунистерінің екінші съезі өтер мезгіл тақалған. Қазақ ССР Жоғарғы Советі сайлаудына дайындық қыза түскен. Депутаттыққа алғашқы кандидаттар қатарында И.В. Сталин мен оның «сенімді серіктері»

аталды, ал газеттерде көсем фамилиясына тақау жазылатын «сенімді серіктердің» бірі Л.И. Мирзоян болатын...

1938 жылғы 10 майда газеттер ҚКП(б) Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар жариялады: Қайта даярлау үшін ВКП(б) Орталық Комитетіне шақырылуына байланысты, ҚКП(б) Орталық Комитетінің екінші секретары С. Нұрпейісов қызметінен босатылып, орнына бұрын ВКП(б) Орталық Комитетті бөлім менгерушісінің орынбасары болып істеген Н.А. Скворцов сайланыпты... Тағы бірнеше күннен соң орталық баспасөз бетінде «Алматының өзара сын «схемасына» кірмей қалғандығы» туралы сын мақала басылды. Артынша Мирзоян да, Нұрпейісов те, халкомсов председателі Исаев та қамауга алынды. Енді партия жиналыстары мен конференцияларында «Мирзоянның Қазақстанға халық жауларын топ-тобымен алып келгендігі, сын мен өзара сынға қысым жасағандығы, кадрларды ірікеп алушың сталиндік принциптерін бұрмалағандығы, тағы басқа ірі-ірі қatalары туралы» («Соц. Қазақстан», 27.05.1938 ж.) батыл-батыл айтылған «әшкере» сөздер төпей сейленді...¹⁰

Левон Исаевичтің басына төнген қара бұлт бір адамның гана қайғысы емес-ті, социализм атынан социализмнің шын құрылышшыларына қарсы бағытталған бұл қанды қара мылтық, зілзәлә – ізгі мұрат үшін құрескен күллі адаптацияға қайғы әкелген еді. Осылай ойлауың мүн, жүргегің сыйдал, жаңың ауырады. Әйткенмен солай. Барып тұрған қисынсыз айыптар асыл шындықтың үлгісі ретінде ең жоғары мінбелерден халық санасына сіңірліп жатты. 1938 жылғы июльде өткен Қазақстан Компартиясының екінші съезінде баяндама жасаған Скворцов: «Гестапо мен жапон соғысқұмарларының әшкереленген шпиондары Мирзоян, Исаев, Құлымбетов және басқалар басқарған троцкийшіл-бухариншіл, ұлтшыл-фашист азғындар Қазақстанда «бесінші колонна» ролін ойнауға тырысты, олар өздерінің фашист қожайындарының нұсқауларына сәйкес, Қазақстан-

10 «Социалистік Қазақстан». 27 мамыр 1938 ж.

ды СССР-ден бөліп әкету және оны империализмнің отарына айналдыру жөніндегі сатқындық жоспарларын жасады»¹¹, – деді.

Бұл тұжырымының озбыр жала екендігі бүгінде дәлел тілемейді. Осы озбыр жаланы оқығанда қайран қалдырып, жан түршіктіретін бір жайт – сталиншіл репрессиялық аппараттың Ұлы Октябрь революциясына дейінгі патшашил жазалаушылар тәсілін қабыл алғанында жатыр.

Ұлт интеллигенциясы тарапынан білінген наразылықты, оппозиция біткенді царизм: «жабайы халыққа мәдениет пен цивилизация әкеле жатқан (патшалық!) Россиядан дала өлкесін бөліп әкетпекші», – деген жалған айып тағып, тасталқан етіп отырған болса, оған негіз – әскери-феодалдық империализм зорлықпен жасаған, қайшылығы шаш-етектен, кертартпа қогамдық құрылыш деуге келер еді.

Ал енді, отаршылық бұғауын қайта оралмастай етіп бұзып, Советтік Россиямен терезесі тен ел қатарлы Ұлы Одаққа кірген, Советтік Россияның прогресске апаратын нағыз жәрдемін айқын сезінген заманда, жана қогамды өз қолдарымен құрғандарға әлгіндей кінә арту – қионы қашып-ақ тұрған әрекет емес пе.

Қайтерсің, күлт дәүірі саяси қылмысқа занды өмір салтындаған реңк беріп, белгілі мерзім бойына халықты «туысын білмейтін Ивандар» мен мәңгүрттер деңгейінде ұстауға тырысып келді.

Партия даналығына мың тағым: «Сталиннің және оның тәнірегіндегі ең жақын адамдардың жаппай құғындау мен зансыздыққа жол бергені үшін партия мен халық алдындағы кінәсі орасан зор және ол кешірілмейді. Бұл барлық үрпақ үшін сабак» (М.С. Горбачев)¹².

Өкінішке қарай, тамаша лениншіл-большевик, социалистік құрылыштың талантты үйымдастырушысы Левон Исаевич Мирзоянның ағынан жарылған сырына Николай

11 «Казахстанская правда». 8 июля 1938 г.

12 «Социалистік Қазақстан». 6 караша 1987 ж.

Ежов кеңесінің жазалаушылары құлақ асуға құлықсыз-тын. «Мен партия мен халыққа 22 жыл адап қызмет еттім, – деген еді ол соңғы сөзінде. – Партия мүддесін ешқашан сатқан емеспін, өзімнің ақырғы деміммен және балаларымның өмірімен ант етемін – мен партияға, халыққа жау болған жокпын» («КПСС тарихының мәселелері», 1965 жыл, № 1)¹³.

«Левон кінәлі емес... Лезон жазықсыз...» – зайыбының аузынан демі үзілгенше осы сөз кетпепті. Ол әлде тергеудің тұрпайылығынан, әлде тағылған айыптың жосықсыздығынан жүйке құйзелісіне ұшыраған да, сол дерттен айықпай, ауруханада қайтыс болған көрінеді. Арттарында бір ұл, бір қыз қалды...

Л.И. Мирзоян партияның X, XI, XIV–XVII съездеріне делегат ретінде қатысты. XV, XVI съездерде ВКП(б) Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат, XVII съезде – мүше боп сайланды. Бірнеше рет СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің депутаты болды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібін дамытуға сінірген аса көрнекті еңбегі үшін 1935 жылды Ленин орденімен наградталды.

Көп тыңдал, аз және сабырмен сөйлейтін, үлкен көзді, қоңқақ мұрынды, қапсағай денелі саяси басшысын тез жақын тұтып кеткен қазақ халқы ежелгі Әулие-Ата қаласын көзі тірісінде Мирзоян есімімен атап кеткен-ді, оның атын аудан, колхоз, МТС-қа да берген болатын. Жеке басқа табиуышылық соның бәрін жойды.

Дегенмен репрессия шамасы жетпеген бір нәрсе бар: ол – осынау лениншіл қайраткер, бұқара мәйегі, партияның адап ұлына халық қойған, оның интернационалистік жомарт жүрегін қазақ сөзінің құллі көндігі мен нәзіктігін қоса еріп асқақтататын Мырзажан деген ат...

Қазақстан партия ұйымының 1933–1938 жылдардағы жетекшісі Л.И. Мирзоянның ардақты есімі 1959 жылғы январь-

¹³ «Вопросы истории КПСС». 1965. № 1.

да қалпына келтірлді. 1966 жылы Алматыдағы бір қошеге аты беріліпті.

Алайда мұның қөніл толарлықтай мезірет санатына кіре коймасы хақ. Ел сүйіспеншілігіне бөленген есіл ендегіне сай бағалап, халық санасында мәңгілікке қалдыру шараларын ойластыру – республиканың партия, совет органдарына да, сәулетшілер мен мұсіншілерге де сын.

19 маусым 1988 ж.

2. Тагы да Мирзоян жөнінде

Біздің республикамызды басқаруға 1933 жылы келген Левон Мирзоян жайында мен қайта құру жылдары жазған едім. 32-ші жыл қасіретінен кейін оның қазақ еліне тигізген шарапатына сүйсініп, өткерген революциялық жолын сүйсіне жаңғыртқан мақаламды 1988 жылы жариялады. Алайда сондағы шалқыған сезімім тым біржакты болған екен.

Кейінгі кездері бұл қайраткерді дәріптеген жұмыстармен қатар, бұрын беймәлім болып келген деректер шығып келеді. Оның «Үлкен террор» жылдары республикада орын алған жаппай саяси құғын-сүргін науқанының көрігін өзі көсегені айтылуда. Менің ойымша, соларды мейлінше аша тұсу керек. Сонда аталмыш бірінші басшының толымды бейнесін танимыз, әрі, қайғылы кезең қалтарыстарын да анығырақ андалап, өзіміз үшін тиісті қорытынды жасаймыз.

Жаппай саяси құғын-сүргін КСР Одағы Ішкі істер халық комиссары, мемлекеттік қауіпсіздіктің бас комиссары Н.И.Ежовтың 1937 жылғы 30 шілдеде өте құпия түрде шығарған № 00447 оперативтік бұйрығынан бастау алғаны мәлім.

Осынау «Бұрынғы кулактарды, басбұзарлар мен басқа да антикенестік элементтерді репрессиялау бойынша жүргізілетін операция туралы» бұйрықта репрессия науқаны 5 тамызда басталып, төрт ай мерзім ішінде аяқталуға тиіс екені көрсетілген.

Бұйрықтың құрамдас бөлігі ретінде кеңестер одағының әр аймағында бірінші және екінші категориямен жазалауға жаттындардың саны берілген. Ондағы Қазақстанға қатысты цифrlар мынандай:

<i>Қазақ КСР</i>	<i>1-катег.</i>	<i>2-катег.</i>	<i>барлығы</i>
1. Солтүстік Қазақстан облысы	650	300	950
2. Оңтүстік Қазақстан облысы	350	600	950
3. Батыс Қазақстан облысы	100	200	300
4. Қостанай облысы	150	450	600
5. Шығыс Қазақстан облысы	300	1050	1350
6. Актөбе облысы	350	1000	1350
7. Қарағанды облысы	400	600	1000
8. Алматы облысы	200	800	1000
НКВД лагерлері	10000	—	10000

Бұл кестеге қарағанда, Қазақ елінде 1937 жылдың 5 желтоқсанына дейін 2500 адам атылып, 5000 адам ұзак мерзімге (бұйрықта 8–10 жыл беру көзделген) сотталу керек болатын.

Бірақ науқанның іс жүзінде төрт ай емес, 15–16 ай (1937 жылғы тамыз – 1938 жылғы қараша) бойы жүргені белгілі. Үкімдерді негізінен НКВД-ның республикалық, өлкелік, облыстық «үштіктері» мен «екіліктері» шыгарып тұрган. Осы кезеңде № 00447 бұйрықпен белгіленген квота (одақ бойынша 268095 адамды репрессиялап, оның ішінен 75095 адамды ату) бірнеше есе өсіріп орындалды. 1 млн 770 мындаі жан репрессияланып, оның 390 мыңы атып тасталды. Қазақстанда бұл кезеңде 118 мың адам репрессияланып, оның 25 мындаі атылды деп есептеледі.

Яғни, НКВД-нің қасіретті № 00447 бұйрығында көзделген Қазақстанда 7500 адамды жазалау жоспары 15 еседен де асырып артығымен орындалған. Бұйрықта 2,5 мың адамды атуға тапсырма берілсе, орындаушылар оны он есе өсіріп жүзеге асырған. Атамыш бұйрықта квотамен белгіленген цифrlарды көтеруге болмайтыны, егер жағдай өсіруді та-

лап етсе, онда Ежовқа (бұйрықта: «маған» деп нұсқалған) тиісті дәйектеме келтірілген өтініш беру керектігі айтылған. Демек, аса ірі көлемдегі жаппай жазалау төмендегілердің өз өтініші бойынша жүргізілген болды ғой?!

Зерттеулер шынында да солай болғанын көрсетуде (әрине, төменгілердің «өтініші» жоғарыдан ұйымдастырылатыны да бар). Бертіндегі жарияланымдарға қарағанда, НКВД-нің № 00447 бұйрығындағы республикаларға, өлкелер мен облыстарға түсірілген жоспарлы цифrlардың өзі сол әкімшілік беліністердегі партиялық басшылықтың сұрауы бойынша белгіленген болып шықты. Бұл тараптағы бұлтартпас деректерді тарихқа жаңаша көзкарасымен ерекшеленетін кейінгі жылдарғы іргелі зерттеуден – Юрий Жуковтың «Өзге Сталин» (Жуков Ю. Иной Сталин. Политические реформы в СССР в 1933–1937 гг. М., 2010) деген кітабынан көреміз.

Кітаптың 446–447-беттеріндегі «Аймактық» партия ұйымдарының басшылары сұраған және Саяси Бюро бекіткен «лимиттер» деген тізімнің ішінде бір жолды Қазақ КСР-і алып тұр. ҚКСР-інің партиялық басшылығы кеңес өкіметіне қас элементтерден: атуға – 2346, жер аударуға – 4403 адам деп жоспарлауды белгілепті және сол болашақ құрбандықтардың санын СБ макұлдаған көрінеді. Осы тізімде, неге еkenін, Солтүстік Қазақстан облысы (ату – 658, жер аудару – 310) мен Қостанай облысы (ату – 145, жер аудару – 354) жеке жолдарға берілген. Бұл өтініштер Мәскеуге 1937 жылғы 11 шілдеге дейін түскен. Егер дербес жазылған екі облыс өтініштерін республикалық цифrlарға қосып қараңақ, Қазақстан халқы ішінен: 3149 адамды ату, 5067 адамды жер аудару, барлығы 8216 адамды репрессиялау сұралған. Тиісінше, Қазақ Республикасындағы жазалау шарасын осы мөлшерде жүргізуіді Бүкілодактық (большевиктік) коммунистік партия Орталық Комитетінің Саяси Бюросы бекіткен еken.

НКВД сол цифrlарды аздап түзеткен де, айдың аяғында шыққан әйгілі № 00447 бұйрығына қосып, жергілікті басқар-

маларға берілетін нақты тапсырма түрінде рәсімдеген. Кестеден көрініп тұрғандай, төменге түсірілген тапсырма сұралған мөлшерден біршама кемітіліп, дөңгелек цифrlармен белгіленген. Қазақстан 3149 «дұшпанды» атуға рұқсат сұраса, НКВД-нің тапсыруы – 2500. Қазақстан барлығы 8216 адамды жазалауға рұқсат сұраса, НКВД-нің берген «лимиті» – 7500. Бұл тапсырмалар, аталған еңбектен көрініп тұрғандай, «о бастан бірінші хатшылардан түскен өтініштерге», соның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирзоянның өтінішіне сүйеніп белгіленген (448, 451-бб.) болып шықты.

Оның «халық жауларын» жазалау үшін қосымша лимит сұрап, 1937 жылы Сталинге құпия жеделхат жолдағаны, өтінішінің тез арада қанағаттандырылғаны жақында жүртшылыққа мәлім болды...

Шынын айтқанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республика бойынша репрессиялануға тиіс адамдардың санын 1-категория бойынша – 600, 2-категория бойынша 1000 адамға көбейту жөнінде ұсыныс бергені, оны Саяси Бюроның 1937 жылғы З желтоқсандағы отырысында бекіткені ғалымдар М.Қозыбаев, М.Баймаханов, Қ.Алдажұманов жазған «Мәңгілік халық есінде» атты мақалада айтылған болатын («Азалы кітап – Книга скорби», 1-шығарылым, 1996). Бірақ бұл дерек ешкімнің есімімен байланыстырылмаған еді...

Міне, біз шифры ажыратылып оқылған бір құпия жеделхаттың әлемдік өрмектор желілерін арапап кеткен скан-көшірмесіне көнілсіздене көз салып отырмыз. Өте құпия жеделхат Алматыдан 1937 жылғы 1 желтоқсан күні кешкі сағат алты жарымда жолданған. Мәскеуге, БК(Б)П-ға жеткен бетте, сол күнгі сағат 22-де, жеделхаттың шифрын шешуге жіберілген.

Сол түнде, бәлкім ертеңіне ертемен (2 желтоқсанда) шифрланған құпия жеделхат оқылып, таңғы сағат 10-да 5 дана етіп бастырылған (орындаушының фамилиясы Козлов).

Күжат «Аса құпия. Көшірме жасауға тыйым салынады» деген айдары бар, Саяси Бюроның шешім шығарған уақыты («№ 55, 385-т. СБ Қаулысы, 3.XII.37 ж.») көрсетілген бланкке жазылған. Машинаға басылған мәтін бетіне «За» («Қолдау жағында») деп, үш тұлға қол қойған. Түсірілген қолтаңбалардан Сталин, Молотов, Каганович фамилиялары аңғарылады.

Адресі «Мәскеу БК(б)П ОК жолдас Сталинге» деп көрсетіліп, Бас хатшыға арнайы жолданған осынау құпия же-делхатқа Левон Исаұлы «Қазақстан К(б)П ОК хатшысы Мирзоян» деп қол қойыпты. Онда әуелі: «Антисоветтік элементтер бойынша бізге бірінші категориямен 8 мың адам және екінші категориямен 8 мың адам репрессиялау құқы берілген еді», – деп, өздеріне жүктелген тапсырманың мөлшері еске алынады.

(Айта кетелік, жоғарыда көрсеткеніміздей, № 00447 бүйрықпен түсірілген алғашқы лимит бұдан азырақ, атап айтқанда, ол бойынша антисоветтік элементтердің 2,5 мыңын атып, 5 мыңын ұзак мерзімге соттау, яғни барлығы 7,5 мың адамды репрессиялау керек болатын. Демек, «халық жауаларын» әшкерелеп көзге түсуге төмендегілердің құлышының көрсетушілігі салдарынан, республика бойынша жазалануға тиіс адамдардың саны, тілге тиек болған телеграммаға қарағанда, 16 мыңға дейін көтерілген).

Мирзоян аталмыш шифрланған жеделхатында бұл тапсырманы түгелге жуық орындаған қойғандарын және сонымен бірге, «жойылған ұйымдар мен топтар бойынша, бекітілген лимиттен артық 1600 адамды» ұстағандарын хабарлайды. Хабарының түйіні ретінде, ел ішін «белсенді көтерілісшіл, диверсияшыл және шпион элементтердің қалдықтарынан толық тазарту үшін ...қосымша 600 адамды бірінші категориямен және 1000 адамды екінші категориямен репрессиялауға рұқсат сұраймыз» дейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Орталық Комитеттің Саяси Бюросы 1937 жылғы З желтоқсандағы отырысында, яғни

жеделхатты алған қүннің ертеңіне, Қазақстан басшысының тілегін қанағаттандырды.

Ал 7 желтоқсанда Сталин, Молотов, Ждановтың қолымен Қазақ КСР-і бойынша КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы соттауға тиіс адамдардың тізімі бекітілді. Онда 1-категориямен – 55 (ішінде Дивеев, Жандосов Ораз, Есқараев, Жаманқұлов, Жаманмұрынов, Қаратілеуов, Кенжин, Қошанбаев, Құдерин, Қуленов, Құлымбетов, Масанчи, Молдажанов, Нахимжан, Садықбеков, Сарымолдаев, Тоғжанов, Төреғожин, Тұнғанчин, Өтекін, Шонанов бар), 2-категориямен 5 адам тізілген.

22 желтоқсандағы тізімде 99 адамды 1-категориямен (ішінде Асанбаев Мағзұм, Асфендиаров Санжар, Жандосов Оразалы, Жансүгіров Ілияс, Қаділбеков Мерғали, Лекеров Әзімбай, Майлин Бейімбет, Мырзағалиев Мұхамедқафи, Нұрмұхамедов Хасен, Садуақасов Жанайдар, Тәтімов Мұхамедғали, Тоғанбаев Қартқожа, Шанин Жұмат бар) және 13 адамды 2-категориямен соттау белгіленген.

Тізімдер бұлардан кейін 1938 жылғы 3 ақпанда (1-категориямен – 104, ішінде Айбасов Бірмұхамед, Бекейханов Ғабдолхәкім, Бұркітбаев Әшір, Жұбанов Құдайберген, Есенбаев Халел, Ералин Нуртаза, Қабылов Ілияс, Қасаболатов Есенғали, Құлетов Қазмұхамед, Құрамысов Ізмұқан, Менделешев Сейітқали, Орымбаев Мұқаш, Саматов Мұхтар, Сафарбеков Садықбек, Сейфуллин Сәкен, Тәштитов Қайсар, Темірбеков Зарап, Төлепов Мирасбек бар), 5 наурызда (1-категориямен – 90, ішінде Доссов Әбілқайыр, Қалменев Атлаш, Шонанова Шахзада бар), 12 қыркүйекте (1-категориямен – 193, 2-категориямен – 55, ішінде Камалов Сағыр, Мәметов Ахмет, Шашкин Зейін бар) бекітілген.

(Сталиндік ату тізімдері «Әділет» қоғамының мұрындық болуымен 2010 жылды жеке кітап болып басылып шықты).

КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Алматыда 1938 жылғы 25 ақпаннан бастап бірнеше ай бойы сталиндік тізімде көзделгендер мен олардан да басқа «халық жаулары-

на» жедел үкімдер шығарып, күніне 30–50 адамнан атқызып тұрды...

Қазак Республикасының жоғарғы басшылығы жоғарыға жолдаған құпия өтініштің қайылы салдары осындай болды. Бірақ, ұзамай, аштан бұралған қазақ 33-ші жылы Мырзажан деп атаған, олардың арасын 37-ші жылы «халық жауалынан» тазалаған республика басшысы Мирзоянның өзі де репрессияға ұшырады...

Еліміздің тізгінін ұстаған жанның ел мұддесіне керегар жасаған, қоғамымыздың қаймағынан айрылуға апарған мұндан әрекеттерін қалай бағалауға болар еді?!

Мәселе «Әділет» тарихи-ағарту қоғамында әлденеше мәрте тілге тиек етіліп, репрессияланғандардың үрпактарының біразы шетін көзқараста екені белгілі болды. Олар Мирзоян есімінің қазіргі таңдағы дәріптелуін кате деп есептейді, бұл тұлғаның енбегін қайта бағалауға, тиісінше, осы уақытқа дейін жасалған есте қалдыру шараларын жоюға шақырады. Осындай көзқарастағы қоғам мүшелерінің бірнешеуі қағаз және электрон БАҚ-тарда сондай ой-пікірлерін білдіріп те үлгерді...

Қалай дегенмен, осынау жауапты қайраткердің біздің елімізді басқарып жүргендегі он қызметімен қатар құпия қара ісін де терең талдауға алу ләзім. Және шындықты жүртшылыққа бұкпесіз жеткізу керек.

Мәселе сананы ағартуда, азamatтарды шыншыл тарихпен тәрбиелей түсуде жатыр. Тарихтан дұрыс сабак алу үшін – тарихи тұлғаны көлеңкелі жағымен қоса таныған жөн. Сонда әлдебір құбылыс, оқиға, тұлға жайында, соның ішінде тілге тиек болған қайраткер жөнінде әділ ой түйіп, тарихи бағасы хақында дұрыс шешім шығаруға болады.

13 мамыр 2013 ж.

ҒАБДҰЛХӘКІМ БӨКЕЙХАНОВ

Азаттық рухы тегеуірінді, оны мәңгі қапаста ұстau мүмкін емес: жеделдetu, қайта қуру деген ұрандармен бұлыңғырлау қыланадады да, жариялышық туын аспандата, ұдемелі түрде шашаш қарқындал, мызғымастай көрінетін қызыл империяны қысқа мерзімде шілдің қыныша ыдыратты. Азат рухтың көп жыл сананы шырмаған идеологиялық қисындарды аяусыз жойып, барша құндылықтарға – үйренішті болып кеткен ұғымдарымызға жаңаша баға беруге кең жол ашқаны сондай, ұзақ жылдар мақтанышымызға балаған большевизм мен таптық күрестің халықты орны толmas өкінішті шығындарға ұшыратқанын бүгінде ешкім жоққа шығармайды. Кешегі көсемдеріміздің қазіргі заман биігінен қарағанда қылмыскер деңгейіне дейін құлдырауына таңғалмайтынымыз да содан.

Сондықтан да кешегі большевиктер партиясы саясатын жүзеге асырғандарға жалпылама күдікпен қарау бар. Әйтсе де олардың қатарында халықтың талай адал ұлдары болғанын да жоққа шығара алмайтынымыз түсінікті. Көбін білеміз, білмейтініміз де жеткілікті. Ғабдулхәкім Нұрмұхамедұлы Бекейханов есімі сол білмейтіндеріміздің ішінде.

Жер бетінен «үлкен террор» жұлып кеткен, «халық жауаларын» ауызға алуға ықылассыз болған жарты ғасырдан астам уақыт ыңғайымен ұмытылуға айналған түлға. Сонғы кезгі кенес тарихына көзқарастың қайта қаралуы түрғысынан, «большевик-қайраткердің бірі ғой» деген желеумен одан әрі үнсіз қалсақ – бәлкім, ештеңе өзгермес те, бірақ әділет алдында күнәкәр боларымыз хақ. Әрі мұндайды тәуелсіздік мүддесі де кешпесе керек – аруактар ұмытылмаға тиіс.

Аруақтарды ардақтай білгенде ғана рухымыз аспандай түсетін болады.

Әйгілі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтан бұл Бекейханов отыз жас кіші. Әкелерінің аттары бірдей. Инициалмен жазғанда, есімдерін шатыстыру да оп-ондай. Бірінші Бекейхановты Әлихан, Ғалихан деп атаса, екінші Бекейхановты түрлі құжатта түрліше – Габдулхәкім, Габдол-Хәкім, Габдол, Абдолла, Габдолла, Абдол деп жазған. Орыс әрітерімен А.Н. яки Г.Н. деп белгіленгенде – аты-жөндерін ажырату қыын-ақ болатын. «Кеңес өкіметінің басшы орындарына алаш лидері кіріп алыпты» деген дақпырт сол кезде тіпті ресми түрде де айтылып, тексеріліп жатқан көрінеді...

Габдол Бекейханов 1896 жылғы 15 көкекте сол кездегі Астрахан губерниясына қарасты Бекей Ордасында дүниеге келіпти. Әкесі малшы еken. Баласын оқытуға дәuletі жетерлік болса керек. Сауатын үйде қазақша аштырыпты. Одан ауылдағы бір кластық орыс-қазақ мектебіне беріпти. Алайда әкесі ерте дүние салады. 12 жасар бала Хан ордасындағы интернатта жатып, төрт кластық қалалық училищеде оқиды. Оны 1912 жылы бітіреді де, өз бетінше дайындалып, 1914 жылы Орал қаласындағы реальды училишеге түседі. Училищені аяктарда ерлер гимназиясының толық курсынан да емтихан тапсырады. 1917 жылды Мәскеудегі ауылшаруашылық академиясына қабылданады. Мұнда ол бір-ақ жыл оқиды...

Қазақ елінде ақпан революциясынан кейін қызу жанданған саяси тыныс-тіршілік, Қазан төңкерісінен соң қалыптасқан ахуал жоғары мектеп студенттің бейтарап қалдырмайтыны түсінікті, алғашқы курсты аяқтап елге оралған бетте-ақ Бекейханов Бекей ордасындағы кеңес органдары қызметіне қызу араласып кетеді.

Қазақ атты әскер полкында болады, әскери органдарда істейді. 1919 жылды оны Бекей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына сайлайды. Сол жылғы 1 тамызда Габдол Нұрмұхамедұлы Коммунистік партия қатарына қабылданады, ал 3 қазанда Бекей қазактарының өкілі

ретінде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің құрамына енгізіледі. Ревком ұзамай оны әуелі халық шаруашылығы мәселелері жөніндегі комиссияға мүше, одан халық шаруашылығы кеңесінің (совнархоз) төрағалығына сайлайды.

Қазревкомның бір топ мүшелерімен бірге Габдол Бекейханов 1919 жылдың 5–9 желтоқсанында VII Бүкілресейлік Кеңестер съезінің жұмысына қатысады. Сол сапар ол Қазақ революциялық комитетінің Бүкілресейлік Орталық Ақтараты Комитеті жаңындағы өкілі лауазымына тағайындалады. Осы жұмыста жүріп қазақ өлкесін автономияландыру ісін әзірлеуге атсалысады. 1920 жылғы 4 қазанды Орынборда ашылған өлке кеңестерінің бірінші ұйысу съезіне делегат болып қатысады. Сол алғашқы съезде оны делегаттар Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің жауапты хатшысы етіп сайлайды.

Бір жылдан кейін Габдол Нұрмұхамедұлы Бекейханов Семей губерниясына қызметке жіберіледі. Мұнда ол губерниялық атқару комитетінің төрағасы, губерниялық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланады. Ол Семейде бір жыл істейді.

«1922 жылдың соңында РКП(б) киробкомынан оқуымды жалғастыруға рұқсат алдым, – дейді Бекейханов өз қолымен 1929 жылғы 13 наурызда жазған өмірбаянында. – 1925 жылдың көктеміне дейін К.А. Тимирязев атындағы Академияның инженерлік факультетінде оқыдым.

Сабактан тек каникул уақыттарында ғана қол үзіп жүрдім. Академияда болған кезімде сабакпен катар қоғамдық жұмыска қатыстым – бір жыл факультет комитетінің жауапты хатшысы, бір жыл инженерлік факультеттің президиум мүшесі және жауапты хатшысы болып сайландым.

1924 жылдың көктемінен ҚАССР-інің Орал облысында жерге орналастыру саласында жұмыс істей бастадым (каникул уақытында), ал 1925 жылғы көктемде Қазнаркомзем жерді пайдалануды тәртіпке салу жұмыстарына шақырып

алды, осы қызметте жылдың аяғына дейін болдым. Сосын Қызылордаға ауыстырылдым. Мұнда Орталық жерге орналастыру басқармасының бастығы және Наркомземнің колле-гия мүшесі қызметін атқардым.

1928 жылғы қантардан Қарақалпак Автономиялы облы-сында облжоспар төрағасы және облатком төрағасының орынбасары болып істеймін».

Қарақалпақстаннан Габдол Нұрмұхамедұлы 1932 жылы Алматыға шақырылады. Астанада бір жылдай Қазақ мақта комитетінің төрағасы болады да, 1933 жылы Шымкентке, мақта-трактор орталығын басқаруға жіберіледі. Тағы бір жылдан кейін қайтадан республика орталығына оралып, Жерге орналастыру жөніндегі халық комиссариатының мақта шаруашылығы басқармасында бастық болып істейді. 1935 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық жерге орналастыру басқармасының басшылығына бекітіледі. Осы лауазымында 1937 жылы ұсталғанға шейін қызмет атқарады...

20–30-жылдарғы қайраткерлерге тән әдеттегі қызмет тізбегі. Әдеттегі міндет. Әдеттегі борышты, парызды сезіну қасиеті. Партия қайда жұмсаса – сонда барып, адаптация...

Бұларға қосымша, Габдулхәкім Бекейхановтың ұлт өнеріне үлкен жанашыр болғанын айта қеткен жөн.

Ол өзі домбырашылар әuletінен болатын: атағымен, мұлдем өзінше кербез тартылатын қүйлер мектебімен құллі Қазақияға мәшіһүр Дәүлеткерей үлкен атасы болса, әйгілі домбырашылар Махамбет және Науша Бекейхановтар бірі туған, екіншісі аталас ағалары еді...

Габдолдың өзі де қаражаяу емес-тін, ол да күйді шебер тартып, тәп-тәуір ән салған көрінеді. Белгілі музика зерттеушісі Александр Затаевич бес күй, он жеті әнді Габдулхәкім Нұрмұхамедұлының орындаудын нотаға түсірген. Өзінің Орынборда басылған «Қазақ халқының 1000 ән-күйі» жинағында Затаевич көбіне Бекейхановтың «аса білікті нұсқаулары мен түсіндірмелерін басшылыққа алғанын» жазып қалдырган...

Бекейхановтың қызметтік ғұмырнамасындағы бір дерекке назар аудара кеткен жөн сияқты, – ол 1919 жылы Қазақ революциялық комитетінде Ахмет Байтұрсыновпен – «қазактың ар-ожданы» атанған Ахаңмен бірге істеді.

Қазақ әскери-революциялық комитетінің 1919 жылғы қазан айының 27-сі күні өткен мәжілісіне орталықтың Түркістан комиссиясы мен Түркістан майданы соғыс-революциялық кеңесінің мүшелері қатысты. Мәжілісте Алашорданың Батыс бөлімшесін кеңес жағына қарату мәселесі талқыланған-тын. Большевиктердің қалың қауымды өзіне үйрे алатын тәтті ұран жамылған жаңа тұрпатты империалистер болып шыққанына бүгінде көзіміз ашық жетті гой, олардың сол түпкі пиғылдарынан туындаған бір пікір қақтығысы аталған біріккен жиында да орын алған екен. Большевиктердің бірқатары алашшыларды Қызыл Армия құшімен талқандап тастауды ұсынды.

Мәселен, Вадим Лукашев, он шақты жыл өмірін патша түрмелерінде, жер аударылған жақтарында өткерген, төңкерістен кейін түрлі салада төтенше комиссар, 1919 жылғы шілдеден Қазревком мүшесі болған большевик, жиналыста актар жағындағы қазақтарға қарсы соғыс қимылын жасау қажеттігін қуаттайтын деректерін жария етті. Ахаң оған қарсылық білдірді. Лукашев әкелген мағлұмматтар жалған деді. Мәселені бейбіт жолмен шешуді көздейтін ұсыныстарын айтты. Бұл, әрине, әлемдік революцияны қөксөушілерге ұнамаса керек. Мәжіліс аяқталған соң Лукашев Байтұрсыновқа жетіп келіп, өзінің айтқандарын жоққа шығарған, өтірік деңгөн сөздерді оның қайтып алуын талап етеді. Ахаң өз пікірінде қала беретінін, Лукашевтің мәлімдегендерінің шындыққа жана спайтының тағы шегелеп айтады. Лукашев дауысын көтеріп, оны сөзін қайтып алуға мәжбүр ететінін, бұған қажет құралы бар екенін ызбарлана естіртеді де, оқтаулы тапаншасын суырып алады.

Кикілжінің қатерлі шиеленіске апара жатқанын көрген ревком мүшелері Лукашевтің қолын ұстай алады, жабылып

жүріп, қоқанлоққысын әзер қойдырады. Байтұрсыновтың өміріне қауіп төндірген әріптесінің жат әрекеті ревкомда талқыланып, хаттама жасалады. Лукашевтің теріс қылышын айыптаң, оны партия тәртібімен жазалау және қылмыстық жауапкершілікке тарту, ревком құрамынан шығару орталықтан сұралады. Сол хаттама мен мәжіліс қаулысына Ғабдол Бекейханов та қол қойған...

Бүкілпресейлік Орталық Атқару Комитеті 1922 жылы Бекейхановқа арнайы мандат жіберіп, Ақмола және Семей губернияларында ашаршылыққа ұшырағандарға жәрдем беру жұмысын бақылауды тапсырды. Оның бұл орайда қажет шараларды қолданып, маңызды шаруалар тындырғанына күмән жоқ. Ал отызыншы жылдарғы алапат аштық басталғанда ол Қарақалпақстанда еді, халық шыбынша қырылған 1932 жылы Қазакстанға шакырып алынды. Ашаршылық әдейі жүргізілген саясат болғандықтан да ресми мойындалмаған заман емес пе, – өзіне міндеттелген қызмет ауқымында Ғабдол елге нендей көмек бере алды, кім білсін...

Жалпы, қандай қызметте жүрмесін, шама-шарқынша халық қамын жегені анық, отыз жетінші жыл науқаны негізінен сол ел қамын ойлағандарға бағытталғаны мәлім ғой.

Алматыда, 1937 жылғы 27 шілдеде, Ішкі істер халық комисариаты мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының 6-шы бөлімінің бастығы Катков деген мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты «Бекейханов Абдолланы тұтқындауға анықтама» жазады:

«Бекейханов Абдолла, 42 жаста, шыққан тегі – Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданындағы жартылай феодал байлардан. Оңтүстік Қазақстан облжербасқармасының бастығы. Троцкистермен, оңшылдармен байланысқан антисоветтік ұлтшылдық ұйымның мүшесі екендігі жеткілікті әшкере-ленді, антисоветтік ұлтшылдық жұмысты белсене жүргізу-де. Бекейхановты тұтқындаپ, РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-10 және 11 статьялары бойынша сот алдындағы жауапкершілікке тарту қажет».

Жалмандаған жазалағыш машинаның Габдолға арналған тетігі қозғалып қоя береді. 1937 жылғы 30 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер бөлімінің бастығы Кальчинч дегенге жүйе «ағынан жарылтқан» «өтініш» түседі: «Мен, Бекейханов Ф.Н., бүгінгі күннен бастап контреволюциялық зиянкес ұйыммен барлық байланысымды үземін. Мен, Бекейханов, өзім құрамында болған осы ұйымда өткізген уақыттарымның аралығынан жиренемін. Ұйым туралы қосымша көрсетулерді егжей-тегжейлі жазып беремін. Ойымды жинақтауға мүмкіндік беруді өтінемін».

Оның ойын жинақтауға мүмкіндік беру жолы Алматыда ойластырылып қойылған болатын. Алматыдағы НКВД «тас қамалы» ішінде лейтенант Катков, капитан Брайловский дейтін НКВД-нің екі бірдей бөлім бастықтары: «... тергеу мен сottан жалтарып кету тәсілдеріне тыыйым салу шарасы ретінде Оңтүстік Қазақстан ішкі істер басқармасының ішкі түрмесінде қамап ұстau таңдал алынын» деген қаулы шығарып, Шымкентке жіберіпті. Шымкентке бұл құжатағы нұсқауды кіші лейтенант Полюдов 31 шілдеде өз қаулысын шығару арқылы жузеге асырады. Алдында, 29 шілдеде, Бекейхановтың үйіне тінту жүргізіпті. Тұтқынға да сол қуні алса керек... Ертеңіне – «мойындау», жеке «өтініш» білдіру...

Астанада Жүргенов, Құлатов, Коңыратбаев, Танкин, Қайыпназаров, Аспандияров, Сейдалин, Мендешев, Төлепов, Тәтімов, тағы басқа ондаған кісі тұтқындалған, белгілі Катков, қасында Садықов деген тағы бір лейтенант бар, солардың істерін қарап, тергеу мен абақтыда қамап ұстau мерзімін ұзарту жөнінде сұраныс жасап жатқан. Орталықтан жіберілген тапсырманың орындалғаны хақында хабар тиісімен, Габдол Бекейханов та Алматыға алдырылды...

Липень және Гитрин деген лейтенанттар Бекейхановқа РСФСР Қылмыстың істер кодексінің 58-10, 11 бабтары бойынша тағылған айыптың ол жасаған «қылмысты» түгел қамти алмайтынын ескере отырып, оны 58-бабтың 2, 7, 8 және 11 тармақшалары бойынша айыптау туралы қаулы алады.

«Қылмыстың» мазмұнына келейік. Тергеушіге Бекейханов мынандай жауап береді: «Иә, мен өзімді мына ретте кінәлімін деп есептеймін – бірқатар жыл бойы антисоветтік үлтшыл үйымның белсенді мүшесі болды, бұл үйымның мақсаты кеңес өкіметін күшпен құлатып, Қазақстан терриориясында Жапония ықпалындағы буржуазиялық-демократиялық мемлекет орнату болатын. Мен тергеуге шын көрсету бердім деп мәлімдеймін. 1926 жылдан белсенді қатысушымын».

Мұның шындықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын айтып жатудың өзі артық, бұл – жаппай репрессияны жүзеге асырушыларға керек жауап. Анық анғарылатыны – арада жарты ғасыр өткенде іштен шіріп құритын кеңес өкіметінің сол күшінде тұрған дәүірдің өзінде секемшіл болуы.

Айыптау қорытындысынан:

«ҚазССР НКВД МҚБ (Мемлекеттік Қауіпсіздік Басқармасы) кең тарамдалған антисоветтік үлтшылдық терроршыл, шпиондық-диверсияшыл үйымды тауып, ашып, жойды. Нұрмаков, Құлымбетов, Қожанов, Менденшев, Мырзалиев, Сейфуллин, Досов, Сыргабеков және басқалар бастаған басқарушы орталық троцкистер – халық жаулары Троцкий, Зиновьев және басқа Бухарин, Рыков бастаған контрреволюциялық үйымдармен саяси және үйымдық блок орнатқан.

Антисоветтік үлтшылдық үйым шпиондық жапон-герман агенттері – ақ эмигранттар Мұстафа Шоқаев және Райымжан Мәрсековпен байланыс орнатты.

Осы үйымға белсенді қатысушылардың бірі Бекейханов F.X. болды.

Бекейхановтың жеке мойнына алуынан көрінгендей, ол 1926 жылдан осы үйымда тұрады. Досов үгіттеп кіргізген.

Бекейхановтың Садуақасов Смағұл тобына белсене қатысқаны анықталды. Нақты саяси қызмет мәселелері талқыланған бірқатар жасырын мәжілістің қатысушысы болған.

Ол Қазақстанда Совет өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс әзірлеу жөнінде Рысқұловтан, Нұрмаковтан, Досовтан, Сыр-

ғабековтен нұсқаулар алған, мақта шаруашылығында, мал шаруашылында зор контрреволюциялық жұмыс жүргізген. Ол СССР Наркомземіндегі троцкистер – Рейнгольдпен, Марковпен және Случак басқаратын террорлық ұйыммен байланыста болған. Ұйымға 18 адамды тартқан».

Осылардың негізінде жеті тармақтан тұратын айып түйінделеді...

Ғабдулхәкім Бекейханов қылмыстарын «мойындайды».

Ici 1934 жылғы 1 желтоқсан заңына сәйкес КСРО Жогарғы Соты Әскери коллегиясының қарауына берілмек. Липень мен Гитрин 1937 жылғы 28 желтоқсанда айыптау қорытындысына қол қояды. КСРО Жогарғы Соты Әскери коллегиясының төрағасы диввоенюрист А.Д. Горячев, мүшелері – бригадвоенюристер Г.А. Алексеев, А.И. Микляев, хатшысы – 3 рангілі военюрист Шапошников 1938 жылғы 24 ақпанда дайындық мәжілісін өткізіп, Бекейхановты көшпелі сессияның жабық сотында айыптаушылар мен қорғаушыларды қатыстырмай, қуәлерді шақырмай сottaу жайында хаттама жасайды. Ертеңіне сағат 17-де осы құрам сottалушының соңғы сөзін тыңдайды, кенесуге кетеді, қайтып келеді. Сөйтіп, сағат 17-ден 20 минөт өткенде Ғабдулхәкім Бекейхановты ату жазасына кескені туралы үкімін оқиды. Үкім табан астында орындалады.

Бекейханов және сол тағдырлас жүздеген боздақ сүйегі жатқан жер жарты ғасырдан астам уақыт өткен соң, жақындаған мәлім болды.

15 ақпан 1994 ж.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

*Нарком Жүргенов • Ақ босага – ар-ожедан •
Темір-халқом*

1. Нарком Жүргенов

Қысқа да нұсқа сөйлеп, көп шаруа тындыруға дағыланған Темірбек Қараұлы Жүргенов Қазақ АССР-іне 1933 жылы Ағарту жөніндегі халық комиссары бол келген-тін. Алға биік мақсат қоя біletін және соған табандылықпен жетіп отыратын бұл адам құллі күш-жігері мен қажыр-қайратын республикадағы мәдени революция ісіне арнады. Алматыға ауысқанға дейінгі он жылын Жүргенов Түркістан өлкесінде өткерді. Қатардағы студенттен Өзбек ССР-і секілді ірі Одактас республиканың үкімет мүшесі – халық комиссары дәрежесіне жетті. Түрлі мемлекеттік істерде ысылған тәжірибелі қайраткер болды.

Орта Азия мемлекеттік университетіне ол 1923 жылы түсken еді, сол жылы Қазақ АССР-інің Түркістан АССР-індегі толық өкілетті өкілі қызметіне тағайындалды.

Мұндай шешім оның Совет өкіметін орнату әрі нығайту ісінде практикалық іс-тәжірибесі барлығын ескеріп қабылданған болса керек. Жүргенов 1918 жылы Әліби Жангелдиннің басшылығымен Советтердің Торғай облыстық съезін өткізуге атсалысқан. Одан кейінгі уақыттарда туған жері Үргызың өнірін актардан азат етуге катысты. Больстық ревкомының председателі, уездік ревком председателінің орынбасары, одан председателі, уездік атқару комитетінің председателі болды.

1920 жылдан большевиктер партиясына мүше. Демек, осындей, өмір жолы мазмұнды басталған коммунистерді,

жоғары білім берумен қатар мемлекеттік жұмыстарда пайдалану – кадр тапшылығына орай қойылған уақыт талабынан туындаған орынды шара-тын.

Темкен Қазак және Түркістан республикалары Орталық Атқару Комитеттерінің мүшесі ретінде сол кездегі саяси өмірдің бел оргасында жүрді. Орта Азияны ұлт тұрғысынан межелеу ісіне белсене араласты.

Оның «Еңбекші қазақ» беттерінде жариялаған очерктері жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігін Түркістанның этнографиялық картасын жасау мақсатында зерттеген комиссия жұмысына қосылған елеулі үлес болғаны күмәнсіз. Ол қазақтардың жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуға тиіс міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді сынады. Отаршылдардың қайткенде біріктірмеу саясатымен – «Бөлшектеп таста да – билей бер!» ұранымен – қазақтарды ту-талақай етіп Қоқанға, Бұқар әмірлігіне, Хиуда хандығына қосқанын марксист-зерттеуші ретінде дәлелді түрде сараптап берген.

Темкенің қоғамдық ойды дамытуға атсалыса аларлық қабілетін САГУ-ді бітірерде жазған диплом жұмысынан да танисыз. «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деп аталағын бұл еңбек үздік бағаланып, жеке кітап бол шықты. А.С. Пушкин атындағы Орталық кітапхана қорында күні бүгінге дейін тұрған осы кітапқа жазған алғысөзінде университет профессоры бұл диплом жұмысының жоғары мектеп бітірушіге қойылар талаптар деңгейінен әлдеқайда асық дәрежеде орындалғанын атап көрсетіпті.

Жүргенов Ташкентте тұнғыш рет қазақтар үшін арнайы орта білімді мұғалімдер даярлайтын халық ағарту институты болып шаңырақ көтерген оку мекемесінің орнына 1926 жылы ашылған жоғары білім беретін Қазақ педагогика институтының бірінші ректоры болған еді. Осы алғашқы ұлттық педагогикалық жоғары оку орнының дүниеге келуіне

байланысты, Темкең сол жылы «Советская степь» газетінен педвуз міндеттері мен бүкіләлемдік мәдениетті жерсіндіру, жергілікті халықка жеткізу мәселелері туралы мақала берсе, келесі жылы «ҚАССР-інде жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың нәтижесі мен болашағы» деген такырыпта баяндама жасады. Баяндамасы «Қазақ педагогика институтының бір жылғы жұмысы» деген атпен жеке кітапша боп басылыпты.

Мұнда мәдениет майданындағы ұлтшылдық пен шовинистік көзқарастарға қарсы құрес жақсы көрініс тапқан. Ұлт нигилистері ол кезде: «Қазақ өз алдына жоғары мектеп ашарлықтай дәрежеге әлі жеткен жоқ, мына институт қазақ халқына бөтен мәдениетті тықпалайтын болады!» – деп үріксе, шовинистер жоғары оқу орындарын қазактарға арнап ашудан мұлдем бастарту саясатын ұстанғантын. Темірбек Қараұлының бұл орайдағы ұстамды, дәйекті пайымдары маркстік-лениндік кемел сарапшылдығымен танғалдырады.

Қазақ студенттері үшін Темкең саяси экономия оқулығын аударып, бастырып шығарды. Оның сол еңбегі он жыл бойы, сонау қанды қара құйын тұрған жылдарға шейін, жоғары мектеп оқушыларының, партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің, ғылыми, творчестволық интеллигенцияның кәдесіне жаратылып жүрді. Және бұл аударма қазақ әдеби тілі мен қазақша ғылыми терминологияны қалыптастыруға, тәржіма ісінің практикасы мен теориясын байытуға қосылған нақты үлес болатын.

Педагогика институты ұзамай Алматыдан тұнғыш университет ретінде бой түзеген де, ол САГУ-дің мемлекеттік право бойынша ғылыми қызметкері болып істей берген. Алайда ВКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия Бюросы (Средазбюро) оны мемлекеттік шаруаларға жұмсауды қажет деп тапты. 1929 жылы Жүргенов Тәжік АССР-інің Қаржы жөніндегі халық комиссары (бұл кезде Тәжікстан Өзбек ССР-інің құрамындағы автономиялы республика

еді, 1929 жылдың октябрінде одақтас республикаға айналды), 1930 жылы Өзбек ССР Ағарту жөніндегі халық комиссары болды. Осы қызметінде ол Қазақ АССР-іне шақырылғанша істеді.

Партиядан жаңа тапсырма алғанда Жұргеновтің қандай ой түйгенин, әрине, дәл айта алмаймыз. Әйтсе де, өзіне тарихи миссия жүктелгенін айқын түйсініп, міндетіне асқан жауапкершілікпен кірісті деп тұжырысақ – қателеспейтініміз анық. Себебі ол шакта қазақ өлкесі солақай басшылық пен шолақ белсенділердің ізгі ұран жамылған безербеттіктері мен тап дұшпандарының қаскөй әрекеттері ұшыратқан ауыр жұтқа екі миллионға тарта адам өмірі мен қырық миллиондай мал басын шығындалп, қатты есендіреп тұрған.

Асыра сілтеу зардаптарын жою – лениншіл большевиктер алдындағы кезек күттірмес мәселе-тін. Россия Федерациясының құрамында шаңырақ көтеріп, автономиялы республика болғандарына мүшел толғанда кезіккен кесаптан шұғыл арылу, кайта түлеу нәтижесінде халықтың елдігі жаңа сапада жанғырады. Ел одақтас республика тәжін киеді. Бірақ оған әлі төрт жыл бар.

Қазіргі таң міндеті – тоз-тоз болған халықтың еңсесін көтеру, күйзелген шаруашылығын түзеу, Ленин партиясына, социализмге деген сенімін бекіте түсерліктер шараларды жүзеге асыру.

Жіберілген кемшіліктердің сорақы салдарлары еш жerde ауызға алынбайтын болды, себептері – «мал шаруашылығының құлдырауы», «казық-тұлік қыншылығы» деген сыпайы сылтаулармен алмастырылды. Бәлкім, халықтың жазықсыз жапа шегуіне айыптылар жазаланып, құрбандықтар естелігіне қаралы ескерткіш қойылар уақытын тууы қажеттігін жаны адал қызметкерлер іштей ойласа ойлаған да шығар, бірақ сыртына шығарып ешкім тіс жармайды. Тіс жаруға болмайды, себебі, саясат солай... Жан керек пе – үндеме... Мұның механизмін ашып беру – алда тұрған міндеттердің бірі. Ақиқаты сол – халық өзіне

жасалған қастандықты да, қылмысты да жылдам кешті. Таза казақы ұғым – өлгеннің артынан өлмек жоқ, тірі кісі тіршілігін ойлау керек... Халық жарқын болашаққа қол созды.

1933 жылғы февральда ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің пленумы өтті. Өлкелік комитеттің бірінші секретары болып Ф.И. Голощекиннің орнына Л.И. Мирзоян сайланды. Голощекинді И.В. Сталин катты қадірлесе керек – партиялық стажы реакция жылдарынан басталатын, революцияны өзімен бірге жасасқан большевик, он сегізінші жылы патша мен оның бала-шағасын атып тастаған шешімді революционер. Табанды басшы. Қазақстанда ептең асыра сілтеп жіберіпті, неменесі бар, бәрі социализмнің мүддесі...

Сталин орнықтырып келе жатқан басқарудағы әкімшілік-әміршілік тәсіл және саясатты қорғаудағы репрессиялық тәртіп халықты үреймен бұғаулап, қандай да болсын, кемшілікті бетке басуға жол бермейді. Демек, оның сенімді кадры талапайға түспес – Голощекин СССР Халық Комиссарлары Советінің жаңында Мемлекеттік бас арбитр болып істей берсін... Ал Голощекиннің қателігін түзету – көзге шұқымай, саясатқа зиянды фактілерді ауызға алмай түзету – оның орнын басқан адамның, бюро меп секретариаттың жаңартылған құрамының міндеті...

ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бюро мүшелігіне Қазақ АССР Ағарту халық комиссары Т.К. Жүргенов те енгізілді.

Содан былайғы үш жарым жыл ішінде крайкомның бюро мүшесі, нарком Жүргеновтің басшылығымен Қазақстанда аңызға лайық істер тындырылды. Халықты біліммен, мәдениетпен бауырластыру ісі шын мәніндегі революциялық өзгеріске ұшырап, нағыз қызыл революцияға тән қарқынмен дүмпи дамыды. Бұған келтірерлік дәлел – республикада мәдени революцияның тап сол шақта қалай өрістегенің көрсететін материал баршылық. Әдебиет пен өнер қайраткерлері, тарихшылар ондаған құнды естелік, зерттеу жазды. Темкеннің өзі де түрлі кітап, мерзімді басылым беттерінде бағалы мағлұматтар қалдырған. Газет тігінділерінде халық

комиссары Жұргеновтің сан алуан мақалалары, сөздері мен берген интервьюлері сақтаулы.

Солармен танысу – жоғарыдағы ойды түйе отырып, мына қорытындыны жасауға жетелейді: Темірбек Қараұлы Жұргенов – қазақ еңбекшілерінің революциялық қажыр-қайраты мен мүмкіндіктерін көмсітуден туған «Октябрь дауылы түк әсер етпей, жанынан зу етіп өте шыққан» делінетін ауылдарда «Кіші Октябрь революциясын жасау қажет» дейтүғын барып тұрған дарақы, жалған, бейреволюциялық теория ығында жүзеге асырылған жан түршігерлік қылмыс салдағынан, Ұлы Октябрь жеңісінен бері бір мүшел өткен сон, қаңырап босап қалған даланы, әбден тоқырап, тұралаған мәдени-әлеуметтік өмірді дүр сілкіндіре оятып, күмбір-күмбір көңілді де үмітті үнге толтырған, халықты шын мәніндегі рухани жандану жолына түсіруде өлшеусіз көп еңбек сіңірген аса ірі мемлекет қайраткері.

Жарты ғасыр бойы ауыздан ауызға беріліп, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан мынадай сез бар: Левон Исаевич Мирзоян Темірбек Жұргеновке қалтқысыз сеніп, әр бастамасын қызу қолдайды екен де, оны қызметтестері арасында ризашылық сезіммен «железный нарком» деп атайдын көрінеді.

Ендеше осы темірдей бекем комиссар атқарған жұмыстарға шолу жасап байқайық.

Ағарту жөніндегі халық комиссариатының жаңа нарком келісімен жедел қолға алған негізгі шаруаларының бірі мектеп ісін жақсарту мәселесі еді. Бұл мәселеде Жұргеновтің құрт бетбұрыс жасауға тәжірибесінің жеткіліктілігі жайында «Мектептің түр кемшиліктерін көтіру үшін құрес» деп аталағын Ташкентте басылып шыққан кітапшасы хабардар етеді.

Ол Наркомпроста жинақталған ақпарлармен канагаттанған жоқ. Ауыл-ауылды өзі аралап, оқу-ағартудың жай-күйін өз көзімен көрді. Терен талдауға толы мақалалар жазды. Наркоматтың коллегиясына талқылауға құрделі мәселелер енгізді. Жаппай сауатсызықты жоюға арналған

окулықтар мен көмекші құралдардың әзірленуін ұйымдастырып, көптеп шығарылуына қамқорлық етті. Мұғалімдердің бірінші съезін шақыруға ұйытқы болды. Съезде жағдайды жан-жақты саралаған проблемалы баяндама жасады.

Казақстандағы мектептердің құрылымын ретке келтіру, казақ орта мектептерін қөбейту туралы ВКП(б) өлкелік комитеті мен республика үкіметі бірлескен қаулы қабылдауды. Бұл маңызды документ Бюро мүшесі және үкімет мүшесі Жүргенов тікелей араласқандықтан дүниеге келді деп дәлелдеу артық. Сол қаулыны басшылыққа алу барысында оқу-ағарту ісі жана сапалық белеске көтерілді.

Егер мектеп қажетіне бөлінген қаржы қаулы қабылданған 1935 жылы әр жанға шаққанда 33 сом болса, келер жылдарда 90 сомнан айналды. Республиканың барлық облыстарында мектеп құрылышына баса назар аударылды. Ондаған жана мекен-жай оқушыларға есігін айқара ашты.

Тек Алматының өзінде 18 мектеп ғимараты салынды. Осы құрылыштар біткенше Темкеннің жарғақ құлағы жастыққа тимепті. Елең-алаңдан аралап, кеңседегі жұмыс сағаты басталғанша құрылышшыларды жігерлендіріп қайту – наркомның құнделікті ережесіне айналған көрінеді.

Жоғары мектеп мұддесі де бір төбе еді. 1926 жылы өзі ізашар болған сол істің өрісін кеңейтуді енді Жүргенов, халық комиссары ретінде, қайта қолға алуға және онымен мемлекеттік дәрежеде айналысуға тиіс болатын.

Түрлі қыншылықтарды жеңе білу нәтижесінде, 1934 жылы Қазақ университеті, тау-кен-металлургия институты және коммунистік журналистика институты шаңырақ көтеріп, қазақ жастарына есіктерін айқара ашты.

Дегенмен, бұлар ұлт кадрларына мұқтаждықты толық өтей қоймайтын. Сондықтан, еліміздің байырғы оку орындарына жастарды мақсаткерлікпен жіберіп тұруға бұрынғысынша көзіл бөлініп тұрды. Темірбек Қараұлы істеген жылдары республикадан ты斯қары университеттер мен институттардан 3 мың адам мамандық алып қайтты.

Халық агарту, жоғары мектеп шаруаларымен қатар ұлт тілін дамыту, оның қоғамдық функциясын арттыру, қазақша түрлі терминдер жасап, қалыптастыру істері қоса жүргізілді. Мұнда ертеректе оқыған интеллигенцияның күшімен жаратылыс ғылымдарының әр саласынан оқулықтар жазғызу зор роль атқарды. Тіл-әдебиет оқулықтарын жазуға әдебиетшілер үлес кости. Наркомпрос бұл орайда арнайы мерзімдік басылым шығарды. 1935 жылдың январында жарық көрген «Мемлекеттік терминдер комиссиясының бюллетені» майда өткен мәдениетшілер съезіне дейін төрт нөмірін шығарып үлгеріпті.

Осы істердің де басы-қасында Жұргенов тұрды. Ол Қазақстандағы тіл құрылышы мәселелерімен лауазым жүктейтін міндетке байланысты ғана шұғылданған жок. Бұған оның – ұлт тілінің білгірі, публицистикалық көсемсөз шебері, революциялық ойдың түсінікті тілде жеткізілгенде ғана жеңімпаз күшке айналатынына кәміл сенетін қайраткер Жұргеновтің – жеке өз басы да ынталы болды. Осылай десек титімдей де артық кетпейміз.

Дегенмен, Темкенді халық жүргегіне бекем ұлатқан тұс – мәдениет майданындағы, өнерді дамытудағы кесек-кесек істері еді. Соларды атамас бұрын, алдымен, аздап шегініс жасап алған дұрыс сияқты. Темірбек Қараұлының мәдениет саласындағы сонша ірі қайраткер дәрежесінде ел сүйіспен-шілігіне бөленуі қандай алғышарттармен дәйектелер еken? Мәдени революцияның тұтқасын ұстарлық қасиет оның бойында партия тапсырған соң ғана пайда болған ба? Бірде ол өмірбаянында өзін ғылыми жұмыста пайдаланғанды дұрыс көретінін айтыпты ғой?

Партия оны Наркомпросқа кездейсоқ жіберген жок, мәдениет қайраткеріне қажет қасиет оның бойына жастай дари бастаған. Бала кезінде Темірбек әйгілі Тұрмағамбет Ізтілеуовтөн дәріс алды. Шығыс поэзиясымен, өзбек, тәжік тілдерімен жақындастырылған ол кісінің ықпалынан екенін ол кейін талай мәрте ілтипатпен еске түсірген көрінеді. Шынында,

Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия Бюросының секретары Ақмал Икрамов секілді ірі партия және мемлекет қайраткері оны терең танығандықтан үзенгілес еткен болар. Тәжікстан мен Өзбекстанда істеген жылдары ол жергілікті халықтар тілінде баяндамалар жасап, сөз сейлей берген деген дерек бар. Мақалалар да жазған болу керек – бұл әлі зерттелуін тосып тұрған шаруа.

Ал журналистикамен Жұргенов ерте-ак бауырласкан. Ол 1918 жылы Орынборда «Қазақ мұны» атты газеттің редколлегия мүшесі болды. (Бұл газет 1918 жылғы 16 апрельден шыға бастады да, Орынбордың ақтарда қалуына байланысты уақытша тоқтап, 1919 жылдың 17 декабрінде «Ұшқын» деген атпен қайта көрінді. Осы датаны «Социалистік Қазақстан» өзінің туған күні етіп алғып жүр). Темірбектің баспасөзге келуіне Перовск жоғары орыс-тузем мектебі қабырғасындағы әдебиет үйірмесінің әсері болуы ықтимал, ал қаламының тез төселип кетуінде, дау-дамайсыз, «Қазақ мұнның» редакторы Нәзір Төрекұловтың – кейін партия, мемлекет қайраткері, дипломат, СССР баспа ісін ұйымдастырушылардың бірі болған, қазақ, өзбек, орыс, тәжікше сөйлеумен қатар араб, парсы, неміс тілдерін білген, шығыстану ғылымында елеулі із қалдырған азаматтың үлесі бар.

Әйтсе де нақты мысалдарға жүгінейік. 1921–1923 жылдары Темірбек Орынбор жұмысшы факультетінде оқыды. Бұл Александр Викторович Затаевичтің сонда қазақ музыкасын жинап жүрген кезі. Оның әйгілі кітабы – «Қазақ халқының 1000 әні» – 1925 жылы шықты. Этнограф кітаптың түсіндірмесінде Жұргеновті Сырдария әндерінің ғаламат білгірі, өзіне Хиуа қазактары әндерінен бағалы мәліметтер берген байыпты жас қазақ-интеллигент деп атап, «Өзімнің сонша тырысқаныма қарамастан, осы адамның өз отанындағы ежелгі ән творчествосынан көл-көсір хабардарлығын, өкінішке қарай, мейлінше толық кәдеге асыра алмадым», – деген сөздермен, құнды пікір білдіреді.

Сол кездері 23–24 жастағы Жұргенов тек Затаевичтің информатор-тілшісі болып қана қоймаған. Рабфак окуы аз алдына, ол қазақ ақындарының өлеңдері мен толғауларын жинастыруды. Өзіндей оку құғандармен кездесіп тұруға да уақыт тапты. Оны Орынборда оқитын қазақ жастары өздерінің ақылшы ағасындай көрді.

Бұл орайда Серке Қожамқұловтың естелігі қызық. Ол Темірбекті ұшқыр ойлы азамат, байыпты әңгімелі ретінде дәріптейді. Татардың халықа білім беру институты (ТИНО) жатақханасына рабфакшы Темірбек жиі келіп, бәрін жылдам баурап алатын, көңіл-күйлерін көтеріп, жігерлерін тасытып кететін. Студенттер оны әрдайым қуана қарсы алушы еді, өздері де іздел барып, көкейлеріндегі мазалаған сауалдағына жауап алатын да, көңіл демдел, мәз болатын. Сераганың көркемөнерпаздар қатарына қосыла бастаған шағығой. Темкең өзі шығарған «Бастық алдындағы тілмаш» деген өлеңін оқып бергенде, қуана-қуана жаттап алыпты. Өлең 1920 жылды «Ұшқын» (қазіргі «Социалистік Қазакстан») газетінде жарияланған-ды. Қожамқұлов оны 1926 жылы Қызылордада, казақ театры тұнғыш шымылдық көтергенде, ұлттық үлкен саҳнадан оқиды. Қатты риза болған көрермендер көздерінен жас аққанша күліп, артисті ұзақ уақыт жібермей қойса керек. Содан «Тілмәш-аудармашы» Серкенің репертуарынан бекем орын тепкен, тіпті 1936 жылғы Москва декадасының программасына да енгізіліпті...

Ал Жұргенов құрастырған жинағына үлкен кіріспе мақала жазып, қолжазбаны баспаға тапсыруды. Кітап «Терме» деген атпен 1924 жылды жарық көрді. Кейін, 1936 жылды, Отанымыздың астанасындағы әйгілі онкүндік қарсаңында, ол жинақты едәуір толықтырып, жаңадан алғысез жазды да, «Қазақ халық ақындары» деген атпен, екі тілде, Москва мен Алматыда бастырды...

Жаңа басшының ерік-жігері мен қатаң талабы нарком-просты тез арада мәдениет майданының бас штабына айналдыруды. Темірбек Қараұлы қарамағындағы қызметкерлерге

де, өнер адамдарына да өз иланымын дарытып, оларды соны істерге жұмылдыра білді. Барлық шаруаның басы-қасында өзі жүрді. Әр жаңа лепке мемлекеттік көзқарас танытып, мән беріп отырды. Мәдени революцияның жаңа кезеңі барысында жылт етіп көрінген жаңалықтарды өлкелік партия комитеті мен республика үкіметінің басшыларына шұғыл жеткізіп, бірге қуанды. Ол қазақ өнерінің көркемөнерпаздар дәрежесінде тұрып қалған мимырт тіршілігіне өрт салып, күллі мәдениет жұмысын өрлеу жолына бет алған елдің рухына сәйкестендірін, кайта құруға кіресті. Және сол қызметі бойынша ол үш жылда үш емтихан тапсырып, үшеуінен де сүрінбей өтті...

Ағарту комиссары міндетіне кіріскең 1933 жылдың кектемінде Жүргенов халықтың музикалық мұрасын социалистік мәдениетті өркендету қызметіне жаратуды мақсат етіп алға тартты да, соны біртіндеп шешуге кіресті. Әуелі музика-драма техникумында қазақ ән-күйін зерттейтін ғылыми кабинет ашты. Ұзамай сол кабинеттің жанынан халық музика аспаптарын жасайтын шеберхана ұйымдастырып, онда істейтін шеберлерді табуға да өзі тікелей араласты. Ахмет Жұбановтың домбырашылардан оркестр құруына ұдайы қамқорлық көрсетіп отырды. Ұлттық өнер кадрларын баулытын ұстаздарды Москва, Ленинград, Ташкенттен шақыртты. Музика студиясын ашып, аз уақытта оны музика театрына ұластыруды. Хореография мектебін, қуыршақ театрын ашты. Театрларға арнап сценарий, пьеса, либреттолар жазуды ұйымдастыруға, жазылған жұмыстарды талқылауға міндетті түрде өзі қатысты, тіпті талқылауларды өзі басқарып, корытып отырды. Костюмерлерге шейін назарынан тыс қалдырмады, спектакльдерге қажет костюм үлгілерін қазақ тұрмысының, этнографиясының білгірі ретінде өзі түсіндіріп, тігілген киімдердің алғашқы сыншысы болды.

1934 жылғы июньде Алматыда Бұкілқазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слеті болды. «Казахстанская правда» газетінде Жүргенов слетке орай берген интервью (24.V.

1934 ж.) мен слеттің жабылу рәсімінде сөйлеген қорытынды сөз (27. VI.1934 ж.) бар. Интервьюде ол профессионал өнер байқауы ретінде слет өткізу идеясы 1933 жылдың күзінде туғанын, слетке республика өнер шеберлерінің «Шұға» музыкалық спектаклі, алғашқы домбыра оркестрінің, бишілер тобының концерттері секілді біршама сюрприз әзірленгенін, сондай-ақ Қазақстанның халық артисі А.В. Затаевичке құрмет көрсетіп, оның республикадағы он жылдық қызметін тойлау жобаланып отырғанын айтса, қорытынды сөзінде қарт ақын Жамбылдан бастап, жас әнші Еариғоллаға дейінгі халық таланттарын қалың жұртшылыққа танымал еткен алғашқы слеттің маңызы мен мән-мағынасына токталған.

Еңбекшілерді өнермен бауырластыру ісі жаңа қарқынмен өрістей түсті. Облыстарда, өндіріс ошақтары мен ауылдарда көркемөнерпаздар колективтері нығайтылып, жаңадан құрылып, хал-қадерлерінше есіп-өркендеп жатты. Астанада филармония дүниеге келді, оның құрамында халық аспаптар оркестрі, ұлттық хор мен би ансамблі, қазақ-орыстардың ән-би ансамблі жұмыс істеді. Музика театрында орыс труппасы өнер көрсетті. Көркемсурет галереясы құрылды.

1935 жылдың май айында еткен Мәдени құрылыш қайраткерлерінің бірінші съезі нарком Жүргеновтің баяндамасын тыңдады. Халық комиссары өзінің баяндамасында республикадағы мәдени революция бағыттарын дәйектілікпен талдай келе, ағарту істерімен қатар профессионал өнер және көркемөнерпаздар жұмысына мол көніл бөліп, шешімін күткен мәселелер көтерді. Баяндама жеке кітап болып базылып шықты.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы бірінші онкүн-дігіне дайындық мәдениетшілер съезінен кейін-ақ басталып кеткендігін Жүргеновтің ұлт өнері, ағарту ісі, мәдениеті, әдебиеті мен ғылымының жетістіктері және проблемалары жөнінде 1936–1937 жылдары жазған көптеген макала-

ларынан, берген интервьюлерінен айқын аңғаруға болады. Еліміздің астанасында 1936 жылғы майда өткен декада қазақ совет мәдениетінің әрі айтулы мерекесі, әрі одактық көлемде тапсырған аса маңызды емтиханы еді. Темірбек Қараұлының бұл тұстағы еңбегі көптеген естеліктерде егежей-тегжайлі, үлкен сүйіспеншілікпен баяндап болған. Онкундікке қатысушылардың Кремльдегі Үлкен Сарайда партия және үкімет басшыларымен, астана өнер қайраткерлері, еңбекшілері өкілдерімен кездесуінде Жүргенов: «Москвада біз көп нәрсені үйрендік, бізге өз жұмысымыздың сапасын одан әрі жақсарту, Қазақстандағы мәдени революцияны қүшайте түсу міндеті жүктелетінін үғып, қабыл алдық», – деді («Правда», 26.V.1936 ж.).

Қазақтың социалистік мәдениетін дамытуда сінірген аса ірі еңбегі үшін мәдениет қайраткері Темірбек Жүргенов республиканың бір топ артист, акын, жазушысы қатарында (Жамбыл, Құләш, Құрманбек, Сәкенмен бірге) Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Бұл үлкен қайраткер әлі талай іс тындыруды армандаса керек. 1937 жылдың басында музыка театрын опера және балет театры деп атау туралы шешім қабылданды. Енді оған атына лайық үй салынса... Темекен кезекті еңбек демалысында Одессага барып, сондағы опера және балет театрымен мұқият танысады. Тиісті адамдармен сёйлесіп, гимараттың сурет, эскиз, сыйбаларын, құрылышқа қажет түрлі документ-темелерін алып қайтады. Қазақ опера театрына жаңа гимарат салу мәселесінің күллі реєсми жағын реттеп, ең аргысы, гимарат бой түзер орынға шейін өзі таңдайды. Иргетастың қалана бастауына да қатысады. Бірақ тағдыр оған бұл өнер гимаратының салынып бітіп, халыққа, халықтың опера өнеріне қызмет етуін көруді жазбады...

Мемлекеттік істерде Темекен танытқан қажыр-қайраттың бар қыры осылармен тамамдалмайды. 1936 жылы Наркомпрос Алматыда үйғыр халқы мәдениет қызметкерлерінің бірінші конференциясын өткізді. «Үйғыр еңбекшілерінің

ұлттық мәдени құрылсысы» деген тақырыптағы негізгі баяндаманы Жұргенов жасады. 1937 жылы Жұргенов Бүкілқазақстандық Пушкин комиссиясының председателі ретінде, республикада ұлы ақынның қаза тапқанына 100 жыл толуына орай ірі іс шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырды. Баспасөзде көптеген зерттеулер жарық көрді. Жер-жерде ұлы поэзияға халық ерекше ықылас қойып, ақын естелігін атап етіп жатты. Қазақша аудармаға баса назар аударылды. Қазақ даласындағы ақын аяғы тиген жерде – Орал қазақ педагогика институты, сондай-ақ ҚАССР-інің 10 жылдығы атындағы мемлекеттік көшпілік кітапханасы бұдан байлай А.С. Пушкин есімімен аталын деп республика үкіметі қаулы қабылдады. Темірбек Қараұлының өзі «Бүкілхалықтық ақын» деген үлкен мақала («Каз. правда», 10.II.1937 ж.) жазды. Мәдениет сарайында Мирзоян бастаған республика басшыларының қатысуымен өткен салтанатты жиналыстықысқа да терен кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Онкүндікке орай 1936 жылы Москвада шыққан «Қазақстан» деген кітапта ол: «Классиктер мен совет жазушыларын аудару қазақ халқын Одактың және Батыстың тандаулы әдеби шығармаларымен бауырластырып, қазақ жазушыларының интернационалдық байланыстарын нығайтты», – деді. Мұнда оның өзінің де үлесі бар еді. Ұлттардың рухани жақындасуында тәржіма ісі алар орынға лайықты мән бере білген нарком «Бұқарада оқыған молда» ретінде жергілікті шолақ белсенділер теперішіне түскен Тұрмагамбет ақынды құтқарып, Наркомпросқа ғылыми қызметкер етіп алды. Шығыс білімпазына жан-жақты жәрдем беру жөнінде үкімет комиссиясын құруға мұрындық болды. Дербес пенсия тағайыннатты. Фирдоусидің «Шаһнамасын» аударуына жағдай туғызды. Өзіне жасалған қамқорлық шабыттандырған ақын әйгілі дастанды он айда тәржімалап шықты. Алайда, қамқоршысы 37-жылдың науобетіне ұшырағандықтан, кезінде «Шаһнама» тасқа басылмады, толық жариялау мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібінде...

Бәлкім мұнда ойдағыдан өрістетілген мәдени революцияның да септігі бар шығар – 1936 жылғы СССР Конституациясы бойынша Қазақстан Одақтас республикаға айналды.

1937 жылдың марта 1-нде өткен Советтердің Төтенше Х Бүкілқазақтық съезінде нарком Жүргенов съезд құрған редакциялық комиссияның құрамында Қазақ ССР Конституациясы текстін ақырғы өндөуден өткізуге қатысты. Ал июньде, Қазақстан Компартиясының бірінші съезінде, Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Алғашқы ұйымдастыру пленумында Орталық Комитеттің Бюро мүшесі болды. Ұзаамай, Семей сайлау округінен СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат бол ұсынылды.

Орталықтан сұық жел есті. ВКП(б) Орталық Комитетінің 1937 жылғы февраль-март пленумында Сталиннің аузынан зан бол шыққан қате де қатерлі тезис қара ниетін саясатпен білдірмей бояп қоюға шебер шолақ белсенділерге тыннан қуат берді. «Троцкистерге қарсы құресте қазір ескі әдістер – дискуссия әдістері керек емес, жаңа әдістер, түп-тамырымен құрту, талқандау әдістері керек» екендігі олардың жандарына майдай жақты. «Шаш ал» десе бас алуға әзір тұратындарға енді «Бас ал!» деген ұран тасталса, қалайша қанды ойнақтарын салмасын...

«Халық жауларын» «табу» мен жою Қазақстанда айрықша қарқын алды. Шілденің ыстық күндерінде күні кеше Қазақстан Компартиясының бірінші съезі сайлаған Орталық Комитет пен оның Бюросының мүшелері үшін ақпанның мұзды ызғары соқты...

1937 жылғы 2 августа Темірбек Жүргенов өз кабинетінде қамауға алынып, республика Ішкі істер халық комиссары Залин кеңесінің подвалына әкелінді. Тас үй астындағы бұл «Барса-келмеске» ҚазЦИК председателі Ұзақбай Құлымбетовті, егіншілік, каржы, денсаулық сактау халық комиссарлары Нығмет Сырғабеков, Илияс Молдажанов, Хасен Нұрмұхamedовтерді, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Жанайдар Садуақасовты, облыстардағы бас-

шыларды «қара құзғын» бірінен соң бірін тасып әкеп кіргізіп жатты...

Баспасөз де науқанға лайық жаршы болуға тырысып бақты. «Ұлтшыл-фашистерге өмір сүргізбейміз!» – деп «Социалистік Қазақстан» газеті ұрандатты. Тағы бір басылым – «Қазақ әдебиеті» газеті: «Әдебиеттегі троцкист-бұхариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек!» – деп дабыл көтерді. «Қазап (КазАПП – қазақ пролетар жазушыларының ассоциациясы – Б.Қ.) кезіндегі ұлтшыл-фашист-провокатор Байділдиннің зиянкестігін, әдебиеттегі алашордашылардың, қазіргі ұлтшыл-фашистердің контреволюцияшыл фашист төбеттері – Нұрмақов, Рысқұлов, Садуақасов, Құлымбетов, Жұргенов, Қожанов, Тогжановтардың қалдықтарын түп-тамырымен құрту бүгінгі таңдағы ірі міндеттіміз екенін бір минут те ұмытпауымыз керек», – деп міндет қойды («Қазақ әдебиеті», 13 август, 1937 жыл).

Осынау газет сөзімен дер кезінде қаруланып үлгергені сондай, кейбір аты да, заты да бар қаламгерлеріміздің бірі жазушылардың қалалық жалпы жиналысында: «Халық жаулары Жұргенов, Тогжанов искусство жұмысына қырсығын тигізіп, зиянкестік істеді. Қазақстан советтік искусствоның жоққа шығармақшы болды, өздерін әдебиеттің, искусствоның «генийлері» етіп көрсетуге тырысты, – деп сайрай келе («ҚӘ», 10 сентябрь, 1937 ж.), – сол дүшпандардың сілімтіктерінен тез құтылуымыз керек», – деген сөздермен көзін ақитты...

Бізге сондай шолақ белсенділердің өздерінен гөрі, олардың осындай дабыра ұрандарының қайғылы салдарлары кеңінен мәлім...

Ежов-Залин топтары ойдан шығарған «айыптарды» тұтқындардың «мойнына қою» қандай айуандық тәсілмен жүргізілгені қазір айтыла бастады. Бірақ, неге екенін, Залиннің атқарған жұмысы Ежовты қанағаттандырмады сијакты: Қазақстанға жаңа нарком аттандырылды. Сол кезеңді

басынан кешкен кісілер Залиннің орнына келген Реденстің айрықша қатыгез болғанын айтады. Ел арасында: «Реденс Сталиннің өте сенімді адамы екен, тіпті бажасы көрінеді, өзі тікелей нұсқау беріп, Қазақстанға әдейі жіберіпті», – деген сыйбыс жүрсе керек.

Қалай болғанда да, мұндағы қанды оқиғаларды жүзеге асырудың басында Реденс тұрғаны рас. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1938 жылғы февральдың аяғында өткен пленумында ол Бюро мүшесі болады да, Москвада 2 марта әйгілі «Антисоветтік оншыл-троцкистік блок процесі» басталысымен, Алматыдағы қапаста жатқан «өз троцкистерін» қолға алып, 6 марта ашылған жабық сотқа береді.

Сөйтіп, істерді қарауды Москва процесімен бір күнде, 12 марта бітіртеді. Ол айыпталушылардың санын да шамамен Москва сотына іліккендердей, 19 адам етеді. Тек «мықтылығы» Ежов, Вышинский, Ульрихтен асып түседі, егер олар айыпталушылардың Бухарин бастаған 13–14-ін гана атып, 4-5-еуін ұзақ мерзімге соттаған болса, бұл өзінің 19-ын түгел атқызады. Егер Москва процесінің барысы күнбекін хабарланып, тергеу протоколдары баспасөзде халықтың «ой-пікірі, талап-тілегімен» қоса жарияланып отырған болса, Алматыда да сот болғанын және оның жабық өткенін, бәрін атуға үкім етіліп, үкімнің орындалғанын ол халыққа араға он күн салып қана хабарлайды.

Соттың ресми желеуіне көз салайық: «ұлтшыл-фашистер, троцкийшілдер мен бухариншілер» – ішінде Темірбек Жүргенов бар 19 партия, совет қызметкерлері – «Отанға опасызыңық істеді, Қазақстанды СССР-ден бөліп әкетуге, оны шетел империализмінің колониясына айналдыруға тырысқан әрекеттері, терроршылдық істері, зиянкестік және диверсиялық жұмыстары, шетел мемлекеттерінің пайдасына шпионаж жасағаны үшін, яғни РСФСР Қылмыс заңының 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8 және 58-9 статьяларында айтылған қылмыстары үшін» айыпталыпты.

Ғажап. Жығылсан – нардан жығыл.

Жок, Реденс жығылмайды. Ол жоқтан бар жасаса – үкімет мұддесі үшін, жоғарыдағы қожайындарының еркіне сай істеп отыр, әрі мұның әшкерелеген жаулары үшін даңққа бөлөнетіндер де – анда. Ал бұл көлеңкеде қала береді. Жоғок, қожайынының даңқы – оның даңқы... Атылған 19-ды «Қазақ халқының ежелгі жаулары» деп атаған «СҚ» 1938 жылғы 22 марта: «Қазақ халқын бақытты, қызық дәуренінен айыруға тырысқан ұлтшыл-фашист, троцкийшіл-бухариншіл шпион бандиттерді дер кезінде әшкерелеген даңқты чекистерге, олардың сталиншіл наркомы Н.И. Ежов жолдасқа Қазақстан халқы көп-көп алғыс айтуда, жауларды түгел жоюда НКВД орындарына әрқашан жәрдемдесіп отыруға дайын», – деп жазды...

Осындай жағдайда опат болған Жүргеновтің есімі де, ісі де тарихтан мәнгі өшіріліп тасталған тәрізді еді. Зайыбы Дәмеш Әмірханқызы Ермекованы да іле-шала халық жауының эйелі ретінде партиядан шығарып, сегіз жылға сottап жіберген. Жазасын өтеп келгеннен кейін де ол кісі, біржола аласталғандай, Алматыда тұруға рұқсат ала алмаған-тын. Әділет жеке басқа табынушылық құрсауы бұзылған соң барып, біртіндеп қалпына келтіріле бастады...

Шексіз көрінген ауыр жиырма жылды артқа тастап, Дәмеш апай ақыры өзінің де, ерінің де акталған қағазын алды. Со сын энтузиаст-зерттеуші Мардан Байділдаевпен бірлесіп, Жүргеновтің өмір жолы мен қызметін көрсететін материалдарды тірнектеп қайта жинауға кірісті. (Темкенді ұстағанда үйдегі архивін семьялық суреттерге шейін қалдырмай, «чекистер» сыпырып кеткен болатын). Олардың көмегіне сүйене отырып, тарихшы Рамазан Сүлейменов өміrbаяндық очерк жазып шықты. Кітапша 1968 жылы, Жүргеновтің туғанына 70 жыл толуына орай, «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. 1978 жылы Партия тарихы институтының үйымдастыруымен қайраткердің 80 жылдығы атап өтілді. Одан бері жылдары Алматының бір көшесіне Жүргенов есімі берілді. Ақтөбе облысы Ыргыз ауданының еңбекшілері өз

каржыларына аяулы жерлестерінің мүсіндік портретін жасатып, аудан орталығына ескерткіш орнатты.

1988 жылды Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына 90 жыл толды. Бұл мүшелтой еліміз қайта құру, жариялышық, күллі тыныс-тіршілігімізді демократияландыру бағытына батыл түсken қазіргі шаққа сәйкес келді. Ендеше қай-қайсымыз да жартыкеш шындықты жартылай бүркемелеп, сыбыр-күбірмен тыншуды доғаруға, сөйтіп, ашы да болса бұлтақсыз шындықты бар дауыспен жар сала айтуға міндеттіміз. Мұны әрі уақыт талабы, әрі осынау игі өзгерістерді баянды етудің бірден бір кепілі деп ұққан жөн. Осы орайда ортаға бірек ой тастайық.

Жүргеновтің өзімен бірге «тұтқындалған» түрлі қолжазба, хат-қағаздарын, түрмеде өткізген жарты жылғы ғұмырынан елес берерлік деректер – тергеу, сот, тағы басқа материалдарды зерттеушілер назарынан жасырмай, ғылыми айналымға қосу ләзім. (Бұл ұсыныстың барша күлт құрбандақтарына қатысты екені түсінікті). 20–30-жылдардағы қоғамдық ойдың дамуында өзіндік орыны барлығын ескеріп, Темірбек Қараұлының зерттеулерін, публицистикасын, мақала, сөздерін жинап бастыруды, әрине, тиісті ғылыми түсінік, анықтамалық аппаратпен жабдықтай отырып жариялауды қолға алған орынды болмақ.

Жүргенов жалғыз Қазақстан емес, Орта Азия мемлекеттік құрылышында қолтаңбасын қалдырған қайраткер, осыған оның Өзбекстан мен Тәжікстандағы қызметін жете зерттеу арқылы ғылым тұрғысынан дәйектеме жасау қажеттігі күн тәртібіне қойылуға тиіс.

Бұлармсын қатар, халық ұлының есімін мәңгі есте қалдыруға бағытталған, орындалуы онай кей шараларды да жүзеге асырған жөн. Мәселен, астанадағы құрылышына өзі тікелей араласқан 18 мектептің біріне есімін берсе, Жүргеновтің өмір жолымен танысу арқылы жас ұрпақ, әлгі белгілі бір мектептің 500–600 оқушысы, республикамыздың белгілі бір кезеңіндегі белгілі бір оқығалардан, айталық, 30-жылдар-

дағы мәдени революциядан теренірек мағлұмат біліп, яғни тарихтан тәлім алып өспес пе еді? Өнер, мәдениет салаларына мамандар даярлайтын арнайы жоғары оқу орындарының біріне есімін беріп, енді бірінде нарком Жұргенов атындағы стипендия тағайындалса, студенттердің ірі мәдениет қайраткері қасиеттерін игеруге айрықша талпынуы әбден ықтимал емес пе?

Үлкен қайраткердің есім-естелігіне лайықты құрмет көрсете отырып, кейінгі толқын тәрбиесіне қомақты үлес қосуға болады. Лениндік мұраттарға адал өмір сүрген халқымыздың аяулы ұлын ардақтау – баршамыздың азamat ретіндегі борышымыз.

12 наурыз 1988 ж.

2. Ақ босага – ар-ождан

Адамзаттың имандық тірегі, адамдықтың негізі – әйел. Құллі халық даналығы, ұлы ойшылдардың бұл тарапта қалдырыған іздерінің мәйегі осыған саяды. Бұл ойға тоқтамайтын жан болмаса керек, өйткені біздің қым-куыт өміріміздің өзі де соны дау-дамайсыз дәлелдейтін небір ғаламат мысалдарға толы. Иә, тағдыр еншісіне бөлген тарихи, табиғи, моральдық мұраға адал әйелдер – әйел-ана, әйел-келін – көрсеткен өнегелі үлгі – әйел-азамат, әйел-қаһарман, әйел-адал жар, сенімді серік, үзенгілес дос – айналамызда өте көп. Мен әңгімемді сталинизм қатыгездіктері душар еткен қылы кезеңнің өзінде де рухын төмендетпеген асыл апаларымыздың бірі жайында бірер сөз айту арқылы межелемекпін...

Жазықсыз жала жабылып, жалған айыппен 1938 жылдың наурыз айында нақақтан оққа байланған көрнекті партия және мемлекет қайраткері Темірбек Қараұлы Жұргеновтің адал есімі КПСС XX съезінен кейін іле-шала қалпына келтірілген болатын, алайда оған

халқына сінірген еңбегіне сай лайыкты бағасын беру, оның рухын жұртшылық алдында, әсіресе тұған жерінде, жерлестері арасында ардақтап, асқақтап құрметтеу мүмкіндігі қазіргі қайта құру тұсында ғана тұған еді. Алматыда өткен салтанаттардан соң, 1988 жылғы ақпанды, Қызылорда облысының Жалағаш ауданы Жүргеновтің тұғанына 90 жыл толуын мерекеледі. Жалағаш аудандық Мәдениет үйінде, «Ақсу» совхозының Ф. Энгельс атындағы орта мектебінде, Темірбек Қараұлы тұған жerde құрылған «Жаңаталап» совхозының клубында мерекелік жиналыстар өтті. Жалағаш поселесіндегі бұрынғы «Садовая» көшесін Т. Қ. Жүргенов есімімен атауға байланысты үлкен митинг болды. Сондай-ақ Қызылорда қаласының Н.В. Гоголь атындағы қыздар педагогика училищесінде де мерекелік жиналыс өткізілді. Аталған іс шаралары кезінде еңбекшілер, қызметкерлер, мұғалімдер, студенттер мен мектеп оқушылары Алматыдан арнайы барған меймандармен және Жүргеновтің туыскандарымен кездесті. Әсіресе, даңқты жерлестерінің зайыбы Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жүргеновамен жүздескендері бәрінің есінде ұзақ сақталады ғой деп ойлаймын. Мұның бір айрықша себебі бар...

– Жолама деді, ұмыт деді, дабыра қылма деді – іштен тынып, көне бердік, – деп сыр шертті жасы тоқсаннан асқан Бекіш есімді қарт зергер. – Ақыры міне, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды... Куаныш ұзағынан сүйіндірсін!...

Ақсақалдың осынау бір ауыз сөзіне соңғы жарты ғасыр бойындағы замана толқындары түгел сыйып кеткендей. Бұдан отыз жетінші жылдың қатерлі зілі, тіл құрмеген тұзағы сезіледі, мұнда тоқырау жылдарының ақыл-санға тұмшалап кигізген қорғасын томағасы, зердеге қойған шектеуі де жатыр.

Астанада наркомпрос Темірбек Қараұлы Жүргенов қамалысымен, оның Жалағаш ауданында, Мақпалкөл деген жерде колхозға ұйысқан ағайындарының арасында тұратын қарт

әкесі – «халық жауы» атанған баласы Темірбекпен жасты ауыл жігіті Бекіш ұсталиқ құратын колхоз дүкенінде, жаңа өмір адамдарының тіршілігіне көз жүгіртіп, ұзақты күн ойга шомып отыратын сексен бірдегі шал – Қара да тұтқынға алынған. Содан қайтпады. Бірақ «халық жауын» әкесімен қоса құрту құғын-сүргін науқанының көрігін қыздырушулыарды қанағаттандыра қоймады, араны ашылған жазалау машинасы Жұргеновтер тұқымын түгелдей құғынға ұшыратты. Қыспактан құтылу мүмкін болмады...

«Жаңаталап» совхозындағы Макпалқөл орта мектебінің жанында Ұлы Отан соғысында каза тапқан ауылдастарға қойылған ескерткіш түр. Отан үшін жан берген 289 жауынгердің аты-жөні тасқа қашалған. Арасында «халық жауы» әулетінің төрт баласы, оның ішінде Дәмеш пен Темірбекке тән ұл – атылған әкесінің, айдаудағы анасының жау еместігін дәлелдеу үшін жасын өсіріп көрсетіп, шын жаумен қанды шайқаста жағаласуға өз еркімен аттанған жасөспірім Жұманазар есімі де бар...

– Көкемді халық жауы дегенге ешуақытта иланған емеспін, – дейді Темірбек Қараұлының інісі Битай Қараұлы.
 – Бірақ соғысқа дейін – жастық болар, жасқаншақтық болар – бүгежектей берген едім. Ал майданда толарсақтан қан кешіп жүріп фашизмді женіп оралған сон – қорқу-ұрқу, имену дегенінді ойыма да алғаным жоқ, білек сыйбанып, ізденуге кірістім. Алайда жоғарыға жазған арыздарыма қайткан жауаптың бір түрі мынандай-тын: аудандағы қауіпсіздік комитеті бөлімшесінің бастығы кенсесіне шақырып алады да, үстелдің үстіне тапаншасын шығарып қойып, жер-жебіріме жетіп балағаттауға кіріседі. Тайынбай қарсы шығам, тыйым салғанына қарамастан, қайта арызданам. Қанша қасарысын, айтыссам да, өтінішімді барынша дәйектеп толықтырып жазсам да ештеңе өнбейді. Бірде райком әмір берді дең, әйшәй жоқ, істеп жүрген жұмысынан босатып таставды. Тағы шайқастым. Сол кездегі аупарткомның бірінші хатшысына: «Мен төрт жыл бойы соғысып келдім, осы мерзімде мен фа-

шистердің өзге халықтарды өздерінен кем санайтынын, кем жаратылған халықтардың кемдіктері тұқым қуалайды деген нәсілдік теориясы болғанын ұқтым. Айтыңызшы, коммунистік партияның теориясында «халық жауы – тұқым қуалайтын ауру» деген сөз жазылған ба? – деп, ашынып сұрақ қоюға мәжбүр болдым. Қатты сөздерге барыстық, ақыры маған басқа мектептен қызмет берді, эйтсе де «ағасы халық жауы боп кеткен» деген үрейлі таңбадан арылу мүмкін болмады. Бұған тек жеке басқа табынудың әшкереленуі. Дәмеш жеңгемнің айдаудан оралуы ғана қол жеткізді...

Дәмеш Әмірханқызы Темкең атылған күні абақтыға жабылған да, он сегіз жыл ғұмырын түрмелер мен лагерьлерде өткізген. Күйеуінің де, өзінің де жазықсыз жазаланғандығы жөніндегі ақтау қағазын алғаннан бергі отыз жылдан астам уақыт бойы ол бар күш-жігерін игілікті іске – Темірбек Қараұлының халқына сіңірген еңбегін ұмыттырғыш замана шаңынан тазалап, жарыққа шығаруға сарп етумен келеді. Айнымас адал жарының қажырлы ізденістері нәтижесінде Жүргеновтің екінші, мәңгілік өмірі басталды. Кезінде «Шығыс Луначарский» атанған тамаша мәдениет қайраткерінің есімі республика үкіметінің шешімімен Алматыдағы театр-көркемсурет институтына берілді. Басқа да іс-шаралары жүзеге асырылуда.

Мұның бәрін жұртшылықтың жылы қабылдағаны белгілі. Мұның бәрі, әсіресе, Жүргенов мүшелтойының туган ауылында тұнғыш рет аталып, мерекеленуі жалағаштықтарға айрықша серпіліс әкелді. Сонау зобалаң кезінде оның туыстары мен жерлестерінің екі елі аузына қойылған төрт елі қақпақ қайта құру, жаңару кезеңінде ғана шындал ашылғантын. Қөптен күткен мүшелтойды атау кезінде адамдар өткен белестеріміздің ауыр тұстарын ойша жаңғырта келіп, бүгінгі шыққан биігіміздің мәнін терең ұға түсті. Алапат террорды дәүірлеткен зұлмат шындығын тебірене тыңдал, сталиншілдер зансыздықпен мерт еткен есіл ерлер қатарындағы жерлес, азамат, қайраткер Жүргеновтің бейнесін жан-жакты

тани түсті. Және жалғыз Жұргеновті емес, Жұргеновтің жан-жарының азаматтық ерлігін, ері қайғылы опатқа ұшырағанынан бергі жарты ғасыр бойы күллі ғұмырына қуат беріп лапылдаған тұрған адам махаббатының күшін таныды. Бұл – әсірелегендік немесе өсіріп айтқандық емес, бұл – шынында солай болған ақиқат. Жұртшылық боп жиылып, революция ісіне қомақты үлес қосқан ауылдастары Темірбек Қараұлын еске алу, оның зайыбының – қазіргі таңда сексен үшке иек артқан қария Дәмеш Әмірханқызының естелігін есту әркімнің жүргегіне – үлкен сезімге, қастерлі де киелі сезімге табыну, және мұның құдіреті, жасампаздығы жонінде небір ой шарпуын ұялатты ғой деймін.

Дәмеш аpanы мен алғаш 1988 жылдың басында іздел барған едім. Темкен туралы естеліктер мен көне басылымдар беттерінен оқып, тоқығанымды толықтыру мақсатымен сонау қыын кездердің тірі күесін ұзақ тыңдағанмын. Алты сағат әңгімелесіппіз, сондағы бір сәт, мені қайран еткен жәйт мынандай-ды...

Сөз орайында мен отыз жетінші жыл зобалаңы туралы сұрастыра бастағанмын. Ұсталар алдындағы Темкенцің көңіл-күйін білгім келген. Жалпы, ол кісі өзіне репрессия семсерін сермегелі тұрғанын сезді ме екен? Сол кездері жүріп жатқан «халық жауларын әшкерелеу» науқаны жоинінде ештеңе айтушы ма еді? Қашан, қандай жағдайда ұсталды? Осылар секілді сауалдарға жауап естімек болғанмын. Сұрағымды қойып болар-болмастан Дәмеш аpanың козіне жас үйіріліп шыға келді. Сол сұмдық шақтың егжей-тегже-йін еске түсіру – табиғаты нәзік сезімтал ана жүргегін қатты толқытты. Ойға шомып, ақырын, мұнды сөйледі. Өзім білуге құмартқан әңгімені, бір жағынан, ести бергім келсе де, екінші жағынан, қарт адамды қамықтырып алғаныма қысылыш, ақыры әңгіме арнасын өзгертуге тырыстым. Жастық шагы туралы айтып беруін өтіндім. Темкенмен алғаш танысқан уақытын, студенттік мезгілі өткен Ташкенттің сол тұстагы заманалық ерекшеліктерін, тарихта аты бар адамдардан та-

нитындарын, 20–30-шы жылдарда көрген-білгендерін сұрадым. Сонда қариям тез жадырады, тіпті, табан астында жайнап сала берді.

— Қарғашым, жас кезімді еске түсіру маған – қуаныш, оны әңгімелу – керемет женіл, – деді ол сондай бір сергек көнілмен.

Және қалай әңгімеледі! Жұзі нұрланып, 20-жылдардың ортасындағы Та什кентте білім көтерген жастарды, студенттік жиындарды, Темірбекпен танысу сәтін, жолықандарында, бірге қыдырғандарында Темкенің сол кездегі саясат мәселелерін көп айтып, түсіндіретінін, өзі, окуға жаңа келген жас қызы, соның бәрін бірден ұғып, игеріп әкете қоймаганын, сонда да серуен сайын ықыластана құлақ тосудан жалықпағанын, сөйтіп, екеуінің бірте-бірте өмірлік қосаққа айналғандарын әңгімелегендеге, көз алдында жасарып кетті. Бақытты шақ естелігі кісіні қанат біткендей сергітіп, құлпырытып жібереді екен де. Алпыс жылдан астам уақыт бұрын ұшырасқан жылы сәттер күні бүгінге дейін ұмытылмай, баяғысынша толқытып, жүрекке жылу беріп тұрса – ол жәйғана жылы сәт пе? Ол – нағыз сүйіспеншілік те!

Сол жылдың қүзінде, Алматы түбінде Боралдай сайына – зансыздықтан атылған он тоғыз партия-совет қызметкерлерінің сүйегі тасталды дейтін жерге бір топ ардагерлермен барып, тағзым еткенде, мен Дәмеш Әмірханқызының қатты күйзеліп, егілгеніне қуә болдым. Ол сүйген жарын НКВД адамдары алып кеткенде – қайда жіберсе де табамын деп уәде бергенін, енді, міне, жарты ғасырдан соң ғана сол уәдесінің үдесінен шығып тұрғанын, бірақ өзін емес, басында белгісі жоқ қара жерді ғана сипап тұрғанын айтып жылап сді. Сонда мен осы көне де ұлы сезім құдіретіне тағы бір айғақ көргендей болғам...

Жүргеновтің туған жерінде өткен жиналыстар мен кездесулерде Дәмеш Әмірханқызының естеліктерін ел көзіне жас ала отырып тындалады. Ауыр саяси айыптау салдарынан срі атылып, өзі ұзақ жылдар бойы абақты, лагерь азаптарын

бастаң кешсе де мойымай, әділетке сенімін жоғалтпай, азаттық алысымен архивтерден тірнектеп жинап, аты өшірлген көрнекті қайраткеріміздің рухын қайта тірілткен ерлігін халық атап айтып, алғысын білдіріп жатты.

Жүргенов туралы әрбір сөз оның артындағы шын жоктаушысы болған адап жары жайындағы әңгімеге өз-өзінен сабактасты. Рухани өмірімізге құні кеше ғана оралған ақын, ағартушы, ғалым, қоғам қайраткөрі Ахмет Байтұрсыновтың қызы Шолпан апай өзінің қын тағдырынан сыр шерткенде де солай болды, сталиндік азап лагерьлері әйел төзімділігін, әйелдің өз ақ босағасына адалдығын, заңсыздық өшірген ошағының отын қайта тұтатуға құштарлығын жоя алмаганын жұрт терең тебіреніспен түйсінді.

Жалағаштықтарға нарком Жүргенов жөніндегі естелігін айта келіп:

– Дәмеш женгем – адап махаббаттың символы, сертке берік жар үлгісі. Бұл кісінің зор адамгершілікке толы жүреғі, Темірбек ағама деген шынайы сүйіспеншілігі – қазіргі жастардың алдына әрдайым ұлағатты мысал ретінде өнеге етіп тартып отырылуға тиіс өшпес асыл қасиеттердің тап өзі. – деді Қазақ ССР халық артисі, профессор Аскар Тоқпанов. – Қазақ қыздары, қыз өсіріп отырған барша ата-ана, назарынды сал: мына отырған Дәмеш апаларың – бүгінгі заманың Қызы Жібегі!

Қадірменді қариямыздың бітім-болмысын онымен ұзақ жылдар бойы жақын араласып біліп келе жатқан жазушы Өтебай Қанахин, ғалым Мардан Байділдаев, сондай-ақ келіні – Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, медицина ғылымдарының докторы, профессор Раиса Ермекова және әрине, Темкеннің іні-қарындастары, әр қырынан сипаттау арқылы мейлінше терең ашты.

Темірбек Қараұлы рухын ұлықтарлық сәл де болса сәтті бір қадам жасалған сайын Дәмеш аpanың айтып жеткізгісіз куанышқа бөленетініне олар өткен уақыттардан көптеген нақты мысалдар келтірді. Дегенмен ерекше айқын, әсерлі

мысалдың көкесіне бәріміз қуә боп келе жатқанбыз. Жасы ұлғауына орай ыңқыл-сыңқылы да көбейген, дімкәс, құлағы да ауырлау, жүріп-тұруы киын Дәмеш Әмірханқызы біріншіден, Алматы мен Жалағаш арасындағы жолдың алыстығына қарамай, осы сапарға шығуға тәуекел етті, тәуекел етті емес-ау, бар есіл-дертімен ұмтылды. Екіншіден, жұртшылықпен күніне үш кездесуден өткізгенге де төтеп берді, ол аздай, шағын топтардағы жылы естелік-әңгімелер бейуаққа дейін созылып кеткенде де тынығуды ойына алмастан, кескіні нұр шашып, сергек көнілмен, дастарқан басында мүйізі қарағайдай бол талай күн қатарынан нық отырған-тын.

Көрі тәнге осынша қуат құйған неткен күш? Эрине, тот баспаған асыл, мөлдір сезім...

Темірбек пен Дәмеш Ташкентте үйленді, бірақ түрлі жағдайға орай – әр шақта алға көлденең тартыла берген тағдыры тақсиретіне байланысты, Дәмешке кезінде атасы Қараның табалдырығын келін ретінде аттау бұйырмады... Мұның реті алпыс екі жылдан соң, мерекелі осы сапарда келді...

Үлкен үйдің қара шаңырағын ұстап отырмын деп орынды мақтан ететін Зерхан апай абысының басына қазақы дәстүрге сай ақ орамал салды. Ал бұл көне де әдемі әдет-ғұрыпты Дәмеш апамыз аса көнілденіп, куана қабыл алды, әсіресе, ауыл қарттарына нағыз келіндерше сәлем қылғаның қайда қоярсыз. Мерейлері тасыған аксақалдардың құнжыңдаپ қалталарынан шығарған тиын-тебендерін біз дуду етіп тәбәрік ретінде бөлісіп алып жатқанда, бекзат реңді апамыз ғаламат бақытқа кенеліп қарап отырды. Бар себеп – сол тұнық қайнар...

Педагогика училищесіндегі жиын сонында зал толы ұстаздар мен шәкірттер Дәмеш апаниң құрметіне орындарынан түрегеп тұрып, «Ақ босаға» атты қазақтың келіндері жөніндегі тамаша әнді қосыла шырқады:

Пай-пай, шіркін, казактың келіндері,
Көл-дария секілді пейілдері.

Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей,
Бір кереге келінсіз көрілмеді...

Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші секретары Бигали Каюпов Темірбек Жұргеновтің адап жар, сенімді серігіне деген халық ықыласының қорытындысы іспеттенген мынандай шешімді жария етті: Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жұргенова Жалағаш поселкесінің құрметті азаматы катарына қабылданды...

Қын тағдыр өткелдерінен сүрінбей өткен Дәмеш Жұргенованың жеке басының өнегесі, жеке басының адамгершілік ерлігі, құлаған шаңырағын қайта көтерудегі, жиылған керегесін қайта керудегі жанқиярлығы құллі қыз-келіншектеріміз бен жігіттерімізді бейтарап қалдырmasы хақ. Жасыратын несі бар, ақ босағасын ар-ожданына балауды талап ететін қарапайым моральдық норманы сақтау біздің мына тамаша бейбіт заманымыздың өзінде екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сталинизмнің қатал тезінен махабbat сындықастерлі сезімге шаң жүккізбай өткен ардақты апаларды ойлағанда, бәлкім, жастарымыз жақсара түсер. Ақ босағаны шын мәніндегі бақ босағаға айналдыратын қасиетті сезімнен айрылмауга тырысар...

3 маусым 1989 ж.

3. Темір-халком

Тұрменің жалғыз адамдық тар камерасында есенгіреп жатқан тұтқын бір сәт есін жиды. Кірпігін әрен қимылдастып, көзін ашты. Сұр қабырғаға мәнгіре тесіліп біраз жатты. Одан биіктен сығырайған темір торлы терезеге назарын аударды. Сыртта жапалақтап аппақ қар жауып тұрғанын аңадады. Жаңа жылдың алғашқы қары деп ойлады ол, неткең кіршіксіз аппақ...

Сондай кіршіксіз таза қар сол күні Мәскеуде де жауып тұрды.

Бұл 1938 жылдың 3 қантары еді.

Сол күні Кремльде өткен жылдың сонында Қазақстан бойынша әзірленген қара тізімге кол қойылды. Алматы мен Алматы облысынан үкім дәрежесі бірінші категорияға, яғни атуға жатқызылған он бес адам ішінде осы тұтқын да бартын.

Халықтар әкесінің жандайшаптары қолдарын таңбалап, мұның тағдырын біржолата шешіп тастағанын ол әлдебір тылсым құш әсерімен сол сәтте-ақ сезгендей болды. Бойын біртүрлі бейжай женілдік биледі. Жаздан бергі қапаста көрген азабына ақыры нүкте қойыларын түйсінді. Жапалақтаған карға қарап, үн-тұңсіз ойға шомып ұзақ жатты.

Бұл Темірбек Қараұлы Жұргенов еді. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қазақстандағы мәдени революцияның көрігін қыздырған бас қайраткер осы болатын. Ол жұрт тұрмысы айтып жеткізгісіз күйзеліп, еңсесі түскен, аштық апатынан кейін бұралып күн кешкен, қайткенде тірі қалудан өзге нәрсе ойлауға шамасы жетпей қалған уақытта – 1933 жылы елге Өзбекстаннан шақырылған-тын. Оған ағарту мен мәдениет саласының тұтқасы сеніп тапсырылды. Сонда ол жұмысқа айрықша құлшыныспен кірісті.

Оқу-ағарту істерін жолға қою, білім беру мен мәдениет тарату ошактарын салу және ашу, барының қызметін жандандыру, мұғалімдер дайындау, халыққа рухани нәр, жан азығын берер жаңа салаларды жасау қауырт қарқынмен колға алынып, жүзеге асырылып жатты. Қатаң талап қоятын және оны орынданғанда білетін Ағарту халық комиссарын жұрт, ұзамай, қаталдығы мен әділдігіне қарай, есіміне астарлы мән бере, Темір-Нарком деп атап кеткен-ди.

Ол жүдеу елді рухани марқайтты. Соның мұрындық болуының арқасында, орыс толы Алматыны астана тұтқан казақ шартараптан жиналып, жогары оқу оқыды, руханият және мәдениет отауларын көтерді. Мәдени ойын-сауық жұмыстарын жандандырды. Қоғамдық іс-шараларды қыздырды. Драма театры жаңа қойылымдар әзірлеуді. Музыка теат-

ры ұйымдастырылды. Музыка және би мектептері ашылды. Қазақ әні өркениетті елдер үлгісімен, үлкен музикалық шығарма сүйегін құрап, опера деген жаңа өнерге, қазаққа бейтаныс, таңсық, бірақ оның әнқұмар жан-дүниесіне етепе жақын тосын да соны сахналық ойын-сауыққа ұласты.

Осынау өзгерістер жолындағы іс-әрекеттерді бағытталп-басқарып отыру штабы құдды Темірбектің комиссариатында орналасқан-ды. Ағарту халық комиссары кабинетіндегі ұлт мәдениеті мұнын түзген жиындарда қазақтар ана тілінде көсілетін.

Бірде Ресейдің орталық қалаларынан келген жәрдемшілер мұндай қалыпты ұнатпай, олардың орысша сөйлеуін талап етті. Сонда, өздерін тым астам сезінген «озық мәдениеттілерге» әм сол озық мәдениетті таратушыларға Темкең көзінен от шаша, тұтіге қарап, ашу шақырды. Құллі мәжіліске катысып отырғандарды әрі тітіретіп, әрі риза етіп, орталық өкілдеріне қаһарын төкті. Жергілікті жұрттың тілін білгін келмесе, сыйламасан, онда оның мәдениетін көтеруге қалай көмектеспексің деген әділ талапты төтесінен қойып, қатты айтты.

Ондай шалт мінезді қазақ мемлекет қайраткері өзі қызмет етіп отырған партия жолын адал жүргізіп отырғандығына сенімді болғандықтан көрсеткен болатын.

Соншалықты қatal талап қоя білуінің нәтижесінде, ол бар болғаны үш жылда қазақ өнерін одактық аренада алыш шықты. Оқу-токуы жоқ, ел ішінен шыққан тұма талант көкемпаздарды қасіби өнер тарландары деңгейінде сомдады. Арнайы онкүндікте талғампаз Мәскеу сахналарында мұлтіксіз өнер көрсетуге қауқары жететін, әрі баршаны тамсандыратын дәрежеге көтерді. Сонау өнер декадасының табисты өтуі – қуні кеше ұлттық апатқа ұрынып, құрып кетудің аз-ақ алдында қалған қазақты тірілту еді. Астарлы ашаршылық апатына алып келген большевизм саясатының шынайы бет-жүзін бүркемелеп, оны бүкіл әлем көзінде қазақтың жарылқаушысы іспетті ақтап алу еді.

Көсем мұны айтпай ұқты, дұрысында, қазақтың жартысы қырылып, азып-тозып кетті дегенді айтқызбас үшін, осынау 1936 жылғы өнер мерекесін өз ішкі жоспарымен өткіздірген. Сондай сөзді мәңгі болдырмас үшін басқа да ірі тарихи актіні жүзеге асырған, сол жылдың соңына қарай қабылдатқан сталиндік Конституциясымен – 1924 жылғы тұнғыш рет біртұтастанған қалпынан әлдекайда әлсіреген Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық бірлікке – қазақ халқының өз еліндегі үлес салмағы күрт азайып кеткен Қазақстанға одақтас республика тәжін кигізген. Мұны түрмеге түскелі, абақты азабы қинаған сайын, Темірбек мүлдем айқын ұға түсті.

Не керек, сонда, табысты өткен онкүндікті қорытындылағанда, көсем «социализмге табыспен бет алған қазақ республикасының» өнер ұжымын мол мемлекеттік марапатқа бөледі. Сол жолы халқом Темірбектің – артта қалған шығыс халқының рухани байлығын жаңғыртып, астананың талғам-паз жүртшылығы алдында жарқ еткізіп жайната көрсеткен мемлекет және мәдениет қайраткерінің – ұлттық өнер ұжымын көсіби деңгейге көтерудегі еңбегін де жоғары бағалады, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Былтырғана. Жоқ, енді бұрнағы жылы...

Ал содан бір жыл өтер-өтпесте, былтырғы, 1937 жылғы жазда, дәлірек айтқанда З тамызда, ел аузында «қара құзбы» аталатын жабық мәшине мініп келген арнайы қызметкерлер комиссариаттағы жұмыс орнынан Темір-Нарком Жүргеновты қамауға алды. Абақтыға апарып салып, өзі бейхабар «кінәсін» қайткенде мойыннатуды мұрат тұтқан қанқұйлы тәсілдермен жауап алуға кірісті. Жарты жыл бойы қинап, «Қазақстанды Кенес Одағынан, Кеңестік Ресейден бөліп әкеткісі келген герман және жапон фашистерінің агенттері, контрреволюционерлер» қатарына түзген қара тізімге қости.

Алматының төрінде, кеңестік тұнғыш чекистің аты қойылған қазақ астанасының жасыл желекті тыныш көшесінде орналасқан ішкі істер халық комиссариатының ішкі

түрмесінде білімді, жігерлі, қайратты, өр мінезді, күні кеше ел-жұрт сүйіне де сескене железный нарком – темірдей бекем халком деп атап келген қайраткердің сағын сындыруға бағытталған қинау амалдарының неше атасы жасалып жатты.

Дәлелдің көкесі – айыпкердің өзінің «ағынан жарылып», айыбын мойнына алуы...

Тыста ақ қар жауып тұр. Неткен мамыражай төгіліс, неткен тамаша көрініс мына ақшанқан ұлпа қардың төгіле жаууы... енді бәрі тыншитын шығар...

Шынында, оны едәуір уақыт жауап алуға шақырта коймады. Ол өткен өмірін, түрмеде өткөрген ұйқысызыз, күлкісіз, қорлыққа тұнған күндері мен түндерін әлденеше қайтара еске түсірді.

Темірбек Қараұлы жалындаған жастық шағының ең ұлы оқиғаға толы бөлігін Ташкентте өткізді. Ол Орынбор қаласын астана етіп ту тіккен Қазақ Республикасының Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетіндегі тұрақты өкілі қызметін атқарды. Сол лауазымда қызмет істей жүріп, жоғары оқуды тамамдады және өзінің мәңгілік жан-жарын тапты. Жаңа өмірді баянды ету үшін жанын қиоға әзір үзенгілестерімен қатар ел иғілігі жолында еңбек етті.

Алайда сондағы адал қызметі мына қапаста басқаша бағанды.

– Сіз Ташкентте өз сыйбайластарынызben ұлтшыл Қожановтың бандасына қосылдыңыз, – деді сұық сұр көзді тергеуші. – Сөйтіп, Сталин жолдас атап көрсеткендей, өз тайпаластарынызға жаксы көріну үшін, межелеу науқанында әйтеуір жер-суды қайткенде көбірек қарпып қалу мақсатында жұмыс істедіңіз. Сіз Қожановтың бандасымен бірге буржуазиялық ұлтшылдықтың платформасында тұрдыңыз. Сіз ақ эмигрант Шоқаевтың ықпалымен неміс-фашист агенті болдыңыз. Мойынданыз!

Бірін бірі ауыстырган тергеушілердің конвойерлік жауап алу тәсілі кезінде осы сауал түрлі нұқсаларымен қайталанды да тұрды. Және Жүргеновтің ағынан жарылып түсіндірген сөздеріне бір де бірі қанағаттанған жоқ.

Ресей империясының бірнеше облыс, губерниясына қаратылған жерлерін бір шаңырақ астына біріктіруді қазақтар тұңғыш мәрте патшаның әміршіл жүйесі қаусағаннан кейінгі құрылтайларында ашық қоя бастаған еді. Оны тиенақтап шешу мәселесі 1917 жылғы желтоқсанда өткен Екінші жалпықазақ құрылтайында сайланған «Алаш-Орда» Халық Кеңесіне тапсырылған. Бірақ ол орындалмай қалды.

Қазақ жерлерін біріктіру мүмкіндігі қазаққа кеңестік автономия берген 1920 жылғы Ленин қол қойған декретте де ескерілді.

Алайда ескеру – оны артынша орындау деген сөз емес. Орталық партия-кеңес басшылығы қажет шешім жасар сәтті созып, Орта Азияны бөлшектеу жоспарын жүзеге асырап мезгілге шейін апарды. Осы шақта Орынбор өзінің Ташкенттегі өкілдігі арқылы Түркістан Республикасындағы қоғамдық көңіл-куй ахуалына көз жүгіртіп, құтулі өзгеріске байланысты ой-пікірлерді зерттей бастаған-ды.

Үкіметінің тапсырмасына сай, Қазақ Республикасының Түркістан жанындағы Толық өкілетті өкілі Темірбек Жүргенов сенімді қызметкерлермен бірге мәселені жан-жақты зерттеді.

Ақыры, әлі есінде, 1924 жылғы 24 ақпанда, сол шақта КирЦИК¹⁴, яғни Киратком деп аталатын биік мекемеге аса құпия түрде Өкілдіктің кезекті баяндамасын жолдады. Бајан-хат ағымдағы күн міндеттері қатарында қайта көтерілген жәйтке – Түркеспубликаның қазақ облыстарын Қазақ Республикасына қосу проблемасына байланысты кей мәселелерді анықтауға арналған болатын.

Жүргенов сонау құпия жолдауында қазақтар шоғырланағып тұратын облыстарды Түркістан Республикасының құра-

¹⁴ Киргизский Центральный Исполнительный Комитет.

мында одан әрі де ұстай беру, яки бөлектеп шығару жайындағы мәселеге өзбек қызметкерлерінің көзқарастары мен пікірлері біртекті еместігін хабарлаған. Оларды жүйелеп түсіндірген-ді.

Өкілдіктің байқауынша, Түркеспублика өзбек қызметкерлерінің азын-аулақ тобы Кирреспубликаға¹⁵ Сырдария, Жетісу және Амудария облыстарын түгелдей, оларға коса Ташкент пен Мырзашөл үйездері жерлерін беруге карсы емес-ті. Фергана мен Памирдегі көпшілік тұрғындары ол кезде қара-киргиз делінетін қырғыз, сондай-ақ қыпшак және қазақ-киргиз, яғни қазіргі қазақ болып табылатын жерлерді де болашақта Қазақстан аумағына қосуға соншалықты келіспеушілік білдірмейтін.

Осыларды баяндай келе, Темірбек өзі мен өзінің өтінішіне сәйкес сыр тарту әңгімелерін жүргізген қазақ жауапты қызметкерлерінің бақылауларына сүйеніп, бұл топтың Орта Азиядағы өте ірі орталық Ташкент қаласын қазактарға беруге де құлықтылығын атап айтып еді.

Ал өзбек қызметкерлерінің екінші тобы Түркістаннан қазақ облыстарының бөлініп шығып, Қазақияға қосылу жоспарын мақұлдағанмен, Ташкент пен Мырзашөл үйездерін оған коса беруге үзілді-кесілді қарсылық білдіретін түрі бар. Бұл топ, әсіресе, Ташкент қаласын ҚКСР-ге қосуға мейлінше наразы. Ал үшінші топ жоғарыда айтылған бөліністердің ешқайсысымен келісер емес, олар Түркістанның қазақ облыстары Түркістанда қалуға тиіс деп есептейді.

Түркеспубликадағы қоғамдық пікірдің жай-күйін Кираткомға осылай хабарлай отырып, Темірбек Жұргенов қозғалған проблемаға қатысты ойы мен ұсынысын аталған баяндамасымен қоса жолдады.

Белгілі бір аймақтың әлдебір мемлекеттік құрылымға кірер-кірмесін айқындағанда – назарға әрдайым сол өнірдің ортасында тұрған қалағанда емес, қаланы қоршаған құллі

¹⁵ Киргизская республика, ол тұста Қазак республикасы орысша құжаттарда реесми осылай аталған.

аймақтың тұтас этнографиялық құрамы алынуға тиіс. Ол айтар ойын осылай деп, өзінің университет берген білімі мен ұлы көсем Лениннің еңбектерінен тоқығанына сүйене отырып дәйектеді. Қала тек онда тұратын азаматтардың мекен-жайы болып қана қоймаса керек, ол – сол өнірдегі бүткіл тұрғындардың туындысы болып табылады.

Ташкентті айнала қоршай қоныстанып өмір кешкен өңкей қөшпенді және жартылай қөшпенді малшы жұрт – қалың қазақ. Сондыктан сол қазактардың ортасында тұрган, олардың тыныс-тіршілігінде маңызды орын алатын Ташкент шаһарын Қазақ Елі құрамына қосу қажеттігі жайында үкімет Мәскеу алдында табанды түрде тілек білдірсе жөн болар еді деген ойын шегелеп жазған.

Мұндай шара өзбек халқының ұлттық-мемлекеттілік мұддесіне титімдей де нұқсан келтірмейді, себебі, деген ол, өзбектердің болашақ республикасының кіндік шаһары дәрежесіне лайық қала жеткілікті. Мәселен, нағыз өзбек ортасында жатқан Самарқан, Қоқан, Ферғананың қай-қайсысы да астана тәжін киуге дайын...

Түркістан Республикасына қарайтын Сырдария және Жетісу облыстарының шаруашылық негізі қыр тіршілігінен көп мығым еді. Онда отырықшылыққа көшу мүмкіндігі де зор-тын. Қазақ Республикасының саяси басшылығы, әсіресе Темірбекпен тікелей көп пікірлесіп жүретін КирЦИК төрағасы Сейітқали Мендершев онтүстіктерінде ел-жұрт пен жер-суды ол өлкеден бөліп бері қосып алуға ерекше маңыз беруші еді. Мұны ол республика экономикасын көтеру және халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын елеулі түрде жақсарту істерімен байланыстыратын.

Сол себепті, келешекте бір шаңырақ астына бірігетін қазақ жерлерін экономикалық аудандарға тиімді етіп қалай бөлу қажеттігі жөнінде, олардың бірігетініне сенім арта түсken 1924 жылдың басында, ескі шекарадағы республика үкіметінің тапсыруымен, мемлекеттік жоспарлау комитеті арнайы жоба жасады.

Жобада елдің өндіріш күштерін жетілдіріп, күшайте беретін, сөйтіп халықтың мәдени дамуын арттыра түсестін сипаттарға зор мән берілді. Республиканы әкімшілік-территориалық тұргыда үш аймаққа бөлу, сондай-ақ әр облыстың орталығы ретінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени-экономикалық тыныс-тіршілігінде әрдайым елеулі рол атқарып келе жатқан ірі қалаларды белгілеу көзделді.

Сөйтіп, қазақ жерін жаңаша аудандастырғанда – елдің Батыс Қазақстан бөлігінің орталығы ретінде Орынборды. Шығыс Қазақстан өнірінің кіндік шаһары етіп Омбыны. Оңтүстік Қазақстан аймағының бас қаласы мәртебесінде Ташкентті белгілеу, ал ел астанасын Орынборда қалдыра тұру жобаланды.

Қатыгез де қасан, санасы біржакты бағдарланған тергеуші бүл жобаны буржуазиялық ұлтшылдардың қаскейлік әрекеті деп бағалады. Алайда ол жалғыз Киратком төрағасының, яки Кираткомның Ташкенттегі толық өкілетті өкілінің, немесе Тұркатком төрағасы орынбасарының емес, күллі казак қайраткерлерінің партия жүргізіп келе жатқан лениндік ұлт саясатына сенгендігінің нәтижесі болатын. Амал не, жарты жылдан бері өзіне әзірейілдей шүйілген мына чекистерінің оны түсінетін түрі көрінбейді...

Жұргенов Түркістан Республикасының өмір сүруін тоқтатуына, Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік тұргыдан жаңаша жіктеліп-межеленуіне күә болды. Ол сонау ұлы оқиғалар сыртында Мәскеу тұрганын анық білді. Ұлттық республикалар құрып, өз еріктерін өздеріне бергендей сипат танытқанмен, орталық саясатының астарында басқа мақсат жатқаны да біршама дәл танып білді.

Ұлттық-мемлекеттік құрылым біткен өз ұлттының тұтінін тұтетіп кете беретін бе еді? Эрине жоқ. Көз гып тіккізген ұлттық «отауларға» иелік қылатын «қарашанырақ» – сол ақылгөй де дана большевиктер партиясы:

– Реформа партиямыздың ішінде кейбір ұйымдық өзгөрістер әкеледі, – деді сол 1924 жылдың жазында Ташкентке орталықтан келген партия көсемдерінің бірі. – Ұлттық жіктеген нәтижесінде Түркістан Коммунистік партиясы екі белікке ажырайды. Атап айтқанда: басында өз орталық комитеті бар түркмен және өзбек коммунистік партияларына бөлінеді. Сондықтан, олардың жұмыстарын үйлестіріп отыру үшін – РКП Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы өз жұмысын атқарып қала береді.

Яғни берілген «еркіндікті» пайдаланып, «националдардың» тым еркінсіп кетпеуіне жақыннан тұсау салып қою мәселесі о баста мұқият ескерілген болатын. Бүлгінде таңда абақты азабын шегіп жатқан Темірбек мұны мүлдем көзі жете ойна алды. Тұсау қызметін атқаратын – кәдімгі Средашибюро.

– Орта Азия бюросы – орыс пролетариаты диктатурасының Түркістандағы ең жоғарғы мекемесі, – деп жазып жатты Мұстафа Шоқай шекара сыртынан. – Ол Ресей Коммунистік партиясы Орталық Комитеті тарапынан Орталық Азиядагы «Тәуелсіз Кеңес Республикаларының» партия комитеттері мен үкіметтерінің іс-қимылдарын бақылап отыру үшін орнаған. Кеңес Одағының ешбір жерінде, мәселен, Украинада, Белоруссияда және Кавказияда мұндай ерекше оқшау тұрган аппарат жоқ.

Шоқайды Жүргенов тікелей білген емес. Әрәдік оның шетел баспасөзінде жазғандары сыни тұрғыда сөз болып қалғанда, Темірбек оны партиялық бағдар бағытында, жаудың сөзі ретінде қабыл алатын да қоятын. «Шекара асып кеткен дүшпанның кеңесті қаралаған байбаламдары» атап аталаған Мұстафа пікірлері тек соңғы айлардаған, күндіз-түні жауап алған жаналғыш тергеушінің жосықсыз айып тағуынан соңған Темірбек тарапынан басқаша түсініле бастаған.

– Түркістанның Мәскеуге РКП Орта Азия Бюросы арқылы байлануы, Зиновьевтің Коминтерн Атқару Комитетінің төрағасы болып тұрган кезінде айтқан жүреқтарды сезін

– Кеңестік Орталық Түркістандағы жергілікті партия үй-ымдарына сенбейді дегенін еріксіз еске түсіреді, – деген-ді Мұстафа.

Оның мәселені өте дұрыс аңгарып, өте дәл айтқанын Темірбек НКВД¹⁶-нің осы ішкі түрмесінде ғана парықтады.

Орта Азиядағы республикаларды тарқатып, жаңадан ұлттық жікке бөлуді Мұстафа большевиктердің арамдыққа толы сұмпайы саясаты деп атады. Кезінде Темірбек оны да аңдамады, енді ойлап қараса, сол һарам саяси ойынның авторы Мәскеудегі партия көсемдері болғанын Ташкенттегі орталық эмиссары Варейкистің межелеу барысында өткен бір үлкен жиында былай деп ағынан жарылуы дәлелдей түскен-ді:

– Бізде жоғарғы жақтың пікірі бар, – деп, ол Мәскеудің орны бөлек екенін меңзеп қойған. – Партияның да пікірі бар, – деп, Ташкентте үй тігіп отырған Средазбюро¹⁷ төнірегін-дегілерге сілтеме жасаған. – Бірақ бізде алдағы жіктеп-болу шараларының диқан бұқарасы санасында қандай әсерге ұшырайтыны жөнінде пікір жоқ, оны біз дәл білмейміз, – деп қолын жайған.

Осылай, ұлттық тұрғыда жіктеп-межелеу – халықтың өз тілегі бойынша жасалды деп ұрандатқан большевиктер, сол «өз тілегі бойынша жасалған» жіктеліп-межеленуді халықтың қалай қабылдайтынын білмейтінін де байқамай моянындағы қалған-ды.

Темірбек мұны орталық өкілінің аузынан да естіді, оның «Түркестанская правда» газеті бетінде шыққан мақаласынан да сол сырын оқыды.

Әйтсе де онысы қазақ жағдайына қатыссыз-ды, бұған Темірбек сенімді болатын. Әйткені қазақ дайындық комиссиясы құрамында межелеуге араласқандардың бәрі халық тілегіне сай әрекет жасаған. Себебі, Түркістан Республикасынан бөлініп, Қазақ Республикасымен бір шаңырақ астына

16 Народный комиссариат внутренних дел – ішкі істер халық комиссариаты.

17 Орталық Комитеттің Орга Азия Бюросы.

біріккенді, сөйтіп дербес мемлекеттік құрылым болғанды қалың қазақ халқы қалайтын.

Оған сол 1924 жылғы жазда, Мәскеудегі басшылар Ташкентті қазаққа беруге қарсы еken деген хабарды естісімен, кара құрымдай қаптаған жүрттың шартараптан салтатпен қалага ағылып келіп, Түркатком ғимаратының алдында күні бойы ереуілдегені күэ.

Ұзаққа созылған ұйқысыз жан қинау тәсілімен тергелуден калжыраған Темірбектің тұманытқан көз алдынан сол бір кез біртүрлі жылды көрініс бол тізіліп өтті.

Дегенмен, алыста жатқанмен, біртұтас Түркістан қамын жеп жүрген Мұстафа сөзінің жаны бар еді-ау...

1924 жылғы қыркүйектің ортасында Түркаткомның Төтенше сессиясы Түркістан Қеңестік Социалистік Республикасын ұлттық-мемлекеттік межелерге бөлу жөнінде қаулы алды.

Қаулының қазаққа қатысты тармағында мынандай тұжырым жасалды:

– Қазақ халқының жұмысшы және диқан бұқарасы білдірген жалпыға ортақ ерік-жігерін жүзеге асыру үшін, Түркістан Автономиялық Қеңестік Социалистік Республикасындағы қазақ облыстарының Қазақ Қеңестік Социалистік Республикасымен бірігуі мақсатында – қазақ халқына Түрк Республика – ТАКСР – құрамынан шығуна құқық берілсін.

Қаулы мәтіні Средазбюроның Межелеу жөніндегі арнайы территориялық комиссиясының мүшесі, Түркатком төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожановтың қолынан шыққаны анықтын. Оның өзі Төтенше сессияда:

– Түркістанның екі қазақ облысын Қазақ Республикасына косу – Қазақ ұлттық республикасын рәсімдеудің басы болады, – деп мәлімдеді.

Үлкен үміт артқан мәлімдеме. Сосын Темірбек екеуі пойызбен іссапарға шықты.

Олар Орынборға, Кироблартком¹⁸ пленумы мен Киратком¹⁹ сессиясы жүмысына қатысуға аттанды.

Жол бойы өзара пікір алмасып, межелеу науқанының егжей-тегжейін еске түсіре келе, қазақ өкіметінің жоғарғы органдарында ортаға салатын ойларды талқыласты.

Пленумда Менделев пен Қожановтың Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы жасаған баяндамалары тыңдалды.

Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы әрі РКП²⁰ Қазақ обкомының бюро мүшесі Сейтқали Менделев оңтүстіктегі межеленген қазақ облыстарын сипаттады. Ал РКП Орта Азия Бюросының мүшесі, Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, Түрккатком төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанов өлкедегі ұлттық-мемлекеттік жіктеу жүмыстарын егжей-тегжейлі әнгімеледі.

Екеуі де сенімді сойледі. Олардың күллі науқан бойы ортақ мақсатпен бірлесіп қызмет атқарғандарында негізгі ұстанымдары болған пікір:

– Орта Азиядағы мемлекеттік-ұлттық тұрғыда жіктеп-межелеу жүмыстарын практикалық тұрғыда жүргізу кезінде түпқазық болып табылатын негізгі сәт – ұлттық құрамы мүмкіндігінше біртекті, экономикасы ортақ және біртұтас болп келетін жаңа мемлекеттік бірлестіктерді құру болуга тиіс, – деп, пленумның арнайы қаарында атап етілді.

Сол пленум қаарын тергеуші ұлтшылдықтың салдары деп түйді.

Оған Темірбек таңырқаушылық білдірді: қаардың толық мәтіні бұдан бес-алты жыл бұрын Жанайдар Садуакасов құрастырған құжаттар жинағында жарық көрген болатын.

18 Киргиз (1925 жылдан – қазақ) облыстық партия комитеті.

19 Киргиз (1925 жылдан – қазақ) атқару комитеті.

20 Ресей Коммунистік партиясы.

Тергеуші Темірбектен сол кітапты құрастыруышының кім екенін білетін-білмейтінін сұрады.

Неге білмесін. Ол Қазақстанның көрнекті партия қайраткері, Алматы облыстық және қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы деді Темірбек.

Қателесесіз деді тергеуші, ол – халық жауы, тұтқын айтып отырған кітапқа ол саяси зиянды құжаттарды қаскейлікпен қосқан...

Темірбек 1924 жылғы Киробком пленумының қаулысын өте байсалды мәселелерді шешуге бағытталған маңызды құжат деп есептейтін. Рас, орындалмады. Бірақ тергеушілер енді соны, қағаз жүзінде қалса да, мұның да бетіне салық қылышп basып отыр. Партия-өкімет шешіміне бұлай тонын айналдыра қарау Темірбекті тіпті түнілтті.

Алада ол аз-тын, кейін, Темірбек пен сол секілді талай азамат құртылып, есімдері ұмыттырылғаннан кейін, бұл құжат Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты тарапынан бұрмаланады.

Темірбектердің көзін жоютын қасаң тоталитаризмнің күшінде тұрған шағында емес, КОКП²¹ бұрынғы қыспағын босаңсытып, жариялышық, ой-сананы жангырту, қайта құру саясатын жария еткен кезеңнің өзінде солай етеді. Ойларын:

– Қожанов Қазақ обкомының 1924 жылғы қыркүйек пленумында сөйледі, – деген хабармен бастап: – онда ол қазақ тұрғындары қайткенде де билеуші жағдайда бола алу үшін – ҚАССР-дің өз ішінде межелеу жүргізуі талап етті, – деп, сөзінің тонын айналдыра сабактады. – Бұл ретте, тіпті, республиканың территориясының бір бөлігін құрбандағы шалуды ұсынды. Бірақ Қожановтың мылжындаулары пленумға катысушылардың басым көпшілігінің шешімталдықпен көрсеткен қарсылығын кезіктірді, – деп, көпе-көрінеу жалғандыққа тұнған сөздерді шегелеп тұрып тұжырымдады.

Большевиктердің өздерінен кейін келетін буындарының тап солай жазатынын, 1937 жылы НКВД тергеушісінің сан-

21 Кеңес Одағы Коммунистік партиясы.

дырақ айыбын таңгала тыңдап, көрсеткен азабына қорланып отырғанда да, Темкең болжай алған жоқ...

Сонда пленум Түркістан, Бұхара, Хорезм Республикаларын бөліп-жіктең, жаңа республикалар құруды ұйымдастыру барысында орын алып тұрған қызындылықтарды атап өткен еді. Мәселен, өзбектер мен түрікмендердің аумақтық кеңістігін бөлу қыынга түскен жоқ. Өйткені бірі өзбек территориясында шоғырланып, тығыз қоныстанып отыр, екіншісінің – өлкенің түрікмендер қоныстанған бөлігі – жері өз алдына оқшауланып, табиғи тұрде-ақ бөлініп жатыр. Осыларды айта келе, пленумға қатысушылар Қожановтың ойына қосылып:

– Межелеу барысында Қазақ және Қырғыз мемлекеттік бірліктерінің шекараларын анықтау аса күрделі болып шықты, – деді.

Өйткені қонып, аралас-құралас отырған, 1916 жылы отаршылдарға қарсы бірге көтерілген қазақ пен қырғыз халықтарының ұлттық сезімдерін орайымен қытыктап жіберген орталық енді оны, жанды жерді кескендей етіп, екіге бөлгізген еді. Әрі қырғыз бөлігін төтесінен Ресей Федерация құрамына алды. Онда да астыртын мән болғаны бүгінде Темкеңе құдік туғызбайды. Былтыр сталиндік конституция оны да одақтас республика мәртебесіне көтерді.

Халықтың «қазақ пен қырғыз бір тұган» дейтін қанатты сөзінде екі туыс ел-жүрттың тілі, әдет-ғұрпы, психикалық бітімі, экономикалық өмір салты өзара өте жақын екендігі тоқылған-ды. Алайда «бөліп ал да – билей бер» ұранын ұстанушылар ондай жақындықты алыстата түсуді, сөйтіп іргелері ажыратылған әр ұлттық-әкімшілікке орталықтың орыстандырушылықты басты мақсаты ететін «пролетарлық» басшылығын жеке-жеке таңуды мұрат етеді.

Сондықтан да, түркі бірлігінің қайтпас жоқшысы Мұстафа Шоқай айтқандай, «Мәскеу большевиктері сүйікті атамекеніміздің ұлттық бірлігін бөлшектеу мақсатында», бір

туған халықтардың да жіктерін ашып, «ұлттық» деп дабырайтып, іс жүзінде бөлшек-бөлшек «рулық республикалар» күрді.

Темірбек оның «рулық республикалар» жайындағы байламына келіспегенмен, аралас-құралас өмір сүріп жатқан халықтарды бір-бірінен ажыратып, өгейсітудің түпкі мақсатын тұра айтқанын іштей мойындағы.

Қазақ жерінің ұлан-ғайыр аумақты алып жатқаны, отарлану салдарынан ұлттық құрамының ала-құлалыққа ұрынғаны, осынша зор кеңістікте қазағы басым бірде-бір қаланың болмауы үлкен киындық туғызыған-ды.

Шекараларын қайта қарап нақтыладап алмайынша, Қазақ Республикасының ұлт республикасы ретіндегі тағдырының дүрыс шешілуі негайбыл болатын. Сондықтан да Қазақ обкомының 1924 жылғы қыркүйек Пленумы:

– Шекараны нақтылау – Қазақияның негізгі территориялық ұйытқы-өзегі мен қазақ еңбекшілерінің экономикалық тартылышының орталық-кіндігін белгілеу үшін қажет, – деп түйді.

Түрк Республиканы жеке ұлттық шаңырактарға жіктегендеге – тап осы мәселе Азиядагы «артта қалған халықтар» өміріндегі бетбұрысты сәт болуға тиіс деп қорытты пленум. Ал Қазақстан үшін бұл – қазақ мемлекеттігінің бірігіп-ұйысуына қажет іргетас. Сондай-ақ патшалық-отаршылдық ықпалдың қалдықтарын біржолата ауыздықтап, жоюдың да маңызды алғышарты.

Қазақ өмірінде бұрынғы кездे аса маңызды мәдени және экономикалық база ролін атқарған, болашақта одан да зор мәнге ие болмақ өнір – Түрк Республикадағы Сырдария облысы. Мұны пленум, ерекше маңыздылығына мән бере, атап айтты. Егер қазақ халқының жартысы Түрк Республика мен онымен шекаралас жатқан Қытайда десек, оның елеулі бөлігі – осы Сырдария облысында.

Қазақстанның Түркістанда жатқан бөлігі экономикалық тұрғыда мейлінше қуатты болып табылады. Осындағы казак аудандарында ирригация мен макта егудің өркендеуіне орай, бұл экономикалық сипат ерекше күшейіп-арта түспек. Қазақ ұлты үшін Түркістандағы қазақ облыстарының осындай ірі маңызы боп тұрғанда, ондағы межелеу, шекара белгілеу істеріне мейлінше байыппен қарап, жіті көніл қою ләзім. Әсіресе даулы аумақтарға назар аударған жөн болмақ.

Бұл ретте Киробком пленумы Ташкент алқабының құллі қазақ даласының кілті іспетті орын алатынын, қазақ жайларған шартарапқа мәдени және экономикалық пәрмен тарататын орталық екендігін атап айтты. Байырғы шаһарға осылай мән бере келе, Ташкент пен Мырзашөл үйездеріндегі жерлерді ақыл-парасатқа салып, әділ бөлуге айрықша назар аудару қажеттігін түйіндеп қойды.

Осындай пайымдардан туындана келе, РКП Қазақ обкомы Түркістан, Бұхара, Хиуа республикаларының жерлерін ұлттық тұрғыда мемлекеттік бөліністерге жіктеу жұмысын басқарып отырған РКП Орталық Комитеті Орта Азия биоросының іс-дағдыдағы әрекеттеріне үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Себебі ол шолақ ойлап, өзінің сынаржак істерімен қазақ ұлтының мұдделерін елемей отыр деп үйғарды.

Сейітқали мен Сұлтанбектің бірін бірі толықтыра, дәлелді жасаған баяндамалары негізінде осындай ойлар тұжырымдалды. Сосын, қаулыға ұсынар өз жобасын Сұлтанбек оқып бергенде, Темірбек ұмытпаса, бірден макұлданып, неғізге алынған еді. Сөйтіп, Қазобком пленумы қаулысының бірінші тармағына мынандай аса маңызды шешім жазу ұсынылған:

– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы жаңа шекаралары бойынша – аумағының елеулілігімен де, халқының саны жөнінен де, сондай-ақ экономикалық және Қытаймен шекаралас орналасуына орай туындастын саяси мәні жағынан да – басқа ортаазиялық ұлттық республикалардан ешқандай да кем түспейді. Сондықтан да со-

лармен тен дәрежеде, тәуелсіз республика ретінде, Қеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамына келісімшарт негізінде кіру керек.

Содан бері он үш жылдан асып барады, екі арада талай су акты, не бір тарихи оқиға өтті. Бірақ, неге еkenін, алдындағы ағаш орындықта айыбын парықтай алмай қалжырап отырған Темірбекті сол кезеңмен жазғырудан тергеуші зор ләззат алатын сияқты. «Тәуелсіз болғыңыз келді ме? – дейді ол мұны кекетіп. Сосын оған қөзін сығырайта, сынай қадалып: – Россия құрамында болу сізге неге ұнамайды? – деп қояды. – Республиканызды Қеңестік Россиядан бөліп әкеткініз келді ме? – деген пәтуасыз сұрақ қояды. Одан сұқ саусағымен өңменіңнен тесіп жіберердей қадалып: – Сіз ұлтшылсыз!» – дейді шегелеп.

Бүгінгі тергеуші қалай қисайса да, еркі, бірақ сол шакта ол өте әділетті талап болатын. Алайда оның Мәскеу ниетіне қабыспайтын, яғни орталықтың империялық жоспары ауқымына сыймайтын, талап-тілегіне он жауап бермейтін шешім болғанын Темірбек те, басқалар да пленумнан кейін көп ұзамай-ақ үққан.

Дегенмен, РК(б)П Орталық Комитеті жүргізіп отырған ұлт саясатының әділдігіне сенгендіктен, республика облыстық партия комитетінің пленумы бұны да, болашақ астана жайын да қаулысында батыл тұжырымдады.

Олар, шынтуайтқа келгенде, Сұлтанбек екеуінің Ташкент-Орынбор пойызы үстінде келе жатып, әлденеше күн мен түн пысықтағанда қорытқан ойлары еді. Соларды Пленум мүшелері коштады:

– Ташкент алқабы мен Ташкент қаласының бүткіл қазак даласына аса зор маңызды ықпал тигізетінін ескере отырып, РК(б)П Орталық Комитетінен Ташкент жайындағы және оны Өзбек Республикасының орталығы етуге беру туралы мәселені қайта қарауды сұрайды, – делінген сонау маңызды қарапда. – Өзбектердің ескі Ташкент қаласы жөніндегі тілегінің әділ еkenін мойындаі келе, оны Өзбек Республика-

сына, ал жаңа қаланы Қазақ Автономиялық Республикасына беру жолымен межелеп-бөлу мүмкін деп есептелсін.

Сейітқали қазақ үкіметінің Ташкентте уақытша болса да орналасуы қажеттігін межелеу жөніндегі қазақ дайындық комиссиясына келген сайын айттып жүрді. Оны Темірбек те, күллі қазақ қызметкерлері де, тіпті мәселені әділ шешүге мүдделі өзге қызметкерлер де қолдады. Ал Сұлтанбектің бұл орайдағы құресі биліктің әр сатысында, ұдайы өткір пікірсайыстармен өріліп, қызу өтіп тұрған-ды.

Пленум обком төралқасының саяси бағытын дұрыс, ал практикалық жұмысын екпінді деп бағалады.

Содан әрі Түркістанның қазақ аудандарын біріктіру жұмысын іс жүзінде жүзеге асыруды обком Төралқасының екпінді міндеті ретінде алға шығару қажет деп санайтының қарарында пленум тұжырымдалап түйіп тастап, жеті тармақшамен шұғыл атқарылуға тиіс шаруаларды тізбеледі.

Оның ішінде Қазақ Республикасының ұлттық тұрғыда бірігуінің және оның жанаша рәсімделуінің саяси және шаруашылық мәні жайында ел ішіндегі таныстыру, түсіндіру науқаның кең көлемде өткізу қажеттігін айтты. Сондай-ақ қаулыда бірқатар маңызды ұйымдық шаралар – обком мен үкімет құрамдарын қосылатын аймақтардың өкілдерімен то-лықтыру, жаңа аумақта Киробкомның ұйымдастыру бюросы мен Ревком құру, тағысын тағыларды жүзеге асыру ескерілген-ди.

Тергеушінің шұқшия сұрауынан соң Темірбек жадында мына мазмұндағы тармақшалар жаңғырды:

– Қазақ АКСР орталығы жайындағы мәселе бойынша Киробком төралқасының қаулысын толығымен растай отырын. оны жылдамдатып шешу жөнінде РК(б)П Орталық Комитетінің алдында мәселе көтеру төралқага тапсырылсын:

– Қазақ Республикасында Қазақия коммунистік партиясының Орталық комитетін құру қажеттігі туралы мәселені

РК(б)П Орталық Комитетінің алдына қоюды пленум дер кезіндегі және мақсатқа үйлесімді шара деп есептейді.

Тергеушілер осы тармақтарды Темірбек пен оның пікірлестерінің аузымен тұжырымдалған ұлтшылдық талап ретінде қарап отыр.

Бұл тұтқынның миына кірер емес. Жана астанаға айналдырылуға тиіс қаланы белгілеу мен РК(б)П Қазақ облыстық комитеттің «Қазакия К(б)П Орталық Комитеті» дәрежесіне котеру жайындағы ұсыныс жасауды бір адамға айып етіп тағуға бола ма? Және ол айып па?

Мейлі, қателестік дейік, деп ойлады Темірбек, бірақ, содан бері бір мүшел айналды ғой, әрі, сондағы талаптарымыз биыл орындалып, Қазақстанның өз Компартиясын, өз Компартиясының Орталық Комитетін құрған жоқпыз ба?

Жаңа конституцияға, одактық, сталиндік конституцияға сәйкес одактас республика болған жоқпыз ба? Ендеше, он шақты жылдан кейін болса да, түптің түбінде орындалған талапты қалайша бүйтіп, орындалысымен, бір кездегі қатеге балап, айып етіп, бетке басуға болады?

Ол темір кереует үстінде қинала дөңбекшіп, қанша миын қатыра ойланса да, осыны тусіне алмады.

Орта Азияны жіктеу мен қазақ жерін біріктіру мәселесі Орынборда кеңестік жолмен де қарастырылған-ды. Мұнда да әсіре саясатшылдыққа ұрынбаган, тарихи әділ даму жолын көздейтін сындарлы шешім қабылданды. Обком пленумы жабылған күннің ертеңіне Қазақстан Кеңестері Орталық Атқару Комитетінің 3-ші сессиясы ашылды. 1924 жылғы 29–30 қыркүйекте жұмыс істеді. Сессияның күн тәртібінде межелеу жайы бірінші қаралды.

Онда «Түркістандық қазақ аудандарын ҚКСР-ге біріктіру жоніндегі мәселелер» деген тақырыппен, ҚКСР-дің Түрккатком жанындағы Толық өкілетті өкілі Темірбек Жүргенов баяндама жасады.

Ол Түркістандағы қазак территорияларын ҚКСР-ге қосу мәселесінің Кирреспублика ұйымдастырылғалы бері көтеріліп келе жатқанын, әйткенмен соның шешілуі бүгінгі Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік жіктерге бөліп межелдеуге сәйкес келгенін еске салды. Сосын Қазатком мүшелерін Ташкентте болып жатқан соңғы өзгерістерден хабардар етіп, ұсыныстарын аяң қылды.

Қазіргі таңда тұтіп тұрған «көп тайпалы Түркістан, Бұхара және Хорезм республикалары құрамынан Орта Азияда таяу келешекте тек ұлттық белгілері бойынша жасалған мұлдем жана республикалар» құрылатынын, баян-дамашы ретінде, Темірбек көтерінкі көңілмен, манызы аса жоғары тарихи оқиға ретінде атап өтті. Сосын Орта Азияның жаңадан жасалып жатқан саяси картасының нобайын былай түсіндірді:

– Өзбек республикасы Түркістан, Бұхара және Хорезм өзбектері тұратын территориялардан құралады деп күтілуде.

Түрікмен республикасы түрікмендер жайлаган аумактардан құралады.

Түркістанның қырғыздар мекендейтін территориясы автономиялы айрықша Қырғыз облысына бөлінеді.

Бұхара мен Түркістанның тәжік территориялары Тәжік Автономиялық Облысы болып жарияланады. Бұл ұлыс өзбекпен туыс болып келетіндіктен, ол Өзбек республикасына кірді. Сөйтіп, Өзбек пен Түрікмен республикалары одактық тәжді кимекші...

Большевизм тұтас Түркістанды ұлттық отауларға ыдыра ту саясатын алға тартқанда, әрине, қазак мұлдесін түбегейлі шешіп беруді көздей қойған жок-тын. Алайда көздерін совет өкімет ашқан «Қазан перзенттері» боп табылатын ұлт коммунистері көңілдеріне ештеңе алмай, оған құлай сеніген еді. Сондай сенімінің жетегімен қызмет атқарғандардың бірі ретінде Темірбек Жұргенов сессияда былай деген:

— Түркістанның қазақ халқы сонау 1921 жылы-ақ Қазақ Республикасының құрамына кіру жөнінде тілек білдірген болатын, бірақ көп жағдай бірігіп-құйылсыуды кешеуілдетті. Бұл мәселе бүгінге дейін шешімін таппаған еді. Қазіргі таңда жүріп жатқан Орта Азияны ұлттық межелерге жіктеу – осы құрделі, ұлан-ғайыр проблеманы шешудің нақты корінісі болып табылады. — Одан әрі осы ойын мынандай бағамен түйіндең: — Бұл — Кеңес өкіметінің шығыстағы ұлт саясатының аса ірі қадамы. Оны екінші Қазан революциясы тәрізді сипаттауға болады...

Жүргенов баяндамасында «екінші Қазан революциясы» деп бағалаған сонау саяси науқаннның – ұлттық белгілеріне қарай жіктеп, аумақтарға бөліп межелеу науқаннның барысында межеленуші ұлттардың өкілдері ортақ пікір қорыта алмаған. Сөйтіп, айтыс-тартысты құрестеріне төрелік айтуды орталыққа қалдырған. Баяндамасы барысында Темірбек сондай тұстарға да тоқталды.

— Біздің келіспеушіліктеріміз негізінен – Ташкент пен Мырзашөл үйездерін межелеу орайында орын алды, – деді ол. — Бұлар экономикалық тұрғыдан – жер өндеу шаруашылықтары бар, макта өсіру кәсібі дамыған қуатты аудандар. Қазақ территориясының қақ ортасында Ташкент қаласы тұр. Онда қоныстанғандардың едәүір бөлігі қазақтар. Алайда ескі қаланың көшілігі – өзбек ұлсы. Соны жеңеу стүмен, қазақ ортасындағы Ташкент қаласының мемлекеттік иелігінің шешілмеуі – межелеу мәселесін дұрыс жүргізуге кедері келтіруде.

Ол қазақ мемлекеттілігіне қатысты қабылданған шешімдерге тоқталды. Территориялық комиссияның үйғарымымен Ташкент үйezіндегі жиырма тоғыз болыстан ҚКСР-ге он болыс берілгенін айтты. Өзбек Республикасына он тоғызы кетеді, бірақ олардың біразы, атап айтқанда алты қазақ болысынан тұратын территория шартты түрде Өзбек Республикасына қаратылды. Ташкент үйезін межелеуде осы бір жайт даулы болып тұр, сондықтан да Жүргенов оның түбе-

гейлі шешімі Мәскеуде, ВЦИК²² сессиясында шығарылатып болар деген ойын білдірді.

— ...Біз өз жобамызда Қазреспублика құрамына Мырзашол каналының суармалы ауданын түгел енгізуді көздегенбіз.
— деді ол одан әрі. — Мырзашол каналының суармалы ауданындағы ұлттық құрам мынандай: тұрғындардың 32 пайызы қазақ, 49-ы – европалықтар және 18-і – өзбек. Қазактар салыстырмалы түрде өзбектерден көп болып отыр, бірақ, соган қарамастан, бұл тармақ бойынша да өзбектермен келісімге келе алмады.

Сөйтіп оған да төрелік айту құқы Мәскеу құзырына өтті. Яғни «бөлшектеп ал да – билей бер» саясаты мұратына жетті: бөлшектенген ел өзін бөлшектеушіге төрелікке жүгінді.

Мұны ол кезде Толық өкілетті өкіл дәл қазіргі тәнге баткан темір төсекте, жаңға батқан жосықсыз айыптауларға шырмалып, шарасыз қалыпта жатқан шағындағыдай айқын зерделей қоймаған. Ол баяндамасын Ташкент қаласы мәселесіне үластырып:

— Келістіруші комиссия қабылдаған жоспар бойынша – шекара Ташкенттен жеті шақырым жерде орналасқан Құрбаш поселкесінен өтеді, — деді, — оның сыртында Өзбек КСР-іне шартты түрде берілген алты қазақ болысы жатыр. Осы болыстар Қазреспубликадан алынбаған жағдайда – Ташкент қазақ тұрғындарының қоршауында тұрап еді.

Қазақ Орталық Аткомының мүшелері оны, Республиканың Түркістандағы толық өкілетті өкілін, Түркреспубликадагы қазақ жер-суын халқымен межелеп бері бөліп алу үдерісіне тікелей араласқан өздерінің оң көзін зор түсінушілікпен және құштар да ниеттес көңіл-күймен тыңдады. Яғни ұлттық-мемлекеттік шекараны қайта қарап, нақтылап белгілеу жұмысы «Қазакия үшін – Қазақ мемлекеттігін нығайтудың және патшалық-отаршылдық режим ықпалы қалдықтарын біржолата ауыздықтаудың іргетасы». Сессия осылай дең тапты.

22 Бұкілрессейлік Орталық Атқару Комитеті.

Сырдария облысының онгустік бөлігі, негізгі мәдени және экономикалық база ретінде, қазак халқының тарихында зор орын алған. Болашағы үшін де маңызы зор аймақ. Қазақ халқының жартысы Түркістанда және онымен шекаралас елдерде тұрады. Қазақстанның түркістандық бөлігі – экономикалық тұргыдан мейлінше қуатты өнір. Суландыру жүйесін дамыту барысында және мақта өсіруді кеңейту орайында онын қуаты елеулі түрде күшейе түспек.

Сондықтан, осынау межеленген мәнді өнір Түркістандагы қазақ ұлты тіршілігімен біте қайнасып, осындай терең мазмұнға ие болып тұрғанда, Ташкент пен Мырзашөл секілді дау туғызған жерлерді болу жұмысына өте мұқият келу керек. Өйткені Таңкент алқабының қазақ даласы үшін орны ерекше екені белгілі. Ол әрқашан қазақ халқын елеңдетіп, мәдени және экономикалық орталық болып келген және бола да бермек.

Осы пайымдардан туындағып, «КирЦИК-тің 3-ші Сессиясы бірынғай қазақ мекендейтін, ұлттық белгісі бойынша ҚКСР-ге өтуге тиіс Түркістан бөлігін ажыратып алу мәселе сінде қазақ ұлтының мұдделерін елемеуге жол беруге болмайды деп есептейді» деген үйігарым жасалды.

Содан соң алынған салмақты қаулының алғашқы бабында: «Жаңа шекарасы бойынша ҚКСР территориясының елеулілігімен де, халқының саны бойынша да, сондай-ақ экономикалық және саяси мәнімен де (Қытаймен жапсарлас орналасуы жағынан) Орта Азиядагы басқа ұлттық Республикалардан ешқандай да кем түспейді, сондықтан да соңғылармен бірге КСРО құрамына тәуелсіз Республика ретінде, келісімшарт негізінде, тен дәрежеде енуге тиіс», – деген, РК(б)П Қазобкомы қарапымен үндес, өте маңызды тұжырым жазылды.

Біріккен ҚКСР астанасының бұдан әрі географиялық жағынан сай келмейтін, Республиканың бір шетінде жатқан, әрі өңкей орыс мекендейтін Орынборда қала беруін сессия тиімсіз деп тапты.

Сөйтіп: «Ташкент алқабы мен Ташкент қаласының бүткіл Қазақ даласы үшін маңызы зорлығы мен тигізер ықпалының елеулілігін ескере отырып, ҚКСР орталығына Ташкент қаласын беру ВЦИК-тің 2-ші Сессиясынан сұралсын», – деген қаулы алды.

Сонымен бірге, өзінің бұндай шешімімен өзбек мұддесін де аяқасты етпеуге тырысып, КирЦИК Сессиясы қаулысын былай сабактады:

– Өзбектердің Ташкент қаласының Ескі бөлігі жайындағы талаптарын әділ деп таба отырып, оны Өзбек КСР-іне беруге болады деп саналсын, бұл ретте ҚКСР-ге Ташкенттің Жаңа бөлігі бөлінетін болсын.

Темірбек жасаған баяндама мен қаулы жобасына сергек қаралған Сессия Орта Азия республикаларында ата қонысымен қоса қалатын қазақ тағдырына да қамқорлық танытты:

– Соңғы Бүкілбұхара Құрылтайында айқындалған қазақ еңбекшілерінің тілегіне сәйкес, Бұхара казактарын Өзбек КСР-і құрамындағы автономиялық облысқа бөлу қажет...

...Казіргідей есінде, 1924 жылы Кирреспубликаның жаңаша рәсімделуіне байланысты, оның астанасын ауыстыру қажеттігі туды. Содан оны біртұтастанған республиканың жаңа орталығы етуге көзделген Ташкентке көширу мәселесі алға шығарылды. Алайда бұл мәселе де, өкінішке қарай, Территориялық комиссия мәжілістерінде тиісті колдау таба алмады. Сондықтан, ол да орталықтың төрелігіне жіберілді. Енді болашақ қазақ астанасының қай кала болатыны Мәскеуде, жоғарғы партия-кенес органдарында түбекейлі шешілетін болады. Осы орайда Жұргенов:

– Егер Ташкент туралы ұсынымызды онынан шешу кешіктірілетін болса, ондай жағдайда, үкімет Кирреспублика Орталығын Шымкентке ауыстыруға шара алу керек, – деген ұсынысын айтты.

Ұсынысына дәйектеме ретінде, аталған шаһардың жаңаарған ел астанасы болуға өз-өзінен сұранып тұрғанын нытарлай келе:

– Үлкейген республиканың ұлғайған территориялық жағдайы болашақта Шымкент қаласының Қазакия Орталығы болуға тиіс екенін айттып тұр, – деп қосты.

Шымкентті астана етуге қолайлыш жәйттердің бірегейі мұнау: Жетісу темір жолы салынып болып қалды, бұл жол Пішпекке²³ шейін жететін болады, ал келешекте оны Семейге дейін созу көзделуде. Сонда Шымкент пен ҚКСР-дің Сібір бөлігі арасында тығыз байланыс орнайды. Климат жағдайына қарасақ, Шымкент – Түркістан өлкесінің ең жақсы курорттық орындарының бірі.

Осыларды баяндай келе, Жүргенов сессия мүшелері назарына қарап жобасын ұсынды.

Темірбек сол сәтті жоғарыдағы терезе сипатты темір торлы кішкене тесіктен көзін алмай, абақтының бар азабын ұмыта, қанағаттана еске алды.

Қазатком төрағасы Сейітқали Мендешев залға қарап, көтерінкі лепеспен:

– Жүргенов жолдастың Түркістандағы Қазақ аудандарын ҚКСР-ге біріктіру мәселесі бойынша жасаған баяндамасы жөнінде Үшінші Сессиямыздың қарапын дауысқа қоямын, – деді.

Бірер нақтылаулар енгізіліп, бір ауыздан қабылданды.

Не керек, қаулыда Түркістандағы қазактар қоныстанған аумактың ҚКСР-ге бірігуіне орай:

– Қазақ республикасын Ұлт Республикасы ретінде қарастыру мәселесі – оның шекараларын қайта қарамайынша шешіле алмайтын-ды, шешілуі мүмкін де емес еді, – делінді.

Осылай, Темірбектің жасаған ұсынысы аса қанағаттанған-дық сезіммен құатталды. Сосын, одан сәл бұрын өткен Қазобком пленумындағыдай, межелеу тәжірибесіне шолу жасалды.

²³ Бішкек.

Өмірдің өзі қалыптастырылған тәжірибе көрсетіп отыр – бір аймақта тығыз, шоғырланып қоныстанған өзбектер ұлттық іргені ажыратуды жеңіл жүзеге асырды. Түркмендер де онай межеленбек. Себебі олар тұратын аумақ оқшаша жатыр. Алайда, төскейде малы, төсекте басы қосылып аралас жатқан казақ пен қыргыз шекарасын анықтау өте құрделі еді. Сессия соган аланаушылық білдірді.

Дегенмен ол да жүзеге асырылады. Өйткені патшалық империя езгісінен құтылғанда ұсынылған ұлттық түлеу мүмкіндігін бірден тандау – әбден табиғи жәйт. Сондықтан да Қазатком сессиясы меже белгілеу жұмыстарының мақсаты:

– Мүмкіндігінше ұлттық құрамы жөнінен біртекті, экономикалық мүдделері ортақ және бір болып табылатын жаңа мемлекеттік бірлестіктер құру болуға тиіс, – деп есептеді.

Қазақ мемлекеттігін ұйыстыруды ұшырасып тұрган неғізгі қындық – территорияның кең әрі шашырап жатқандығы, ұлттық құрамның ала-құлалығы және қазақ тұрғыны мол қалалардың жоқтығы. Отарлану салдарынан елі, жерсуы тілімденген қазақтың ұлттық мемлекеттігін құру – оны біртұастандырмайынша орындалмайды. Сол себепті де Орта Азияны межелеп-жіктең, казақ өнірлерін республика бағынысына қосу – Қазақияның негізгі территориялық озегін және қазақ еңбекші бұқарасының экономикалық тарташы орталығын белгілеу үшін қажет.

Яғни ұлттық-мемлекеттік шекараны қайта қарап, нақтылап белгілеу жұмысы Қазақия үшін – Қазақ мемлекеттігін нығайтудың және патшалық-отаршылдық режим ықпалының қалдықтарын біржолата ауыздықтаудың іргетасы болмақ. Сессия осылай деп тапты.

Сырдария облысының оңтүстік бөлігі қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Ол халқымыздың негізгі мәдени және экономикалық базасы ретінде бағаланады. Бұл болашағымыз үшін де маңызы зор аймақ.

Түркістанда және онымен шекаралас елдерде қазақ халқының жартысы тұратынын ұмытпауымыз керек. Қа-

закстанның түркістандық бөлігі – экономикалық тұрғыдан мейлінше қуатты өнір. Суландыру жүйесін дамыту барысында және макта өсіруді кенейту орайында оның қуаты еслеулі түрде қүшіе түспек.

Сондықтан, осынау межеленген мәнді өнір Түркістандағы қазактың ұлттық тіршілігімен біте қайнасып, осындай терең мазмұнға ие болып тұрғанда, Таңкент пен Мырзашөл секілді дау туғызған жерлерді бөлу жұмысына өте мұқият келу керек. Өйткені Таңкент алқабының қазақ даласы үшін орны ерекше екені белгілі. Ол әрқашан қазақ халқын елеңдетіп, мәдени және экономикалық орталық болып келген және со-лай бола да бермек.

Темірбектің осы пайымдарынан туындастып:

– КирЦИК-тің 3-ші Сессиясы бірыңғай қазақ мекендейтін, ұлттық белгісі бойынша ҚКСР-ге өтуге тиіс Түркістан бөлігін ажыратып-бөліп алу мәселесінде қазақ ұлтының мұдделерін елемеуге жол беруге болмайды деп есептейді, – деген ұйғарым жасалды.

Салмақты қаулы алынды. Қаулының алғашқы бабында РК(б)П Қазобкомы қарарымен үндестіріп: «Жаңа шекарасы бойынша ҚКСР территориясының елеулілігімен де, халқының саны бойынша да, сондай-ақ экономикалық және саяси мәнімен де (Қытаймен жапсарлас орналасуы жағынан) Орта Азиядағы басқа ұлттық Республикалардан ешқандай да кем түспейді, сондықтан да соңғылармен бірге КСРО құрамына тәуелсіз Республика ретінде, келісімшарт негізінде, тең дәре-жеде енуге тиіс», – деген өте маңызды тұжырым жазылды.

Жер-суы бір шаңырак астына біріккен елдің – Қазақияның Орталығы қайда болғаны жөн деген мәселе де қарастырылды. Оның Республиканың бір шетінде жатқан, яғни географиялық жағынан қолайсыз, әрі өңкей орыс мекендейтін Орынборда бұдан әрі де орнығып кала беруін сессия тиімсіз деп тапты. Сейтіп:

– Таңкент алқабы мен Таңкент қаласының бүткіл Қазақ даласы үшін маңызы зорлығы мен тигізер ықпалының елеу-

лілігін ескере отырып, Ташкент қаласын ҚКСР орталығы етуге беру ВЦИК-тің 2-ші Сессиясынан сұралсын, – деп қаулы алды.

Сонымен бірге, КирЦИК Сессиясы бұндай шешімімен өзбек мұддесін де аяқасты етпеуге тырысып, қаулысын былай сабактады:

– Өзбектердің Ташкент қаласының «Ескі бөлігі» жайындағы талаптарын әділ деп таба отырып, оны Өзбек КСР-іне беруге болады деп санаңын, бұл ретте ҚКСР-ге Ташкенттің «Жаңа бөлігі» бөлінетін болсын.

Сессия Орта Азия республикаларында ата қонысымен қоса қалатын қазақ тағдырына да қамқорлық танытты:

– Соңғы Бүкілбұхара Құрылтайында айқындалған қазақ еңбекшілерінің тілегіне сәйкес, Бұхара қазақтарын Өзбек КСР-і құрамындағы автономиялық облыска бөлу қажет деп санаңын.

Ташкент үйеziндегі шартты түрде бөліп әкетілген тұрган алты қазақ болысы жайындағы мәселені қайта қарауды ВЦИК-тің 2-ші Сессиясы алдында табанды түрде талап ету қажеттігін тұжырымдады. Сондай-ақ, ҚКСР құрамында Автономиялық Қарақалпақ облысын құру жөнінде де өз пікірін білдіріп, оның шарттарын белгіледі.

Қаулыда, сонымен бірге, астанаға қатысты балама нұсқа көрініс тапты:

– Ташкент қаласы туралы мәселенің шешілуі кешеуілде-ген жағдайда – ҚЦИК Тәралқасы мен Халкомкеңеске ҚКСР орталығын Шымкент қаласына көшіруге шұғыл кірісу тапсырылсын.

Осы сессияда сонымен бірге, іргесі кеңейген ел өкіметінің кейбір ұйымдық мәселелері де қаралды: Қазатком құрамына түркістандық қазақ қызметкерлерінің өкілдері енгізілді, Орта Азиядан бөлініп жанадан қосылып жатқан аумақтардың байыргы халықтары өкілдерінен ҚКСР үкіметі құрамына қажетті мөлшерде мүшелер енгізуіді ҚЦИК Тәралқасына тапсырды.

Осының бәрі Темірбектің, яки Сұлтанбек пен Сейітқалидың пленум мен сессияға жеке өз пікірлерін белінен ба-сып, күштеп тануы арқылы емес, Қазақ республикасындағы жоғарғы саяси биліктің алқалы мәжілістерінің шешімімен жасалды. Егер сол шешімдер тиісті деңгейде орындалса, кім біледі, онда содан бері орын алған қасіретті белестерге, атап айтқанда, аштан қырылу апатына ұрынбас та едік, даму жо-лымыз, бәлкім, мұлдем өзгеше болар еді...

Темірбек бір бүйіріне ауырсына аударылды. Сосын торлы терезе артында жапалақтаған қарға тағы да көз тастады. Одан, мелшиген темір есікке қарап, көзін жұмды.

Оган әлі бір ай және тағы үш апта бойы сарылуға тұра келеді. Осынша уақыт бойы ол өткенін түгін қалдырмай, ой елегінен қайта-қайта өткізеді. Бойынан өзіне тағылған са-яси айыпқа лайық кінә іздейді. Ақыры өзінің бар болғаны отар олкедегі құқықсыз құл екенін ұғады. Халық комиссары дәрежесіндегі отар құлы, қажет кезде жұмсалып, кәдеге жа-ратылған, енді керексіз болып қалған саясат құралы...

Сосын сталиндік қара тізімге іліккендерді советтік әділ сот шешімімен «заңдастыруға» Мәскеуден келген үш жа-налғыш КСРО Жоғарғы соты Эскери алқасының көшпелі сессиясы деп аталатын мәжілісінде әр түткynға он шакты минуттан «асыл» уақыттарын бөліп, ату жазасын кескен үкімдерін шығарады. Үкім партия көсемдерінің бірі Сергей Кировтың өлтірілуіне байланысты 1934 жылы қабылданған заңға сәйкес, табан астында орындалуға тиіс-тін.

1938 жылғы 25 ақпанда Темірбек Жүргенов алғашқы отыз тогыз құрбандық қатарында НКВД ғимаратының тир²⁴ орна-ласкан жерасты бөлігіне түсіріледі.

Құрбандық тирге кірген бойда, қарсысындағы қалқа тере-зешесінен бесатарын кезеп отырған жендет салқын қанмен іске кіріседі...

7 желтоқсан 2007 ж.

24 Нысанага оқ ату үшін ариайы жабдықталған жабық бөлме.

СӨЗ СОНЫ

«Түнектен ораган есімдер» жинағына кіріспе ретінде оқырманға арнаган сөзімді жазықсыз жазаланған тұлғалар кызметін таңуға ұмыту шынайы тарихты білуге құштарлықты оятар деген үмітпен жазғанмын, ейткені өзім де соған ұқсас жәйтті бастан кешкен едім. Балалық шакқы сүйікті жазушым Саттар Ерубаевтың өмір жолын, сондай-ақ, балалар баспасөзінің карашаңырағы «Қазақстан пионері» газетінің шежіресін тереңірек карастыруға кіріскең жастық шағымда, ойламаған жерден, реңми тарихтың, өзіміз тәлім-тәрбие алып жүрген революция тарихының көмескі тұстары барына көзім жеткен. Әйгілі жазушыларымыздың 50-жж. «Жылымық» қызуымен жарық қөрген деректі туындылары да, кайта оқығанда, әлденені бүгіп тұргандай әсер қалдыратын. Ақыры, 80-жж. ортасынан өте, екпінді де тегеуірінді «алтын күрек» соккан: демократияның ыстық желі бұл жолы тарихта ешкандай «актаңдақ» калдырмауға кепілдік етті. Зерттеушілер дүр сілкінді, мен де сталинизм қылмыстарын әшкереуді максат еткен козгалыс мүшеслерінің бел ортасында жүрдім, жүздеген макала жаздым (олардың бірқатары «Ар –Куат», «Талтүске дейін», «Қарқара», «Көрік», «Әділет» туымен ширек ғасыр» публицистикалық хроника кітаптарына енді). Жекелеген тұлғаларға «Бақытжан Қаратаяев», «Ұлт театры шаңырағын көтеруші», «Әлихан Бекейханов», «Сұлтанбек Қожанов» атты кітаптарымда арнайы токталдым. Шынайы тарихты білуге атсалысу максатымен «Біз – казақ ежелден...», «Қазақ мемлекеті тарихына көзкарас» атты еңбектерімді жария еттім. Саяси күғын-сүргін қөрген тұлғалар хакында отыз шакты жыл ішінде газет-журналдарда басылған түрлі жарияланымдар топталған төрт томдығымның соына да, міне, нүкте койып отырмын. Осылардың негізінде, оқырманды тарих арқылы тәрбиелеуге өзіндік үлес косуға тиіс «Рух-Сарай» атты үлкен жобам нобайланғанын айтуға тиіспін. Жоба бірнеше сериядан құралған, біразы еліміздің тарихи-танымды қөркем шежіресін бейнелейтін килы кезең этюдтерінен тұрады. Қазақ еліне отарлық хал әкелген езгіні, ауыр тұрмыс, әлеуметтік күйзелісті бастан кешкен, ереуілдеп, категоріга айдалған қарт Еркіндік пен оның ереуіл кезінде отаршылдар колынан қаза тапқан үзенгілесінің баласы жас Өтеміс 1905 жылы Әлихан Бекейханов, Жакып Ақбаев, Сералі Лапин, Бақытжан Қаратаяев, Шәймерден Қосшығұлов сынды жана тұрпатты азаттық құреспекерлері катарына косылады. Осылай басталып, империядағы жалпыреволюциялық козгалыстың бір қуатты ағысына айналған Алаш козгалысы жеңісті шынына жеткенге дейінгі оқигалар он этюде суреттеледі. Алғашқы үшеуі кірген «Алаш жолы» рисоласі былтыр жарық қөрген. Алла қаласа, басқалары да шығып қалар. Жоспар жеткілікті, Жаратқан жобамды толығымен жүзеге асырып, окушыма тартуға нағіп еткей. Кездескенше, кадірлі оқырман!

Құрметпен, Автор.
29 наурыз 2016 ж.

МАЗМУНЫ

Ораз Исаев	
Премьер Исаев	3
Санжар Асфендияров	
Профессор Аспандиаров	17
Қайраткер және ғалым тағылымы	31
Дәрігер, тарихшы, мемлекет қайраткері	41
Магжан Жумабаев	
Ақын есімін саяси құрал етті	45
Магжантануышылар біле ме екен?	53
Магжанның мұрагері кім?	55
Репрессия құрбандары жөнінде	59
Кошке Кеменгеров	
Камалган роман хакында	68
Дінис Эділов	
Қайғылы ғұмыры	75
Үлттүк өнер ордасының шанырак көтергендегі 80 жыл	113
Казақ үлттүк сахна өнері іргетасын қалаған кім?	133
Сұлтан Сегізбаев	
Екі халыққа бірдей қымбат	149
Жапайдар Садуакасов	
Одилестіздікке ұшыраган әділет халқомы	154
Левон Мирзоян	
Секретарь Мирзоян	160
Тағы да Мирзоян жөнінде	174
Габдулхакім Бекейханов	
Габдулхакім Бекейханов	181
Темірбек Жүргенов	
Нарком Жүргенов	190
Ақ босага—ар-өждан	209
Темір-халком	217
Соз соңы	247

Қойшыбаев Бейбіт Орынбекұлы ТҮНЕКТЕН ОРАЛҒАН ЕСІМДЕР

Тұлға және тарих
Төртінші кітап. ҚАБЫРҒА
Қазак және орыс тілдерінде

Редакторы *Б. Хабдин*
Беттеген *Б. Дүйсен*

Басуга 31.03.2016 көйшілди.
Шинни 60x84 1/16 . Офсеттік кагаз.
Колемі 15,5 б.т.+0,25 б.т. жапсырма.
Таралымы 1000 дана.
«Рұх БГ» баспасы. 050031, Алматы,
Ақсай-3б-32-41. Т.: (727) 268 01 85

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



«Tastak RA» ЖШС
050005, Алматы, Төле би, 266.
«Tastak» СУ, 3-қабат.
Тел./факс 8 (727) 374 83 42.
E-mail: ra_tastak@mail.ru,
www.ra-tastak.kz

9 786018 05198:



000001525501

